ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 4 / 2015
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КОКШЕТАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

КОКШЕТАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі **Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК**
Собственник **РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова**

Бас редакторы - Главный редактор
Абжаппаров А.А., д-р тех. наук, профессор

Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора
Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук;
Баяндина С.Ж.	д-р филол. наук;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук;
Приёмышева М.Н.	д-р филол. наук;
Журавлёва Е.А.	д-р филол. наук;
Джусупов М.Д.	д-р филол. наук;
Дмитрюк Н.В.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Шапауов А.К.	канд. филол. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Жуманбекова Н.З.	канд. филол. наук;
Фаткиева Г.Т.	ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 40-23-47;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 4 / 2015
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Громова О.В.

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 25.12.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/12.
Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 21,4 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 285.

Подписано в печать 25.12.15 г.
Формат 60x84 1/12.
Бумага книжно-журнальная.
Объем 21,4 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 285.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии КГУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Әбдуалиұлы Б. Ауыз әдебиеті тіліндегі морфологиялық құралдар қолданысының тілдік ерекшеліктері..... 6
Бадагулова Г.М. Семантика комплексных знаков в условиях билингвизма (на материале русского языка казахстана)..... 11
Байгутова Д.Н., Бегалиева Р.Н., Сапарбаева К.С. К вопросу о методах исследования национального характера..... 16
Бескемер А. Түпнұсқа мен аударманың сәйкестендірілуі: заңды сәйкестіктер теориясы..... 22
Болтрик Е.В., Бейсембаева Ж.А. Особенности перевода территориального диалекта на примере романа «Таинственный сад» Френсис Х. Бернетт..... 27
Боранбаева А.С., Бисембаева А.А. Особенности терминологической лексики..... 32
Борибаева Г.А., Мадиева Г.Б. Топонимдік аңыздар: халықтық этимология мәселесі..... 37
Жаркынбекова Ш.К., Әбдуалиұлы Б., Каирова М.К., Кожаева А.Т. Астана эргонимдерінің құрылымдық жүйесі және ақпараттық қызметі (Білім беру мекемелерінің атаулары бойынша)..... 42
Қабылов Ә.Д. Абай қарасөздеріндегі ирониянын дүниетанымдық қызметі..... 48
Қабылов Ә.Д. Роман сюжеті түзіліміндегі ирония..... 53
Кажыбай А.Т. От текста к интертекстуальности – вечное движение языка (семиотика искусства в зеркале французского постструктурализма: на материале комплексного анализа семиотики искусства в творчестве Ролана Барта)..... 58
Каирбекова И.С., Жандаева У.Ж. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын қылу» фразеологизміндегі әлемнің фразеологиялық бейнесі..... 69
Касенов С.Н. Семантическая нагрузка падежей. Понятие валентности 75
Мейрманова К.С. Широкозначность номинальных фе как проблема лексикографии..... 80
Мустафаева А.А. , Кокеева Д.М. Проблема перевода интернет и компьютерных терминов на русский язык (на материале арабской терминолексики)..... 85
Мұхамеджанова А.Т., Мұхамеджанова Г.Т., Қадыров Ж.Т. Тіл біліміндегі лингвомәдениеттанудың жалпы проблемалары..... 92
Рысбаева Г.Қ. Орхон ескерткіштеріндегі көне түркілердің дүниетанымы..... 96
Сагадиева З.М. Ағылшын тіліндегі окказионал сөздердің қолданыс ерекшелгі және аудама мәселелері..... 105
Сәтенова С.К. Мәдени нышанды тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты..... 110
Сердәлі Б. К. Pr-дағы «Оқиғалы коммуникация»..... 114
Сүлейменова Б.Н. Мәтіннің семантикалық компоненттері..... 118
Таласпаева Ж.С.,.Қадыров Ж.Т Ұлттық-мәдени ерекшеліктердің бейвербалды амалдар арқылы шығарма тілінде берілуі..... 123
Фаткиева Г.Т. Функциональная маркированность лексики книжного стиля 128
Yeskindirova M., Kuldeyeva G., Khukhuni G. Media and conference interpreting: the impact of emotional stress..... 134

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Амалбекова М.Б. , Байниязова Б.Т. Перевод рассказа Д. Досжана «Қымыз» на русский язык (сопоставительный анализ)..... 140
Қызырова Ә.М. «Жаман - жақсы» аксиологиялық категорияның әлемнің паремиологиялық суретінде бейнеленуі..... 145

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Анищенко О.А., Омарова Н.Г. Философская сказка: история жанра..... 151
Гаранина Е.П., Токатова Л.Е. Литературный Павлодар на современном этапе..... 155
Дилдабекова А.К. , Амалбекова М.Б. Творчество А.Нурпеисова и интерпретация его трилогии «Кровь и пот»..... 163
Жанұзақова Қ.Т. Жыраулар поэзиясындағы романтикалық рух..... 168
Жусупов Н.К., Баратова М.Н., Шапауов А.К. Структура жанров в рукописях Машхур Жусипа (миф, были, обрядовые песни, эпос, сказка, пословицы и поговорки, айтыс и т.д.)..... 174
Жусупов Н.К., Баратова М.Н., Шапауов А.К. Сбор и издание фольклора Машхур Жусипа..... 178
Қажыбаева Г.К. М.Жаманбалиновтың балалар поэзиясының бейнелілігі..... 184
Казкенова А.К. Референциальные истории и типы персонажей (на примере романа М.А. Булгакова «Мастер и Маргарита»)..... 192
Қобланов Ж.Т. Мигель де Сервантестің «Ламанчтық Дон Кихот» романы..... 198
Қобланов Ж.Т. Уильям Шекспирдің тарихи хроникалары..... 204
Қожекеева Б.Ш., Бегманова Б.С. Кесек тұлғалы ақын – шарғын әлғазыұлы..... 208
Кубдашева К.Б. Особенности пейзажных описаний в рассказах О. Бокеева и Ю. Герта..... 213
Кубдашева К.Б. Пространственно-временной уровень рассказов О. Бокеева и Ю. Герта..... 217
Кульдеева Г.И. Роль переводчика в межкультурной коммуникации..... 222
Локтионова Н.П., Забинякова Г.В. Мир детства в произведениях современной литературы..... 227
Махыметова Ж.А. Е.Мырзахметовтің «Көгалдайдың көкшақпағы» романындағы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасы..... 236
Мәдібай Қ.Қ., Оспанова Г.Т. Г. Прәлі зерттеулеріндегі әуезовтану мәселелері..... 243
Оразбек М.С., Муталиева Р.М. Архетип образдар және автордың эстетикалық танымы..... 249
Оразбек М.С. Қазақ әдебиетіндегі замандас бейнесі немесе типтік қаһарман..... 253
Темирболат А.Б. Художественное своеобразие романа А. Нурпеисова «Последний долг»..... 258
Турысбекова А.Е. «Күтумен кешкен ғұмыр» романындағы өнерге құрмет пен ұлттық мінездегі керағарлықтар..... 267
Шалабай Б. Көркем мәтінді талдау..... 277
Шортанбаев Ш. А. Ұлт көсемсөзінің ұйытқысы..... 281

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Анафинова М.Л., Оралбаева Б.К. Современные тенденции в подготовке будущих переводчиков..... 287
Кожантаева А.К. Диалогтық оқытуға негізделген сабақтар жайлы бірер сөз..... 291
Кошанова М.Т., Жүндібаева Т.Н. Болашақ маманның кәсіби өзін-өзі анықтауы..... 296
Наурызбекова А. Ж., Аипова Д.Г. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения в средней общеобразовательной школе..... 303
Сизов Д.В., Бекбалакова Н.А., Ботабек А.Ә. Фармацевтическая терминология: квантованный учебный текст с заданиями в тестовой форме для студентов медицинских вузов..... 307
Сизов Д.В., Бекбалакова Н.А., Ботабек А.Ә. Оқытушы мен студенттің өздік жұмыстары - кредиттік оқыту жүйесінің басты аспектісі..... 317
Стукаленко Н.М., Бурдыга И.В.Технологизация образовательного процесса как фактор развития этнической толерантности при обучении иностранному языку..... 324
Stukalenko N., Lavrick. R. Feaatures of an individual approach in teaching a foreig language..... 329

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Бурибаева М.А. Рецензия на учебное пособие «Қазақ тілі әлемі» (Астана, 2015)..... 334
Курманова А.К. Бөкен Г.С. Ер есімі – ел есінде («Мәлік Ғабдуллин феноменін зерттеу және зерделеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы туралы)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

УДК 398:/82.09+811.512/

Б. Әбдуәлиұлы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
bekzhan_a7@mail.ru

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ТІЛІНДЕГІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ ауыз әдебиетінің тілі қолданысымыздағы жазба әдеби тілдің негізі болып табылады. Оның морфологиялық құрамында қазіргі әдеби нормаға сәйкес келтін және дамуы барысында өзгерістерге түскен кейбір элементтер сақталған. Мақалада салыстыра жүргізілген зерттеулер арқылы олардың жергілікті ерекшеліктер мен көне жазба мұралар тіліне қатысты екені анықталады. Осы фактілерді негізге ала отырып, сонымен қатар ауыз әдебиеті тіліндегі көптік, септік, тәуелдік жалғауларының және етістік категорияларына тән жұрнақтардың қолданысындағы ерекшеліктерге назар аударылады. Ауыз әдебиеті тіліндегі, яғни ерте кездердегі тілдік норманың қазіргі әдеби нормаға әсері мен даму көрсеткіштері зерделенеді.

Кілт сөздер: Диалект, жіктік жалғау, көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, лексикалық бірлік, морфологиялық құралдар, жергілікті қолданыс, ауыз әдебиетінің тілі.

Ауыз әдебиеті тілінің морфологиялық құрылымы мен әдеби тілдің өзара байланыстылығы туралы бүгінге дейінгі зерттеулерде біршама айтылғаны белгілі. Тілдік қабатары – лесикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйесінде, яғни жалпы қағидаларында алабөтен өзгешелік жоқ – баршасына біртұтастық тән. Тілдің қазіргі сипаты тұрғысынан осылай бағалғанымызбен, ауыз әдебиетінің тіліне қатысты талдаулар барысында байқалған кейбір ерекшеліктер арнайы атап өтуді қажет етеді. Бұл көне элементтердің осы тілде сақталған нұсқалары деген болжамға жетелейді. Әрқайсысының шығу, қалыптасу тарихы бар. Нормалануы жағынан да әр кезеңдегі сипаты өзіндік ерекшеліктерге ие. Ауыз әдебиеті тілінің морфологиялық құрылымындағы түрлі грамматикалық құралдар мен олардың мағыналарының арасындағы байланыс қазақ әдеби тілінің өткені мен қазіргісінің арасындағы сабақтастықтың бір көрсеткіші іспетті. Ауызша жетті дегенімізбен, бұл тұрғыдан тілдің көне фактілерді сақтау қабілеті де көрініс береді.

Қосымшалардың бірінің орнына екіншісінің қолданылуы – ауыз әдебиеті тілінің ерекшелігіне тән белгілердің бірі. Оны әдеби нормадан ауытқу деп емес, керсінше өткен ғасырлардағы тілдік норманың көрсеткіші ретінде бағалаған дұрыс. Көне түркі жазба мұраларының деректерімен өзара сәйкесетін қолданыстар бұған дәлел. Екіншіден, бұндай ерекшеліктер кейбір жергілікті аймақтарда сақталған. Жинақтай келгенде, көне жазба мұралар тілі, ауыз әдебиеті тілі және жергілікті қолданыстарды өзара салыстыра талдау фольклор тілінің әдеби негіздеріне қатысты белгілерді айқындай түседі. Тұтастай алғанда ауыз әдебиеті тілінің морфологиялық құрылымында қазіргі әдеби нормадан тым алшақ кету байқалмайды. Тек түрлі себептермен сақталып қалған көне элементтер арнайы тоқалуды талап етеді. Кейбір ерекшеліктерге ие қосымшалардың қатарына зат есімнің жалғауларын жатқызуға болады. Әуелі *көптік жалғау және көптік ұғымының* ерекшеліктері туралы бірер сөз. Ауыз әдебиеті тілінде олар түрлі құралдармен беріледі. Негізінен *-лар, -лер*... жалғауы

қазіргі әдеби нормаға сай қолданыстар. Өзіндік ерекшелігімен танылатын нұсқалар да кездеседі: «Қосай ілгері озып жөнеді, құлдарға сендер кейін келерсіңдер деп мынаны айтты: «Алдыңызда алты ақ үй тұрар...» (*Көкше...*). Осы сөйлемдердің адыңғысында «құлдарға», «келерсіңдер» түрінде қазіргі нұсқасына сәйкес қоланылса, «алдыңызда» сөзіндегі *-дар*дың мағынасы (қазіргі қолданыста «алдарыңызда» немесе «алдарыңда») жіктік жалғауының *-ыз* формасы арқылы беріліп отыр. Тілдік зерттеулер тіліміздегі біршама сөздердің құрамындағы -з дыбысының көне дәуірлерде көптік мағына білдіргенін дәлелдеген [1, 116 б.]. Солардың қатарында қазіргі жіктік, тәуелдік жалғауларының көптік формасы мен сыпайы түрі бар. Бұл ауыз әдебиеті тілінде де сақталған: «Қош көргенше дүниеде, Жақсы болғай *күніміз*» (*Асанқайғы...*). Тәуелдік формасында, «Өлгенін ерлер көргесін, Енді *сізден* қорықтым» (*Қыдырбай...*). Бірінші жақ, көптік формада беріліп тұр. Осы секілді қолданыс «Ерлер тегіс жиналған кезде Жәнібек айтты: «Менің елімді шапқан, ала аламай тұрған жауым бар, соны алып *келсеңіз*», - деді» (*Асанқайғы...*). Жиналған ерлердің барлығына арналған сөз «келсеңіз» формасымен айтылады, демек көптік мағына -з қосымшасына жүктелген.

Сонымен қатар, көптік мағына *-ың, -ің* жалғаулары арқылы да беріледі: «...биесінің желісін ағытып, өздерің жылқыны қуып кел*ің*. Егер алты адам шықса ұрып жығ*ың*», – деді (*Көкше...*) сөйлемдеріндегі «қуып кел*ің*, ұрып жығ*ың*» тіркестерінің мәтіндегі мағынасы *-дар, -дер* жалғанбай да көптік мән тудырып тұр. Әдеби норма ретінде қалыптаспаған бұл қосымша қазіргі зерттеулерде жергілікті ерекшелік ретінде қаралады: «*-ың, -ің, -ң* бұйрық райлы етістіктің қазақ говорларында сақталып қалуы, әдеби тіліміздегі *бар-ың-дар, жүр-ің-дер* сияқты сөздерде *барың, жүрің* деген түбірлердің сақталып қалуы ерте кезде қазақ тілінде барың, жүрің тұлғаларының өз алдына дербес қолданылғанын дәлелдейтін сияқты» [2, 105 б.]. Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаев бұл қосымшаны көптік мәнді, батыс диалектісіне тән деп қарастырса, С.Аманжолов оның оңтүстік диалектісіндегі жекелік мәнді нұсқасына мысал келтіреді [3, 336 б.]. Демек, батыста көпше, оңтүстікте жекеше мағыналы түрлері қолданылады. Көне түркі сөздігінде *-ң* (*-ың, -ің; -уң, -үң, -аң*) қосымшасы екінші жақ, бұйрық әрі көптік мән білдіретіні айтылады [3, 659 б.]. Бұл деректер, ауыз әдебиетінде сақталған көне тіл элементтерінің, яғни ерте дәуірлердегі әдеби норманың сипатынан хабар береді.

Қазақ әдеби тілінің қазіргі нормасы бойынша есептік сан есімдерден кейін көптік жалғауы жалғанбайды (қазіргі кейбір норма бұзушыларды есептемегенде). Көптік мәнде қолданылатын сөздерге де осы талап қойылады. Алайда, ауыз әдебиеті тілінде осы заңдылық барлық жерде бірдей сақтала бермейді:

«Бірнеше асты өзеннен, Бірнеше асты дөңдерден» (*Асанқайғы...*). Бірінші жолда жалғаусыз «өзен» түрінде берілсе, екінші жолда «дөңдерден» болып нормадан ауытқиды. Екінші жағынан бұл поэтикалық тілге тән ерекшелік болса керек – *-дер* тұлғасы жырға тән буын санының толық болуы үшін арнайы жалғанған секілді. Көптік жалғауының буын санына байланысты жалғануы мұнан өзге жыр жолдарында кездеседі: «Ағаң алсын *кектерін*», «Азулы деген *көлдерім*» (*Қобланды...*). «Кек» мағынасы жағынан жалпылық сипатта қолданылатын сөз, сондықтан оған көп адамға қатысты болмаса (мысалы: олар кектерін алды), негізінен көптік жалғауын қабылдамайды. Соңғысында жалқы есім ретінде «Азулы» бір ғана көлдің аты, сондықтан көптік жалғауы жалғанбауы тиіс еді. Белгілі бір өлшемге құрылған жыр жолдарының арасындағы сәйкестіктің сақталуы үшін немесе жырлау кезінде айтылу ырғағын бұзып алмау үшін кей жағдайда жыршылар, осылайша, еріксіз нормадан ауытқыған болса керек.

Көптік жалғауының нормадан айқын ауытқуы «Қырық қыздар күндегідей қарамайды» немесе «Күні бойын аш жүрген үш балалар» (*Қисса Зейне...*) т.б. секілді қолданыстардан көрінеді. Көне түркі жазбаларында бұндай ерекшеліктер кездесетіні белгілі. М.Томанов ғылыми еңбектерінде оған былайша тоқталып өтеді: «Сан есіммен бір тіркесте келген зат есімдер де кейде *-лар* жалғауын қабылдайды: маңа *төрт йеклер* йақын келті. Кейде алдында сан есім айтылған бірыңғай мүшелердің әрқайсысына *-лар* жалғанып қолданылады: *төрт атларым, йылқыларым*» [4, 136 б.]. Талдаулар барысы көптік жалғауының ауыз әдебиеті

тілінде түрлі формалар мен мақсаттарда қолданылғанын көрсетеді. Кей тұстарда көне тұлға элементтері де кездесіп қалады.

Ілік септігінің қолданысындағы ерекшеліктер: Ауыз әдебиті тілінде *ілік септік жалғауының* мынандай ерекшеліктері байқалады: бірінішіден, қазіргі әдеби норма талаптары бойынша жалғанбауы тиіс жерде жалғанады. Мысалы, «Се*нің* үшін мені қорлайды» - деді» (*Асан қайғы*...), «Балаң*ның* алған баламын» (*Қыдырбай*...) – деген жолдардың алғашқысында -*нің* тұлғасының қатысуынсыз да осы мағынаны білдіруге болады әрі әдеби қалыптанған форма – «сен үшін» екені белгілі. Сол секілді екінші мысалдағы ілік септіктің де әдеби нормадан ауытқитын себептері бар – не ілік жалғауынсыз (*Балаң(ның) алған баламын*) қолданылуы тиіс, не іліктен кейін тіркесетін сөздің (*балаңның алған баласымын*) тәуелдік жалғаулы болуы талап етіледі. Осыған ұқсас ерекшелік «Іздеп біз*дің* келген жер...» (*Асан қайғы*...) – деген жолда кездеседі. Мұнда да, ілік жалғауынсыз (*Іздеп біз(дің) келген жер*) немесе ілік септігінде келсе, тәуелдік пен жіктік тұлғалары талап етілер еді (*Іздеп біздің келген жеріміз*). Ал «Се*нің* үшін жолыңда құбандық боп өлейін» (*Алпамыс)* секілді қолданыста, ілік тұлғалы сөзден кейінгі «үшін» шылауының қызметі қазір өз мәнінен айрылған. Оның орнына осы ойды жеткізудің «*сенің жолыңда*...» формасы қалыптасқан.

Барыс септігінің қолданысындағы ерекшеліктер: Батырлар жырларының тілінде қолданылатын барыс септігіне тән бір ерекшелік – басқа да грамматикалық құралдардың қызметінде жұмсалады.

«Соңында қызы ойлады
Қарғабойлы*ға* бару*ға,*
Қарғабойдың алды*на*

Өзінің ойын салу*ға*» (*Қарғабойлы, Қазтуған*). Төрт жерде кездесетін барыс септігінің жалғауы, қазіргі тілдік нормамен салыстырғанда екі түрлі мағынада қолданылады. «Қарғабойлы*ға,* алды*на*» сөздерінің құрамындағы мағынасы бүгінгі әдеби нормаға сәйкес келсе, *баруға, салуға* сөздерінің қолданысында ауытқушылық байқалады. Егер «ойладының» орнына онымен мағыналас «бел буды» тіркесі таңдалса (баруға, ойын салуға), қазіргі қолданысқа жақындар еді. Мәтін ішіндегі мағынасы бару*ға* (бару*ды* ойлады), салу*ға* (салу*ды* ойлады) табыс септігінің қызметінде жұмсалып тұр. Барыс септігінің өзге мағыналы қосымшалардың орнына жұмсалуы мұнан өзге жағдайда да кездеседі. «Сонда Ақшахан: «Япырмай, қалай қылып алармын ол құнанды, не *өлтіруге*, не *алуға*», - деді» (*Қобланды*...) [21 б.]. Осы сөйлемдегі септік жалғаулы сөздер арқылы беріліп тұрған ой: «не өлтіруім керек, не алуым керек» деген ұғымды білдіріп тұр. Айтылмақ ойды екінші сөзбен, «не өлтіру үшін, не алу үшін» мағынасында да қабылдауға болады. Барыс тұлғасының бұл қызметінен, бірінші жағдайда тәуелдік жалғауы мен «керек» модаль сөзінің, екінші жағдайда тұйық етістік пен «үшін» шылауының мағынасы көрінеді. Ал «Айналайын қарағым, Еркек тусаң не етер*ге*» - деп келетін жыр жолдарында барыс септік жалғауы божалды келер шақ есімше тұлғасына жалғанып, «Еркек болып тусаң не етер *еді*» деген мағынада «еді» көмекші етістігінің қызметін атқарып тұр. Тура осы қолданыста «Жөн таппайсың перзентім, Артынан еріп кетер*ге*» (*Қарғабойлы, Қазтуған*), яғни «Артынан іздеп кету*дің* жөнін таппайсың» – деген мағынада, ілік септігінің қызметін алмастырып тұр. Барыс септігінің ілік орнына қолданылуы тағы мынандай мысалдан көрінеді: «Әй, ағамыз, ағамыз, Болдың біз*ге* (біздің панамыз) панамыз» (*Қарғабойлы, Қазтуған*).

Жырлар тілінде барыс септігі кейде табыстың да қызметін атқарады: «Мен бір қиял ойладым, Сол қиялға жету*ге*» (*Асанқайғы, Тоған, Абат*). Кейіпкердің айтпақ ұсынысы әрі қарай басқаша жалғасады, сондықтан «тиянақты ой» осы екі жолдағы сөздердің аясынан табылуы тиіс. Біздіңше «ойладым» сөзі екі жолға ортақ, яғни «сол қиялға жету*ді* ойладым» болса керек. Жыр тілінде ол «жету*ге*» түрінде барыс жалғауы арқылы беріліп тұр. Мәтін ішінде осы ойды, бірнеше жолдан кейін келетін

«Сол тұрған қалмаққа Барсам мен деп ойлаймын», - дейтін жолдар толықтыра түседі (*Асанқайғы*...). «Қарғабойлы, Қазтуған» жырында да осындай қолданыс кездеседі: «Серең деген бір қалмақ, Аттанып еді жетем деп,

Басып ел*ге* кетем деп.

Ол қалмақтың көңілі бар

Ноғай*ға* қуып жетем деп». Осы жолдардағы барыс жалғаулы «елге (елді)», «ноғайға (ноғайды)» сөздері табыс мағынасында жұмсалып тұр. Табыс орнына барыстың қолданылуы тағы мынандай сөйлемде кездеседі: «...алты айлық жолға, әбден *күйге* (*күйі-н*) келтіріңіз, сонда бұл алты айлық жолға ол торы шыдамай өліп қалады». Кейде барыс септік есімше орнына жұмсалады немесе айтылмақ ой граматикалық құралдың осы екі түрімен де (барыс септік және есімше) жеткізуге болатындай формада беріледі: «торыға *мінуге* (*мінетін*) бала бермеңіз» (*Қыдырбай...*).

Шығыс септігінің қолданысындағы ерекшеліктер: Шығыс жалғаулы қосымшалардың қолданысында да жалпылық мән байқалады. Қызметі бойынша қазіргі әдеби нормаға сәйкес келмейтін тұстар кездеседі: «Сіз жалған*нан* той жасаңыз, соған қара атыңызды жаратып, бәйгеге салыңыз..». Жалғау бұл орайда артық жалғанып тұр. Айтылмақ ойды «жалған той» түріндегі құрылым бойынша беруге болады. Алайда «өтіріктен-өтірік сөйлей салады» т.б. секілді тілдегі қолданыстардың қысқарған түрі болуы да мүмкін. Бұл мәселе әлі де терең зерттей түсуді талап етеді.

Көмектес септігінің орнына да қолданылады:

Жалғыз аяқ шаппа жол...

Ерегеспен сол жол*дан*

Батырлар енді құлады.

Етегіне түскенше

Күн де түске толады» (*Асанқайғы...*), яғни төмен қарай түсті. Құлау, құлдилау мағыналас сөздер, яғни *жолдан* емес *жолмен* құлдилады. Осы секілді шығыс септік жалғауының көмектес қызметінде жұмсалуы да кездеседі: «Өз көзіңнен (көзің*мен*) көр деді» (*Асанқайғы...*).

-ма, -ме қосымшасының қолданысындағы ерекшеліктер:

-ма, -ме жұрнақтарының ерекшелігі зат есім тудыру қызметі кезінде байқалады. Қазіргі әдеби нормада оның орнына тұйық етістік тудырушы *-у* қолданылады.

Ауылдың келді адамы

Ол билерді *көрмеге*

Қонақасын сыйлап *бермеге* (манашыұлы Тұяқбай168 б.)

Ай Сарыбай, Сарыбай,

Елітпеге келіппіз,

Ер мен байдың баласын

Телітпеге келіппіз (Көкшенің ұлы Ер Қосай) 114-б.

Келтірілген мысалдағыдай батырлар жырындағы бұл ерекшеліктің себебін қосымшалардың ертерек қызметіндегі өзара жақындығынан іздеуге болады. *-ма, -ме* қосымшасы мен тұйық етістік жұрнағына зат есім тудырушылық қызмет ортақ. Мысалы, әрі етістік, әрі зат есім қызметіндегі жазу, күзеу, қызу, қию (қи-у), ою (ой-у), сызу, түзу т.б. секілді сөздердің құрамындағы у мен аялдама, баспа, кеспе, қоспа, тоспа, бастама, түйме, мінбе, көмбе т.б. құамындағы -ма (-ме) жұрнақтарының қатысуымен жасалған сөздер тілімізде бүгінге дейін сақталуымен қоймай, сөзжасамда белсенді қолданылып келеді. Етістіктен есім тудыру қызметі жағынан өзара жақындықтың бір белгісі ретінде ілгерідегі жыр жолдарын атауға болады. Ауыз әдебиетінің тілінде *-ма* тұлғасы қолданылса, қазіргі тіліміздe *-у* жұрнағы әдеби норма ретінде қабылданып отыр.

Есімше -ар, -ер жұрнақтарының қолданысындағы ерекшеліктер:

Есімше тұлғалы *-ар, -ер* жұрнағының кейбір қолданысында қазіргі әдеби нормадан өзгеше тілдік ерекшеліктер кездеседі. Шақтық мағынадан гөрі, у тұлғалы тұйық етістіктің қызметіне көбірек ұқсайды:

Қызметіңді *етерге*,

Келіп тұрмын қасыңа [17 б.] немесе

«Жөн таппайсың перзентім, Артынан еріп *кетерге*» - деген жолдарда «қызметіңді ет*ұ*ге» немесе «артынан еріп кет*ұ*дің жөнін таппайсың» мағынасында жұмсалып, тұйық етістік қызметін атқарып тұр.

Өздік етістің қолданысындағы ерекшеліктер:

Атайын деп *оңдалды* [27 б.]. Қазіргі тілімізде *оңтайланды* түрінде қолданылады және өздік етіс мағынасын білдіреді. Бірінде *-да* етістік тудырушы жұрнағынан кейін *-л*, екіншісінде зат есім тудырушы *-тай* жұрнағынан кейін *-ла* және өздік етістің *-н* жұрнағы арқылы жасалып тұр.

Ырықсыз етістің қолданысындағы ерекшеліктер

Ырықсыз етіс тілімізде *-ыл, -іл, -л* және *-ын, -ін, -н* тұлғалары арқылы көрінеді. *-ын, -ін, -н* тұлғалары сонымен қатар, өздік етістің де қызметін атқарады. Жыр тіліндегі осы тұлғалардың қолданысында қазіргі әдеби нормамен сәйкеспейтін тұстар кездеседі:

«Қарындасы Хансұлу
Ат артына *мін<u>іл</u>ді»* (*Қыдырбай...*).
«Тұқымы жүйрік бұл деді,
Талай топта шаб*<u>ыл</u>ған*» (*Нұрадын*)
«Жолдас алса *жолда<u>н</u>ып*,

Әкесін іздеп баруға (*Қарғабойлы...*)». Осы жолдардағы *мін<u>іл</u>ді* (мінді немесе мінгізді), *шаб<u>ыл</u>ған* (шапқан немесе шабысқа түскен), *жолда<u>н</u>ып* (жолы болып) етістіктерінің құрылымы жырлар тілінің кейбір ерекшелігін көрсетеді. Өзгелік етіс жұрнақтары осы морфологиялық құрылымдарда мүлде басқа мағынада қолданылып тұр деуге де болмайды, алайда қазіргі әдеби нормаға да сәйкес келмейді.

Бұйрық райлы қолданыстың кейбір ерекшелігі

Ілгеріде көптік жалғауына қатысты кейбір ерекшеліктер туралы сөз болғанда бұйрық райдың осы түрінен мысалдар келтірілген. Алайда қазіргі әдеби нормаға сәйкес келмейтіндіктен ауыз әдебиеті тілінің өзіндік ерекшелігі ретінде мынандай жыр жолдарын атап өтуге болады: «Қазтуғанға *жет<u>ің</u>* деп, Барып хабар *ет<u>ің</u>* деп», «Артық туған алғаным, Көше *бер<u>ің</u>* сіз деді» (*Қарғабойлы...*), «Алдыңызда алты ақ үй тұрар, соның биесінің желісін ағытып, өздерің жылқыны қуып *кел<u>ің</u>*. Егер алты адам шықса ұрып *жығ<u>ың</u>*», – деді» (*Көкше...*). Осы сөйлемдердегі *-ың, -ің* тұлғасының бұйрық мәнді қызметі көне түркілік тілдің бізге жеткен кейбір элементтері болып табылады.

Ілгеріде атап өткеніміздей, көптік ұғымдар мен көптік жалғау тұлғаларының қызметінде, септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің жұмсалуында, етістік категорияларының арасындағы сабақтастықта т.б. секілді морфологиялық құрылымдар жүйесінде қазіргі тілдік нормадан өзгешелеу кейбір ерекшеліктер кездеседі. Алайда оларды жалпы қазақ ауыз әдебиетінің тіліндегі жүйелі ерекшелік ретінде тануға болмайды. Кейбір грамматикалық құралдар қызметіндегі нақтылықтан гөрі жалпылық сипаттың басымдығы, қазіргі әдеби нормамен салыстырғанда, олардың тілдегі орындарының әлі де терең айқындалмағанын көрсетеді.

Екінші жағынан сол дәуірлерге тән тілдік норманың сипатынан хабар берсе керек. Ауыз әдебиеті тілінің морфологиялық ерекшеліктеріне назар аударғанда, ертеден жеткен жәдігерлік болғандықтан, оны жазба мұралар тілінмен салысытыра отырып зерделеудің маңызы зор. Өйткені мұнда сол көне тілдік белгілерді бойында сақтаған элементтер бар. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ауыз әдебиеті тілін көне мен жаңаның арасын жалғастырушы алтын арқау ретінде бағалауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Досжан Р. XI-XII ғ. Жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. – 320 бет.

2 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: «Кітап», 1991. – 200 бет.

3 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы: «Санат», 1997. – 608 стр.

4 Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 стр.
5 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 262 б.

Қысқарған сөздер

1. *Асанқайғы...* «Асанқайғы, Тоған, Абат».
2. *Алпамыс* – «Алпамыс батыр» жыры.
3. *Көкше...* – «Көкшенің ұлы Ер қосай».
4. *Қарғабойлы...* – «Қарғабойлы, Қазтуған».
5. *Қыдырбай...* – «Қыдырбайұлы Қобланды».
6. *Қобланды...* – «Қобланды батыр».
7. *Қисса Зейне...* «Қисса Зейне Зайуб»
8. *Нұрадын* – «Нұрадын»

В настоящей статье рассматриваются морфологические особенности языка устного народного творчества. Используемые в фольклорных текстах такие морфологические средства как окончания множественного числа, окончания падежей, а также некоторые глагольные категории скрывают новое дополнительное значение. Значение множественности в устном народном творчестве определяется не только с помощью окончаний множественного числа, но и выражается при помощи аффиксов со значением повеления. Также использование падежа, выражающего принадлежность предмета, дательно-направительного падежа вместо падежа с объектным значением, выполнение начальной формой глагола роли суффикса местоимения и др. Это явление характеризует определенный этап развития языковой системы.

The features of the morphological structure of Kazakh folklore considered in the article. The author hold research to determine inconsistencies with the modern language standards. Now some forms of plural endings, case endings and some categories of verbs have a new form, as well changes in the meaning and structure. But it has similarities with ancient Turkic option, as an embodiment of modern literature and performs functional link. In the folklore the plural is expressed using multiple endings, and sometimes using the imperative endings.

УДК 81 1 .161.1

Г.М. Бадагулова
Алматы Менеджмент Университет
Алматы, Казахстан
gal5728@gmail.com

СЕМАНТИКА КОМПЛЕКСНЫХ ЗНАКОВ В УСЛОВИЯХ БИЛИНГВИЗМА (НА МАТЕРИАЛЕ РУССКОГО ЯЗЫКА КАЗАХСТАНА)

В статье рассмотрены основные точки зрения, существующие в лингвистике и когнитивной семантике, на природу комплексных знаков. Автору статьи было интересно проследить композиционную семантику фразеосочетаний, образованных в русском языке Казахстана. Компонентный анализ и сфокусирование его с данными когнитивной семантики помогли установить границы фразеосочетаний, описать их семное и концептуальное содержание, определить особые черты исследуемых знаков языка в условиях билингвизма и межкультурной коммуникации. Изучение концептуального содержания фразеосочетаний как комплексных знаков позволило классифицировать их как: 1) фразеосочетания, компоненты которых объединены на основе общего концепта; 2)

фразеосочетания, компоненты которых объединяются на основе соотношения концептов "целого и части"; 3) фразеосочетания, компоненты которых объединены на основе стереотипности концептов.

Ключевые слова: комплексные знаки, композиционная семантика, фразеологизм, концептуальное содержание, концепт, билингвизм.

Известно, что язык есть общественное явление особого рода, он наиболее полно отражает и выражает общественное сознание, сознание носителей и творцов языка. Язык находится в беспрерывном движении, изменении, развитии. В русском языке в условиях межкультурного общения создаются новые номинативные единицы – фразеономинации или фразеосочетания. Как правильно заметил В.Г.Костомаров, относительно русского языка новой эпохи о том, что «важно констатировать … массовое напряженное фразеотворчество …На глазах складывается новая фразеология, новая идиоматика» [2, 139].

Фразеологизмы как единицы номинации являются комплексными знаками. Анализ сочетаемости их составляющих всегда привлекал к себе внимание ученых разных лингвистических школ и направлений. Г.Фреге, затем представители генеративной грамматики пытались объяснить природу семантики комплексных знаков. По Г. Фреге, комплексные знаки – это знаки, которые по своему составу представляют собой «композиции» из нескольких готовых знаков языка, а их семантика состоит из композиционных функций значений тех единиц, которые входят в состав сложного знака и отношений между ними [7, 26-27].

Описание комбинаторики знаков, композиционной семантики знаков особо интересовали лингвистов и философов.

Различные направления когнитивной семантики также выдвинули разные версии в разъяснении правил семантической композиции знаков и при этом признали, что «при анализе каждой комплексной единицы надо продемонстрировать, как именно взаимодействуют (не складываются!) значение ее составляющих и какие типы взаимодействия в комплексных знаках разного порядка» [3, 15-16]. Анализируя работы Л.Ленекера, Дж. Р.Тейлора, З.Вендлера по композиции языковых знаков, Е.С.Кубрякова пишет, что «ментальная репрезентация объекта структурирована в виде пучка ассоциируемых с ним признаков, а ситуация использования ее обозначения активизирует лишь ту часть этого пучка, которая может быть «поддержана» либо самой ситуацией, либо партнерами по данной конструкции, т.е. контекстом ее использования» [3, 18].

Лексические единицы и их сочетаемость анализируется Дж. Пустейовским, который ввел в генеративный лексикон представление о так называемых Qualia-структурах. В Qualia-структурах содержатся качественные атрибуты объекта, информация о форме и составе объекта, о функциях и предназначении объекта. Иначе, в семантической структуре слова, которая называет тот или иной объект или процесс, содержатся концепты, характеризующие объект или процесс. А при актуализации слова из его концептуальной структуры отбираются определенные концепты [4, 409-441].

Мысль Дж. Пустоевского о Qualia-структурах продолжена и развита в исследованиях А.П. Бабушкина о концептах разных типов и методике их выявления в лексике и фразеологии [1, 52-57]. Понимая концепт как "дискретную единицу коллективного сознания, которая хранится в национальной памяти носителей языка в вербально обозначенном виде", А.П. Бабушкин пишет: "…через анализ семем мы получаем доступ к сфере идеального в языке и выявляем, объективируем концепты" [1, 53]. И далее: "По характеру сем, эксплицируемых в словарном определении, можно судить о различиях в концептах, стоящих за конкретными языковыми единицами» [1, 54].

Все рассмотренные нами концепции (как лингвистического, так и когнитивного плана) исключительно важны и для понимания семантики фразеономинаций, появившихся в русском языке Казахстана в условиях межкультурного общения. Применение компонентного

анализа и сфокусирование его с данными когнитивной семантики позволили нам установить границы фразеосочетаний, их семное и концептуальное содержание. На основе того, каким образом в концептуальном плане созданы комплексные знаки – фразеосочетания, есть возможность представить их как 1) фразеосочетания, компоненты которых объединены на основе общего концепта; 2) фразеосочетания, компоненты которых объединяются на основе соотношения концептов "целого и части"; 3) фразеосочетания, компоненты которых объединены на основе стереотипности концептов.

1. Фразеосочетания, компоненты которых имеют общий концепт или концепты. Данные фразеосочетания, в свою очередь, можно группировать а) на те, у которых общее концептуальное содержание основана на одинаковых семах или семе, составляющих данный знак (*пенсионный фонд, оффшорная зона, вещевая барахолка, частный предприниматель, частное предпринимательство, дебатный турнир, рекламный ролик, рекламный щит, валютный рынок, аннуитетные платежи, ипотечное кредитование и т.д); б*) общее концептуальное содержание связано словообразовательными способностями одного из компонентов (*межконфессиональное согласие, межкультурное общение, межнациональное согласие, межгосударственный союз, Евразийский Союз); в) общность концепта достигается сочетанием сем "абстрактность" и "конкретность" (официальный дилер, частное предприятие и т.д.).*

Например, фразеосочетание *пенсионный фонд* – это финансовая организация, куда поступают некая часть денежных средств", заработанных людьми, где эти средства накапливаются до достижения ими (людьми) пенсионного возраста. Первый компонент 'пенсионный' имеет значение – "то, что относится к пенсии" и содержит денотативные семы – «денежное обеспечение», «отношение – иметь касательство к чему-, кому-нибудь» и «нечто, то –явление , предмет». Слово «фонд» толкуется как «организация, которая ведает (принимает и распоряжается) денежными средствами, поступающими к ней для каких-нибудь социально значимых целей» и содержит семы: «организация», «денежные средства», «социальные цели». Оба компонента фразеономинации «пенсионный фонд имеет в своей семантической структуре общую сему «денежные средства». Данная сема позволяет образовать фразеономинацию «пенсионный фонд», в котором сохраняются семы двух ее составляющих: «организация», «денежные средства», «социальные цели». Сема «социальные цели» уточняется: «социальные цели – пенсия» и появляется новая сема «накопление, ресурсы, запасы». Компонентный анализ слова, выявление семантической структуры лексем помогает определить идеальную сущность слов и фразеономинации. В семах фиксируются результаты когнитивных усилий человеческого разума – концепты. Слово "пенсионный" содержит концепт *денежные средства* , и слово *фонд* также имеет в своем составе, в числе других, концепт *денежные средства*. В данном ФС содержится одинаковый концепт «деньги», что и способствует выражению некоего единого целого.

Общий концепт имеют сочетания слов, которые, как и ФС «пенсионный фонд», относятся к экономической сфере. «Оффшорная зона» – *это особая территория, где созданы наиболее благоприятные условия для ведения бизнеса.* Лексема «оффшорная», один из компонентов фразеосочетания означает – «то, что имеет отношение к оффшору, т.е. к особой территории, где созданы благоприятные условия для развития бизнеса». Структура данного слова складывается из таких сем, как «отношение», «особая территория», «благоприятные условия», « для бизнеса». Семантическая структура лексемы «зона» – состоит из таких компонентов, как «пространство между какими-нибудь границами», «особая территория». Компоненты сочетания «офшорная зона» содержат общую сему «особая территория», которая предопределяет наличие общего концепта «особая территория». Общность в концептуальном содержании составляющих дает нам возможность причислять данное сочетание к фразеономинации.

Комплекс словесных знаков «вещевая барахолка» также объединена общим концептом, который в лингвистической единице передается одинаковой семой «вещь».

Общность концепта способствует возникновению фразеосочетания *частное предпринимательство.* Фразеосочетание «ч*астное предпринимательство»* состоит из следующих компонентов*: «частное»,* который толкуется как «*относящийся к личному, индивидуальному владению, деятельности»,и «предпринимательство», т.е. люди – владельцы предприятия, частники.* Наличие общих сем «частная деятельность», «относящийся к личной, индивидуальной деятельности», «владелец» создает новое концептуальное содержание новой номинативной единицы.

Компоненты фразеосочетания *дебатный турнир* содержат общие семы «состязание», «прения», а объединяющей семой для компонентов двух последних фразеономинаций (рекламный щит и рекламный ролик) является сема «изображение».

Фразеосочетаниями являются и такие комплексы вербальных знаков, как *спонсорская помощь, спонсорские взносы и спонсорские деньги*. В первой номинативной единице присутствует общая сема «помощь», «помогать», что и способствует образованию данного фразеосочетания. А в фразеосочетаниях *спонсорские взносы* и особенно в *спонсорские деньги* сема «помощь» конкретизируется (тот, кто помогает, помогает деньгами).

Одинаковое концептуальное содержание лексем всегда ведет к образованию фразеономинаций. Так появились номинативные единицы *межконфессиональное согласие, Евразийский Союз, межкультурное общение, межгосударственный союз, межнациональное согласие.* Интересным в этом ряду является фразеономинации со словообразовательным элементом *меж-* в первом компоненте номинативной единицы: *межконфессиональное согласие, межкультурное общение, межгосударственный союз, межнациональное согласие.* Семы «взаимодействие», «между субъектами» выражаются в согласуемом слове присоединением префиксальной морфемы «*меж-».* Смысловая структура компонента «согласие» состоит из сем «единомыслие», «общая точка зрения», «единодушие», «дружеские отношения», «взаимодействие», «между субъектами». Семы «взаимодействие», «между субъектами», «общая точка зрения», «согласие», «единодушие» вводят общие концепты «связь» и «взаимодействие».

В номинативной единице *Евразийский Союз,* в котором сема «объединение, союз» в компоненте «Евразийский» передается с помощью сложения частей слов Европа и Азия, также присутствует общие концепты «связь», «взаимодействие». Концепты «связь» и «взаимодействие» содержатся и в фразеономинациях *межкультурное общение, межнациональное согласие и межгосударственный союз.*

В фразеосочетаниях *официальный дилер, частное предприятие, малое предпринимательство, средний бизнес, малый бизнес* общность концепта достигается сочетанием сем « абстрактность» и «конкретность». Так, например, фразеономинация *официальный дилер* содержит в себе статусный компонент, который передается словом *дилер,* а слово *официальный* конкретизирует статус, а также вносит положительную коннотацию в фразеосочетание.

Невольно вспоминается высказывание Ив Суитсер о том, что «даже в простейших случаях сочетания прилагательного с существительным наблюдается совсем непростое сложение смыслов, но нечто гораздо более сложное …»[5, 131].

2. Фразеономинации создаются на основе соотношения концептов «целого и части». В сочетаниях слов ***казахская диаспора, тюркский мир, Тюркская Вселенная*** общими для их компонентов являются семы «нация», «мир», «Вселенная». Семы более общего характера конкретизируются семами, согласующихся слов: «нация» и «конкретное название нации – казах»; «мир» и «тюрки». А в сочетаниях «городской акимат», «областной акимат», «городской маслихат», «областной маслихат» соотношение части и целого также способствует об их целостности, что позволяет говорить об этих единицах как о фразеономинациях. Фразеономинации подобного типа относятся к социальным, политическим областям человеческого знания,

3. Фразеономинации созданы на основе концептов, указывающих на стереотипность ситуации. Использование когнитивной теории (концептуальной интеграции или активизации

фреймов) позволяют осмыслить и объяснить формирование комплексных знаков языка, в частности таких, как *расчетный показатель, арендная плата, союз четырех, потребительская корзина, компенсация вкладов, легализация капитала.*

Так, семантические процессы, которые привели к образованию фразеономинации «расчетный показатель» могут быть объяснены и описаны с когнитивной точки зрения. В данном фразеосочетании заключены стереотипные ситуации, которые связаны с такими процессами как рассчитать (учесть данные), арендовать, объединяться потреблять, компенсировать, легализовать. Во всех фразеосочетаниях наблюдается определенная закономерность: семантическая ориентированность на человека. Человек, субъект в этих фразеосочетаниях присутствует, но он не выражен языковым знаком, однако он есть в данной ситуации и является активным ее участником. Фреймовый характер семантики фразеосочетаний подтверждается и тем, что все приведенные нами фразеономинации соотносимы с определенными блоками знания. Здесь необходимо вспомнить утверждения Ч.Филлмора о том, что «в семантике фреймов считается необходимым давать представление о … знании при описании вклада, вносимого в семантику языкового выражения отдельными лексемами и грамматическими конструкциями, а также при объяснении процесса создания и интерпретации текста из семантических представлений его компонентов [6, 222-254].

Таким образом, номинативная деятельность в региональном варианте русского языка в условиях межкультурной коммуникации и билингвизма имеет свою специфику.

Список литературы

1 Бабушкин А.П. Концепты разных типов в лексике и фразеологии иметодика их выявления // Методологические проблемы когнитивной лингвистики.- Воронеж, 2001.

2 Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи. Из наблюдений над речевой практикой масс-медиа. М.: Педагогика-Пресс, 1994.

3 Кубрякова Е.С. Когнитивная лингвистика и проблемы композиционной семантики в сфере словообразования // Известия РАН. СЛЯ. 2002. № 1.

4 Pustejovsky G. The generative lexicon // Computational Linguistics, 1991. Vol. 17. № 4.

5 Sweetser E. Compositionality and Blending: semantic composition in cognitively realistic framework. In Cognitive Linguistics: Foundations, Scope and Methodology. Ed. by T.Janssen and G.Redeker. Berlin – New-York, 1999.

6 Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIII. Когнитивные аспекты языка. 1988.

7 Фреге Г. Смысл и значение // Фреге Г. Избранные работы. М.: Дом интеллектуальной книги, 1997. С. 26–43.

Мақалада комплексті сөзтіркесінің ерекшеліктері туралы айтылады. Осы сөзтіркестер топтары туралы тіл біліміндегі, когнитивтік семантикадағы ғалымдардың көзқарастарын айта келіп,, автор компоненттік және концептуалды әдістерді қолданып, комплексті сөзтіркестерінің қос тілділік ортадағы семантикасының ерекшеліктерін айқындайды. Комплексті сөзтіркестерінің концептуалды мағынасына қарай, автор бұларды үш топқа бөледі. Олар: 1)компоненттері ортақ концепт арқылы біріккен сөзтіркестері; 2)компоненттері «тұтас/бөлшек» негізінде байланысқан сөзтіркестері; копоненттері стереотиптік концептер негізінде біріккен сөзтіркестері.

The article describes main points of view that exist in linguistics and cognitive semantics on the nature of complex signs. The author of the article was interested in tracing the compositional semantics of phrasal combinations which were formed in the Russian language in Kazakhstan. The componential analysis and the focus on its use with cognitive semantics data helped to set the border lines of phrasal combinations, describe their same and conceptual content, to determine peculiar characteristics of the language signs under study in the conditions of bilingualism and intercultural communication.

The study of the conceptual content of phrasal combinations as a complex of signs has allowed to classify them as: 1) phrasal combinations, components of which are combined on the basis of the common concept; 2) phrasal combinations, components of which are combined on the basis of correlation of the concepts of "the whole and the part"; (3) phrasal combinations, components of which are combined on the basis of stereotyping concepts.

УДК 413.18:811.1/.8

Д.Н. Байгутова, Р.Н. Бегалиева, К.С. Сапарбаева
ЮКГПИ
Шымкент, Казахстан

К ВОПРОСУ О МЕТОДАХ ИССЛЕДОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА

В статье рассматриваются вопросы становления и развития новой отрасли знаний – этнопсихологии, связанной с определением менталитета этноса, его культуры, языка и сознания. Авторы описывают содержание проводимого ими пилотажного эксперимента по шкале толерантности / интолерантности и отмечают перспективность дальнейших исследований этого направления.

Ключевые слова: менталитет, этнос, национальный характер, этнопсихология, этническая идентификация

Проблемы национального менталитета, национального характера, национальной психологии особенно интенсивно стали исследоваться в последнее время учеными смежных наук – антропологии, этнической психологии, этнопсихолингвистики, психологии культуры и др. Наметившиеся еще в 30-е годы прошлого столетия две противоположные тенденции во взглядах на национальный характер и национальное сознание (с одной стороны – абсолютизация психологического, индивидуально-специфического подхода, с другой стороны – преобладание социального, универсально значимого) за последние десятилетия претерпели немало изменений, интерпретаций, уточнений, обусловленных новыми экспериментальными исследованиями, но, тем не менее, остались противопоставленными друг другу.

Из данного концептуального положения могут быть сделаны два парадоксально противоположных в психологии культуры вывода, определяющих позиции разных ученых во взгляде на этническую обусловленность культуры, опосредованную языком: психологический, индивидуалистический подход к изучению данной проблемы, с одной стороны, и социальный, универсально значимый, с другой.

Решение этих проблем, на наш взгляд, следует искать с применением комплексного подхода к национальному сознанию как сложному системному объекту, принимая во внимание и беря за основу лишь рациональное и убедительное во взглядах ученых – приверженцев разных концепций, избегая их предвзятости и тенденциозности. Убедительным, на наш взгляд, является утверждение современного психолога И. Кона, высказанного в книге «Национальный характер – миф или реальность?» о том, что различия в национальном характере, которые мы интуитивно схватываем, являются «частью практического процесса социального взаимодействия», а в этнических стереотипах сконцентрирована вся история национальных отношений. [1, 136]. Следовательно, о них (индивидуальных национальных чертах характера) можно судить, только исходя из опыта

истории и культуры всего народа в целом.

Вместе с тем, исследование проблемы национального сознания, национального характера невозможно без учета взаимоотношений между языком, культурой и мышлением, что заставляет нас обратиться к истокам такого (деятельного) рассмотрения названных категорий в работах немецких лингвистов прошлого века И.Г. Гердера и В. Гумбольдта, положивших начало психологическому направлению в лингвистике.

Обсуждая взаимосвязь языка и сознания, И. Гердер утверждал, что теория познания должна исходить из исследования языков. По его мнению, особенности национальных языков оформляются в соответствии с нравами и характером мышления народов [2, 86].

Идея В. Гумбольдта о том, что «язык связан с формированием духовной силы нации», определяет отношение к пониманию языка не как к некоторой субстанции, продукту деятельности (*Ergon)*, а как активного начала, как деятельности духа, духовного процесса (*Energeia)*. Творческая сила языка, в понимании Гумбольдта, проистекает из взаимопроникновения духовного своеобразия данного народа и строя языка: «Форма каждого языка находится в неразрывной связи с духовными задатками народа, с той силой, которая порождает и преобразует эту форму…Различия между языками суть нечто большее, чем просто знаковые различия; … различные языки по своей сути, по своему влиянию на познание и чувства являются в действительности *различными мировидениями*». [3, 380]. Другими словами, по мнению В. Гумбольдта, различные языки – это не различные обозначения одного и того же предмета, а разные видения его.

Линия гумбольдтианского понимания влияния языка на мышление ощутима в работах Ш. Балли, Ж. Пиаже, К.Л. Стросса, в американской антропологической лингвистике и этнолингвистике, а также в современных исследованиях российской и казахстанской психолингвистики и в когнитивной лингвистике (А.А.Леонтьев, Е.С.Кубрякова, Е.Ф.Тарасов, А.А.Залевская, М.М.Копыленко, Э.Д.Сулейменова, В.С.Ли, З.К.Ахметжанова, З.К.Сабитова, Л.К.Жаналина, и др.).

В своих исследованиях языкового сознания мы исходим именно из позиций такого учета взаимоотношений между языком, культурой и мышлением, с позиций понимания языка как деятельностного начала, способа отражения и своеобразной интерпретации объективного мира.

В переводе А.Иванова и А.Устиновой ощущаются намеки на неграмотную речь героини Миссис Соуэрби: **привыкнуть о себе позаботиться**, **вырастают в дураков**. Этим самым авторы попытались показать в тексте перевода не принадлежность героини к какому-либо территориальному или социальному диалекту, а ее социальный уровень и принадлежность к более низкому и необразованному классу. В переводе Р.Рубиновой мы тоже наблюдаем некий оттенок старорусского спича: у важных бар, точно щенят.

Итак, проведенный сравнительно-сопоставительный анализ текста оригинала и двух переводов на русский язык позволили нам выявить следующие особенности йоркширского диалекта, использованного в детском романе «Таинственный сад»: грамматические погрешности (несоблюдение согласования между подлежащим и сказуемым, единственным и множественным числом и т.д.), фонетические «неточности» (опущение последнего согласного или гласного звука в произношении слов), использование устаревших и просторечных форм и многое другое.

Тем не менее, как показал сравнительно-сопоставительный анализ оригинала и двух вариантов перевода, особенности йоркширского диалекта остаются лишь особенностями оригинала, т.е. английского текста. Нам позволяет сделать такое утверждение тот факт, что в приведенных переводах А.Иванова и А.Устиновой и Р.Рубиновой только изредка употребляются разговорные и устаревшие формы, а все разнообразие и оригинальность йоркширского диалекта остались для читателей русскоязычных переводов не совсем раскрытыми и познанными. И это, в первую очередь, обусловлено тем фактом, что диалекты одного языка, содержащие в себе территориальные, социальные и другие особенности одной страны, невозможно полноценно воспроизвести в тексте на другом языке, даже если язык перевода сам по себе богат диалектами, просторечными формами и другими видами контаминированной речи.

Список литературы:

1. Burnett, Frances Hodgson. The Secret Garden. New York, 1911.

2. Заповедный сад: Повесть / [Пер. с англ. и послесл. Н.Демуровой]. – На рус. и англ. яз. – М.: УРАО, 2000. – 380 с.

3. Бернетт Ф. Таинственный сад / Перевод с англ. А.Иванова и А.Устиновой; Оформл. серии и ил. А.Власовой. – М.: Астрель: АСТ, 2000. – 320 с.

4. Таинственный сад / Пер. с англ. Р.Рубиновой. – М.: Астрель: АСТ, 2004. – 319 с.

5. Таинственный сад, повесть Ф. Бернетт – пер. Л. Сидоровой. – М.: Астрель: АСТ, 2006. – 186 с.

6. Таинственный сад: [Для детей] / Фрэнсис Бернетт; [перевела с англ. Г. Гура]. – СПб.: Библия для всех, 2002. – 287 с.

Кез келген тілдегі диалектілер (аумақтық әлеуметтік) басқа тілге аударылатын аударманың нысаны болғанда белгілі бір қиындықтар туындайды. Ф.Х. Бернеттің балаларға жазған «Құпия бау-бақша» атты романын аударғанда аудармашылар қиындықтарға тап болады Солтүстік диалектілердің ең ірісі – йоркшир диалектісін аударғанда, негізгі ерекшеліктеріне қарамастан, аудармада түсіріп тастайды. Бұл ерекшеліктер аударма мәтінінде жиі ауызекі сөйлесу және ескірген формалар ретінде беріледі.

Dialects (territorial, social) in any language become a certain complexity when they are subjected to translation into another language. It is such difficulties that are faced by translators of

children's novel "The Secret Garden" by F.H.Bërnett. They prefer omitting in their translations even the most basic features of one of the largest of the northern dialects – Yorkshire dialect. Often, these features are reproduced in the translation text be means of colloquial, conversational and obsolete forms.

УДК 81/33

А.С. Боранбаева, А.А. Бисембаева
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
aya_bor@mail.ru, bissembayevaaigul@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ

На сегодняшний день происходит значительное увеличение количества терминов, обращение к известным научным теориям представляется, безусловно, интересным и в определенном смысле полезным, поскольку в их терминологических системах оригинальным способом раскрывается содержание терминов, вызывающих споры и разногласия в современной науке.

Ключевые слова: терминология, терминосистема, термин, терминоэлемент

Одним из главных путей развития языка является определение статуса научного языка, упорядочение состава терминологических единиц, определение эффективных путей методов изучения их содержания. Рост количества и повышение качества научных изысканий в этой области, безусловно, ускорит и процессы становления научного языка.

Связывая различные области знаний, терминология занимает особое место в развитых языках. Поэтому любая лингвистическая теория, стремясь отразить состояние литературных языков, рассматривает круг вопросов и проблем, касающихся изучения терминологии. Принимая во внимание научно-технологический прогресс и интенсивный процесс всеобъемлющей глобализации, терминологический аппарат различных наук требует пристального внимания.

Терминология динамично меняется от состояния научно-технического прогресса. К одной из актуальных проблем относится проблема перевода терминов и составление терминологических словарей. Данный аспект актуален для Казахстана, в котором происходят социально-экономические изменения, а состояние полиязычия находит отражение во всех отраслях науки и требует особого внимания. Все это напрямую связано с развитием отдельных терминосистем, описание которых заинтересовывает, как и отечественных языковедов, так и зарубежных ученых.

Терминологическая лексика отражает более высокий уровень познания действительности и обобщения в терминах самых существенных признаков обозначаемых явлений. Следовательно, термин является многосторонней, наиболее четкой и емкой характеристикой предмета или явления.

Термины и терминология давно являются предметом пристального внимания лингвистов, которые высказывают различные точки зрения на природу терминов и терминологии. В научной литературе существует множество определений терминологии и термина. Одно из них: "Под терминологией какой-либо области знания мы понимаем систему терминов, которые выражают совокупность специфических понятий, рассматриваемых в конкретной области. Термин, независимо от того, будет ли он составлен

из одного слова или нескольких, имеет смысл только как член определённой терминологической системы".

Вопросы о том, что представляет собой термин как знак и единица языка, каковы его функции, какое место занимает он в лексической системе, рассматривали многие отечественные лингвисты (В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Д.С. Лотте, А.А. Реформатский, О.С. Ахманова, Ф.П. Филин, В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, Б.Н. Головин, Р.Ю. Кобрин, А.С. Герд, А.И. Моисеев, В.А.Татаринов, Н.Б. Гвишиани, ПН. Денисов, Л.А. Капанадзе, Т.Л. Канделаки, А.В. Суперанская, С.В. Гринев, Г.П. Немец, И.М. Кобозева, Т.Х. Каде, Л.Ю. Буянова, С.Г. Казарина и др.).

В их трудах изучались языковая и понятийная системность терминов, генетический состав специальной лексики, парадигматическая и иерархическая организация таксонов, их взаимосвязь в семантическом объёме терминов; терминообразовательная парадигматика, иерархические и функциональные отношения между терминируемыми понятиями и т.д.

Приведем примеры терминов: атрофия, численные методы алгебры, диапазон, зенит, лазер, призма, радиолокация, симптом, сфера, фаза, низкие температуры, керметы. Термины, значительная часть которых является интернациональными словами, - это условный язык науки.

Для образования терминов используются следующие средства: 1) метафорический перенос названия: петля (спорт.), таз (мед.), пастушья сумка (бот.) — сходство формы; подушка (геол.), парус (арх.), золотое сечение (иск.) — сходство функции; 2) лексико-словообразовательный способ: луноход, дымоуловитель — сложение основ; биоинженерия, электрозапись, ультраакустика — использование заимствованных элементов био -, электро-, ультра - и др.; 3) заимствование слов: лазер, алгоритм, сканер.

Термины должны точно выражать специальные понятия. Каждая отрасль науки оперирует определенными понятиями и терминами. Эти слова составляют терминологическую систему данной отрасли науки или техники. «…Термины в области лексики и формула в области синтаксиса являются теми идеальными типами языкового выражения, к которым неизбежно стремится научный язык» [1, 110].

В составе терминологической лексики можно выделить несколько "слоев", различающихся сферой употребления, особенностями обозначаемого объекта. Термины могут быть общеупотребительными (общенаучная терминология) и узкоспециальными (термины данной области знания). Узкоспециальная лексика даётся в словарях с пометами, указывающими на принадлежность слова к определённой специальной сфере: ав. (авиация), анат. (анатомия), биол. (биология), воен. (военное дело), лингв, (лингвистика), мат. (математика), психол. (психология), физ. (физика) и т. п.

Элементы терминосистем могут включаться в разные системы, обслуживающие разные отрасли знания, например: морфология – в языкознании и в ботанике. Однако в пределах одной терминосистемы термин должен быть однозначен, моносемичен, одного терминологического поля. Недопустимы многозначные термины, обозначающие величины, расчетные понятия. Современные терминологические системы не всегда совершенны, допускают многозначность, что нарушает требование, предъявляемое к «идеальному» термину: одно значение должно быть закреплено только за одним термином.

Полисемичными являются такие термины, как нагревание, давление, прозрачность, звукопроводность, теплоемкость, морозостойкость и др. Термин «прозрачность», например, в одном случае обозначает свойство, вдругом – величину, характеризующее свойство. Многозначными иногда оказываются терминоэлементы (слова или части слов, входящие в состав сложных терминов и терминов-словосочетаний, но имеющие самостоятельное значение). Так, в термине «живая сила» терминоэлемент сила употребляется в значении энергии, а в термине «лошадиная сила» – в значении мощности. По степени точности термины можно разделить на правильно ориентирующие, нейтральные и неправильно (или ложно) ориентирующие. «Правильно ориентирующими» являются термины, внутренняя форма которых не противоречит реальному значению и ориентирует (указывает) на

существенный признак именуемого данным термином объекта (например, прошедшее время, вопросительное предложение, электродвигатель и т. п.). К нейтральным относят термины, буквальное значение которых не распознается или в состав которых входят признаки, не раскрывающие содержания понятия, связанные не с самим понятием, а с обстоятельствами его появления.

Неправильно ориентирующими считаются термины с терминоэлементами, не соответствующими реальному значению термина. Например, в географии под термином «восстановленный растительный покров» понимается покров, «мысленно восстановленный, а в действительности не существующий». Термин ложно ориентирует, так как «восстановленные» леса могут быть понятны как реально существующие. Терминологические системы, как правило, не имеют синонимов: термин соотносится с одним научным понятием, имеет одну дефиницию. Однако распространено такое явление, как дублетность. Чаще всего, источником дублетных терминов является параллельное употребление собственного и заимствованного слова-термина. Как разновидность научной лексики в современном языке активно выделяется и все более обособляется производственно-техническая и профессионально-терминологическая лексика, в которую входят различные наименования: а) технических процессов, производственных операций; б) их результатов (по общеязыковой метонимической модели): дегазация, дождевание и так далее.

Существует такое фоновое свойство термина, которое стало уже традиционным постулатом терминоведения, а именно структурность данной языковой единицы. Тем самым любое рассмотрение отдельно взятого термина является сугубо условным. Сущность термина определяется его структурными (системными) свойствами [1, 56]. В подтверждение этому можно привести наиболее полный список таких требований, который мы находим в работе Т.Р. Кияка «Лингвистические аспекты терминоведения»:

1. Термин должен удовлетворять правилам и нормам соответствующего языка.
2. Термин должен быть систематичен.
3. Для термина характерно свойство дефинитивности, то есть каждый термин сопоставляется с четким отдельным определением, ориентирующим на соответствующие понятия.
4. Термину свойственна относительная независимость от контекста.
5. Термин должен быть точным.
6. Термин должен быть кратким (данное требование нередко вступает в противоречие с требованием точности, то есть полноты термина).
7. Термин должен стремиться к однозначности. Мысль об однозначности термина в последнее время оспаривается многими лингвистами, в связи с этим Т.Р. Кияк подчеркивает важность следующего уточнения: «однозначности следует добиваться в пределах одной терминосферы, ибо на уровне нескольких подъязыков полисемия терминов – явление довольно распространенное» [2, 9]. К.Я. Авербух в свою очередь, утверждает, что анализ реального функционирования терминов приводит к выводу о том, что «полисемии в сфере терминов в собственном смысле нет», а все случаи отклонения термина от моносемичности он объясняет его неверным употреблением [3, 39]. В противовес данной точке зрения С.Б. Никитина, говоря об однозначности термина, утверждает, что «однозначность – это свойство идеального термина, а не реальной единицы научного обихода» [4, 29].
8. Для терминологии не характерна синонимичность, мешающая взаимопониманию.
9. Термины экспрессивно нейтральны.
10. Термин должен быть благозвучным [2, 8].

Терминоэлементы, обеспечивающие выражение категориального признака в структуре ряда безэквивалентных терминов, могут быть калькированы, хотя отсутствие видового понятия в ПЯ препятствует идентичности восприятия языковой единицы носителями ИЯ и ПЯ.

Рассмотрим безэквивалентные составные термины ИЯ, возникшие на основе одного ключевого термина и обозначающие противопоставляемые друг другу понятия, не дифференцируемые в ПЯ: Basic earnings per share – базовый доход на одну акцию (без учета дробления акций), акциялардың бөлшектенуінсіз бір акциядан түскен базалық табысы diluted earnings per share – уменьшенный в результате дробления акций /разводненный доход на одну акцию, акциялардың бөлшектенуі нетижесінде азайтылған/ бір акциядан түскен молайтылған табыс; Basic net profit per share – чистая базовая прибыль на одну акцию (без учета дробления, разводнения), бір акциядан түскен таза негізгі табысы diluted net profit per share – разводненная чистая прибыль на одну акцию (уменьшенная в результате дробления акций), бір акциядан түскен молайтылған таза табыс; термин dilutive securities – ценные бумаги, разводняющие капитал, капиталдарды молайтатын құнды қағаздар [6, 158].

В данном случае сложность представляет передача компонентов basic, diluted, dilutive: в русской и казахской терминологии не произошло выделения категории разводняющих ценных бумаг и соответствующей дифференциации понятий для обозначения доходов до разводнения капитала и в результате разводнения. Предлагаемый перевод-калька с использованием определений базовый, разводненный и разводняющий (последние формируются на основе термина разводнение капитала) может закрепиться в русском языке, хотя на настоящий момент нуждается в комментарии.

При переводе антонимичных терминов – listed company (компания, акции которой продаются на фондовой бирже; акциялары фонд биржасында сатылатын компания) и publicly traded company (компания, акции которой продаются на внебиржевом рынке; акциялары биржадан тыс нарықта сатылатын компания) мы используем описательный перевод, так как в результате калькирования была бы образована лексико-грамматическая структура, не отвечающая нормам русского и казахского языка и не позволяющая адекватно передать значения терминов.

При анализе приемов перевода безэквивалентных составных терминов выявляются следующие закономерности.

1) При переводе безэквивалентной терминологии может быть использован разъяснительный (описательный) перевод с ИЯ на ПЯ: Holding gain – доход от увеличения стоимости активов; актив бағасының қымбаттауынан түскен пайда; Stock option plans – программа льготного приобретения персоналом акций компании; қызметкерлер тарапынан компания акцияларының жеңілдікпен сатып алынуы.

Описательный перевод позволяет передать значение термина достаточно точно, но многокомпонентное словосочетание усложняет синтаксическую структуру соответствующего предложения текста ПЯ.

2) При переводе подавляющего большинства безэквивалентных терминов может быть применен прием калькирования: temporary difference – временная разница; уақытша айырмашылық; identifiable assets – идентифицируемые активы; сәйкестендіретін жабдықтар; unremitted earnings – неоплаченные доходы; төленбеген табыс; unrealized gain – нереализованная прибыль; іске асырылмаған табыс и т.п.

3) При калькировании могут использоваться грамматические и лексические трансформации: Dilutive effect – эффект разводнения (замена части речи: имя прилагательное – имя существительное); молайту әсері; Valuation allowance – оценочный резерв (замена части речи и лексическая замена); бағалау қоры и т.п.

4) При калькировании безэквивалентных составных терминов ИЯ могут использоваться и лексико-грамматические трансформации – в частности, экспликация связующих компонентов или декомпрессия одного из терминоэлементов: sale-lease back transaction – сделка по продаже имущества на основе возвратного лизинга; қайтарылма лизинг негізінде мүлік сату мәмілесі; termination income benefit – денежное пособие, выплачиваемое по истечении срока действия договора; келіімшарт мерзімі біткенде төленетін жәрдемақы; customer acceptance– приемлемость товара для покупателя; сатып алушы тарапынан тауардың қабылдануы [6, 286].

Анализ экстралингвистических факторов, обусловливших несоответствие систем понятий ИЯ и ПЯ, показал, что основной причиной безэквивалентности терминов ИЯ являются принципиальные различия в казахстанских и российских системах, проявляющиеся в отсутствии в ПЯ целого ряда понятий. Кроме того, терминология отчетности казахского и русского языков отражает недостаточно высокий по сравнению с развитыми англоязычными странами уровень развития некоторых сфер казахстанской и российской экономика: в частности, рынка ценных бумаг, кредитных отношений, что приводит к меньшей роли соответствующих хозяйственных операций в управлении компаниями Казахстана и, как следствие, отсутствию ряда терминов в ПЯ [5, 528]. Термины являются единицами языкового и профессионального знания, обеспечивающими эффективность межкультурной коммуникации. По этой причине наибольшую практическую значимость при переводе текстов имеет эквивалентный перевод терминологии. Сопоставление терминов казахского, русского, английского языков позволяет выявить их структурные и семасиологические особенности и классифицировать проблемы их перевода. Формально-семантический и семасиологический анализ позволяет сделать вывод о том, что точность передачи категориальных признаков, выражаемых терминоэлементами, приводит к точности передачи значения самого термина, которое может быть выражено различными языковыми средствами.

Различия в лексическом составе и грамматической структуре терминов имеют объективные лингвистические причины: английские термины, в структуру которых входит субстантивный определяющий компонент (имя существительное либо именная группа), не могут быть переведены на казахский и русский языки без расхождений в морфосинтаксической структуре, обусловленных различиями в грамматическом строе языков. Расхождения в грамматической структуре не препятствуют передаче значения выражаемого терминоэлементами интегрального или дифференциального признака. Все это позволяет переводчикам рекомендовать транскрипцию, транслитерацию и калькирование (в том числе с применением грамматических трансформаций) как приемы перевода безэквивалентной терминологии. Перевод терминов, отличающихся по лексическому составу, представляет собой определенную практическую сложность: он требует от переводчика как понимания значения термина ИЯ, так и знания терминов ПЯ и не допускает калькирования.

Список литературы:

1. Кияк Т.Р. Лингвистические аспекты терминоведения. – 1989. – 110с.

2. Азаматова А.Х. О параметрах типологизации международных терминоэлементов // Вестник КазНУ. Сер. филологическая. – Алматы, 2003. – 66с.

3. Авербух, К.Я. Терминологическая вариантность; теоретические и прикладные аспекты // Вопросы языкознания. 1986. №6.

4. Лейчик В.М. О языковом субстрате термина// Вопросы языкознания. 1986. №5.

5. Татаринов В.А. Теория терминоведения. – М.: Московский лицей, 2006. – 528с.

6. Кусаинов А.К. Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь: Экономика. – Алматы: Рауан, 2000. – 286с.

Ғылыми-техникалық даму барысында терминология үнемі өзгеріп тұрады. Маңызды мәселелердің бірі теминдер аудармасы мен терминологиялық сөздіктер жасау. Аталған мәселе, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алып, көптілділік барлық ғылым салаларында көрініс тауып жатқан Қазақстан үшін де өзекті және ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл жеке термин жүйелерінің дамуымен тығыз байланысты: олардың сипаттамасы отандық және шет елдік ғалымдардың назарын аударуда. Терминологиялық лексика шындықты танудың жоғары деңгейін көрсетеді және құбылыстың ең маңызды белгілерін жалпылайды. Сәйкесінше, термин зат немесе құбылыстың ең нақты және жан-жақты сипаттамасы болып табылады.

Terminology dynamically changes the state of the scientific and technical progress. One of the most pressing problems is the problem of terms translation and making dictionaries of term system. This aspect is relevant to Kazakhstan where social and economic changes take place, and polylingualism is reflected in all fields of science and requires special attention. All this is directly related to the development of some term system the description of which arouses native and foreign linguists' interest. Term system vocabulary reflects a higher level of reality cognition and term generalization of the most significant signs of designated phenomenon. Consequently, term is a multilateral, precise and capacious description of an object or phenomenon.

УДК' 81

Г.А. Борибаева, Г.Б. Мадиева
әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
gboribayeva@languagepolicy.org, gmadi@mail.ru

ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР: ХАЛЫҚТЫҚ ЭТИМОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада қазақ жерінде кездесетін топонимдік аңыздар қарастырылып, аңыздардың этимологиясы халықтық этимология негізінде анықталған. Аңызға толы топонимдік атаулардың географтар, тарихшылар, лингвистер тараптарынан зерттелуі салыстырылған. Географиялық тарихи атаулардың танымал деген, этимологиясы көп талқыға түскен атаулар қамтылған. Сол атаулар өздеріне тиесілі аңыздармен салыстырыла көрсетілген.

Түйін сөздер: халықтық этимология, топонимдер, топонимдік аңыздар, жер-су атаулары, тарихи атаулар

Аумағы кең, тарихы терең Қазақстан мемлекеті Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан. Көлемі жағынан дүниежүзі бойынша тоғызыншы орынды иеленген ел ауданына жер шарының халық мекендеген құрлық бөлігінің – 2%-ы, Еуразия кеңістігінің – 5%-ы тиесілі. Әлемге белгілі Каспий, Арал теңіздері, Маңғыстау түбегі, Тянь-Шань, Жоңғар Алатау, Тарбағатай таулары мен Орал, Жайық, Сырдария, Балқаш, және т.б. өзен-көлдері антикалық дәуірдегі Геродот, Македонский, Птоломей, Страбон бастаған философтармен қатар белгілі қытай, араб, орыс және Еуропа зерттеушілерінің қызығушылығын тудырып, еңбектерінде көрініс тапқан. Сан алуан географиялық нысандарды қамтыған Қазақстан топонимдерінің бүгінгі таңда зерттеуге нысан болуының да өзіндік себептері бар. Осы тұрғыда белгілі ғалым Т. Жанұзақ былай дейді: «Қазақ топонимдері құрамы мен құрылысы және шығу тегі – этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа замандық топонимдердің бары тарихи құбылыс. Бұл атаулардың кейбіреулері Сақ, Қаңлы, Үйсін, Ғұн дәуірлеріне тән болса, біразы Орал-Алтай тіл бірлестігі кезеңіне, енді бір тобы көне түркі тіліне, ал басым көпшілігі қазақ тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, шағын тобы араб, парсы, монғол, славян (орыс, украин, поляк т.б.) тілдерінен енгендер» [1, 13].

Қазақстан жерінде кездесетін топонимдердің жалпы саны әлі күнге дейін нақты анықталмаған, дегенмен С. Абдрахманов: «Егерде республикамыздың 1 шаршы метріне бір атаудан шақ келетін болса, онда жалпы топонимдер саны, шамамен, 2,5-3 млн болар еді» [2, 41] дей келе 32 томдық «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы» жайындағы мақаласында: «Республиканың барлық облыстары бойынша 120 мыңдай жалпы географиялық атаулары, оның ішінде: 91,7 мыңы жеке гео-

графиялық объектілердің атаулары, соның 32,4 мыңы оронимдер (жота, тау, шоқы, төбе, қырат, үстірт, жол, төбешік, қорған, ойыс, сай, жырасай, шатқал, қолат, өзек, жыра, үңгір, жон, арал, түбек, құм, тереңсай, аңғар, қоныс және т.б. атаулар), 27,0 мыңы гидронимдер (өзен, көл, шығанақ, өзен тармағы мен тарамы, ескі арна, құрғақ арна, бұлақ (көз, қайнар, тұма), көлтабан, ұсақ қопа (ильмень), жайылма тармағы (ерік), бөген, тоған, канал, арық, сор, батпақ, құдық және т.б. атаулар), 24,6 мыңы елді мекен атаулары, 7,4 мыңы зират, 0,2 мыңы орман-тоғай, 0,2 мыңдайы аумақтық-әкімшілік бірліктер атаулары» қамтылғандығын көрсетеді [3].

Ал, тілші ғалым Т. Жанұзақ өз зерттеуінде: «Тек қана өзен аты 85 мың болса, көл аттары 50 мыңның үстінде» [1, 5] деп атап өтеді. Егер де Т. Жанұзақтың мәліметі бойынша санасақ, бір ғана өзен-көл атаулар саны 135 мыңнан асып түседі.

Топонимдік атаулар санын нақты белгілеуге дейінгі мәселелерді шешіп алмай, нәтижелі жұмысқа жетпейтініміз анық. Өйткені, А. Әбдірахманов топонимдерді зерттеу жайында былай деп көрсетеді: «Топонимдерді географтар, тарихшылар, тіл мамандары т.б. өз қажетіне қарай зерттеді, өз мақсатына пайдаланды, барлық ғылымдар үшін бірыңғай және универсалды методы болған жоқ». Сол себепті, топонимист болу үшін география, тарих және лингвистика мамандықтарын толық меңгеру қажеттігін жеткізеді [4, 38]. Мұндай алғышарттардың болмауы, қарапайым статистикадан бастап, географиялық атаудың этимологиясын ашуға дейінгі процестегі біркелкісіздікті тудырады. Мәселен, тілшілер топонимдерді лексикалық, грамматикалық тұрғыда бөлшектеп, мағынасын ажыратып, салыстырмалы әдістерді пайдаланады. Ал географтар, көп жағдайда географиялық тұрғыда орналасуын, сыртқы пішініне, келбетіне назар аударады, тарихшылар өз кезегінде тарихта болған оқиғалар мен аңыздарды алға тартады. Осыған дәлел ретінде Ерейментау топонимінің зерттелуін қарастыруға болады.

Ерейментау – Ақмола облысының шығыс бөлігінде орналасқан тау. Этимологиясын алғаш зерттеген географ ғалым Ғ. Қоңқашпаев бұл атаудың моңғол тіліндегі эрэ (ер, еркек) және эмэ (әйел) деген сөздерінен шыққан деп жорамалдап, таудың кейбір тастары еркек пен әйел мүсіндеріне ұқсас екендігін атап өтеді [5, 91]. Тілші ғалым А. Әбдірахманов Ғ. Қоңқашпаевтың «эре + эме + н» болып жіктелуін дұрыс деп санап, ондағы е дыбысы қазақ тілінде ей тізбегіне көшкен, ал н дыбысы көне түркі-монғол тілдерінде ерікті құбылыс деп көрсетеді. Ал халық арасында аңыз ретінде айтылып жүрген «Ерімен» деген сөздің Ереймен түріне көшуіне тілдік ешбір қажеттік жоқ және бұл тұжырым «халықтық этимология» деп белгілейді [4, 104].

Т. Жанұзақ жоғарыда берілген анықтамаларды атай келе, өз тұжырымын былай негіздейді: «Бұл Ерейментау атауы – пайда болуы, қойылуы шарты жағынан ескі атау. Сондықтан да оның шығу төркіні мен мән-мағынасы әлі толық анық емес. Біздің пайымдауымызша, бұл атау жалпы есім сөздерден жасалмаған, атақты батыр немесе белгілі ру атынан (этноним) қойылған болу керек. Атаудың бірінші сыңары ер – «батыр», ей және ман – қосымша тұлғалар. Салыстыр.: Көб+ей, Кер+ей, Ер+ман, Бек+ман, т.т.» [1, 165].

«Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогында» нысанның орналасқан жері, сыртқы пішіні, түсі, жануарлары мен өсімдіктерінің ескеру секілді ұстанымдар тау және тау сілемдерінің этимологиясын зерттеуде ұтымды нәтиже бергендігін алға тартқан географ ғалым С. Абдрахманов Ереймен тауы өз атауын қазақ тіліндегі ерейген, ербиген деген сөздермен байланысты деп көрсетеді. Олай деуінің себебін, таудың оңтүстік-шығыстан солтүстікке қарай Сарыарқа шекарасынан Солтістік Қазақстан жазығына дейін 90-100 км-ге ебедейсіз күйде созылып жатқандығымен және жеке дара төбелерінің едірейіп тұрғандығымен байланыстырады [2, 164-165].

Анықтамалардан байқағанымыздай, географ ғалымдар сыртқы пішініне көбірек мән берсе, тілші ғалымдар сөздің ішкі мағынасы, сыртқы формасы мен тілдік құбылыстарға басымдылық танытады. Этимологиялық зерттеу жөнінде Ғ. Мұсабаев былай дейді: «Этимология ғылымы сөздің төркінін тексергенде нақтылы жағдайларды ескере отырып, сыртқы пішіні мен ішкі мағынаның тұтастығын көздейді. Олардың бірлестігінің заңдылығын

ашады. Сыртқы тұлға мен ішкі мазмұн қабысып келгеннің өзінде де ол сөздің мағынасы осы күндегісінен басқа болуы мүмкін» [6, 131]. Топонимдердің шығу төркінін зерттеуде этимологияның атқаратын рөлі ерекше. Этимологияны ғылымда кейде сөздің шығу төркіні, шығу тегі, уәжі деп те атайды. С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «Этимология – сөздердің төркіні. Тіл білімінде этимологияның «народная этимология», яки «ложная этимология» деп аталатын түрі бар, оны роман тілдерінде паронимическая аттракция деп атайды» [7]. Анықтамада кездескен «халықтық этимология», «жалған этимология», «паронимиялық аттракция» терминдерімен қатар, «деэтимологизация» (сіңісу), «реэтимологизация» (қайта этимологияны шығару), «ремотивация» (қайта уәжін анықтау), «переразложение» (жылысу), «қызықты этимология», «көпшілік қолды этимология» терминдері де этимология процесінде орын алады. Әр бір терминге жеке тоқталып, іске асу барысын анықтайық.

Белгілі ғалым зерттеуші Ә. Қайдаров этимологияны ғылыми және қарапайым, яғни ғылыми емес, не халықтық деп екі топқа бөледі. Ал халықтық этимологияға «ғылыми негізге емес, әр түрлі жорамал-жобаға, жеке адамдардың өз тұжырымдарына, ел аузындағы аңыз-риваяттарға байланысты болғандықтан неше алуан болып келеді» деген анықтама береді. Мазмұнына қарай «жалған этимологияға» («ложная этимология») және «көпшілік қолды этимологияға» («популярная этимология») бөледі [8, 31]. Ә. Қайдаровтың «көпшілік қолды этимологиясын» Ғ. Әнесов «қызықты» этимологиялар қатарына жатқызады: бұл топқа газет, журнал беттерінде жарық көрген көпшілік қолды (научно-популярный) материалдар жатады.

Этимологияның бұл түрі көпшілік қауымға ұсынылатын және этимологиялық ізденістің барша қауымға ақпараттық-танымдық материал ретінде ұсынылады. Ерекшелігін «сөздіктер мен түрлі жазба ескерткіштерге сілтеме беру, өзінен бұрын айтылған пікірлерге сүйеніп, олардан цитата келтіру жағы өте аз. «Қызықты» этимология – ғылыми этимологияның көкжиегін кеңейтіп, оның жетістіктерін үлкен орбитаға шығарып, қалың бұқара арасына таратар өте қажетті «елші» сала» деп сипаттайды [9, 109].

Халықтық этимологиямен (ағыл. folk etymology, pseudo-etymology, reanalysis) бірге жарыспалы түрде «паронимиялық аттракция» (paronymic attraction) атауы қолданылады. Пароним (көне грек тілінде παρα- – аралас, шектестік мағынасындағы сөз алды қосымшасы, ὄνομα – «есім») – дыбысталуы жақын, бір түбірлес, жалпы грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер [10]. Аттракция латын тіліндегі attractio – тартылу, тарту, жақындату мағынасын береді. Сонымен пронимиялық аттракция дыбысталуы жағынан ұқсас туыс не туыс емес сөздерді қолданыста бір-біріне мағыналастыру, жақындату. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында кездесетін Қазығұрт орониміне байланысты мынадай ынқтамаларды «халықтық этимологияға» жатқызуға болады (1-кесте):

1-кесте. «Қазығұрт» орониміне байланысты халықтық этимологиялар

Атау	**Сөз мағынасы**	**Атау мағынасы**
Қазығұрт	«қазы» – ет, тағам түрі, «құрт» – тағам түрі	халқы мал жайылымына ыңғайлы болғандықтан, атау мал еті мен сүт өнімдерінің молдығын білдіреді
Қазығұрт	«қазық» – жерге қағуға арналған құрал, «ұрды» – етістік, ұру етістігінің өткен шақтағы мағынасы	аңыз бойынша Нұх пайғамбардың кемесі осы тауға тоқтап, алғашқы қазық қақты, қазық ұрды деген мағынамен қойылған делінеді

Қазығұрт тауы – аңыз бен құпия сырға толы ороним. Барлығына белгілі аңыз бойынша, таудың басында Нұх пайғамбардың кемесі қалған. Сол үшін де қасиетті мекен саналады. Атаудың шығу төркініне байланысты айтылған пікірлер реті көп, соның бірі де алғашқысы ғалым Қ. Өмірәлиевтің анықтамасы. Оның пікірі бойынша, Қазығұрт атауы ең алғаш араб

географтарының зерттеуінде Кркрд деп кездескен. Бұл сөздің Гаркерд, Газкерд, Газкурд, Гузкерд, Геркурд, Гуркурд деп оқуға көне беретінін ескеріп, екі компоненттен (гер-курд) тұратындығын айтады. «Ежелгі керқұрт түріндегі фонетикалық құрамының қазқұрт түріндегі өзгерісі – біріншіден, р > з жағдайларындағы өзгеріс. Екіншіден, керқұрт > кезқұрт > қазқұрт ақырында Қазықұрт жағдайында е>а түріндегі өзгеріс те түркі тіліне тән құбылыс» [11, 78-84]. Бұл атауға Т. Жанұзақ мынадай түсініктеме береді: «Атаудың бірінші сыңарындағы қаз сөзін тайпа, ел аты деп білсек (Қазбек, Каспий, Қастек, Қазалы, Қазтауы, қазан, Қаз елі сөздерімен тікелей баланысты), екінші сыңарындағы ғұр сөзін ғұз (оғыз) тайпасының ескі нұсқасы, р/з алмасуы нәтижесінде туған тарихи (салыст. қыр/қыз) фонетикалық құбылыс болуы ықтимал деп қараймыз. Алғашқы атауы Қаз биігі, Қазтауы болып, ол тауды кейінгі замандарда ғұздар иемденгенде, ғұр (ғұз) тайпа атауы жаңадан қосыла айтылып, Қазығұр (т) аталған болар деп топшылаймыз» [1, 172].

«Сіңісу» (деэтимологиязация) мен «жылысу» (переразложение) ұғымдары бір мағынада қолданыла алады: бастапқы этимологиялық мағынасын жоғалту. Деэтимологизация туыстық байланысты білдіретін дыбыстардың өзгеріске ұшырауынан, бірқатар көне аффикстердің өнімсіздігі салдарынан пайда болады. Деэтимологизация салдарынан сөз бастапқы мағынасын жоғалтып қана қоймай, әрі қарай бөлшектеуге де келмей қалады. Мәселен, ауызекі қолданыста Алматы қаласының атауын – Аты, Шымкент қаласының атауын – Шым деп қысқарту кездеседі. Орыс ғалымы О. Трубачев сөзге әсер ету нәтижесі жөнінен деэтимологизацияға қарсы бағытта іске асатын «реэтимологизация» терминін ұсынады [12, 201]. Лингвистикада реэтимологизация терминімен қатар, халықтық этимолдогиядан (Э. Ферстман) басқа, «ложная этимология», «наивная этимология», «лексикалық ассимиляция» (Н. Крушевский), «семасиологиялық ассимиляция» (И.А. Бодуэн де Куртенэ), «ремотивация» (О. Блинова) және тағы басқа атаулар пайдаланылады.

Халықтық этимология – халық ауыз шығармашылығының ажырамас бір бөлігі, фольклорға тән сипаттарды өз бойына жинаған, сөздер мен сөз тіркестерін талдаудың субъекттің жеке қабылдауына байланысты шыққан ой қорытындысы. «Халықтық этимологияны» басқаша атаудың қажеттігі жоқ деп санайтын Р. Гельгардт өз зерттеуінде бұл терминнің өзге терминдерге қарағанда көп кездесетіндігін және әлемдік лингвистикаға терең сіңген қолданыс екендігін алға тартады [13, 274]. Халықтық этимология тек сөздің сыртқы пішініне орай жасалған талдау емес, оның бойында халық даналығы да жатыр. Аңыздар мен ертегілер, әпсана, хикаяттар – халық шығармашылығы ғана емес, халықтың басынан кешкені, көргені, түйгені, атадан балаға жеткен мұрасы.

Топонимдік аңыздар тек жыр атауының себептерін түсіндіріп қана қоймай, жартылай тарихилық мән үстейді, яғни белгілі өмірде болған бір оқиғаны баяндайды. Тарихи аңыздың негізгі нысаны – жер атауының шығу тарихын баяндау емес, керісінше сол кездегі тарихи оқиғаны барынша өз қалпында беруге талпыну [14, 162]. Баянауыл – Павлодар облысындағы тау, аудан орталығы және аудан аты. Атаудың шығу төркінін анықтауда Ғ. Қоңқашбаев былай дейді: «Атау моңғолдың баин (бай) + ола (тау) деген сөздерінен алынған. Жергілікті қазақтар тауды Баянаула деп атайды, ал оның Шығыс биік жотасын Жақсыаула, батыс аласа жотасын Жаманаула деп атайды. Л. Левшиннің, П. Рычковтың еңбектерінде «Баян-ола», «Баянаула» болып жазылған. Ш. Уәлиханов өз еңбектерінің бірінде Баянаула монғол сөзі екенін түсіндіріпті» [5, 89]. А. Әбдірахманов атаудың баянауыл болып өзгеруінің себебін – өзге облыс қазақтарының әсерінен десе [4, 80], Т. Жанұзақ өз тіліміздің айтылу әрі жазылуына бейімделуінен болған құбылыс деп атап өтеді [1, 158]. Баянауыл атауына байланысты халық арасында кездесетін аңыз да аз емес. Оның барлығының уәжі адам есімі – Баянмен түсіндіріледі. Бабалар сөзінің жүз томдық кітабына [15, 74-76] енген аңыздарға сәйкес, І-нұсқада «Бай Ана ауылы» тіркесінен шыққан делінсе, ІІ-нұсқада Қарабай атты байдың қызы Баянға байланысты қойылған деседі. Аңыздар мен ертегілерге сәйкес, Баян деген сұлу қыз болған екен, қызға айттырып келушілер жол-жөнекей «Баянның ауылы қайда?» деп сұрағаннан Баянауыл аталып кетіпті-міс.

Атақты 16 нұсқалы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлудың» ең көне нұсқасы Шөже айтқан жыр. Ол жыр бойынша, Баянауыл өңірі ғана емес, айналасындағы бірқатар жер-су атауларының қойылу себептері айтылады. Жырдың толығырақ мазмұны мынадай: «Ноғайлы жұртында Қарабай мен Сарыбай дейтін екі бай болады. Екеуі де перзентсіз екен. Аңда жүріп дос болады. «Үйдегі кісіміз жүкті» деп, екеуі де буаз маралды атпайды. Әйелдері жүкті екенін біліскен соң, бала тумастан бұрын іштегі балаға ежекабыл ретімен белкұда болысады. Ұзамай сүйіншіге екі адам келіп, Сарыбайдың әйелі Мамабикеден ұл туғанын, Қарабайдың әйелі Қарагөзден қыз туғанын хабарлайды. Екі әке серттесіп, ұл мен қызды қоспақ болады. Сарыбай құдалықтың қарғы бауы үшін Қарабайға Айбас дейтін құлын береді. Бірақ Сарыбай үйіне жетпей, аттан құлап өледі. Қарабай антын бұзып, «қызымды жетім ұлға бермеймін» деп, Өлеңтінің аяғын өрлей Аягөзге көшеді. Бұған Әлжаппар дейтін құлы мұрындық болады. Қарагөз наразы. Көшкен күні Қарабайдың сабасы жарылады. Сол жер Аққөл, Жайылма атаныпты. Қырық нары арып, жолда өледі. Аягөзге барған соң, Ноғайлының биі Сұлтанғазы Қарабайдың аулын ерулікке шақырғанда, Ноғайлы Шақшақ байдың бал асы Қодар Баянға ғашық болады. Тоқсан мырза Баянды алмаққа Қарабайға жалшы болады. Айбас Баянға: «Алтын айдар, шоқ белбеу жарың бар, соны әкелемін» деп, қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мініп қашады. Сәлемдемеге Баянның домбырасын, бет моншағын, қарқарасын, алтын сандығын, ақ жамшысын алады. Айбастың қашқанын біліп, Қодар сегіз құлмен Итішпес көлінде қуып жетіп, атысады. Айбас Қодарлардың мініп келген он алты атын атып түсіріп, шөлде жаяу қалдырады. Қодарларды жеңіп, ілгері жүреді. Бірақ адасады. Алдынан өткелсіз қалың орман шығып, Баянның домбырасы мен моншағын ұмытады. Содан ол жер «Домбыралы», «Моншақты» атанған дейді. Сандығы қалған жер – «Алтын сандық», «Ақшатау», Бақа айғырдың тоқтаған жері – «Тоқырауын жәмшілі», қарқарасы түскен жер – «Қарқаралы-Қазылық», Бақа айғырдың жауыр болған жері – «Жауыр бұғы», Баянның туған жері – «Баянауыл» атанған [16]. Байқағанымыздай, жырда 9 бірдей атаудың шығу тарихы баяндалған. Дегенмен, бұл атаулар ғылыми түрде дәлелденбеген.

Атадан балаға берілетін осы секілді жыр, дастан, өлең, әңгіме, аңыздар – бірқатар топонимдік атауларға қызығушылық тудырып, зерттеуге себепкер, кейде, негіз болып жатады. Тарих толқынында кездескен саясат негізінде көне атаулары өзгеріске ұшыраған топонимдерді тек қана ауыздан ауызға берілген аңыз, әпсана, өлең, дастандардан, тарих қойнауынан іздей аламыз.

Аңыздар кейде жекелеген адамдардың қиялымен жаңа түсіндірмелерге, кейде керісінше, адамның танымы мен арман-қиялынан туған анықтаулар аңыздарға ұласып жатады. Қайткенде де бұл түсіндірмелер қазақ халқының ойы мен арманынан, қалауы мен танымынан хабардар ете алады.

Әдебиеттер тізімі

1 Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: «Өнер», 2011. – 496 б.

2 Абдрахманов С. А. Топонимика Казахстана: транслитерация и этимология названий. – Алматы, 2012. – 182 б.

3 Абдрахманов С. А. Қазақ жерінің каталогы // Егемен Қазақстан 2013 жыл мұрағаты, www.egemen.kz

4 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология, 2010

5 Конкашпаев Г. Географические названия монгольского происхождения // известия АН КазССР. Сер. филол. Вып. (II) 1. Алма-Ата, 1959.

6 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.

7 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966 183 с.

8 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Жауапты ред. Ә.Т. Қайдаров. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.

9 Әнесов Ғ. Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Жауапты ред. Ә.Т. Қайдаров. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.

10 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 ж.

11 Өмірәлиев Қ. «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы. // «Қазақстан мектебі», 1967, №4. 78-84 бб.

12 Трубачев О. Н. Приемы семантической реконструкции // Сравнит.-ист. изучение языков разных семей. Теория лингвист. реконструкции. М., 1988. С.197—222.

13 Народная этимология и культура речи // Избранные статьи. – Языкознание. Фольклористика / Вступит. Статья и ред. чл.-кор. АН СССР С.Г. Бархударова. – Калинин: Маск. рабочий, 1967

14 Паңгереев А. Топонимдік аңыздар һәм ел тарихы // Жұлдыз. № 9 қыркүйек 2010 159-162

15 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.80: Топонимдік аңыздар. – 416 б.

16 Қозы Көрпеш – Баян сұлу // www.el.kz, 04.12.2012

В статье рассматриваются исторически известные географические названия казахской топонимики. На основании народной этимологии определяется происхождение этих названий. Приводятся сопоставительные данные исследований географов, историков, лингвистов об истории наименований, основанных на легендах. Анализ проанализированных топонимов в современное время является актуальным, т.к. их этимология до сих пор относится к спорным вопросам.

The article considers toponymical legends in Kazakh land, etymology of legends is defined on the base of folk etymology. There is given comparative analysis of place names by geographers, historians, linguists. It covers most considered, famous geographical-historical names / titles. They are compared with their own legends.

ӘОЖ 82. 207'61

Ш.К. Жаркынбекова, Б. Әбдуалиұлы, М.К. Каирова, А.Т. Кожаева
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Казақстан
zharkyn.sh.k@gmail.com, bekzhan_a7@mail.ru, kairova_mk@mail.ru, asel--82@mail.ru

АСТАНА ЭРГОНИМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТІ*
(Білім беру мекемелерінің атаулары бойынша)

Бұл мақалада ономастиканың елеулі түрі болып табылатын эргонимдердің құрылымдық жүйесінің елордадағы көрінісі қарастырылады. Әсіресе қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар нысандар, оның ішінде білім беру мекемелері атауларының берілуіндегі ерешеліктері сипатталады. Астана қаласындағы аталған білім беру мекемелерінің аталуында өзіндік ерекшеліктер бар. Өзге оқу орындарына қарағанда жалпы қала мектептерінің баршасына ортақ жүйелілік байқалады. Сондай-ақ, атаулардың тарихи-әлеуметтік мәні мен олардың ақпараттық қызметіне талдау жасалады.

Кілт сөздер: ономастика, тіл саясаты, ономастикалық кеңістік, эргоним, мемлекеттік саясат.

Тұрмыстық қажеттіліктердің жаңа түрлері пайда болып, мәдени қатынастар дамыған сайын оған байланысты ұғым-түсініктер де өз ішінен жіктеліп, қала ономастикасынан өзіндік орын иеленіп келеді. Солардың қатарына эргонимдерді жатқызуға болады. Қазақ тілі білімінде бұл термин арқылы білдірілетін ұғымның мазмұнына С.Иманбердиева, Г. Мәдиева өз зерттеулерінде арнайы тоқталады.

Орыс ғалымдарының берген анықтамалары мен ол туралы пікірлеріне талдаулар жасап, көтерілген мәселелермен қатар қайшылықтарды да ашып көрсетеді. Олардың еңбектеріндегі ара жігі ашылмай жүрген *эргонизм, прагматоним, урбаноним, ктематоним, эргоурбаноним, ойкодомоним* секілді терминдердің мағынасы мен әрқайсысының өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Сондай-ақ, қазіргі кезде ономастиканың топонимика, астронимика, антропонимика, зоонимика сияқты эргонимия да мекеме, ұйым, қоғам, кеңес т.б. жиынақтаушы, біріктіруші және олардың атауларын зерттейтін саланың терминдік атауы ретінде қазақ тіл білімінде орныға бастағанын айтады [1, 6-7].

Кейінгі еңбектерінде терминге нақты қалыптасқан ұғым ретінде мынандай анықтама ұсынады: «Эргоним – оним түрі; іскер адамдардың бірігуі, ұйымдар мен мекемелер, корпонрациялар т.б. атауы, мыс.: Таң телекомпаниясы, Қайрат футбол қоғамы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті т.б.» [2, 188]. Осы анықтаманы басшылыққа ала отырып, біз Астана қаласы бойынша барша білім мекемелерінің атауын «эргоним» терминінің аясында қарастырамыз.

Эргонимдер қазіргі таңда қаланың құрылымдық жүйесінде елулі маңызға ие болып отыр. Тұрғындардан бастап, түрлі мақсаттармен сырттан келетін қонақтарға дейін негізінен оның қызметіне тәуелді.

Эргонимдердің негізгі қызметі – белгілі бір нысан туралы ақпарат беру. Бұл ақпараттар оның сыртқы сипаты, ішкі мазмұны, тұрған орны, айналасындағы нысандар, осы нысанға қатысты белгіл бірі оқиғалар мен пікір-көзқарастар туралы болуы мүмкін.

* Мақала «Разработка принципов научно обоснованной номинативной политики г. Астаны в контексте формирования казахстанского ономастического пространства» атты ҚР БжҒМ-нің мемлекеттік гранты аясында әзірленді.

Мысалы, астана көшіп келген алғашқы кезде Ақмола қаласы тұрғындарының тілінде қалыптасқан, мекен жайды көшесімен емес, сол ауданда тұрған белгілі бір нысанның атауымен айту дағдысы болатын, оны көпшілік қабылдап, тілімізде бүгінге дейін сақталып келеді. Әсіресе түрлі жарнамалар мен хабарландыруларда «Қазақстан дүкенінің маңайында», «Еуразия университетінің маңайында», «Встреча жақта («в районе Встречи»)» т.б. түрінде қазір де осылай беріліп жүр. Бұл таза ақпараттық қолданыстар болып табылады.Нысанның сыртқы сипаты мен қай жерде орналасқандығын анықтау үшін ең бірінші оның атауын пайдаланамыз. Қаладағы көпшілікке кеңінен танымал ірі мекеме немесе ғимарат өзінің тұрған жері арқылы айналасындағы нысандарға сілтеме жасайды, ол туралы ақпарат алудың жеңілдеуіне қызмет етеді.Қала тұрғындары бір-біріне жөн сілтеуі үшін, күнделікті қатынаста өздеріне белгілі-белгісіз көптеген атауларды пайдалануы мүмкін. Мысалы:48-мектептің жанында, «Қазақстан» спорт сарайынан бір аялдама өткенде т.б. Қарбаласқа толы өмірде қажеттілікті тез арада қамтамасыз ету үшін кез келген адам осындай ақпараттық қызметке жүгінеді. Бұл тұрғыдан эргонимдердің әлеуметтік сипаты көрініс береді. Мыңдаған, миллиондаған тұрғыны бар үлкен қалалардың тұрмысын эргонимдерсіз елестету қиын, сондықтан оларды зерттеп, бір жүйеге келтіріп отыру да үлкен қажеттілік. Соның ішінде ақпараттық қызметі мен мазмұнын терең талдап, қолданбалық тұрғыдан дамытып отыру да үлкен міндеттердің бірі. Өйткені, қаладағы ономастикалық атаулар белгілі бір нысанды білдіру қызметімен ғана шектелмейді, ол арқылы берілетін ақпараттардың барлығы, міндетті түрде, жекеменшік заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерімен сәйкес келуі тиіс.

Мақала көлемінде сөз еткелі отырған эргонимдеріміз, *мектептердің , орта арнаулы оқу орындарының және жоғары оқу орындарының атаулары* бойынша топтастырылмақ. Астана қаласының эргонимдері, соның ішінде білім беру мекемелерінің атаулары қазірге дейін біршама өзгерістер мен дамуды басынан кешірді. Бұл бір жағынан Тәуелсіздік жылдарында жүргізілген білім жүйесіндегі реформалардың нәтижесінде ішкі мазмұнға енген жаңарулардың да көрінісі болып табылады. Атау деп біз әдетте бір сөзден кейде бернеше сөздің бірігіп, кірігуінен жасалған бүтін тұлғаны айтамыз. Алайда, мемлекеттік жүйенің дамуымен бірге қалыптасып отыратын түрлі талаптарға байланысты атауға деген сұраныстың шарттары да өзгереді. Ішкі мазмұнның көпқырлылығы мен ондағы негізгі әрі маңызды ақпараттардың тұтынушыларға көрінуін қамтамасыз ету шарттары атаулардың күрделенуіне алып келіп отыр.

Сыртқы сипаты, яғни құрылымдық өлшеміне қарай олар әртүрлі болып келеді. Ал қызметі жөнінен эргонимдерге, яғни білім мекемелерінің атауларына уақыт сұраныстарынан туындаған көптеген міндеттер жүктеледі: берілетін ақпараттардың айқындығы, барынша толықтығы, айтуға ыңғайлылығы, таңдалған сөздер мен сөз тіркестері мағыналарының дәлдігі, тілдік нормаларға сәйкестігі т.б. Осы тұрғыдан алғанда тарихи, дәстүрлі атауларға тән құрылым мен мазмұнға өзгерістер енгені рас. Айтуға жеңіл, ықшам болмаса да, бірнеше сөз тіркестерінен тұратын құрылымдарды, белгілі бір мекемені нұсқап, сол туралы ақарат беріп тұрғандықтан, қолданбалық тұрғыдан атау ретінде қабылдаймыз. Астана қаласындағы аталған білім беру мекемелерінің аталуында өзіндік ерекшеліктер бар. Өзге оқу орындарына қарағанда жалпы қала мектептерінің баршасына ортақ жүйелілік байқалады. Мысалы, толық атауы: Астана қаласы Білім басқармасының «№ 1 мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесі.

Қаладағы сексенге жуық мектептің барлығының атауы осы үлгімен жасалған. Көркемдік, айтуға жеңіл ықшамдылық, жарнамалық т.б. секілді мақсаттардан гөрі ақпараттық сипат басым: мектеп Астана қаласында орналасқан, жалпы саны жетпіс сегіз (соңғы мектептің нөмірі бойынша алынып отыр), барлығы бір орталықтан басқарылады немесе сол орталыққа бағынады, ішкі мазмұны жағынан мектеп жасындағы оқушыларға білім беруге арналған, жекеменшік және коммерциялық емес т.б. Осынша білім мекемесі бола тұрып, ешқайсысының атауында жарнамалық белгілердің байқалмауы жарнамаға деген сұраныстың жоқтығын көрсетеді. Яғни, атаулардың біртұтас жүйесінен барлық мектептердің бірыңғай білім бағдарламасымен оқытылатынын, барлығына бірдей мүмкіндік қарастырылғанын байқауға болады. Ал білім сапасы немесе т.б. артықшылықтары атауларынан көрінбейді. Жарнамаға сұраныстың жоқтығы – екінші жағынан, ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітілген мектептегі білім стандарты көпшілікке белгілі және орта немесе арнайы кәсіптік білім алу жалпыға бірдей міндеттелген. Өмірдің мәні, болшақтың бастауы ретінде баланың мектепке баратыны шындық, сонымен қатар ол мемлекет жүктеген парызды атқарып жүргенін сезінеді, сондықтан қалай болғанда да, білім берушіге де, алушыға да ортақ орындалуы міндетті шарт ретінде қабылданады. Бұл өз кезегінде жарнамаға деген сұранысты төмендетеді.

Білім беру мазмұны бойынша және қарастырылатын жағдайлары жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие мектептер бар. Білім басқармасының қарамағында болғанмен, олардың басқалардан өзгешеліктері атауларынан көрінеді. Астана қаласы Білім басқармасының «Дарынды ер балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы Білім басқармасының «Дарынды қыз балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы Білім басқармасының «Зерде» дарынды балаларға арналған мектеп» мемлекеттік мекемесі секілді атаулардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл атаулардың бір-бірінен айырмашылығы бірінің қыздарға, екіншісінің ұлдарға арналғандығы және т.б. Бәріне ортақ ақпарат –дарынды балаларға аналғандығы және оны қазіргі Қазақстан жағдайында әрі жарнамалық сипаты ретінде тануға да болады. Дарынды балаларға арналған мектептерге деген талпыныстың жоғарылығы осының айғағы.

Тілдік құрылымы бойынша «Астана қаласы», «Білім басқармасы», «мемлекеттік мекеме», «дарынды ұл балалар», «дарынды қыз балалар», «дарынды балалар» секілді

бірнеше сөз тіркесінен тұрады. Барлығы бірігіп сөйлем құрап тұрған жоқ, керісінше әрқайсысы белгілі бір ақпараттарды бере отырып, біртұтас атаудың құрылымдық бөлігі қызметін атқарып тұр. Біртұтастық ресми орындар үшін аса маңызды – құжаттарда ресми тіркелген нұсқасы ғана беріледі. Құрамындағы сөздер мен сөз тіркестерінің орны ауыстырылмайды немесе бір сөздің орнына синонимін қолданылмайды. Бұл берілетін ақпарат дәлдігіне нұсан келтіреді. Айтылуы мен жазылуының белгілеген үлгісі кез-келген жерде бірізділіктің сақталуына мүмкіндік береді.

Ал көпшілік қолданыс атаудың айтуға да, естуге де және есте сақтауға да қолайлы болуын талап етеді. Сондықтан, біршама ықшамдалады. Алды-артындағы білім басқармасына, мемлекеттік мекемеге қатыстылығын білдіретін сөз тіркестері ескерілмейді, себебі оған деген сұраныс жоқ. Ақпарат құралдарында немесе жалпы мектеп туралы ақпарат беруге арналған хаттарда толық атауымен қатар, негізінен мынандай үлгілерде де қолданылады: Астана қаласы № 8 орта мектебі, Астана қаласы № 1 мектеп-лицейі, Астана қаласы Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназиясы, Астана қаласы Нұркен Әбдіров атындағы № 33 балабақша-бастауыш мектебі, Астана қаласы Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі т.б. Ал ауыз-екі қолданыста мүлде қысқарып кетеді. № 37 орта мектеп, №48 мектеп-лицей, № 3 мектеп-гимназия т.б деп, жартылай айтылады да, кейде бәленбайыншы (37 - мектеп т.б.) деп рет санымен аталады, тіпті айналасындағы сөздердің бәрі қысқартылып, нөмірі ғана қалатын кезі де болады. Бұлайша атау мектептің ішкі мазмұнына қатыссыз, тек ғимаратына ғана сілтейді. Мысалы, 58-мектепке барамын немесе 58-де оқимын.

Соңғысы коммуникативтік қатынас барысында құрылған мәтін ішінде осы санның мектепке қатысты екенін білдіретін ақпарат болғанда немесе «елу сегіз» деп мектепті тану жалпы жұртшылыққа мәлім болғанда қолданылады. Сонымен қатар, «Айбергенов мектебі», «Райымбек мектебі» не «Қазғарыш» түрінде де қысқаруы мүмкін. Мұнан шығатын қорытынды – қазіргі күрделі атаулар мен олар арқылы берілетін ақпараттар талап пен сұранысқа сәйкес өзгеріп отырады. Атау құрамындағы мекеме туралы ақпарат беруге қабілетті кей сөздер сол қызметті жеке тұрып та атқара алуы мүмкін. Табиғаттарындағы өзіндік ерекшеліктерге байланысты атаулар мен ақпараттар арасындағы байланысқа қатысты мәселелерді бір-бірімен сабақтастықта, мәтін ішінде кешенді түрде қарастырған абзал.

«Орта арнаулы оқу орындары» деген тіркесті атау ретінде қарастырсақ, осы дәрежедегі білім беретін мекемелерді жинақтаушы, топтастырушы қызмет атқарып тұрғанын байқаймыз. Барлығы Астана қаласы бойынша жиналған атауларды бір арнаға тоғыстыратын «колледж» сөзімен аяқталады. Жалпы жұртшылық қазір атау құрамындағы бұл сөз арқылы түрлі бағыттардағы кәсіптік білім беретін мекемелерді таниды. Барлығындағы ортақ ақпарат білім дәрежесі мен кәсіпке қатыстылығы. Жалпы колледж сөзінің шығу тегі ағылшынның *college* және латынның *collegium* — «серіктестік, достастық» мағынасындағы сөздерінен шыққан – негізінен Ұлыбритания, Британ достастық елдері және АҚШ-тың білім жүйесіндегі оқу мекемесі. Оқушыларға берілетін білім деңгейі бойынша көледждердің үш түрі қалыптасқан: 1. Жоғары мектеп дәрежесіне сәйкес (университеттер немесе автономды ЖОО-лар қатарына кіреді). 2. Орта және жоғары білім беру мекемелерінің ортасындағы аралық білім жағдайындағы. 3. Орта мектептің жоғарғы сыныптарына сәйкестендірілген оқу орны. Астана қаласындағы колледждер туралы көпшілік ұғымында, белгілі бір мамандыққа бейімдеу, алғашқы негіздерін үйрету және арнаулы кәсіп мамандарын даярлау мақсатындағы оқу орны деген түсінік қалыптасқан. Ақпараттық мазмұнына қарай топтастырсақ, көпшілігінің атауы құрамында дайындалатын мамандық көрсетілген: «Экономика-заң колледжі», «Қазақ заң колледжі», «Медициналық колледж», «Политехникалық колледж», «Көлік және коммуникациялар колледжі», «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі», «Гуманитарлық колледж» т.б. Енді біразының атауында қай мекемеге қарасты екенін анықтайтын ақпараттар қамтылған. Мысалы, *Астана қаласының әкімдігінің қарамағындағы*: Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» МКҚК», «Астана қ. әкімдігінің «Медициналық колледжі» МКҚК», Астана қаласы әкімдігінің

"Энергетика және байланыс колледжі" МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің "Технологиялық колледжі" МКҚК, *Қазақ тұтыну одағының* «Қазтұтодағының Сауда-экономикалық колледжі», *ЖОО-лар жанынан ашылған*: «М. Тынышбаев атындағы көлік және коммуникациялар академиясының Ақмола колледжі», «Д.А. Қонаев атындағы университеттің Астана қаласындағы колледжі», «Қаржы академиясы» Ақмола қаржы-экономикалық колледжі», «Қазақ гуманитарлық заң университетінің колледжі», «Қазақ технология және бизнес университетінің колледжі» т.б. Атау құрамындағы МКҚК (мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорын) де өзіндік мәліметтер береді. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында негізгі ұғымдарға берілген анықтамаларда «қазыналық кәсіпорын – мемлекет жедел басқару құқығында бөліп берген мүлкі бар коммерциялық ұйым», ал «коммуналдық мүлік – әкімшілік-аумақтық бөліністердің мүлкі» - деп көрсетілген [3].

Кей жағдайларда білім саласында қызметті жүзеге асыратын ведомствоға бағынысты мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстар мен қызметтерге) бағаларды (тарифтерді) белгілеуге және бекітуге уәкілетті мемлекеттік орган ретінде танылады [4]. Осы тұрғыдан қарағанда атау құрамындағы қысқарған анықтама оқу мекемесінің құқықтық мәртебесін айқындап беріп тұрғанын байқауға болады. Қысқаша толқталып өткеніміз – жалпы көпшілікке белгілі жайттар, ал нормативті құжаттар талабы бойынша қарастырғанда, мұндағы әр сөздің астарында әлі де талай талап пен жауапкершілікке негізделген ақпараттардың тұрғаны анық.

Колледж атауларында жарнамалық сипат аңғарылмағанымен, сұранысқа ие, болашағы үлкен деп есептелетін мамандықтардың атау құрамынан көрінуі осы оқу орындарының беделіне әсер етіп отырады. *Бизнес, экономика, инновация, технология, медицина-техника, медико-фармацевтика* т.б. секілді ұғымдар қазір қоғамға серпіліс әкелуші жаңалық ретінде жұртшылық санасынан оң әсерімен орын алған, сондықтан бұл бағыттағы салалар бойынша білім алуға ұмтылушылар саны да жоғары. Астана қаласындағы колледждердің көпшілігі коммерциялық кәсіпорын ретінде өз қызметтерін жарнамалауға мүдделі. Ақылы бөлімдерге студенттердің көбірек түсуі немесе оларды көбірек тарту білім мекемесінің мақсаты мен міндеттерінен туындайтын талап. Бұл екінші жағынан бәсекелестіктің дамуы мен білім сапасының артуына да ықпал етеді. Қазіргі қоғамдағы сұраныстың бір көрінісі – үш тұғырлы тіл саясаты колледждер атауынан көрініс тапқан: «Лингва» шет тілдер колледжі. Бұл атаудыңда өзіндік жарнамалық мәні бар екені рас.

Астана қаласында оннан аса *жоғары оқу орындары* жұмыс істейді. Түрлі бағыттарда білім береді. Олардың атаулары негізінен ішкі мазмұны туралы ақпараттық сипатқа құрылған: ЖОО-ның мәртебесі, берілетін білімнің бағыты мен түрі, тұратын жері (Астана) т.б. Осылай жүйелесек, мемлекет тарапынан белгіленген ұлттық мәртебесі бойынша «Қазақ ұлттық өнер университеті» мен «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің» атаулары басқалардан бөлекше тұрады, сонымен қатар «Мәскеу мемлекеттік университеті Қазақстан филиалының» атауы құрамында да мемлекеттік мәртебе көрініс береді. Ал «Қаржы академиясы», «Астана медицина университеті», «Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті», «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті», «Қазақ технология және бизнес университеті», «Қазақ инженерлік-техникалық академиясы», «Қазақ гуманитарлық заң университеті», «Еуразия гуманитарлық институтының» атауларында берілетін білімнің бағыты мен түрі, мақсаты мен міндеттері туралы ақпараттар қамтылған. «Тұран-Астана» университеті мен «Астана» университеттерінің атауында ішкі мазмұн туралы ешқандай ақпарат қамтылмаған, тек Астана қаласындағы ЖОО екенін ғана білінеді. Қазіргі таңда алыс-жақын шетелдермен байланыс жасамайтын оқу орындарының өте аз екені белгілі бола тұра, ақпараттық табиғат туралы сөз болғанда халықаралық сипат беретін атауларды да атап өтуге болады. Мысалы, бұл ерекшелік «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» мен «Еуразия гуманитарлық институтының» құрамындағы «Еуразия» сөзінен көрініп тұрса, «Мәскеу

мемлекеттік университеті Қазақстан филиалы» атауында Ресей астанасы «Мәскеу» арқылы беріліп тұр.

Астана қаласындағы оқу орындарының ұлт қайраткерлерінің есімдерімен аталуы туралы да кейбір мәселелерге тоқтала кетуге болады. Қазіргі кезде қайраткерлер есімі негізінен елге сіңірген еңбегін елеп, мәңгілік есте сақтау үшін беріледі. Егер ономастикалық атаулар табиғатындағы ерекшеліктер тұрғысынан келер болсақ, аты берілген тұлғаның сол оқу орнына тікелей қатысы болуы керек. Мысалы, Аманның сайы – Аман есімді адам немесе ру осы сайды жаз жайлағандықтан осылай аталған; Байторы – бидің зираты тұрған жер аты, әуелі зират, кейіннен сол аймақ тұтас бидің есімімен аталған. Қазақ даласында өзге де осы секілді көптеген кісі немесе ру атымен аталатын жерлер бар. Атаулардың әуелін солармен байланыстырсақ, қала эргонимдерінің дамуында да осы тарихи әрі табиғи заңдылықтарды басшылыққа алу артықтық етпейді. Мысалы, қаладағы оқу орнының бірі «М. Тынышбаев атындағы көлік және коммуникациялар академиясының Ақмола колледжі» деп аталады. М. Тынышбаев Алаш Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш *теміржол қатынастарының инженері*. Тұлғаның мамандығы мен оқу орнының білім бағытында өзара сабақтастық бар. ҚР ММ ТК «Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК – Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш білім министрі ғалым, ақын, педогог, осы орталықтың негізін қалаушы Шайсұлтан Шаяхметұлының атымен аталады. Сол секілді Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің атауы мен университеттің алдына қойған мақсатының арасында байланыс бар: Еуразия кеңісігіндегі ықпалдастық мәселесі ғылымда біраздан бар. Оның негізін қалаушы – ғалым Л.Н.Гумилев.

Ал оқу орнының ашылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия» идеясы негіз болып отыр. Осыған байланысты бұл университеттің алдына жауапты міндеттер жүктелген. Атаудың жалпы мазмұнында дайындалатын мамандықтар туралы ештеңе айтылмағанмен, осы идея мен мақсат, міндеттер қамтылған. Астана қаласындағы біршама оқу орындары осылай кісі аттарымен аталады. Олардың білім беру бағыты мен алдына қойылған өзіндік мақсаттары атауымен үнемі сәйкес келе бермейді. Ілгеріде атап өткеніміздей, тұлғаны ұлықтау үшін оған ешқандай қатысы жоқ мекемеге атын беру үрдісі әлі де кездеседі. Келесі бір назар аударатын мәселе – «Тұран-Астана» университеті, «Тұран» колледжі т.б секілді атаулардың мағынасынан оқу орнына қатысты белгілі бір ақпараттарды түсу қиын, бірақ бұл бірен-сарандарында болмаса, барлығына бірдей тән олқылық емес.

Қолданбалылық ерекшеліктері бойынша алып қарағанда эргонимдердің ақпараттық мазмұнға негізделуінің маңызы зор. Өйткені, тарихи (диохрониялық) тұрғыдан да, сипаттамалық (синхрониялық) тұрғыданда да атаулардың негізгі мақсаты белгілі бір нысан туралы қандай да бір мәлімет беру. Әсіресе қазіргі ақпараттық қамтамасыз етуге баса мән беріліп отырған өскелең заманда, атауларға деген сұраныстың өзі олардың қолданысқа ыңғайлы, жан-жақты жетілген болуын талап етеді. Астана қаласы білім мекемелерінің атауларын біртұтас құрылым ретінде қарастырғанда, олардың негізгі мақсат үдесінен шыға алатынын, алайда әлі де жетілдіре түсетін жақтарының бар екенін байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Иманбердиева С. Қала ономасткасының кейбір мәселелері. – Алматы: «Арқас», 2004. – 136 бет.

2 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана: «Атамұра», 2005. – 240 бет.

3 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы.

4 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **қаулысы.**

В настоящей статье рассматриваются эргонимы города Астаны, их структурные особенности. Важным представляются объекты, имеющие общественно-социальную значимость, среди них наименования учреждений образования, особенности их наименования. Наименования учреждений образования города Астаны имеют свою особенность. По сравнению с другими учебными заведениями школам города свойственна определенная системность в наименовании. Кроме этого проведен анализ эргонимов их социально-историческому значению и информационной функции.

The given article observes ergonyms of Astana city and their structural features. Objects of social significance are important, among them there are items of educational institutions, peculiarities of their naming. Besides, the analysis of ergonyms has been made according to their social-historical significance and informational function.

ӘОЖ 82 – 7(045)14

Ә.Д. Қабылов
Ш.Есенов атындағы КМТИУ
Ақтау, Қазақстан
adlet_kabylov@mail.ru

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ИРОНИЯНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада автордың дүниетанымы мен эстетикасына байланысты мазмұндық категория ретінде Абайдың қарасөздеріндегі ирония қарастырылады. Ирония тек тілдік құбылыс қана емес, ол белгілі бір дәрежеде ділмен, ұлттық характермен, даралық темпераментпен және басқа да факторлармен байланысты болады. Ирониянының сипаты автордың жеке тұлғасына, оның әлеуметтік мәртебесіне, эстетикалық көзқарасына, этикалық түсініктеріне тәуелді болмақ. Бұлар тек тілдік құралдармен берілген ирониядан да, сондай-ақ көбінесе экстралингвистикалық құралдармен жасалған ирониядан да көрініс табады. Мақалада қарасөздердің идеялық-мазмұндық ерекшелігіне талдау жасала отырып, ондағы ирониянының сипаты нақты мысалдар арқылы сарапталады. Ирониянының өмірлік құбылыстарға авторлық көзқарасты білдіру құралы ретінде қызмет ететіні, ақын ирониясының философиямен суарылған дүниетанымдық қызметі пайымдалады.

Тірек сөздер: ирония, өзіндік ирония, ирониялық көзқарас, ирониялық категория, субъективтік қатынас, екіұдай мағына.

Қазақ прозасындағы ирониясы даму сөз еткенде, Абайдың қарасөздеріне тоқталмай кетуге болмайды. Ұлы ақынның қарасөздерінің идеялық-мазмұндық сипаты оның өлеңдерімен сабақтас, көп ретте ақын өлеңдерінде көтерген мәселелерді дамыта әңгімелеп, оқырманына мейлінше ұғынықты ету мақсатын көздегені анық.

Абайдың қарасөздері туралы М.Әуезов: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді», – дейді [1, 16]. Ақынның қарасөздері терең ойлар мен парасатты пайымдарға бай. Ақын өзі өмір сүріп отырған қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерге ойшыл ретінде назар аударып, өз пайымдарын ұсынып отырады. Қарасөздер тақырыбы мен түрі жағынан түрлі сипатта болғанымен, олардың қай-қайсысында да автор ойшыл-гуманист, реалист сыншы ретінде танылады.

Абай қарасөздерінің өзіндік ерекшелігі – оларда ақын өзіндік пікірімен көрінеді, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көңілге түйгендерін қысқа да нұсқа етіп, тұжырымды ойлармен береді. Ақын көптеген қарасөздерінде қоғамдағы жөнсіздіктерді, ел билеушілерінің теріс қылықтарын, қазақтың бойындағы жат мінездерді өлтіре сынайды.

Қарасөздердің басты қасиеті – олардың сыншылдығында. Сыншылдық сарынның өзегі кейде байсалды байлам, байыпты ой-толғау болса, көбінесе ақын ащы күлкі, зілді кекесін, мысқылымен көрінеді. «Абайдың сыны, мысқылы жеңіл мазақ емес, зілді ашу. Ол ел мініне күліп қана қоймайды. Сол мінездің жөнсіз бетін ашып, халық алдында масқара етіп, одан безіндіріп отырады», – дейді Х.Сүйіншәлиев [2, 100].

Абайдың сатирасы туралы М.Әуезов, Т.Кәкішев, Т.Қожекеев т.б. ғалымдардың еңбектерінде ақынның қазақ қоғамы мен адам міндерін сынайтын өлеңдері барынша талданады. Т.Кәкішев «Абай сатирасында саяси сарыннан гөрі моралистік сарынның басым болатынын» айтады [3, 85].

Ақынның қарасөздерінде ирония кең тыныспен, кейде астарлы, көбінесе ашық келіп, ақын ойының астарындағы мысқылдық райды танытып отырады. М.Әуезовтің: «Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогикалық жақсы әдісті қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-насихат асырады» [4, 211], – деуінен қарасөздердегі ойнақы тәсілді аңғаруға болады. Осы еңбегінде абайтанушы ғалым: «...қара сөз ой тереңдігі жағынан да көп өлең сөздерден тайызырақ, сәл ғана шындықтардың өріс-өрісін байқатқандай болады», – деп қарасөздердегі астарлы-тұспалды, оқушыны ойландыратындай мысқыл-кекесіндік өрнекті ишаралайды [4, 212]. Б. Кенжебаев «Абайдың қарасөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен сюжетсіз жазылғанын» айтады [5].

Абай өлеңдеріндегі сияқты қарасөздерінде де қазақтың әдеби тілінің, сондай-ақ әдеби классикалық стилінің негізін салғаны аян. Ақынның «автор – кейіпкер – тыңдарман» жүйесіндегі эстетикалық үштағанның арқауын негіздегені туралы ғалым А.Исмақова өзінің «Қазақтың көркем прозасы. Поэтика, жанр, стиль» еңбегінде нанымды дәлелдейді. Абай ирониясы да оның классикалық стилінде орнығып, кейінгі прозада өзінің көркем сабақтастығын тапты [6, 6].

Абай «Екінші сөзінде» сарт (өзбек), ноғай, орыс халықтарымен салыстырып, қазақтың өзге халықтардан артықшылығы болмаса да (қайта кемшілігіне меңзейді), міншілдігін, дөрекі өзімшілдігін мысқылдайды: «Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдайым-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмаш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім» [7, 96].

Абай ирониясы – ақынның өмір тәжірибесінен түйгендерін ой елегінен өткізіп, өз халқының мінез-құлқындағы жөнсіздіктерге жаны ашып, өмір философиясын еркін парықтай отырып, оқырмандарына тұжырыммен толғайтын, көбінесе олармен ой бөліскендей, сырласқандай болып түйіндейтін экзистенциалдық сипаттағы ирония. Қарасөздердегі ақынның стиліне тән сипаттардың бірі – ойды өткірлеу мақсатында көбінесе ирониялық сарынды ұстап отыратыны. Ақынның концептуальдық ирониясының өзегі тыңдаушысына (оқырманына) әсер ету, көтеріп отырған мәселесінің өзектілігіне назар аударту үшін ерекше екпін түсіре жеткізу болып табылады. Өлеңдеріне қарағанда қарасөздерінің «ой тереңдігі жағынан тайызырақ» (М. Әуезов) болуының себебі де осыдан. Ақын «батырып айтуды», сөйтіп, тиген жерін ойып түсіруді мақсат еткен сияқты.

Абай қарасөздерінің ашық моральдық бағыттылығы өзі бейнелеп отырған жағдайларды оқырманның анық түсінуіне, сондықтан оны барынша өзектендіре көрсетуге бағдар жасайды. Жұрттың мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріне түсінік беру мен бағалауда ирониялық көзқарас өзіндік өткірлік дарытады.

Автордың айтпақ ойының, бейнелер құбылыстың мәнін өзектендіру және оған ерекше екпін түсіру – ирониянның маңызды міндеттерінің бірі. Мұндайда сол көрсетілетін жайға,

объектіге ойындық қатынас та орын алады. Бұл ойын объектінің идеалдық мәні мен қазіргі жағдайының арасындағы сәйкессіздікті ашуға ықпал етеді.

Абай ирониясына парадокстік, пародиялық сипаттар тән. Автор қоғамның сырқаттарын әшкерелегенде көбінесе қазақтың кейбір мінездерін негізге ала отырып, соларды пародиялық тұрғыдан анықтап көрсетуге бағдар жасайды. Ақынның бейнелеуіндегі мінез-құлықтар мен әдет-қылықтар сол заманның (қазіргінің де) адамдарына тән әрі түсінікті қалпымен әсер етеді.

Ақынның концептуальдық ирониясының маңызды тәсілдерінің бірі – ішкі мәтін (подтекст) болып келеді. Қарасөздерде ақын көпшілікке тән кейбір ортақ ой-түйіндерді жиі пайдаланып, оларды ирония нысаны етіп отырады. Мұндай амал сын объектісінің нақтылығын дәйектейтін әрі соған орай талдау мен тәпсірлеу шарттарын белгілейтін маңызға ие. Сондықтан Абайдың қарасөздерінде ішкі мәтіндер, негізінен, қазақтың мінездерін, танымы мен пайымын әйгілеуге қызмет етіп отырады. Мысалы: «Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсаң – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» дейтұғыны болушы еді ғой» («Он алтыншы сөз»); «...Мойнын бұрып қойып: «Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба» – деп бұлғақтап, немесе: «аяғаным жаным ба? Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек! Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма» деп қалшылдайтұғын кісі көп қой» («Отызыншы сөз»); «Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» – дейді. Я болмаса, «жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің», – дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?» – деп, ұялтамын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады» («Отыз алтыншы сөз»).

Қарасөздердегі Абай ирониясы көбінесе астарлы болмай, тура кекесін, ашық мысқылға құрылады. Автор өзінің ой-тұжырымдарын қашан да қисынды дәлелге құрады. «Үшінші сөзінде» ақын: «Осы күні қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалығынан жетерсің» деген сөз» [6, 98-99], – дей келе, үш жылға сайланатын болыстың бірінші жылы өзін сайлаған елге жағынумен, екінші жылы кандидатпен аңдысып, ал үшінші жылы сайлау жақындап, тағы да болыс болып қалармын ба деген дәмемен өтеді дейді. Бұдан соң Абай болыс сайлауы туралы өз ойларын ортаға салады. Мұндағы ирониялық колорит тұспалмен, «мақтағандай болып тұрып» емес, мақалдың мәнін нақты жағдайды мысқылмен дәлелдеп көрсетуінен көрінеді. Мұндай әжуалы-мысқылдық рай қарасөздерде жиі көрініп, дидактикалық, үлгі-насихаттық сарынға жалғасады. Мысалы, «Бесінші сөзінде»: «Қазақтар «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың», – деп, кейбір мақалдарды сынайды.

Абай мақалдарды ғана сынап отырған жоқ, сол арқылы қазақтың бойындағы жағымсыз қасиеттерді де түйреп отыр. Мұндай мақалдардағы тұжырымдардың кейбір адамдардың теріс ниет-пиғылынан, түсінік-түйсігінен туғандығын еске салады.

Абайдың болыс-билерді, байларды, ұрылар мен сұмдарды сынайтын қарасөздерінде сыншылдық мысқыл сатиралық қуат алып, ащы әжуаға ұласады. «Сегізінші сөзінде» «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деген сұрақ қоя отырып, болыс пен биді, байлар мен сұмдарды сынайды. Бұл ашық сын емес, талдауға құрылған сатиралық ирония: «Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де озық кісіміз, өзіміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтамыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де қолы тие ме?..»; «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан

қымбат демейді. Мал болса құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме?»

Ал «Тоғызыншы сөзде» өз халқынан көңілі қалған ақынның ызалана келе түңіліспен түйіндейтін ойы ащы әжуаға тіреледі: «Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде әттеген-ай, сондай, сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге».

Абай салмақты ойға құрылған қарасөздерінде де өз пайымдарын кейде жеңіл әжуаға жыға баяндайды. Мысалы, «Жиырмасыншы» және «Жиырма бірінші сөздерінде» жалығу мен мақтан туралы ақын қысқа болса да тереңнен толғап, қызғылықты ой қорытады. Мұндай пайымның қисындық, психологиялық дәлелі мығым, жіктемелері өмір тәжірибесінен алынғандығымен сенімді. Мысалы, жалығудың мән-маңызын талдағанда, оның философиялық астарын да аңдатып өтеді: «...Бірақ осы жалығу деген әр нәрсені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын – бәрінің баянсызын біліп, жеткен, ойлы адамнан шығады. Хаттаки ғұмырдың баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын».

Ирония өмірлік құбылыстарға авторлық көзқарасты білдіру құралы ретінде қызмет етеді. Қарасөздерінде Абай сұрақ қоя отырып, оған жауап іздеу арқылы ақиқатқа жету тәсілін жиі пайдаланады. Көбінесе, сұрақты ортаға тастағандай болып, оқушысын да ізденуге жетелейді. Ол, әдетте, әуелі тақырыпты аңғартып алып, сосын оны талдауға көшеді. Мысалы, «Жиырма екінші сөзінде»: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейін деп ойладым», – деп өзіне сұрақ қойып алып, сосын байды, мырзаны, болыс пен биді, тағы басқаларды сын тезіне салады. Сөйте келе, кекесінмен түйіндейді: «Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра тұрсын. Әлбәттә, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалмен боламын деп бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң, һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым.»

«Жиырма үшінші сөзде» «қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбанышты» саралайды. Автор адам мінезіндегі қайшылықты сипаттарды сынауда өзіндік өрнек табады. Басқа да кейбір «сөздеріндегідей», мұнда әуелі мінез-құлықтағы кейбір сипаттарды ішкі мәтін арқылы көрсете отырып, оларды қарсы сауалдар тастау арқылы талдайды. Мұндағы риторикалық сұрақтардың өзінен олардың жауаптары көрініп отырады әрі кекесіндік-мысқылдық мәнімен ерекшеленеді: «Оның қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады.

Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе?» деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен жаманшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болад-дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса жарар, алдында неше ат бар деп сұрар, артында қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?»

«Жиырма алтыншы сөзде»: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар?» – деп, бәсеке-байрақтың астарында даңғазалық пен әсіре мақтанның жатқанын мысқылдайды.

Абай ирониясының сипаттарына екі түрлі қылықты шендестіре отырып, мінез-құлықтағы қайшылықты айқындаушы риторикалық сұрақ түріндегі мысқыл арқылы ашу да

тән. Мысалы, «Қырқыншы сөздегі»: «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?»; «Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде адалдық, берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе табыла қоятыны қалай?»; «Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?» т.б.

Қорыта айтқанда, Абай ирониясы – Ф.Шлегель айтқандай, «ирониялық эпизодтарға негізделген» ділмарлық ирония емес, философиямен суарылған поэтикалық ирония. Мұндай ирония «өзінің құдіретті тынысымен» поэтикалық туындыға тұтасымен кірігеді, онда «бәріне, оның ішінде өз өнеріне, рақымшылығы мен данышпандығына да жоғарыдан қарап, барлық шарттылықтардан шексіз асқақтана беретін көңіл-күй жатады» [8, 282-283].

Әдебиеттер тізімі:

1 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1945. – 316 б.

2 Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қарасөздері. – Алматы. ҚМКӘБ, 1956. – 151 б.

3 Кәкішев Т. Абайдың сатирасы // Абай тағылымы. – Алматы. Жазушы, 1986. – 85 б.

4 Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы. Санат, 1995. – 320 б.

5 Кенжебаев Б. // Социалистік Қазақстан. №168, 15 қыркүйек, 1945.

6 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. – Алматы. Ғылым, 1998. – 394 с.

7 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы. Жазушы, 1986. – 200 б.

8 Шлегель Ф. Критические фрагменты // Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2-х томах. Т 1. 1983.

В статье рассматривается ирония как содержательная категория, связанная с мировозрением и эстетикой автора, на материале «Слова назидания» Абая. Ирония не чисто языковое явление, она в определенной степени обусловлена менталитетом, национальным характером, индивидуальным темпераментом и другими факторами. Характер иронии находится в прямой зависимости от личности автора: его социального статуса, эстетических взглядов, этических представлений и т.д. Это и отражается в соотношении иронии, выраженной только языковыми средствами, и иронии, выраженной преимущественно экстралингвистическими средствами. Анализируется соотношение стилистического и концептуального типов иронии. Автор рассматривает специфику использования иронии в произведениях поэта, их экспрессивно-эмоциональную окраску и художественно-стилистические функции на основе конкретных языковых фактов.

The article discusses the irony as a meaningful category associated with the ideology and aesthetics of the author on the article "words of edification" by Abay. The irony is not a purely linguistic phenomenon, it is to some extent due to the mentality, national character, the temperament of the individual and other factors. The character of the irony is directly dependent on the personality of the author, his social status, aesthetic views, ethical concepts, etc. This is reflected in the ratio of irony, marked only by means of language, and irony expressed predominantly by extralinguistic means. Ratio of the stylistic and conceptual types of irony is analysed. The author considers the specifics of the use of irony in the works of the poet, their expressive and emotional, artistic and stylistic features based on the specific facts of language.

ӘОЖ 82 – 7(045) 05

Ә.Д. Қабылов
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ., Қазақстан
adlet_kabylov@mail.ru

РОМАН СЮЖЕТІ ТҮЗІЛІМІНДЕГІ ИРОНИЯ

Мақалада М.Мағауиннің «Көк мұнар» романындағы ирониянының сюжеттік деңгейдегі қолданыстары қарастырылады. Стильтүзуші ирониянı талдағанда шығарманың кейіпкерлер жүйесімен тығыз байланысты ирониянының сюжеттік-фабулалық сипанына назар аударған жөн. Мұнда ирониялық «модальдылық» айқын көрініп, шығарманың негізгі идеясы мен автор ойын мейлінше анық аңғаруға мүмкіндік береді. Ирония негізінен кейіпкердің басты мінез қырларын ашып көрсету мақсатында өткірлеу үшін қолданылады. Автор өз кейіпкерлерінің даралық сипаттарын сырттай да, олардың характерлері арқылы танытуда да ирониянı қолданып отырады. Мақалада ирония автордың дүниетанымдық мақсаты жинақталатын болмысты көркем бейнелеудің терең мазмұндық формасы ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: стильтүзуші ирония, роман, авторлық интенция, ирониялық леп, характер, ситуация.

Көркем шығармадағы ирониянының стильтүзушілік орнын талдауда шығарманың кейіпкерлер жүйесімен тығыз байланыста болатын ирония қызметінің сюжеттік-фабулалық деңгейіне назар аудару лазым. Мұндай ирониялық «модальдылықтың» кейде реттілікпен, кейде түрлі шиеленістер арқылы мейлінше айқын аңғарылатынын байқауға болады. Бұл шығарманың негізгі идеясы мен сол арқылы автордың мұрат-мақсаты туралы тұжырым шығаруға да мүмкіндік береді [1,126].

Сюжет тек оқиғалардың реттілік тізбегі, олардың себеп-салдарлық байланыстары мен сол оқиғалар арқылы ашылатын кейіпкерлер болмысының көрінісінен ғана емес, сондай-ақ лейтмотивтік тұрғыдан баяндаудың да түрлі формаларынан тұрады. Сюжеттік құрылым автордың белгілі бір мақсатына, жазу шеберлігі мен баяндау мәнеріне де байланысты.

Г.Бахматова символистік романдардағы лейтмотивтік және сюжеттік баяндаудағы мазмұндық материалдың берілу ерекшеліктері туралы «фабулалық деңгейде дүние көрінісі, ондағы хаос, қателіктер, шығындар.., ал лейтмотивтік деңгейде терең мән мен үйлесім, руханилық пен дүниенің заттық дүние ізденістері ашылады», – дейді. [2,13-14]. Қазіргі прозада да сюжеттік желінің ширығуындағы әрекеттің немесе күңіл-күйдің, характердің немесе жалпы жағдайдың жетекші орын алуы, кейіпкер мен автордың үндес толғамдары, диалогтік, ішкі монологтік ағыстардың жүзеге асуы секілді сан-салалы баяндау қалыптары шығарманың сюжеттік сипатына әсер етіп отыратынын көруге болады.

Кейбір прозалық шығармаларда авторлық интенция басымдық алып, авторлық-интеллектуальдық әлеует маңызды роль атқарады, көркем мәтіндегі философиялық-психологиялық пафос тереңдей түседі, мұндайда сюжеттік желі суреткер концепциясын танытуға қызмет етіп, баяндаушылықтан гөрі сипаттаушылық қалып алып отырады. Авторлық қатынас, негізінен, автордың тікелей көрінуінен гөрі кейіпкердің жан әлемі, көңіл дүниесі арқылы танылады.

Роман сюжеті түзіліміндегі ирониянының көріністеріне көрнекті қаламгер М.Мағауиннің «Көк мұнар» романы негізінде талдау жүргізіп көрелік. Романның орталық кейіпкері Едіге – талантты жас, болашағынан үлкен үміт күттіріп жүрген филолог аспирант. Алғашында Едігенің бойынан дарынды жас адамға тән өзіне сенімділік, алған бағытынан қайтпайтын өрлік, ұлттық руханияттың маңызын түсініп, соған өзін бағыштаған тастүйін табандылық көрінеді. Ғылыми атақ-абыройдың көкжиегі көрініп тұрғанына ешбір күмәні жоқ, әне-міне дегенде өзінің ойлаған мақсатына жетіп, ұлттық ғылымға үлкен жаңалық қосарына сенімді

еді. Кейіпкер болмысын ашуда авторлық баяндауды кейіпкердің жан дүниесіндегі түрлі толқулар мен шалқуларды қамтитын «қос үнді» стиль ширатып отырады. Осылайша авторлық ирония кейіпкердің өзіне-өзі сыни көзқараспен қарап, қайрау мен қадағалауды, тоқтам мен тұқыртуды қатар алып жүретін кекесіннен де көрініп отырады.

Романдағы орталық кейіпкер Едігеге қатысты сюжеттік астарда параллель екі психологиялық антижелі тартылады: кейіпкердің асқақ көңілі мен өзіне деген зор сенімінен көрінетін және оған қарама-қарсы – келе-келе өзіне күдікпен қарап, қайрап отыратын сыни көзқарастағы ішкі ойлары. Осы қос импульс алма кезек түсіп, ақырында екіншісі басымдық алады: өмірдің рухани соққысынан бой тасалаған кейіпкер белсенді әрекет арнасынан ығысуға мәжбүр болады.

Романдағы орталық кейіпкерге қатысты ирония оның кемшілігін бүркемелеу арқылы жағымсыздықты келекелейтін астарлы кекесін емес, қайта жағымды кейіпкердің бойындағы сенімділіктің, жасампаздықтың, жауапкершіліктің салмағын арттырып тұратын өзіндік көркемдік әдіс: «Жалпы, Едіге мықты жігіт. Гүлшат біле ме екен, Едіге – ғажайып болашақ күтіп тұрған адам. Иә. Ол – өзіне тағдырдың ерекше миссия жүктегеніне, ұлы істер тындыру маңдайына жазылған жан екендігіне кәміл сенеді. Гүлшат біле ме екен, Едігенің керемет жазушы екенін, тамаша ғалым екенін! Білмейді. Өзінің сүйген қызы күмәнданады, басқа жұрт қайдан мойындасын...» [Мағауин М. 3,351].

Кейіпкер ойында ұялайтын осындай сенімділік жас адамға тән өзіндік даралықты айқындайтын ұлғайтпалы леппен қарқын алып отырады: «Қазақ деген аз халық. Наполеонды туғыза алмады, оның есесіне Едігені берді...» [3,351]. Едігенің: «...мен – ерекше туған адаммын. Менің бойымда Елтеріс, Естемилер, Күл-Тегіндер заманындағы көшпенділердің қаны бар. Құла-Шора дегенді естіп пе ең? Естіген жоқсың. Мен солмын...» [3,352], – деген сөздерінде даңқты бабалар дәстүріне адалдық, өмірлік позицияны айқындайтын тұлғалық кредо, ұлттық бастаулардан тамыр тартқан асқақ рух жатыр. Бұл жағдайда азаматтық позиция оптимистік ирониямен өрнектеліп, тұлғалық дамуға серпін беретін рухани ұстынды айқындайды.

Едіге – құр қиялдың емес, нақты істің адамы және өзіне қояр талабы да жоғары. Бір жағынан, өзінің атқарып тастаған ісіне көңілі толмауы, екінші жағынан доцент Б.Тәңірбергенов секілді ғылым жолында жүрген айналасындағы кейбір жандардың жөнсіз тірлігі, оның үстіне өмір сүріп отырған қоғамдағы рухани сұраныстың өзі ойлаған межеге кереғарлығы – осының бәрі қосыла келе ғылым жолындағы жастың қадамына тұсау бола береді. Едіге өзіне сын көзімен қарап, әрбір ісін жоғары талап тұрғысынан бағалауға үйренген.

Кейіпкердің мұндай сыни көзқарасымен қатар, оның аумалы-төкпелі ойлары мен сана қалтарыстарындағы психологиялық құбылыстарына авторлық түсініктеме де тиісті мән үстеп отырады: «...Ол жас еді. Сондықтан шолақ ойлап, келте қайыратын. Көп қателесетін. Небір күштілерді қалыпқа түсірген өмір өзінің алдына да талай рет ащылы-тұщылы сабақ тартар деп ойламаған кезі» [3,366].

Кейіпкердің рухани дүниесіндегі қайшылық – алға қойған мақсат пен оны орындау жолындағы табандылықтың орнына, өзінің тындырған ісіне көңілі толмауы, өзіне деген сеніміне селкеу түсуі, сөйтіп барлық жоспарынан уақытша бас тартып, шегініс жасауы. Едігенің жан дүниесіндегі психологиялық өзгерістер кейде байыпты байламдармен, көбінесе ирониялық-пародиялық леппен баяндалып отырады. Ирониялық-гротескілік баяндау машығы кейіпкердің оқшаулану, өзімен-өзі болу, ойға алған ісінен түңілу сарындарымен астасып жатады.

Едігенің айналасындағылармен қарым-қатынасы оның идеялымен қабыспай, біртіндеп басқа арнаға ауысып отырады. Бірте-бірте кейіпкердің өмірден алған өткінші әсері мен сәттік көңіл-күйіне құралатын импрессионистік сәттерге ойысады. Мұндай кереғарлық жағдай роман сюжетінің дамуындағы әлеуметтік-психологиялық талдаулармен сәтті уәжделіп, нақты мотивировкаға құрылады.

Экзистенциялық күдік, айналасына, қоғам мен адамдарға деген сенімсіздік арнасы бірте-бірте өрістей түседі. Кешегі жігерлі, өзіне-өзі сенімді, алғыр да албырт жас енді басқа қырынан көрінеді: өзіне риза болмау, бастаған ісінен, алған бағытынан түңілу сарындары басымдық алады.

Автор ирониясының сыры – кейіпкердің жоғары мұраттарға ұмтылғанымен, шын мәнінде, оған керісінше ақиқат тағдырдың рухани тоқырауға кезігуінде жатыр. Мұнда иронияның негізінде жататын қарама-қайшылық, Чарльз Гликсбергтің сөзімен айтқанда, «адамның өмірдің мәнін іздеуге ұмтылуы мен ол мәннің болмай шығуы арасында, шындыққа, ақиқатты шыңдауға ұмтылдыратын интеллектуалдық құштарлық пен ол ақиқаттың табылмайтынын түйсіну арасында» [4,5].

М.Мағауиннің «Көк мұнар» арқылы кезінде қазақ романының құрылымына алып келген жаңалығы – автордың қазіргі заман мен тарихты сабақтастыра бейнелеу ерекшелігі болатын. Шығарманың композициялық құрылымындағы мұндай ерекшелік автордың көркемдік ұстанымына қызмет етеді. Өйткені, композиция автор ойының «коды», «кілті» болып табылады. Осы «кілт» арқылы шығармадағы сюжеттік арнаның да, сондай-ақ концептуальдық тұжырымның да белгілі бір арқауы шешіліп отырады.

Екі уақыттық-кеңістіктік параллельдегі сабақтастықтың мәні екі деңгейде көрінеді: сюжеттік желі бойынша баяндалатын кейіпкердің өмір-тіршілігіндегі күнделікті ағым және кейіпкер-жазушы романының мазмұнын қамтитын оқиғалардың жинақтық-эпизодтық үзіктері. Яғни, аспирант Едігенің өміріндегі бүгінгі күні өтіп жатқан оқиғалар мен жазушы Едігенің жазылып жатқан романында суреттелетін тарихи оқиғалардың мазмұны өзара сабақтасып отырады. Бұл екі желінің байланысы тек суреткер мен оның шығармасының сабақтастығы ғана емес, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде тарихи оқиғадан туындайтын жайт пен кейіпкердің қазіргі тірлігіндегі көңіл-күйінің әуенімен де үндесіп жататын әлеуметтік-психологиялық астарды да қамтиды.

Едіге мен Гүлшат арасындағы махаббат линиясы ара-тұра ирониялық леппен де баяндалады. Мұндағы кекесіндер көбінесе жалпылық мән алып, адамгершілік мінез, психологиялық ахуал арқылы өмірдегі түрлі ситуацияларды бағалауды қамтып отырады. Автор көбінесе талдау арнасындағы жайттарды парадокстік сипатпен өрнектейді. Романда ирония, сондай-ақ, жағымсыз кейіпкердің образын ашуда да қызметке келеді. Бердібек туралы оның портреті арқылы мысқылды суреттер жасайды, мұндағы ирония бірте-бірте пародияға ұласады.

Әдеттегі жағдайда байыпты көрінетін кейбір сөйленістер контекске қарай ирониялық мағына алатыны болады. Мысалы, Күлдәрі ақынды кездестіргенде ойлайтын мына сөзінде мысқылдық мән бар: «Адам бақытты шақтарында танысып, біліскен кездейсоқ жандардың өзін кейін сол күндердің көзіне балап, ежеттес сырласындай көреді екен. Сағынады екен ғой...» [3,403]. Бұл жолдарда кейіпкердің күйінішті көңіл күйінің жайын көрсететін, бір кездегі өзін бақытты сезінген шақтарының бір белгісі ретіндегі танысын (жағымсыз бейне болса да) жақын тартып, қимасқа балау сарынында ызалы кекесін жатыр.

Едігенің доцент Б.Тәңірбергеновпен сөйлескен сөздерінде, профессормен соңғы кездесуіндегі екеуінің арасындағы диалогте ирониялық тыныс бар. Кейіпкер өз көзқарасына жат көріністер мен құбылыстарды ұшыратқанда, оған тікелей қарсы келуден гөрі кекесінмен қабылдауға бейім өзімшілдік, кейде іштей салмақтауға бейіл қорғаншақтық өріс алады. Романдағы лирикалық-философиялық ағыстар, ой мен сезім стихиясы, лирикаға тән ішкі сезімдік өрнектер, кейіпкердің ой ағыстары мен онымен астасып жататын авторлық ремаркалар сюжетке қосалқы мән үстеп отырады.

Жоғарыда айтылған мағауиндік баяндау ерекшеліктері – авторлық интенциядағы басымдық сипат, субъективтік психологизм, тарих пен қазіргі заманның сабақтастыра бейнеленуі, сюжеттің екінші планға ауысып отыруы, лирикалық-философиялық толғаныстар, көңіл-күйлік әуендер ыңғайындағы поэтикалық интонация – «Көк мұнардың» сюжетіндегі өзіндік ерекшеліктерді көрсетеді.

Өзінің табиғатында ирония мағыналық жағынан жан-жақты да көп қырлы. Бұл тұрғыда ол талдаудың күрделі механизмдерін қажет етеді. Ирония күнделікті өмір-тұрмыстың келеңсіз жайларымен ғана шектеліп қалмай, ол қоғамдық-әлеуметтік өмірдің терең қойнауларына бойлайды, түрлі түйткілдерді терең жинақтап, тұрмыс пен адам табиғатының мәңгілік мәселелерін кең қарымдылықпен қамтып отырады.

«Бернелеу сатираға қарағанда иронияға үйлесімдірек, ал гротеск, абсурд, фантастика, гипербола, метафоралар ирониянының арқасында метафизикалық сипат алады. Бұл тұрғыда сатираны ирониянының бір көрінісі (ирония – тек, сатира – түр) ретінде қараған дұрыс секілді», – деп жазады О.В.Иванова [1,136].

Романның Алла тағаланың адамды жаратуы туралы тарауы ойнақы-әзілдік ырғақпен баяндалады. Баяндау арнасында ирониялық реңк тұрақты қалып алып отырады. «Құдайдың қателесуі» ирониялық тұжырымы адамдар қауымының өзімшілдік, қорқаулық, пасықтық, бақастық, іштарлық, сатқындық секілді қасиетсіз сипаттарын мысқылдауға қызмет етіп тұр. Бұл шынында «Құдайдың қателесуі» емес, «адамдардың алжасуы» концепциясын астарлайды: «Алдына нақты жоспар құрып, шаруашылыққа ақылмен кірісудің орнына жалаң шабыт жетегіне еріп кеткен жасаған жаббар ие өзінің туындысының сыртқы тұлғасын, тән көркін ғана қызықтапты, оны әйтеуір басқа мақұлықтарға ұқсатпауды мұрат тұтыпты. Жалаң көрсеткішті ғана қуған соң өндіріс өнімі сапасыз болып шығыпты...». Жоғарыдағы ирониянының сипаттық ерекшелігі оның баяндау стиліне де байланысты. Автор құдайды айыптау түріндегі талдауды әдеби-фольклорлық әңгімелеу мен саяси публицистикалық стильді сабақтастыра пайдаланып, ойнақы баяндайды.

Назар аударатын бір қызғылықты жағдай – кезінде мадақ ретінде айтылған сөздің уақыт өте келе, басқа бір дәуір туғанда кекесіндік мағынаға ие болатыны бар, алайда: «Адамзат құдайды талақ етіп, өзін құдай деп жариялаған темір ықылым – жиырмасыншы ғасыр еді бұл. Сол жиырмасыншы ғасырда ғарышқа самғап, Айдан асып, Марсқа жеткен, беті әжім-әжім кәрі планета Жердің тең жарым территориясына өзінің қанатының көлеңкесін түсіріп тұрған қуатты алып держава еді бұл...» [3,310], – деген жолдарда мәтіннің астарынағы кекесін бүгіп жатқанын байқау қиын емес. Демек, осы тараудың тұжырымында заман мен қоғамды, өркениеттің барысын мадақтаудың астарында тек уақыттың ырқына сенім артқан ирония жатқаны анық.

Мұндай ирониялық тәпсірлеулер енді бірде архивтің сыры мен сипатын кейіптендіре суреттеу арқылы көрінеді: «Үйрен де жирен» деген мақалға «Біл де ұмыт» деген қосымша жалғады; әйтеуір бір заманда мұқтажға жарары анық, ал дәл қазір қажет емес. Дүниенің бар жақсылық, жамандығын, бар қулық, сұмдығын, бар даналығын бойына жинап алып, қысқы тынымға жатқан аюша мүлгіп ұйықтай беретін архив ақсақалдың ең басты қасиеті де осында ғой» [3,400].

Ал кейіпкердің оқу машығын талқылайтын тұста көркем шығармаларды таңдау қисынымен таныстырып өтеді: «...Бұрын оқылмаған романдар – қауіпті: кез келген бетінен, бір қалыпты терілген бейкүнә әріптердің астынан мина жарылуы мүмкін. Өзіне мәлімдерін оқу көңілсіз: ойына қай-қайдағыны түсіреді, ал жекелеген беттер мен тұтас тарауларын қалдырып оқыған дүниеде не құн қалмақ...» [3,402].

Едігенің қазақ тарихына арналған романына көңілі толмауы – кейіпкердің өз бағдарынан бас тартып, шығармашылық істен тайқуының себептерінің бірі. Мұның себептерін талдауда кейіпкер шығарманың өзіне ұнамаған көркемдік кемшілігінен емес, өз заманына жақпайтын идеялық бағытынан екенін ойымен тұспалдайды. «Әлі де күмән көп-ті. Сөйткенмен де бір нәрсеге анық көзі жеткен. Озық үлгілі роман, жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында жасаушы жұртшылықтың шамына тимейтін, көпшілік көңілінен шығарлықтай тарихи хикая бұлай жазылмауға тиіс екен. *Өгіз өлмесін, арба сынбасын. Бірақ қасқыр мен ешкіні қайықсыз дариядан қалай өткізбексің*...» [3,438], – деген жолдар тек кейіпкердің ішкі сезімін, бағалаушы сипатын ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге онда өз заманының суреткерлік шындыққа қатынасын, идеологиялық қысымды тұспалдайтын сарын да жатыр.

Кейіпкер өмір-тірлікті пародиялап отыр, қоғамдық сана мен адам табиғатындағы кейбір өзімшілдік мінездер, эгоистік-амбициялық болмыс қырлары әжуаланады. Кеңестік кезеңдегі идеологияның шығармашылық тұлғаларға қойған қатал талабы, цензуралық тыйым, коммунистік партияның саясатына сәйкеспейтін тақырыптарға, әсіресе ұлттық тарихқа қатысты шығармаларға қойылған тосқауыл ирониянының көмегімен тұспалданады.

«Ішкі» ирониядa жазушы «көбінесе қисындылықпен ирониялайды. Кейіпкер сөздеріндегі фразалардың терең (ирониялық) мағынасы шығарманың жалпы мәтінінде ашылады, мұндайда ирониянының мәнін кейіпкердің алдағы іс-әрекеттері мен сөздері, жалпы оқиғаның алдағы өрістеуі ашып отырады. «Ішкі» ирония мүмкіндігінше динамикалы дамиды және баяндау процесінде аңғарылады: ол мүмкіндігінше оқырманның таңғалуын талап етеді, оқырманның көңілі қалғанға дейін ол санасында бекіп те үлгереді [5,455].

Шынында да, «Көк мұнар» романының басы мен соңындағы Едігеге деген оқырманның көзқарасында айтарлықтай өзгеріс болатыны анық. Романның басында Едіге секілді талантты да талапты жастың алғырлығы, білімқұмарлығы, табандылығы оқырманды таңғалдырып отырса, келе-келе бұл сезімге селкеу түсіп, ақырында өз бағытынан тайқып, уақытша болса да «шегініс жасауға» мәжбүр болған кейіпкерге оқырман әлдебір сенімсіздікпен, аяушылықпен, тіпті ызамен қарауы заңды. Бұл кейіпкеріміздің нашарлығынан, талапсыздығынан емес, ғылым мен шығармашылық ізденіс жолындағы кедергілерге қарсы тұруға қауқарсыздығынан, өз махаббатын қорғауда жалған намысқа бой алдыратын жігерсіздігінен орын алады.

Оның өзін «дүниенің тұтқасымын» деп санайтын тым өзімшіл, бірбеткей болмысын автор «ішкі» ирониямен әжуалайды. Едігені автор сияқты оқырман да біржақты кіналамағанмен, оның іс-әрекет, «тірлігіне» деген ойлы ирония жатыр. Бұл мысқыл трагикалық ирониядан жақын, өйткені тағдыр талқысы кейіпкеріміздің бүкіл арман-мақсатын, болашаққа деген сенімін тас-талқан етіп, алыс қиырдан бір-ақ шығарады. Шығарманың эпилогында автор бас кейіпкердің сегіз жылдан кейінгі өзгерген, ұнамсыз мінез-құлықтарынан арылғанан еске салады. Алда қандай өмір тұр, оны нақты айту қиын, әйтсе де кейіпкеріміз ендігі жерде өмір сабағын ескеріп, өз бойына лайықтап іс қылары хақ.

Романның баяндау стиліндегі «ішкі» ирония шығарманың соңына дейін бір тінін селдіретпей, бірде ашық, көбінесе астарлы қалыппен өріс алып отырады. Автор кей жағдайда заманға, қарыштап дамып келе жатқан қоғамға мадақ айтып отырғандай көрінгенмен, мәтіннің ішкі астарында мысқыл-келеке жатқанын аңғаруға болады. Жазушы романда суреттелетін жайлардан сабақ ұсынса да, пессимизмге бой алдырмай, қорытынды пайымды қайшылықты екіұдайлық екпінмен баяндап, әйтеуір түбі бір жақсылық болар деген тұспалға меңзеп, ирониялық леппен аяқтайды.

Көне түркі халықтары, яғни біздің арғы ата-бабаларымыз өздері жасаған рухани асыл мұраларын, ерліктерін құлыптастарға, тақтатастарға ойып жазып қалдырған. Орхон-Енисей бойындағы құлпытастардағы жазулардың барлығы халық тарихын баяндап тұр. Онда ел, отан қорғау мотивтері кең орын алған. Сондықтан болар, бұл ескерткіштердегі өлеңдердің басым көпшілігі халқын, жерін жаудан қорғауда және шапқыншылармен болған ауыр шайқаста асқан-ерлік көрсеткен батырларға, сонымен бірге соғыста мерт болған жауынгерлерді мадақтауға арналған.

Айталық, Күлтегін, Тонықөкке арналған құлпытастағы жазулардың культтік мағынасы болды. Мәселен, Күлтегін, Тонықөкке арналған ескерткіштегі жазулардан [1, 44] көне түркі халықтарының *Тәңірге, Күнге, от пен суға* табынып, тағзым еткенін толық аңғаруға болады:

Күлтегіннің кіші жазуында:	*Аудармасы:*
Теңрі йарлықадуқын үчүн,	Тәңірі жарылқағандықтан,
Өзім қутым бар үчүн,	Өзімнің бақытым болғандықтан,
Қаған олуртым.	Қаған отырдым.
Қаған олурып, йоқ,	Қаған болып, жоқ,
чығай будунуғ қоп қобартдым	кедей халықты көп көтердім,
Чыған будунуғ бай қылтым.	Кедей халықты бай қылдым,
Аз будунығ үкүш қылтым.	Аз халықты көп қылдым.
Тонықөк/Тонықук жазуында:	*Аудармасы:*
Тәңрі анча теміс ерінч:	Тәңірі (сонда) былай деген екен:
Қан бертім, қануңун қодуп,	Хан бердім, ханыңды тастап
ічікдің.	бағындың.
Ічікдүк үчүн	Бағынғаның үшін (басқаға)
Теңрі өлүтміс ерінч,	Тәңірі (сені) өлімші етті,

Осыдан-ақ, көне түркі қағандарының көктегі Тәңір жолынан айнымауға тырысқанын байқауға болады. Демек, Көне түркілердің Тәңірге табынған наным-сенімі – ұзақ дәуірдің жемісі.

«Тарихи деректерге қарап «тәңірі» сөзінің көне түркі жазбаларында екі түрлі мағынада қолданылғанын көреміз. Алғаш ол биік тау шыңына қатысты айтылса керек. Кейін ислам дінінің әсерімен семантикалық өзгеріске түскен. Сөйтіп бізге мәлім «құдай», «алла» деген мағынаға ие болған, – дей келе, Т.Қоңыратбаев «Көкке табыну культін біз Қытай жазбаларынан да жиі ұшыратамыз. Олардағы атауы – шань. Демек, «Тянь-Шань» – тау шыңы, «шаньжүн» – тауды мекендейтін тайпа (жүн) атауы болмақ. Мұны біз Сымя Цяннің тарихи жазбаларынан анық көреміз» – деп өз ойын білдіреді [2, 62]. Ежелгі түрік әулеті өздерінің ұғымындағы ең биік шыңды Хан Тәңірі деп атауы кездейсоқ емес. Бұл да – Тәңіріге табыну мен қастерлеудің бір түрі.

«Тәңірі» сөзі – түркі тілдерінде өте ерте заманнан келе жатқан культтік мағынада жұмсалатын сөз екенін айттық. «Тәңір» сөзінің этимологиясын С.Ақатаев: «Таң» және «ер» сөздерінің бірігуінен шығуы мүмкін деп қарастырады. «Бірінші буын «таң» автордың пікірінше күннің шығуымен байланысты болса, «ер» – түркі тілдерінде ер адамды білдіреді. Осы тұрғыда Тәңір «Күн адам», «Аспан адам», яғни құдай дегенді білдіреді» [3, 69].

«Көк Тәңірі» мен «Аспан» екеуі екі ұғым. Түріктанушы Қ.Сартқожаұлы «Тәңірі» мен «көк аспан» бір ұғымда жұмсалмайтындығын былай түсіндіреді: «*Teŋir*» (Тәңір) – бұған дейінгі барлық аудармашылар «көк аспан» деп аударып келді. «Тәңір» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңір, адам, табиғат жанды, жансыз

дүниенің жаратушысы. *«Teŋir teg teŋiride jaratmyš Türük bilige qaγan»* деген сөйлемді барлық зерттеушілер «Небопадобный, неборожденный Бильге каган» Н.Х.Оркун *«Gode benzer gokte (mevcud)olmus bilge hakan»* деп аударған. Бұлардың аудармасы бойынша «аспан іспеттес, аспаннан жаралған» боп келеді. Тәңір – көк аспан емес. Сондықтан, біз «Тәңір текті, Тәңір жаратқан» деп аудардық. Байырғы түркі, парсы қытай деректеріндегі «Нұрдан жаралған» дегеннің көне аналогы болмақ» [4, 120]. Демек, тәңірі – исламнан бұрынғы түркі халықтарының негізгі діні. Олар ата-бабаның аруағына сыйынып, аспанға, күнге, айға табынды және отты тазартушы күш ретінде таныды.

Түркі халықтары қандай істі бастаса да, атқарса да және мақсат, мүдделерін жүзеге асырса да ең әуелі, көктегі Тәңірге шын беріле тағзым етіп, *«Тәңірім қолдай көр», «Менің тәңірім», «Менің жарылқаушым, жаратушым»,* деп Тәңірді өздеріне ең жақын қамқоршы тұтқан. Екіншіден, түркілердің «Менің Тәңірім» деуі – осы дінді өздері тудырғандығын танытады. Бұған «Оғызнама» шығармасындағы «Тағы бірде Оғыз қаған Тәңірге жалбарынды. Содан айналаны қараңғылық басқанда көктен бір жойқын жарық түседі. Оғыз қаған арнайы барып қараса – маңдайында оттай жарқыраған меңі бар аса сұлу қыз көреді. Оғыз қаған соған үйленеді. Ол үш ер бала туады. Олардың біріншісіне Күн, екіншісіне Ай, үшіншісіне Жұлдыз деп ат қояды. Одан кейін аңға шыққанда үлкен ағаш қуысында отырған сұлу қызға үйленіп содан көрген балаларына Көк, Тау, Теңіз деп есім береді. Солардың құрметіне Оғыз қаған үлкен той жасап, ел-жұртқа жарлық беріп: «Міне, мен сендерге қаған болдым, біздің таңбамыз береке болсын, ұранымыз көк бөрі болсын. Көк туымыз болсын, Көк шатырымыз болсын», – деген жолдар дәлел болады [5, 32].

Көк Тәңіріне сыйынған, көк пен жерге табынған сонау көне түркілердің мифтік танымы тілек-бата сөздерде айқын көрінеді. Бата сөз мәтінінде көбінесе *Алла, Құдай, Тәңірі* секілді культтік сөздер жиі кездеседі. Бұл культтік сөздерді бір-біріне ауыстырып қолдана береді. Бұл, әрине, қазақтардың наным-сенімдерінің бір ерекшелігі. Бата сөздерде: *«Құдай жарылқасын!», «Құдай оңдасын!», «Тәңірі ием жарылқап, әулиелер қолдасын!», «Жарылқа, Тәңірім, қабыл ет, жарылқаудың қамын ет!», «Тәңірі берген несібең, тепкілесе кетпесін!», «Құдай өзің жарылқап, жолыңды оңғарсын!»* деген сияқты фразеологизмдер жиі кездеседі. Кейде, дәстүрлі баталарда: Қыдыр, бақ, бақыт құсы, бақ дәулет, құт береке тәрізді сөздер айтылады: «Жорытқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!», «Әуелі құдай оңдасын, содан соң Қыдыр орнасын!», «Бақ қарасын, Қыдыр дарысын!», «Берсін десең, берейін бата, дарысын Қыдыр ата. Қыдырың қияласын, періштең ұяласын», т.б. Сондай-ақ, адамдар бір-біріне жақсы тілек айтқанда қалыптасқан тұрақты тіркестерде де «Алла, Құдай, Тәңірі» секілді культтік сөздер жиі кездеседі. Мәселен: Құдай жарылқасын! Құдай тілеуіңді берсін! Құдайдың құлағына шалынсын! Алла жар болсын! Алланың нұры жаусын! Тәңірі оңдасын! Тәңірі пана болсын! т.б.

Тонықөкке арналған ескерткіштегі жазулардан культтік мағынада жұмсалатын ежелгі түркі халықтары үшін Көк пен жерден кейін тұрған құдіретті күш – әйел тәңірісі *Ұмайға* табынып, тағзым еткенін мындай жыр жолдардан аңғаруға болады:

Тонықөк жазуында:	*Аудармасы:*
Теңрі, Ұмай, удуқ йер – суб басы	Тәңірі Ұмай, қасиетті жер- су
берті ерінч,	жеңіс берген.
Неке тезербіз, үкүс тійін,	Көп деп неге қашамыз,
Неке қоркұрбіз, аз тійін...	Азбыз деп неге қорқамыз...

Ұмай – ертедегі Орталық және Орта Азияны мекендеген көшпелі түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық құдайы болған. Бұл әйел құдайы Тәңірден кейін екінші орын алған. Ұмай анаға қырғыздар, алтайлықтар, тувалықтар, шорлар және хакастар табынған. Кезінде Шоқан Уәлиханов қырғыздардың «Майнекең болайын!» деген ант-суын осы Ұмай ана есімінен іздестірген. Өйткені «майнеке» деген сөз май, неке деген екі сөзден тұрып, «май» бөлігінің алдындағы дыбысы түсіп қалған Ұмай ананың аты болып шығады. Сондай «Ұмай ана сияқты желеп-жебеушің болайын!» деген мағынаны білдіреді екен. Демек, қазақ, қырғыз тілінде оның есімі *«Май-ене», «Май-ана»* түрінде

сақталса, хакас тілінде *«От ине», «От инезі»* тіркестері *«От ене, от енесі, от иесі»* түрінде сақталып, келін түсіру кезінде Ұмай анаға табыну нышандары байқалды. Мәселен, қазақ халқының ғұрпында жаңа түскен жас келінді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала *«От ана», «Май ана», жарылқа!»* – деп отқа май құйғызады. Осы ізгі ниетті ақ тілеуді «От Ана» – қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт бикеш те, ал «Май Анамыз» – Ұмай Ана.

Көне түріктер Ұмайды көктен түскен, қолында балаларды қорғауға арналған алтын садағы бар өте сұлу әрі қайрымды, жымия күлген жас әйел бейнесінде елестеткен. Мұндай бейнелер Күлтегін, Көшө-Цайдам кешеніндегі тас мүсіндерде, балбал тастарда кездеседі. Баланың ата-анасы өз ұрпағы ұзақ сапарға шығарда, жаумен шайқасқа аттанғанда әуелі Ұмай ананың қамқорлығына тапсырады, қауіп-қатерден, тосын ажалдан қорғап жүруді тілейді. Сондай-ақ, ежелгі түркілер дінінің негізі бірінші Көкке (Тәңір), екінші Жерге (Жерге-Суға, Иер-Суб) сыйыну болатын. Бұлар нақ Көктің еркімен билік құрып отыр деп санаған түрік қағандарды «Көк тектестер және Көкте туғандар» деп атады. Үшінші Ұмайға сыйыну болатын. Ұмай – от басы мен бала-шағаны қорғаушы саналған. Ұмайға сыйынушылық Алтайдың кейбір түркі тілдес тайпаларының наным-сенімінде XIX ғасырдың аяғына дейін сақталған.

Түркі тілдес халықтар Күн культін құдіретті, қасиетті құбылыс деп, *От культін, Су культін* жоғары бағалап, құрмет көрсетіп, оған сыйынған [6, 74]. *Күнге табынуының* алғашқы баспалдақтары «Авеста» кітабыннан көрніс тапқан. Күн құдайы «Хваршед яшт» деп аталады. Авеста кітабында Күнге арналған гимн онға жуық жыр шумақтардан тұрады. Онда әлемге нұрын төккен аспандағы күннің құдіретті күшін, қуатын айта отырып, бір ой мен келесі ойды, бір оқиға мен келесі оқиғаны тұтастыра жалғастырып жібереді. Күнге арналған гимнге табынушылар күніне үш рет: таңертең, түсте, кешке, яғни, күн шығарда, күн тастөбеге көтерілгенде және күн батарда оқу көзделген. Әр айда қанша уақыт болуы керектігін мөлшерлеуде де әр күннің атуымен батуы аралығын алған. Мысалға, Зороастризм ілімі негізінде де әр айда 30 күн бар. Мұнда әр күн бір құдайға бағышталып, соның атымен аталған. Әр айдың он бірі – Күн құдайына арналған [7, 186]. «Күн туымыз болсын, көк шатырымыз болсын» деген сөйлем арқылы түркі халықтары аспан әлемін киелі деп санағанын көреміз. Бүгінгі күні қазақ елінің байрағының көк болуы, күн шапағының суреттелуі сол сияқты Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінің байрағында ай мен жұлдыздың символдық көрсеткіш ретінде көрініс табуы көне түркі дәуіріндегі танымнен байланыстығы. Түркілер танымында аспан – киелі. Құдіретті күшті жаратушы Тәңір аспанмен астасып жатады. Сондықтан аспан түстес, аспандағы ай, күн, жұлдыздарды түркі халықтары мемлекеттерінің рәміздерінде орын алуының өзі олардың түпкі танымының бір екенін айқындайды.

Зороастризмнің негізі – ***От культіне табыну***. От – жарылқаушы құдай, Күннің жердегі бір бөлшегі ретінде қарастырылған. Отқа табынудың арғы тегі сол Күнге табыну болып шығады. Ежелгі адамдар күннің жарығы мен жылуының пайдасын ерте түсінген, сол күннің жарығы мен жылуының символы ретінде жерге от жаққан. Жер шарының терістігін мекендеген халықтардың отқа деген ықыласы, әсіресе айрықша болса керек. Өйткені мұнда қыс ерте түседі, ауа райы суық. Сондықтан да олар отты күннің жердегі символы ретінде үнемі жағып, жылынған болса, от мерекесін олар жаздың күні емес, қыс айларында, суық түскен кездерге ыңғайлап өткізген.

Түркі тілдес халықтардың көпшілігінде Отты жоғары бағалап, құрмет көрсетіп, оған сыйынған. От қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, қарачай-балқар тілінде – от; өзбек, татар тілдерінде – ут; азербайжан тілінде – од деп аталады. От сөзінің семантикалық мағынасы әр түрлі болып келеді. Айталық, герман, иран тілдерінде ол «*құдай*» мағынасын берсе, көне славян тілінде «*күн*» деген мағына берген.

Отқа табыну – қазақ халқының ежелгі заманнан бері жалғасқан нанымдарының бірі. Отты халық өте жоғары бағалап, қасиетті әулие деп ұқты. Алғаш күн күркіреп, найзағай ойнағанда, *«сүт көп, көмір аз»* деп үйді айнала жүгіріп ожаумен ұру ырымы да оттың құдіретті күшіне жалбарынудан шыққан болу керек. Ойымызды Ш.Уәлихановтың: «Түркі

халықтарында, әсіресе қазақтарда отқа әулиеше табыну бар» деген тұжырымы дәлелдей түседі [8, 208]. От сөзінің өте жоғары қастерленіп, құдай сөзімен тең қолданылғанын тіліміздегі «*От ана»* тіркесінен байқауымызға болады. Хакас тілінде *«От атан»* деп әйел от құдайын айтқан, Бутанаевтың сөздігінде бұл сөз «Почтительное обращение к богине огня» деп түсіндіріледі [9, 75]. Осы мағынада *«От инее», «От инезі»* тіркестері де әйел құдайына қаратып айтылған сөздер, оның қазақша мағынасы *«От ене, от енесі, от иесі». «От иесі»* матриархат дәуірінен қалған. Осыған байланысты әдет-ғұрыптар, аңыз-ертегілер көптеп кездеседі. Бұл ертегілердің кейбіреулерінде жалмауыз кемпір бейнесі *от (ошақ*) иесі ретінде суреттелінеді. Оты сөніп қалған қыз жалмауыз кемпірден от алып, үйіндегі ошақты жағады. Осыдан келіп қазақ елінде үй ошағынан «от алу» ғұрпы шыққа керек. От культіне байланысты әдет-салт, ырым-жоралар өте ерте заманнан жалғасып келеді.

Адамның тіршілігінде оттың алатын орны зор, оның бірнеше бейнелік, символикалық қасиеті бар.

Біріншіден, ертеде отты тамақ пісіруге, үй жылтуға, қараңғы түнде жарық етуге пайдаланды. *«Жаурасаң от жақ, қорықсаң от жақ, қарның ашса от жақ»* деген нақыл сөз осыдан келіп шыққан. М.Жұмабаевтың «От» өлеңі осы айтылған таным түсініктерді көрсетеді:

Шынында, менің өзім – от,
Қысылған қара көзім де – от.
Мен оттан, от – менен.
Жалынмын, мен жанамын,
Оттан туған баламын.
Оттан басқа тәңірі жоқ.

Екіншіден, отта аластатқыш қасиет бар. Отта бәле-жаладан сақтаушы, күнәдан тазартушы күш бар деп есептейді. Соған сәйкес ертеде ел бір жұртқа көшкен кезде жұрттың орнына от жағып, адамды да, малды да екі оттың арасынан өткізіп тазартады. Бұл әдет, яғни ырым – аластау деп аталады. Аластаған кезде: *«Алас, алас, әр пәледен халас, от, от тазарт бізді әр пәледен»* – деп айтады. От түтінімен аурудың төсегін, жас баланың бесігін, киімдерін аластайды.

Үшіншіден, оттың тазартқыш қасиеті бар. Қазақ, қырғыздар отқа табынып, оны барлық жаманшылықтан сақтаушы, тазартушы ретінде құдірет тұтады. Анимистік наным бойынша өлген адамның жаны оттан, от жарығы шырақтан қорқады. От адамға қамқорлық етумен бірге, ол оның жауы да болады. Өйткені ол мылқау, мейрімсіз, тілсіз жау. От адамдарға үрей, қорқыныш сезімін тудырады. Сондықтан өлген адамның жаны үйіне қайта оралмасын деген ниетпен оның басына шырақ қойылып, түні бойы күзетілетін болған. *«Қырық күнге дейін өлген адамның тәні бұзылмайды»* деп білген ата-бабаларымыз *«Жатқан жері жарық болсын!»* деген мақсатпен де қырық күнге дейін күн сайын шырақ жаққан. Бұл салт отқа табыну ғұрпы мен оның жылтқыш, тазартқыш қасиетіне сенуге байланысты пайда болған.

Су культі. Түркі халықтары суға тағзым етіп, бұлақ атаулыны қастерлеген. Олардың нанымы бойынша судың да тәңірі болады, су иесі – Сүлеймен деп қадір тұтқан. Мәселен, «Су иесі Сүлеймен», «Су иесі Пайғамбар», «Су Сүлеймені», «Суын ішкен құдыққа түкірме» деген сөйлемдер судың қасиет-киесіне байланысты айтылған. Су иесін, су культін яғни су құдайын құрметтеу көне түркі ру-тайпаларымен бірге жасасып, әлі жалғасын тауып келе жатқандығын, сол наным қырғыз халқының арасында бүгін де сақталып тұрғандығын С.М.Абрамзон зерттей келіп: «Бұл құдайға құрбандық шалу әрекеті жаңбыр жаумай, құрғақшылық болғанда ұйымдастырылады. Онда әр шаңырақтан бір қой немесе жеті күлше алып өзеннің жоғары жағына барады», – деп тұжырымдаған [10, 133]. Дәл осындай салт дәстүр қазақ халқында да болған. Оны «тасаттық» дейді. Бұл арабтың «тасалдық» – құрбан шалу деген сөзінен шыққан. Құрғақшылық болып, жаңбыр жаумай, шөп шықпаған жағдайда халық ортадан мал шығарып тәңірден жаңбыр тілеп «тасаттық» жасаған. Оны қорым басына немесе өзен жағасына барып, өткізетін болған. Үлкендердің айтуынша, осыдан кейін көбінесе жаңбыр жауатын болған. Бұл салт қазір де бар.

Түркі халықтарының магиялық және анимистік нанымдарының негізінде байырғы түркі заманынан бермен қарай қоршаған табиғатқа табынудан туындайтын – киелі жер-су иелері. Анимистік, магиялық және шамандық нанымдар бойынша қазақ, қырғыз, өзбек, татар, қарақалпақ, алтай, хакас, якут және басқа түркі халықтары кез келген тау мен тас, бастау мен бұлақ, өсіп тұрған кез келген ағаштың киесі бар деп сенген. Мифологиялық сөздікте *«Су иесі»,* қырғыздарда *«Суу ээси»,* татарларда *«Йорт иясе»,* хакастарда *«Шерсуг»,* қарқалпақтарда *«Су анасы»* деп көрсетіледі. Мысалы, *«Су иесі Сүлеймен»* деген фраза моңғолдарда мүлдем жоқ. Алайда, осы фраза *«Суу-энези Сулай-Каан»* деген формада алтай бақсыларының «алқышында» кездеседі:

Балык сууда Палай-Каан,
Тал таптылу Талай-Каан,
Суу-энези Сулай-Каан [11, 108]

«Суу-энези Сулай-Каан» немесе «Су иесі Сулай-Каан» деген фразаның түбірі «су» деген сөзден өрбіп, су құдайы «Су иесі» «Су анасы», «Су енесі» деген мағынаны береді. Хакастарда «*Су иесі Суғдай-хан, жел иесі – Чилдей-хан»* деген сөйлем бар. [12, 52] Омбылық татарларда Ертіс пен Сүлеймен әлемді жаратушылар, екеуі бірігіп орманды, жын-періні, адамды жаратқан соң ұсқыны жаман Сүлеймен өзеннің тереңіне жасырынып, елге көрінбейтін болған деген аңыздар бар [13, 144-146]. Бұл сюжетте де Сүлеймен судың рух-иесі, су иесі, су құдайы ретінде көрінеді. Демек, *«Су енесі Сулай-Каан» мен «Су иесі Суғдай хан»* деген фразалар кәдімгі әлемдік діндерде кездесетін (иудей, христиан, ислам) Дәуіт пайғамбардың баласы Сүлеймен патшаның бейнесі ғасырлар керуенінде тоғысып, астасып, тұстасып кеткенін көрсетеді.

Сондай-ақ, *Су культіне* деген құрмет әлі де бар. Су – зороастризмде өзінің маңызы жағынан отқа жақын тұрған табиғат күші. Сумен емдеу, сумен ұшықтау, сумен үшкіру сияқты халықтық медицина тәсілдері су құдіретін, киелі табиғатын мойындауға негізделген. Бұл барлық халықтарға тән. Су – адам өмір тіршілігінде аса қажетті, онсыз өмір сүруге болмайтын табиғат байлығы. Су – өте қасиетті. Сондықтан, *«Суға түкіруге болмайды», «Суға дәрет сындыруға болмайды», «Суды лайлауға болмайды»* деген тыйым сөздер қалған. Суды қарызға сұрамайды немесе қарызға бермейді. Сумен қатар өзеннің культ екенін түсінеміз. Өзен ұғымы қазақтарда өмір сүруге қажетті. *«Өзен аралағанның - өзегі талмайды»* дейтін мақал-мәтелден өзеннің балығы бар, оны жеуге болатынын, өзеннің қажеттігін, өзенге деген танымдық ұғымның, өзенге деген құрметтің бар екенін түсінеміз.

Сонымен қатар, көне түркілердің ежелгі дүнетанымынан туындағанын жазба деректерден ***«Жеті», «Төрт»*** киелі сандарының ұйтқы болуынан туындаған тіркестерден де культтің бар екенін көруге болады.

Күлтегін ескерткіші – ежелгі түркі ханының Күлтегін деген баласының зиратына орнатылған құлыптас. Ескерткіште тасқа жазылған 250 жол бар. Осы құлпытастағы жазулардан да «Жеті» санының киелі екенін төмендегі үзіндіден оқи аламыз:

Күлтегіннің үлкен жазуында:	*Аудармасы:*
Қанум Елтеріс қағануғ,	Әкем Елтеріс қағанды,
Өгім Елбілге қатұнығ.	Шешем Елбілге қатынды
Теңрі төпесінте тұтұп	Тәңірі төбесіне ұстап,
Иегерү көтүрміс ерінч.	Жоғары көтерген екен.
Қанум қаған йіті йегірімі ерін ташықмыс.	Әкем қанға он жеті ер еріпті.
Ташра йорыйур, тійін, күү есідіп,	Шетте жортып жүр дегенді естіп
Балықдақы тағықмыс,	Қаладағылар өрлепті,
Тағдақы інміс,	Таудағылар індепті.
Тіріліп йетміс ер болмыс.	Жиылып жетпіс ер бопты.
Теңрі күч біртүк үчүн,	Тәңірі қуат берген соң,
Қаңұм қаған сүсі бөрі тег ерміс,	Әкем қағанның әскері бөрідей бопты.

Ағысы қоң тег ерміс,	Жаулары қойдай бопты.
Ілгерү-құрығару сүлеп	Ілгері-кейін аттанып,
тірміш, қобартмыш.	жинапты, көтеріпті.
(Қа)мұғы йеті йүз ер болмыс,	Қолы жеті жүз ер бопты.
йеті йүз ер болып...	*Жеті жүз* ер болып...
Қаңым қаған бунча...	Әкем қаған осынша...
Қырық артуқ (ы) йіті сүлмес,	*Қырық жеті* рет аттанды,
Иегірмі сүңіс сүңісміс,	Жиырма айқас жасады [1, 47].

Күлтегін *жеті* жасында әкеден жетім қалады. Он үш жасқа келгенде ер атанады. Он алты жасында қару-жарақ асынып, ел намысын, халық кегін қуып табғаштарға аттанады. Жиырма бір жасында (үш жеті) Тадықын чурдың Боз атына мініп, Чача Сеңүнмен айқасады. Жиырма алты жасында қырғыздарға, отыз жасында қарлұқтарға, отыз бір жасында аздар мен оғыздарға шабуыл жасайды. Сөйтіп қырық жеті жасында қайтыс болғаны туралы ескерткіш жазуында анық көрсетілген:

«Күлтегін қон йылқа житі ягірмика ұчды. Тоқұзынчы ай житі отузқа йоқ әртүртіміз... Бітіг ташын бічін йылқа житінші ай житі отузқа құп алқадымыз... Күлтегін өліп қырқ артық жеті...».

Аудармасы мынадай: «Күлтегіннің қой жылғы он жетіде жаны ұшты. Біз оны тоғызыншы айдың 27 күні жерледік... Мешін жылғы жетінші айдың 27 күні басына тас орнаттық. Күлтегін 47 жасында өлді...» делінген.

Табғаш тіліндегі мәліметтер бойынша Күлтегін 732 қой жылының 17-сі күні қайтыс болды, оны 9-айдың 27-күні жерледі. Мешін жылғы 7 айдың 27 күні басына тас орнатты. Ол 47 жасында өлді делінген.

Мұндағы жетінші ай, тоғызыншы ай, т.б. ежелгі түркі халықтарында ескерткіштегі адам жасы, оқиғалардың жыл көрсеткіштері «жеті»-ге байланысты.

Тонықөк жазуында:	*Аудармасы:*
Елтеріс қаған біліг есін үчүн,	Елтеріс қағанның ақылдылығынан,
алпун үчүн	батырлығынан
Табғачқа йеті йегірмі сүңүсді,	Табғаштармен жиырма жеті рет соғысты.
Қудаңқа йеті сүңүсді,	Құтандармен жеті рет соғысты
Оғузқа бес сүңүсді.	Оғуздармен бес рет соғысты [1, 75-76].

«*Төрт*» санының ұйтқы болуынан *төрт бұрыш, төрт бұлұң, әлемнің төрт бұрышы, төрт тарап, төрткүл дүние, төрт бағыт* сияқты тіркестер өте ерте қалыптасқан. Мәселен, Көне тілде «бұлын» сөзі «бұлұң» болып жазылған, мағынасы «бұрыш», «құбыла», «жақ» деген сөздерді білдірген. «Күлтегін» жазуындағы «төрт бұлұң қоп йағы ерміс» – «(дүниенің) төрт бұрышындағы (халықтар) оларға (яғни, түркілерге) жау болған еді» делінген, мұнда да біз «төрт бұлұң» атауының VIII ғасырдағы көк түркі танымына болғандығын көруге болады. Түрік тілдес халықтар жерді, дүние кеңістігін төрт бұрышты («төрт булуқ») деп ойлаған. Бұл төрт бұрыш «ілгеру» (күн шығыс), «құрығару» (күн батыс), «біргеру» «күн ортасы» (оңтүстік), «йырғару» – «түн ортасы» (солтүстік) деп аталған.

«Күлтегін» жырында Білге қаған өз жері мен халқының көптігін былайша баяндайды:

Күлтегіннің кіші жазуында:	*Аудармасы:*
Ілгеру – күн тоғсыққа,	Ілгері – күн шығысында,
Біргеру – күн ортусыңару,	Оң жақта – күн ортасында
Құрығару – күн батсықына,	Кейін – күн батысында,
Йырғару – түн ортусыңару	Сол жақта – түн ортасында
Анта ічрекі будун қоп	Осының ішіндегі халықтың бәрі маңа көрүр маған қарайды [1, 40].

«Күлтегін жазуындағы» *төрт бұрышқа* қатысты мынадай мәліметтерді мысал ретінде келтіруге болады:

Күлтегіннің үлкен жазуында:	*Аудармасы:*
Түрт булұң қой йағы ерміс,	Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,

Сү сүлепен,
Төрт булуңдақы будуныҕ
Қоп алмус, қоп баз қылмыс,
Башлыҕыҕ йүкүнтүрміс,
Тізлігіг сөкүрміс,
Ілгерү-Қадырқан йышқа тегі,
Керү – Темір Қапуғқа тегі
қонтұрмыс...

Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері-Қадырқан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін
жайлаған... [1, 44].

«Күлтегін жазуындағы» *tört buluŋ/төрт тарапқа* қатысты мынадай үзінділерді келтіреміз: *Tört buluŋ* qop (qoup-C.K) jaγy ermis. Sü sülepen tört buluŋdaqy bodunγ (quup -C.K.) qop almys. Qop (quup -C.K.) baz qylmys. Bašlγγγ jükündürmis, tizligig sökürmis. - *Төрт тараптағылар* қарсы жау болған. Қол аттандырып *төрт тараптағы* халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген.

Сондай-ақ, Күлтегін кешенінде айшық таңба салынған ақсұр граниттен жасалған *төрт бұрыш* текшетас болған. Ортасына дөңгелектеп тесік-ойық шығарған. Дүниенің төрт бұрышы бейнеленген *текшетас – Бөд Тәңірінің (böd teŋri) символы. Бөд «böd»* байырғы түріктердің иесі болған. Яғни текшетас – Қаған тағының киесі. Бұл тақ киесіне *әлемнің төрт бұрышына* ие деген мағынада айшық таңбасы қашалған. Текшетастың сызба суреті Гурван-Мандал тауының жартасына сызылған. Ал, «*Айшық*» әлемнің *төрт бұрышын* мегзеген символ [14, 157].

«Төрткүл дүние». «Төрткүл» – түркілердің төл сөзі, ол да «төрт бұрыш» дегенді білдіреді, өйткені «күл» сөзінің бір мағынасы – «бұрыш». «Төрткүл дүние» тіркесі лиро-эпос жырларында кездеседі. Мысалы: «Жолдастарының нақақ сөзіне ерген Қобыланды құлынға ертерек мінбек болады. Құлын дариядан өтіп бір төрткүлдің үстіне барып түседі. Одан әрі құлын жүрмейді. Қобыланды құлынды жүргізейін десе жүгені жоқ, ұрайын десе қаруы жоқ, біраз дағдырып қалады /«Батырлар жыры»/.

Түркі халықтарының мәдениетінде адам есімдеріне де үлкен көңіл бөлінген. Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. «Алла» араб тілінен, «Құдай» парсы тілінен енген, «Тәңірі» көне түркі тілінен, «Жаппар», «Жаратушы» қазақ тіліндегі баламасы. *Аллаберген, Құдайберген, Тәңірберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппар, Жаппарқұл, Жаппарәлі* деген сияқты жаратушы күштерге қатысты туындаған ер адамдардың есімдері қазіргі таңда да өте сирек кездеседі.

Дәл осындай ұқсастықтар басқа да түркі тілдес халықтарда да бар. **«Алла», «Құдай», «Тәңірі»** культтік сөздері түркі-татарлардың да адам есімдерінде: *«Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов»* деп кездессе, қырғыз халқында да жаратушы күштерге байланысты қойылған *«Алдаберди, Теңирберди, Кудайберди»* деген адам есімдері кездеседі, «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/қызы» деген когнитивтік бірліктер балаларын еркелеткенде жиі айтылады. *«Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген»* сөздеріне мәндес *«Тілепберген», Тілеуберген, «Тілеуқабыл»* деген кісі есімдерінің де негізгі мәні – баланы алладан тілеп жүріп көргені мен тілегенінің қабыл болғаны деген мағынада жұмсалады. Атаудың екінші сыңарындағы *«берген», «қабыл»* сөздерінің де туынды сөздің мағынасына қосатын сөзжасамдық мәні бар.

Қорыта келе, Орхон-енисей ескерткіштері бір емес, бірнеше түркі тілдеріне ортақ, жалпы түркілік мұра. Онда негізінен VI-VIII ғасырдағы тарихи деректерді баяндаумен қатар, түркі тайпаларының салтын, мәдениетін, күн көру жайларын сөз етеді. Ескерткіштердің негізгі идеясы – түркі тайпаларының ғасырлар бойы аңсаған мақсаты, өз елінің тәуелсіздігі мен өз халқын, жерін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау. Сондай-ақ, Күлтегін, Тонықөкке арналған ескерткіштегі жазулардан көне түркі халықтарының Тәңірге, күнге, суға, Ұмай анаға табынып, тағзым еткенін және «Жеті», «Төрт» киелі сандарының ұйтқы болуынан

туындаған тіркестердің адам жасына, оқиғалардың жыл көрсеткіштеріне қатысты екенін аңғардық.

Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің мағыналарында ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екені аңғарылды. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей.

Әдебиеттер тізімі

1 Күлтегін: Көне түркі жазба ескерткіші. /Көне түркі тілінен аудар. М.Жолдасбеков. – Алматы: Жалын, 1986. -80 б.

2 Қоңыратбаев Т.Ә. Ә.Қоңыратбаев зерттеулеріндегі түркология мәселелері. Кан. дисс. ... – Алматы, 1993. -139 б.

3 Ақатаев С.Н. Мировоззренческий синкретизм казахов. Дисс. ... докт. философ. наук. – Алматы, 1995. -С.69.

4 Сартқожаұлы Қ. Орхон мәтіндерінің аудармасы. //Тіл және қоғам. 2004. № 1.-Б.108-121.

5 Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. – М., 1959. -247 с.

6 Рысбаева Г.Қ. Tapinma Terimlerinin Etnolengüistik Tanımı. //KÜTÜR EVRENİ. Universe of Culture. 2013. Yil.4 Sayi. №15. -S.73-79.

7 Авеста. Избранные гимны. Перевод с авестинской И.Стеблин-Каменского. – М.: Дружба народов, 1992. -207 с.

8 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. -560 б.

9 Хакасско-русский историко-этнографический словарь. /БутанаевВ.Я. –Новосибирск, 1999, 235 с. - С.75.

10 Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе: Киргизстан, 1990.-410 с.; Абрамзон С.И. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л.. 1971, -403 с.

11 Телеутский фольклор //Сост., вступит. Ст., запись, пер., коммент. Д.А.Функа. – М.: Наука, 2004. -183 с.

12 Бутанаев В.Я. Национальная религия хакасов и формирование личности //Altaica.Новосибирск, 1994. 4. -С.52.

13 От Урала до Енисея. (народы Западной и Средней Сибири). Кн. 1. – Томск: Изд-во Том. Ун-та, 1995. -186 с.

14 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. -360 б.

В статье рассматриваются исследования о древне-тюркских верованиях со стороны теории «Языковая картина мира». Орхоно-енисейская письменность является общим наследием не только для одного языка, но и для всех тюркских языков. Статья посвящена антропониме арабо-персидского происхождения, которое, посвящено культам «Алла», «Кудай», «Тенгри» и связанным с ними когнитивным фразеологизмам в тюркских языках. Центральное место из древних верований всех тюркских народов (казахов и тюрков-татар) до принятия Ислама было занято культом Тенгри, который был верховным божеством Слова «Кудай», «Алла», «Тенгри» синонимичные культовые слова среди тюркских народов.

The article considers the research of ancient Turkish believes from the point of «Linguistic Map of the World» theory. Orkhon-Enysei inscription is the general heritage of not only one language, but for all the Turkic languages. And article considers anthroponomy of the Arab-Persian origin that are devoted to the cults of the «Alla», «Kudai», «Tangri» and related to them cognitive phraseologies in Turkish languages. The central place of the ancient beliefs of all Turkic people (Kazakhs and Turki-Tatar) before the Islam acceptance was occupied by a cult of Tengri, which was the Supreme deity. Words «Kudai», «Alla», «Tangeri» among the Turkish people are synonymous cult words. The majority of them has male names on the basis of these roots.

ӘӨЖ: 811.111’42

З.М. Сагадиева
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
Z.Sagadiyeva@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ОККАЗИОНАЛ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛГІ ЖӘНЕ АУДАМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда кездесетін окказионал сөздердің қолданысы мен олардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасын жан-жақты саралап, талдауға арналған. Окказионал сөздер көркем шығарма мазмұнын ашуға, автор идеясын толық түсінуге, аударманың баламалы жасалуына негіз болатын басты мәселелердің бірі. Окказионал сөздер жеке өздері және мәтін деңгейінде қарастырылып, олардың лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктері көрсетілген.

Түйін сөздер: окказионал сөздер, интерпретация, сөзжасам, мән-мәтін, аялық білім.

Кез келген тіл – тірі ағза сынды үнемі өзгеріп, дамиды және бұл бізге қандай да бір тілде жаңа құрылымдар мен құбылыстардың пайда болуын бақылауға мүмкіндік береді. Лексикалық деңгей өзгерістерге ең тез ұшырайтын қабат. Өз динамикасының арқасында аталған деңгей көптеген зерттеушілердің қызығушылығын туғызады. Уақыт өте келе кейбір сөздер қолданыстан шығып, өзектілігін жоғалтады, мағынасын өзгертеді және тілде қайта жаңғырады. Әдетте, бұл алға жылжумен түсіндіріледі: жаңа құбылыстарды нақты сипаттайтын жаңа лексикалық бірліктерге деген қажеттілік туындайды. Көптеген жаңа сөздер әдебиеттің әр түрлі жанрларындағы жазушылардың арқасында пайда болады.

Соңғы он жылдықта қазақ және ағылшын тілдерінде оның лексикалық деңгейіне де әсер еткен көптеген өзгерістер орын алды. Лексикалық жүйенің жаңаруы қоғамда орын алып жатқан үрдістердің бір көрінісі. Ескі қоғамның таза тілінің орнына жаңа заманның кенет еркін тілі келді. «Еркін тілдің» басты белгілерінің бірі окказионал сөздердің кең қолданыс табуы. Тілдің либерализациясындағы басты көшбасшылар бұқаралық ақпарат құралдары, олар тілдің жаңалықтарды бірден қозғалысқа енгізеді және өзіндік сөз қолданыстарды ойлап табады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр окказионализмдер ғасыры деп те аталалы.

Заманауи тіл білімінде зерттелетін маңызды мәселелердің арасында «аударма» деп аталатын тіларалық әрекеттің лингвистикалық аспектілері маңызды орын алады. Аудармадағы негізгі мәселелер тілдердегі лексикалық, грамматикалық және стилистикалық айырмашылықтармен анықталады.

Түпнұсқа мәтін мен аударманың мағыналық жақындығы эквиваленттілік деп аталады. Аудармашылық эквиваленттіліктің шегі түпнұсқа мәтіннің мүмкін максималды (лингвистикалық) мағынасының аударма барысында сақталуы аталады. Әр жеке жағдайда түпнұсқаға мағыналық жақындық әр түрлі дәрежеде және әр түрлі тәсілмен қол жеткізіледі.

Поздеева Е.В. өзінің «Окказиональное слово: воспроизведение и перевод» еңбегінде окказионал сөздердің аударылу ерекшеліктерін атап көрсетті. Окказионал сөздер жаңа мағына мен жаңа форма болып табылады, бұл өз кезегінде олардың аудармасындағы қиындықтарды туғызады. Окказионал сөздер тілде бар немесе берілген тілдегі мүмкін үлгілер бойынша құрылады. Осылайша әмбебап, аналогия заңы жүзеге асады (белгісіздің белгілі арқылы көрініс табуы) [1, 58].

Аударма барысында түпнұсқа мәтінді қабылдау және түсіну кезеңінде, сонымен қатар аударманы жасау барысында автоматизм мен шығармашылық орын алады.

Аудармашылар окказионал сөздерді аудару барысында олардың формасына жүгінеді, яғни сөз жасалған сөзжасам үлгісіне негізделіп «жаңа сөзге» түсініктеме беруге тырысады. Сөз бөліктерінің грамматикалық мағынасы жайлы білімді пайдаланып, оны құраушы

компоненттерге бөлуге және грамматикалық құрылымына негізделіп мағынасы жайлы болжам жасайды. Алайда, бұл негізінен нақты бөліктерге бөлінетін окказионал сөздерге ғана қатысты.

Окказионализм интерпретациясына оның құраушы бөліктері ретінде тілдік дерек пайдаланылатындығына немесе аялық білім мен мән-мәтіндік тілдік деректің пайдаланылуына қарай окказионализмдерді келесі топтарға бөлеміз:

1. «Айқын» окказионализмдер, олар құрылымы бойынша түсінікті. Мұндай окказионализмдер мән-мәтіннен де тыс түсіндіріледі, себебі оның құраушы бөліктері семантикалық мазмұны жайлы толық ақпаратты береді. Оның коммуниканттары арасындағы семантикалық қарым-қатынас оңай анықталады.

2. Мән-мәтінді окказионализмдер, олардың прагматикалық және семантикалық маңызы тек мән-мәтін арқылы анықталады.

3. Мәдени шарттас окказионализмдер, олардың құраушы компоненттері арасындағы қарым-қатынас ешқандай мағына бермейді, сондықтан олардың интерпретациясы тілден тыс «аялық білім» негізінде жасалады.

Окказионализм интерпретациясына құрылымының тигізетін әсеріне келер болсақ: авторлық окказионализмдер әдебиетте лексиканың үлкен қабатын құрайды. Ол нақты заттар мен іс-әрекеттер атауынан бастап, жаңа мүмкін емес, қиял-ғажайып кейіпкерлерге дейінгі атауларды қамтиды. Бұл жерде номинация мәселесі ерекше маңызға ие: заттың, ұғымның немесе құбылыстың мағынасымен және дыбыстық, графикалық формасымен қатынасы. Сөз екі жақты табиғатқа ие, ол дыбыстық форма мен мағынаның бірлігі.

Шығармада арнайы құрылған лексикалық бірліктер арасында кез-келген оқырманға танымал, окказионал деп саналмайтын сөздер мен бір шығармада ғана тән сөздер де болуы мүмкін.

Автордың окказионал сөз жасауы оның сипаттауға тырысып отырған әлем бейнесімен байланысты. Жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуы, соның ішінде «окказионал сөздер» оқырманға шығарманың шындығына «енуге» мүмкіндік береді. Көптеген окказионал сөздер мен сөз тіркестерінің аударылатын тілде сәйкес баламасы жоқ. Аудармашы оларды аударылатын тілде бар сөзбен алмастыруға немесе өзінің «окказионал сөзін» ойлап табуға мәжбүр [2; 352].

Сенімсіздік жағдайының арқасында шығармашылық бастама іске қосылады. Аудармашы аударманың дұрыстығы жайлы өз болжамын контекст және өзінің экстралингвистикалық білімінің көмегімен нақтылауға тырысады.

Қандай да бір окказионал сөздің дұрыстығы жайлы пікірінің қате емес екеніне сенімді болмай және өз болжамын сөздік арқылы тексере алмай (окказионал сөздердің негізінен баламасы болмайды) аудармашы өзіндік таңдау жағдайына түседі. Сол арқылы ол окказионал сөздің қандай да бір нұсқасына қатысты шешім қабылдайды.

Аударымдылық теориясы ойдың логикалық құрылымына және тілде семантикалық унерверсалиялардың болуына негізделеді. Тілдер арасындағы семантикалық айырмашылықтар қатынас барысында тілдік және жағдаяттық контекстке байланысты бейтараптанады. Аударма барысында қажетті семантикалық балама жеке сөдер емес, тұтастай мәтін арасында қол жеткізіледі.

Мәтіннің функционалды мүмкіндіктері оны аударма барысында жеткізілу мүмкіндігімен анықталады. Негізінен, рационалды-ақпараттық мазмұн жеткізіледі. Алайда, адекватты аударма мәтіннің мағыналық мазмұнын толықтай жеткізуді ғана емес, оның прагматикалық мүмкіндіктерін жеткізуді де талап етеді. Ол үшін аудармашы экстралингвистикалық факторларды ескеріп аударма мәтініне тиісті өзгерістер енгізеді. Мәтіннің жалпы және оның құраушыларының аударымдылығы екі түрлі мәселе болып табылады.

Кез-келген көркем мәтінде ресми аударуға келмейтін элементтер кездеседі. Аударма тілінде баламаның болмауы аударма мәтінінде лексикалық бірліктер мағынасын жеткізу мүмкін емес дегенді білдірмейді. Ол үшін окказионал сәйкестіктер құрылады. Жалпы тілдік

нормадан ауытқуларды аудырылмайтын элементтер деп санауға болады. Мәтін: аударылмайтын коммуникативті маңызға ие мазмұн элементтері аударылатын элементтерден көп болған жағдайда аударылмайтын болып саналады. Аудармашының міндеті күрделі, сондықтан аударма үрдісін шартты түрде екі кезеңге бөлеміз.

Аударманың бірінші кезеңі – мәтінді түсіну. Алдымен, аудармашы автордың жеткізуге тырысқан мағынасы мен қолданған тілдік бірліктерімен сәйкестендіреді. Сонан соң, аудармашы рецепинт қабылдайтын мағына мен автор қолданған тілдік бірліктерді салыстырады. Және соңында, қабылдаушының мағынасы мен автор жеткізуге тырысқан мағынаны салғастырады.

Аударманың екінші кезеңі. Аудармашы бір мәдениеттегі мәтінді екінші мәдениетке ауыстырады. Ол аударманың тілдік белгілерінің мағынасын түпнұсқа мәтінді оқушының қабылдайтын мәтінімен сәйкестендіреді. Сонан соң, тілдік бірліктер мағынасы мен аударма мәтіннің оқырманы қабылдайтын мағыналарыды салғастырады, ол өз кезегінде түпнұсқа мәтіннің мағынасымен салғастырылады.

Осылайша, аудару дегеніміз салғстыру мен өзіндік үлес қосу. Аудару үрдісінің қиындығы аудармашыға бірнеше мағынамен бетпе-бет келуге тура келетіндігінде, ал ол мағыналар негізнен субъективті сипатқа ие. Сонымен қатар, аудармашының кәсібилігімен аударма үрдісінің субъективтілігі өзара байланысты болады. Бір мәдени негізден әдеби шығарманы екінші мәдени негізге алмастыру өте күрделі. Бұл мағынада аударма қиындығы объективті сипатқа ие.

Окказионал сөзді екінші тілде жеткізу қиынығы тіларалық коммуникация тұрғысынан аударма тілінде баламаның болмауымен сипатталады және окказионализмді екінші тілде жеткізудің негізгі мәселесі оның «мәдени фонын» жеткізу қажеттілігінде. Лингвистикалық әдебиеттерде окказионал сөздердің көптеген атаулары кездеседі, алайда бұл мәселені зерттеуші авторлардың басым бөлігі (И.Г. Дегтярь, Б.В. Кривенко, В.В. Лопатин) авторлық тілдік «жаңа құрылымдар» үшін қалыпты келесі сипаттамаларды атайды:

Әдетте бір реттік қолданыс үшін жасалады және бір сәттік контексте өмір сүреді; Жеке тұлғаның сөзжасам қажеттілігімен байланысты, жаңа сөз жасам ұстанымымен жаслады; Жалпы қолданыстағы сөздерге қарағанда әлдейқайда көр мағыналық мәнге ие; Көптеген жағдайларда тілдік нормаларға сәйке с келмейді [3; 67].

Жоғарыда аталған сипаттамалар олардың аудармасын мүмкін емес етеді. Оларды жеткізу барысында, аудармашы сөзжасамға жүгінуге мәжбүр. Сонымен қатар, авторлық «жаңа құрылымдардың» жоғары мағыналық және көңіл күй элементтеріне қанық болуы оларды аударма барысында түсіріп тастауға болмайтындығын көрсетеді. Аударма барысында сәйкестіктер пайда болады және олар аудармашының жеткізуге тырысып отырған түпнұсқа мәтіннің стилімен, аударма тілінің ерекшеліктерімен, аудармашының шығармашылық тұлғасымен шартталады. Аудармашылық окказионализмдер біртекті емес. Олардың арасында негізгі үш категорияны бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, бұл жеке – аудармашылық лексикалық окказионализмдер, яғни аудармашы түпнұсқа мен аударма контекстіне сәйкес жеке-авторлық функция мен мағынаға сәйкес жасаған сөздері. Оны аудармашы әр түрлі сөзжасам үлгілері негізінде ойлап табады.

Екіншіден, окказионал сәйкестіктердің тағы бір түрі, лексикалық жұптар, онда қалыпты (жеке авторлық сөз немес түпнұсқа сөзтіркесі емес) орнына түпнұсқаның лексикалық бірлігінің орнына ұғымның мағынасы бойынша сәйкес келмейтін аудармада сипатма немесе сөз беріледі. Мұндай баламалар түпнұсқа мен аударма тілдің лексико-грамматикалық жүйесіндегі, түпнұсқа мәтіннің ұлттық ерекшеліктеріндегі, контекстегі айырмашылықтарға бола пайда болады. Мысалы, егер түпнұсқа мәтінде қандай да бір тілдік элементтің немесе көркемдік құрал мағынадан маңызды болса, алайда аудармашы бұл бірліктің мағынасын сақтай алмаса, мағыналық нақтылықты көркемдік құралға «құрбандыққа» шалады.

Үшіншіден, окказионалық сәйкестіктің тағы бір түрі аудармашылық кірме сөздер және оларды тудырушы бірліктер-түпнұсқа реалиялары.

Қорытындылайтын болсақ, авторлық окказионал сөздерді жеткізу негізінен көп жағдайда аударылатын тілдердің ерекшеліктері мен сөзжасам жүйесіне тәуелді. Мұндай бірліктерді аудару барысында түпнұсқа мәтіннің окказионал сөзінің жасалу үлгісіне негізделі керек, алайда бұл әр түрлі тілдік жүйелердің айырмашылықтарына байланысты орындала бермейді. Окказионал сөздердің семантикалық, дыбыстық, стилистикалық реңктері жартылай немесе толықтай жеткізілмейді.

Әдебиет әрқашан да тілдің негізі және оның дамуын анықтайтын басты құбылыс. Осы орайда окказионал сөздерді жазушының шеберлігі арқылы пайда болған қолданыстар ретінде зерттеу керектігі назарға ілінеді. Яғни, окказионал қолданыстарды тілдің динамикалық жүйесінің белсенді процесінің бірі ретінде қарастыру аса маңызды.

Окказионал сөздердің басты мақсаты жаңа мағына мен жаңа форма құру екендігін ескерсек, оның аударма барысында белгілі бір қиындықтар туғызатыны анық.

Окказионал сөздер жаңа мағына мен жаңа форма бейнесі екендігі айқын, бұл оларды аудару барысында айтарлықтай қиындықтар туғызады. Окказионал сөздердің мағынасы әдетте мағыналық ассоциациялардың қосындысы болып табылады. Окказионал сөздердің формасы да жаңа, яғни жаңа мағына берілген тіл үшін жаңа формаға енгізілген. Окказионал сөздердің жасалуын зерттей отырып, біз тілдің жеке аспектісін, оның шығармашылық жағын зерттейміз. Ол жалпы тілдік ережелерге емес тілдік мүмкіндіктер мен сөйлеушінің оларды жүзеге асыру қабілетіне байланысты. Окказионал сөздер тілдің жаңа сөздер жасауда неге қабілетті екендігінің өзіндік көрінісі.

Сонымен қатар окказионал сөздердің формасы деңгейінде таптаурындылық та байқалады. Яғни таптаурындылық сөзжасам үлгісі деңгейінде көрініс табады. окказионал сөздер белгілі болғандай тілде бар сөзжасам үлгісі бойынша немесе берілген тілдік жүйеде бар мүмкіндіктер бойынша жасалады. Осылайша, әмбебап аналогия заңы іске асады (белгісізді белгілі арқылы білдіру). Окказионал сөздердің жасалуы ғана емес, оларды қабылдау, түсіну мен басқа тілге аударуда да шығармашылық пен стереотиптердің бірігуі жүзеге асады. Автоматизм мен шығармашыл аударма барысында түпнұсқа мәтінді түсіну, қабылдаумен қатар аударма мәтінін жасауда да орындалады.

В. Фон Гумбольдтың тілдің адамды айналдыра сызған шеңбері жайлы ойын окказионал сөздердің аудармасы жайлы айтар болсақ, сөз формасы аудармашыға қатысты шеңбер сызады деуге болады. Әдетте, окказионал сөздер аудармасы мен интерпретация нұсқалары формаға ие (мысалы, unwish - қаламау, teleputers –телепьютерлер). «Жаңа сөзге» түсініктеме беруге тырыса отырып, аудармашылар өздеріне белгілі мәселеден – сөз формасынан, ол құрылған сөзжасам моделінен бас тартады. Сөзді құраушы компоненттереге бөлуге және сөз бөліктерінің грамматикалық мағынасы жайлы білімді пайдаланып, өзіндік «грамматикалық гипотеза», яғни грамматикалық құрылымына негізделген, сөз мағынасы жайлы гипотеза құруымыз қажет. Бұл жағдайда окказионал сөздерді компонент бойынша түсіну мен аудару жүзеге асады. Алайда, бұл тәсіл негізінен «айқын», нақты бөліктерге бөлінетін окказионал сөздерге қатысты екендігін атап өту қажет. Күрделі құрылым, әдетте, әр түрлі аудару тәсілдерін қажет етеді (алайда, олар да, окказионал сөздернің сөзжасам моделінен шығады) [4,151].

Сонымен, окказионал сөзді түсіну мен аударудағы стереотиптілік, ең алдымен сөздің сөзжасам моделінің көрінісі болып табылады. Шығармада арнайы жасалған лексикалық бірліктер арасында кез келген оқырманға белгілі "робот", "бластер", "космолет", "андроид" сынды сөздермен қатар, тек бір ғана шығармаға тән сөздер де кездеседі. Мұндай лексикалық бірліктер үш түрлі болуы мүмкін: *фонетикалық*-тілде тіркелмеген фонемалар жиынтығы (grok, slan, kzin); *морфологиялық* –морфемалардың әдеттен тыс тіркесі (wirehead, corpsicle, hidinged, lowtechs); *синтактикалық* – сөздердің әдеттен тыс тіркесуі (touchsculture, flash crowd).

Мәтін авторының «окказионалды» сөздерді жасауы, оның сипаттауға тырысып отырған әлем бейнесімен тығыз байланысты. Жаңа лексикалық бірліктердің, соның ішінде окказионал сөздердің пайда болуы оқырманға шығарма шындығына енуге мүмкіндік береді.

Мысалы, Ларри Нивен «Flash Crowd» әңгімесінде өз кейіпкерінің мамандығын *roving newstaper* деп атаған. *«Newstaper»* сөзі оқырманға басты кейіпкердің телекамераны пайдаланатын тілші екендігін көрсетуге, яғни газеттердің орнын теледидар жаңалықтары басқандығын айқындауға арналған. Ал әңгіменің атауына келетін болсақ, оның мағынасы тек шығарманы оқыған соң ғана белгілі болады. Мұндай окказионал сөздер мен сөз тіркестерінің аударма тілінде эквиваленті жоқ және болуы мүмкін емес. Аудармашы оларды аударма тілінде бар сөзбен алмастырады немесе өзінің «окказионал сөздерін» ойлап табады.

Екінші жағдайда қиындық тек, окказионал сөздер мен сөз тіркестерінің эквивалентсіздігіне ғана келіп тірелмейді. Оларды түсінудегі маңызды құрал контекст болып табылады. Сонымен қатар, окказионал сөздерді аударудағы маңызды фактор аудармашының жалпы эрудициясы. Әлемнің өзіндік бейнесінен басқа әлем бейнесін елестете алмайтын аудармашы, аударма тілінің оқырманына түпнұсқа тілдегі әсерді жеткізе алмайды.

Аудармашының шығармашыл бастамасы «сенімсіздік» жағдайы ақылы өткірлене түседі. Қандай да бір окказионал сөзді түсінуінің дұрыстығына сенімді бола алмағандықтан және өз аудармасын сөздіктен тексере алмағандықтан (окказионал сөздердің сөздікте эквиваленті болмайды) аударамшы гипотезаны контекст және экстралингвистикалық білімі арқылы беруге тырысады. Аудармашы өзіндік таңдау жағдайында, яғни оған қандай да бір нұсқаға қатысты шешім қабылдауға тура келеді.

Аударманың принципиалды мүмкіндігі ойлау жүйесінің логикалық құрылымына және тілде сементикалық универсалиялардың болуына негізделеді. Тілдер арасындағы семантикалық алшақтықтар сөйлеу барысындағы тілдік және жағдайлық контекст арқылы жоққа шығарылады. Аудармаға қажетті семантикалық эквиваленттік жеке элементтер арасында емес, толықтай мәтін арасында орнайды. Мәтіннің функционалды параметрлері аударма барысында жеткізудің әр түрлі жолдарымен сипатталады. Басқа жақтарына қарағанда рационалды-ақпараттық мазмұны көбірек беріледі. Алайда, толыққанды аударма тек түпнұсқа мәтіннің мағынасын толықтай беруді ғана емес, сонымен қатар оның прагматикалық мүмкіндіктерін көрсетуді де қамтиды. Ол үшін аудармашының экстралингвистикалық факторларды ескере отырып, аударма мәтініне тиісті өзгерістер енгізуі қажет. Мәтіннің толықтай және оның жеке бөліктерінің аударылуын ажырата білу қажет. Кез келген мәтінде ресми аударуға келмейтін элементтер болады. Аударма тілінде эквиваленттің болмауы аударма мәтінінде лексикалық бірліктің мағынасын беру мүмкін емес дегенді білдірмейді. Ол үшін окказионал сәйкестіктер жасалады. Шынайы аударылмайтын элементер деп жалпы тілдік нормадан ауытқуларды ғана айтамыз.

Аудармашының міндеті өте ауыр. Шартты түрде аударма үрдісін екіге бөлеміз: алдымен, аудармашы автор пайдаланған тілдік бірліктерді ол беруге тырысқан мағынамен теңестіреді. Сонан соң, аудармашы берілген тілдік бірліктердің мағынасын мәтінді оқушы оқырман алатын мағынамен теңестіреді. Және ең соңында ол оқырман алатын мағына мен автор мағынасын теңестіреді. Алайда бұл аударманың бірінші – мәтінді түсіну кезеңі. Ары қарай аудармашы бір мәдени ортадан екіншісіне өтеді. Түпнұсқа мәтіннің мағынасын алушы мен аударма тіл таңбаларының мағынасын теңестіреді. Бұл аударманың екінші кезеңі. Окказионал сөздер дәл осы «мәдениеттер сұхбатын» жоқа шығаратын объективті және субъективті факторлардың бірлігі десек те болады. Тіл аралық коммуникация тұрғысынан алғанда, окказионал сөздерді басқа тілде берудің басты қиындығы оның эквивалентінің жоқтығында. Мәдениетарлық коммуникация тұрғысынан алғанда окказионал сөздерді басқа тілде берудің негізгі мәселесі оның «мәдени фонын» жеткізу қажеттілігі.

Хампира Е. екі тіл мен мәдениеттің, екі ұлттық әлемнің бейнесінде бірнеше аймақтың бар екендігін айтады: «түпнұсқа тіл мен мәдениет аймағы, ол аудармада берілмейді; қабылдаушы тіл мен мәдениет аймағы және қаым қатынасқа түсуші мәдениет пен тіл аймағы». Окказионал сөздердің тіл мен мәдениетке қатысты алғашқы екеуіне жататындығы анық [5, 43]. Осылайша, аударма тенестіру мен толықтыру мағынасына ие болады. Аударма үрдісінің қиындығы аудармашыға бір ғана мағынамен емес, объективтіден гөрі субъективті сипатқа ие бірнеше мағынамен жұмыс істеуге тура келетіндігіне саяды. Аударма үрдісінің

субъективтілігі сонымен қатар аурмашының кәсіби қабілетіне де байланысты. Сондай ақ, көркем шығарманы бір мәдениеттен екінші мәдениетке еш қиындықсыз көшіру мүмкін емес. Бұл мәселеде аударма үрдісінің қиындығы объективті сипатқа ие.

Әдебиеттер тізімі

1 Поздеева Е.В. Диссертация: «Окказиональное слово: воспроизведение и перевод». – Москва: 2002. – 58 с.

2 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – Москва: 1980. – 352 с.

3 Виноградов В.С. Введение в переводоведение. –Москва: 2001. – 67 с.

4 Бабенко Н.Г. Окказиональное в художественном тексте. Структурно-семантический анализ: Учебное пособие. – Калининград: Университет Калининграда, 1997. – 151 с.

5 Хампира Е. Проблематика окказионального слова. – Москва: Высшая школа, 1972. – 43 с.

В статье рассматриваются окказионализмы, встречающиеся в художественных произведениях английского языка, и их перевод на русский и казахский языки. Авторские окказионализмы позволяют раскрыть идею автора, интерпретировать и правильно передать на языке перевода. Окказионализмы рассмотрены как отдельно, так и в контексте, раскрыты их лингвистические и экстралингвистические особенности.

In the article considered nonce-words from fiction in the English and its translation into Russian and Kazakh languages. Nonce-words can reveal the author's idea, to interpret and correctly transflate to the target language. Nonce-words considered separately and in the context of the disclosure of their linguistic and extra-linguistic features.

УДК 81’37

С.К. Сәтенова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Астана, Қазақстан
satenova_sk@enu.kz

МӘДЕНИ НЫШАНДЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Берілген мақалада эмоционалды тұрақты тіркестердің құрамы мен құрылымы, тілде қалыптасу негіздері, тұрақталу себептерінің зерттелуі, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тек тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық, экстралингвистикалық факторлары қарастырылады. Олардың кейбірі уақыт өте келе семантикалық тұрғыдан дамып, жаңа үстеме мағынаға ие болса, енді бір тобы өзінің бастапқы мәнін де, ауыспалы мәнін де сақтаған.

Кілт сөздер: этнолингвистика, мәдени нышанды тұрақты тіркестер, сөздердің этнолингвистикалық сипаты, қазақтың салт – дәстүрлері, әдет–ғұрыптары

Тұрақты тіркестердің құрамы мен құрылымын, тілде қалыптасу негіздерін, тұрақталу себептерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тек тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық, экстралингвистикалық факторларымен қызықтырады. Олардың кейбірі уақыт өте келе семантикалық тұрғыдан дамып, жаңа үстеме мағынаға ие болса, енді бір тобы өзінің

бастапқы мәнін де, ауыспалы мәнін де сақтаған. Тілдегі кейбір еркін тіркестер уақыт өте келе ықшамдалып, қолдануға даяр, аз сөзбен терең ұғымды білдіретін тұрақты тіркеске айналған. Бұл мақалада қазақ тіліндегі бірқатар тұрақты тіркестер этнолингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың құрамындағы сирек кездесетін, мағынасы күңгірттенген кейбір бірліктерге сараптама жасалады.

Этнолингвистиканың мәні мен қызметі шетел және отандық тіл білімінде біршама зерттелген. Осы орайда, этнолингвистика саласының зерттеу нысанын, мақсат–міндеттерін, бағыт–бағдарын айқындаған Н.И. Толстой, Ә.Т. Қайдар, М.М. Копыленко, Е.Жанпейісов т.б. еңбектерін ерекше атап өткеніміз жөн болар. Тұрақты тіркестердің шығу төркіні жайында сөз қозғағанда, тарихи ізі көмескіленген, салт–дәстүр, әдет–ғұрыпқа, діни наным–сенімдерге байланысты туындаған кейбір сөз оралымдарының қайнар көзі мен қалыптасу кезеңі, себеп-салдары айтылады. Мысалы, этнографиялық еңбектерде не әдеби, фольклорлық туындыларда *айдарлысын құл, тұлымдысын күң [тұл]* етті тіркесі жиі қолданылады. Бұл бейнелі сөз оралымының халық басынан кешірген тарихи кезеңге, шапқыншылыққа байланысты туындағаны, "жау бейбіт елді шауып алып, тұтқындап, ер–азаматын құл, қыз–келіншегін күң етті" деген мағынаны беретіні түсінікті. Алайда осы тіркестің құрамындағы бүгінгі күні сиректеу қолданылатын *айдарлы* мен *тұлымды* сөздері өскелең ұрпаққа түсініксіздеу болуы мүмкін және олардың қатар қолдануының этнолингвистикалық мәні бар. Тұрақты тіркестің тілдік табиғатын түсіну үшін оның жалпы мағынасын үстірт қарап топшыламай, осы ұғымдарды қалыптастырған тарихи дәуірге зерделеп қараған жөн. Сонымен, *айдарлы* деген кімдер және *айдар тағу* нені білдіреді? Бұл сұрақтарға жауар беру үшін энциклопедиялық деректерге сүйенелік.

«Ертеректе перзент көрмей зарығып жүріп, аяқ астынан ұлды болса, оның төбесіне бір шоқ шаш қойып, оған маржан-моншақ араластырып өріп қоятын салт болған. Кейбір хан ұрпақтары мен бай-манаптар да жақсы көрген ұлдарының төбесіне айдар қойды. Құлдың, күңнің балаларына айдар қойғызбаған. Бұл дәстүрдің де өзіндік мәні бар. Төбесінде айдары бар балаларға үлкен кісілер ерекше назар аударып, ондай перзенттерге сүйіспеншілікпен қарап, көрген жерде қастарына шақырып, аты-жөнін сұрап, ықылас-баталарын беріп отырады. Қазақтың халық ауыз әдебиетінде *айдарлы (ұл), тұлымды (қыз), алтын айдар, шоқ белбеу* т.б. фразеологиялық тіркестердің жиі кездесуі бұл салттың этномәдени өмірде кеңінен таралғанын көрсетеді. Айдардан не тұлымнан зорлап айыру оның иелерінің әуелгі әлеуметтік статусынан айрылғандығын бейнелейді. Батырлар жырында көп кездесетін *тұлымдысын тұл қылды, айдарлысын құл қылды* тәрізді сөз орамдары жеңілген жақтың мүлдем әлсірегендігін білдіреді. Айдарды бала жеті жасқа немесе он үш жасқа келгенше тілдің көз-сұғынан сақтайды деп алғызбаған» [1, 86]. Фольклорлық туындыларда балуан денелі жауынгерді *жауырыны қақпақтай, айдары үлкен тоқпақтай* деген сипаттамаларды кездестіруге болады. *Тұлым* сөзінің сөздікте екі түрлі мағынасы берілген: 1) жас балалардың, шекесіне, шүйдесіне қойылатын ойма шаш, тұлымшақ; 2) қыз баланың өруге келмейтін қысқа шашы [2, 418]. Қазіргі кезеңде айдар, тұлым қою ғұрпы сиректеу кездеседі. Ата–бабамыз отты тәңірдің адамға жіберген сыйы деп түсініп, оны қастерлеп, киелі санаған. Мысалы, жас келін үйдің босағасын алғаш аттағанда отқа май салады. Келіннің үлкендерге әкелген сыйлығын "отқа салар" деп атаған. Сонымен қатар, жаңа туған жас сәбиді бесікке бөлерде: *алас–алас, әр пәледен қалас* деп бесікті отпен аластап, аластаған отын күлге тастайды [3, 46]. Оттың құдіретіне, қасиетіне сенген халық ертеректе қыстаудан көктеуге не жайлауға көшерде екі жерге от жағып, бүкіл көшті, "барлық пәле – жала осы жерде қалсын" деген ниетпен, оттың арасынан өткізген [4, 195]. Аластаудың бұл түрі мал індеті болғанда да жасалады, жерге жағылған оттың ортасынан көш не малды өткізгенде "алас – алас, отқа қалас" дейтін болған [4, 202]. Бертін келе *алас – алас, отқа қалас; алас – алас, әр пәледен қалас* тіркестері құрамы тұрақты, мағынасы тұтас, қолдануға даяр тілдік единицаға айналған. *Аузын үріп, аяғын сырып [сыпырып], табанын қырып өсірген* тұрақты тіркесі «әлпештеп өсірген, бағып–қаққан бала» деген ауыспалы мағынада да қолданылады. Мысалы:

Екеуі де өз қолымнан боталатқан, пәлендей інгенімнен туған, *аузын үріп, аяғын*

сыпырған түйем еді [ҚТФС. 68-б.] деген сөйлемде талданып отырған тұрақты тіркес өзінің бастапқы номинативті мағынасында қолданылса, енді келесі сөйлемде ол ауыспалы түрде "әлпештеп өсірген бала" бейнесін суреттейді: … Әке – шешесінің көзі тірі, соларға келіп сәлем беріп кетсе болмай ма? Біздің жаққа қарап аяғын баспады–ау. *Аузын үріп, табанын қырып өсірген* әкесі мен шешесі не жазды [ҚТФС. 68-б.]. *Аузын үріп, аяғын сырып [сыпырып], табанын қырып өсіру* фразеологизмінің түп–төркіні жаңа туған төлді мал санатына қосудағы малшы қауымының атқаратын ауыр бейнетіне байланысты. Бұл мәселе ғалым Ж.Бабалықұлының еңбегінде кеңінен сипатталады: "…Төлдің шаранасы қалың болып, тұмсығы шаранаға оралып туғанда, дер кезінде *шаранасынан сыпырып, аузын үрлеп*, оның тыныс алуына көмектесу қажет. Өйткені, енесі шарананы жалап – жұқтап ашқанша немесе төл өзі булығып, тулап жүргенде тұмсығы, аузы ашылмаса, тұншығып өліп кетуі мүмкін. Төл денесін сыбастыра орап тұратын жылпылдақ шарананы енесі басынан – аяғына дейін жалауы тиіс, егер ол төлдегенде қиналып, әлсіреген болса, оған иесі көмектескен дұрыс" [5,102].

Міне, осы бір табиғи құбылысты бейнелейтін сөз тіркесі белгілі бір ұқсас, біркелкі аялық элементтерге орай [сылап–сипау, жағдай жасау, күту] ауыспалы түрде жас, әлпештеп өсірген бала образын бейнелеуде де жұмсалады. Алайда, оны дұрыс түсіну үшін ата-бабамыздың кәсібі – мал өсіру, төлді күтіп- баптау тәсілдері жөнінде хабардар болуымыз қажет. Көненің көзі іспеттес, діни наным – сенімге байланысты туындаған *сүт көп, көмір аз* тұрақты тіркесінің шығу төркіні Ш. Уәлихановтың "Қазақ арасындағы шаман дінінің қалдығы" деген еңбегінде этнографиялық тұрғыдан былайша түсіндіріледі: "Күн күркіреп, найзағай жарқылдағанда әйелдер үйінен қолына шөміш алып, жүгіріп шығады да, *сүт көп, көмір аз* деп күбірлеп, шөмішімен үйін сабалайды. Осыдан кейін үйіне кіріп, шөмішін есік жақтағы керегенің көгіне іледі де, әлгі сөзді тағы да қайталап, босағаға айран құяды. Бұл ырым қазақтардың күннің жауғанына қуанып, жер көгерсін, мал тойынып сүтейсін деген тілегінен туындаса керек" [6, 182]. Қазіргі уақытта *сүт көп, көмір аз* тұрақты тіркесінің этнографиялық негізі көмескіленіп, мүлде басқа, "істің немен тынары белгісіз, көз жетпейді" деген мағынаны білдіреді. Мысалы: Қараменденің айтқаны: Нұрланнан кейін сендердің алдыңа бала әкеліп салғанымша, *сүт көп, көмір аз* [ҚТТС.8-том, 432-б.].

Құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін айтты [қопарды] фразеологизмі «дәнеңе қалдырмай, барлығын айту, бар кінәні үйіп–төгу» деген мағынаны білдіреді. Осы тіркестің шығу төркінінің мал ауруына байланыстылығы Ж.Бабалықұлының еңбегінде сипатталады: «Жылқы құлын күнінде «сақау» дейтін ауруға (сағағында болады) жиі ұшырайды. Бұдан оның тамағының безі ісініп, енесін еме алмайтын халге жетеді, ал, құнан күнінде сүт тістері түсіп, берік тістер шығады, мұны «тісеу» деп атайды. Демек, ескі дауларын ұмытпай, бүге–шігесіне дейін қалдырмай айтатын кісі қылығын бейнелі түрде *құлындағы сақауы, құнандағы тісеуін айтты [қопарды]* дейді» [5, 190]. Ал енді осы фразеологизмнің адамға қатысты ауыспалы мағынада қолдануындағы логика мен уәжді түсіндіруде тағы да сол этнолингвистикалық факторға сүйенуге тура келеді. Жылқы төлінің өсу үдерісінде табиғи түрде болатын болмашы ауру–сырқауы мен ісі түсіп отырған адамға ұсақ–түйек нәрселерді сөз қылған кісінің келеңсіз әрекеті арасындағы сәйкестіктіктерге байланысты *құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін айту* тіркесі адамның іс–әрекетін бейнелі түрде сипаттау барысында қолданылады.

Қазақ халқының басынан кешкен тарихи кезеңді суреттейтін тұрақты тілдік бірліктердің бірі – *қазақ қайың сауғанда, қырғыз Гиссар ауғанда…* Бұл – XVII – XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығынан қалған қанатты сөз. Онда елінен, жерінен ауып, қуғын көрген, ашығып, азап шеккен қазақтардың қайың қабығын сорған, қырғыздардың тәжік тауын паналаған, *Гиссар* ауған кездері бейнеленген [7, 142]. Белгілі жазушы Б. Қыдырбекұлы осы оралым құрамындағы *қайың сауу* тіркесіне мынадай этнолингвистикалық сипаттама береді: "…Қайың сауу" қалың қазақ алғаш 1723 жылы қалмақтар шабуыл жасап, қазақтар шығарға өр, кірерге көр таппай, бет–бетіне тентіреп кеткенде болды. Елінен, ерінен айырылған халық шұбырындыға ұшырады; қан өзен болып аққан заманда халық тентіреп, қаңғып, біреуі жегжат–жұрат қуалап күн кешсе, енді бірі кәдуілгі сыңсыған орманға кіріп,

қайынды тесіп, оның сөлін ағызып не сорып күн көреді. Ел еңіреген, табаны тіліниіп тентіреген сол жағдайлар кейін "қайың сауып кетті" ұғымын қалыптастырды [8, 230].

Демек, *қазақ қайың сауғанда, қырғыз Гиссар ауғанда* тұрақты тіркесінің шығу төркіні қазақ халқы басынан өткерген осы қиын–қыстау кезеңдерді сипаттайды. Осындай көненің көзі іспеттес б*ілсе барымта, білмесе сырымта* тіркесінің тілде қалыптасу тарихын С. Мұқанов жесір дауы, жер дауы, рулық талас–тартыспен байланыстырады: "Барымта – жәбірлік көрген елдің (рудың, атаның) қарсыластарынан зорлықпен мал, әсіресе жылқы айдап алуы. Әдетте, бұл әрекет түн мезгілінде жасалады. "Барымта" ру намысына жататын ұғым болғандықтан, намысқа шаппайтын ағайын қалмаған. Олар өзіне қарсылас елдің кез келген жылқысын айдап әкетіп, білдірмей сіңіруге тырысқан. Қазақтың б*ілсе барымта, білмесе сырымта* деуі содан шыққан" дейді. Осы айтылған деректер этнограф ғалым А.Е. Левшин еңбегінде де кездеседі [9, 304]. *Аттанып барып жылқы алған, ат үстінен ұйқы алған* тіркесі де барымтаға байланысты қалыптасқан. Демек, тұрақты тіркестердің әрқайсысының қалыптасу кезеңі, тарихи негізі бар. Бір мақаланың аясында барлығын қамту мүмкін емес, сол себепті салт–дәстүрге, әдет–ғұрыпқа, діни наным–сенімге, тарихи өтпелі кезеңдерге байланысты туындаған кейбір мәдени нышанды тіркестер ғана қарастырылды.

Әдеби шығармаларда, фольклорлық туындыларда діни наным – сенімге орай қалыптасқан тіркестер де аз емес. Солардың бірі – *бал аштырып, бақсы ойнату*. Бал ашу, бақсы ойнату түрлері жөнінде белгілі саяхатшы, этнограф–ғалым А. Левшин өзінің көріп, көңілге түйгендерін былайша сипаттайды: ...Жауырыншы қойдың сүйегін етінен ажыратып, оны әбден күйіп, шытынағанша отқа ұстайды. Сонан кейін шытынаған, жолақ–жолақ іздерге қарап отырып, өткен–кеткенді айтып, болашаққа болжам жасайды. Бал ашушылардың екінші тобын ырымшы (рамчи) деп атайды. Олар құран оқып, аруақтарды шақырып отырып, жанып жатқан отқа қойдың тоң майын салады да, от алауының түсіне қарап отырып сәуегейлік етеді, ал жұлдызшы белгілі бір жұлдыздарға қарап отырып жорамал жасайды.

Осы еңбекте ауру кісіге бағышталған бақсы ойыны да суреттеледі. Бақсының жәйлап қобызын тарта отырып тербетілгені, бірте–бірте жұлқынып, ышқынып, аузынан ақ көбігі, үстінен тердің " шүмектеп" аққаны, кей бақсылардың қатты қыздырылған темірдің, көмірдің үстінен жалаңаяқ жүретіні, қылышты, пышақты жұтатыны нақты деректер арқылы баяндалған [9, 65]. Демек, салт–дәстүр, әдет–ғұрып немесе тарихи оқиға ғана емес, сырт көзге елеусіздеу көрінетін бал аштыру, бақсы ойнату тәрізді халықтың наным –сенімдері де тілде көмескі тартқан іздерін қалдырып отырған. *Батырдан – сауға, аңшыдан – сыралғы.* "Ертеде өлімге немесе ауыр жазаға кесілген адамға *сауға*, яғни кешірім, бостандық немесе жеңілдік сұрайтын дәстүр болған. Мұндай күрделі іске беделді, сөзі өтімді кісілер арнайы жіберіледі. Сауға сұраған кісі тиісті құн, шығынды өтеп, екі елді бітімге келу жолына шақырады. Ал, *сыралғы* – қанжығасы қанданып, олжалы келе жатқан аңшыдан немесе саятшыдан сұралатын жол. Дәстүр бойынша, олжа бірінші кездесіп сыралғы сұраған кісіге берілуі тиіс" [10, 40]. *Батырдан сауға, аңшыдан сыралғы* тұрақты тіркесінің төркіні жоғарыда баяндалған жөн–жоралғыларда жатқанымен, бертін келе біреуден олжа дәметкенде, бір затқа көңілі кеткенде немесе әлдебір кісіні арашалап қалуға тырысқанда да қолданылатын болған.

Сонымен, қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің басым көпшілігі белгілі бір құбылысқа немесе тарихи оқиғаға байланысты туындаған және олардың кейбірі семантикалық тұрғыдан дамып, жаңа үстеме мағынаға ие болған. Уақыт өте келе ықшамдалып, бейнелілік қалпын сақтаған тұрақты тіркестер қолдануға даяр, аз сөзбен терең ұғымды білдіретін тілдік бірлікке айналған. Халық өмірімен тығыз байланысты мәдени нышанды тұрақты тіркестерді арнайы зерттеп, олардың этнолингвистикалық төркінін айқындаудың танымдық және тәрбиелік мәні зор.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. –Алматы: DPS, 2011,736 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2011,798 б.
3 Қазақтың салт – дәстүрлері. Алматы: Рауан, 1994, 46 – б.
4 Арғынбаев А. Қазақ халқындағы жанұя және неке. Алматы: Ғылым, 1973, 195 – б.
5 Бабалықұлы Ж. Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар.1986, 102– б.
6 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985, 182 – б.
7 Төреқұлов Б. Қанатты сөздер. Алматы: Жазушы, 1977, 142 – б .
8 Қыдырбекұлы Б. Алатау. Алматы: Жазушы, 1991, 230 – б .
9 Левшин А. Описание киргиз–кайсацких орд и степей. Этнографические известия. Спб.1832, ч.3, С. 304.
10 Қазақтың салт – дәстүрлері мен әдет–ғұрыптары. Алматы: Ана тілі, 1994, 40, 43–б.

Возникновение большинства устойчивых сочетаний казахского языка обусловлено какими-то явлениями или историческими событиями в жизни народа, в результате которых трансформировалась их семантика и содержание наполнилось новым смыслом. Культурно-маркированные устойчивые сочетания тесно связаны с жизнью народа, его чаяниями, бытом, традицией и обычаями. Исследование этнолингвистических основ возникновения устойчивых сочетаний представляется актуальной темой современных исследований.

Origin of the majority of set expressions of the Kazakh language is caused by some phenomena or historical events in life of the people as a result of which semantics and contents were transformed and filled with new sense. Culturally marked set expressions are tightly connected with life, expectations, traditions and customs of the people. The research of ethnolinguistic bases of origin of steady combinations is represented as an actual topic of the modern researches

УДК 070.4

Б.К. Сердәлі
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан
aksari@mail.ru

PR-ДАҒЫ «ОҚИҒАЛЫ КОММУНИКАЦИЯ»

Мақалада PR жұмысында айрықша орын алатын «оқиғалы коммуникацияның» ақпарат туғызушы себеп-салдары мен маңызы сөз болады. Әсіресе, баспасөз қызметінің мақсатты аудиториямен, журналистермен жұмысындағы әлсіз және күшті тұстары кеңінен талданады. БАҚ-пен өзара келісім-шарттар түзу қарсаңында туындайтын даулы мәселелер турасында жағдайдан шығудың нақты мысалдары келтіріліп, алдын-ала жоспарланған іс-шараның өтпей қалуына немесе кейінге шегерілуіне себеп болатын салдарлар қарастырылады. Өз бетінше «әрекет ету құралы» арқылы мақсатсыз жұмыстың неге апарып соғатыны талданады. «Ақпараттық себеппен» жұмыс істеу кезінде баспасөз хатшысы ұстанар әдіс-тәсілдер ұсынылады.

Кілт сөздер: оқиғалы коммуникация, ақпараттық себеп, баспасөз қызметі, қоғаммен байланыс, баспасөз хатшысы.

«Оқиғалы қарым-қатынас» термині PR-да жиі қолданылатын «ақпараттық себеп» ұғымымен тығыз байланысты. «Ақпараттық себеп» деп отыроғанымыз - сыртқы аудиторияға өте қызықты болып көрінетін оқиғалар тізбегі. Мәселен, әлдебір оқиға қоғамдық пікір туғызды делік, ол пікірталасқа себеп болады да, осы арқылы кезектен тыс баспасөз мәслихатын шақырып, көпшілікке түсіндірме жасауға тура келеді. Яғни, «оқиғалы қарым-қатынас» ұғымы арқылы баспасөз қызметінің сегменті пайда болады, соның нәтижесінде «ақпараттық себеп» туындайды. Әрі қарай БАҚ өкілдері тікелей қатысатын белсенді процесс басталады.

Оқиға баспасөз қызметінің мақсатына қызмет ету үшін міндетті түрде ол мақсатты аудиторияның мүддесін қамдауы тиіс немесе елді қызықтыратындай күтпеген сипат алуы керек. Мысалы, жел тұрып, қураған ағаш машинаның үстіне құласа, ол жаңалық емес, өйткені ондай оқиға жиі кездеспесе де болып тұрады, ал автомашина ағаштың үстіне құласа, бұл жаңалық. Ол қоғамдық пікір тудырып, ел назарын аударады.

Баспасөз қызметінің қатысуымен ұйымдастырылған оқиғалардың басым бөлігі ақпараттық себепке айналуы тиіс. Сонда ғана ол мақсатты аудиторияны өзіне тарта алады.

Ақпараттық себеппен жұмыс істеу кезінде мынаны ескеру керек: мекеменің ішкі өміріне қатысы бар оқиғалар (мысалы, компания басшысының акционерлер алдында сөйлеген сөзі) сыртқы аудиторияға қызығушылық тудырмауы мүмкін. Сол үшін баспасөз қызметі ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, хабарлама түрінде жазады. Яғни оқиғаға мән бере отырып, баспасөз үшін маңызы бар мәселеге ғана көңіл аударады.

Оқиғаның қоғамдық мәні бар жаңалық болуы маңызды емес, бастысы – сол оқиғаның БАҚ ықпалымен мақсатты аудиторияның қызығушылығын тудыруында. Қоғаммен байланыс қызметкерлерінің пікірінше, жаңалықтың 80%-ын ақпараттық себеп салдарында өндеп, адамдардың белгілі бір тобына қызықты етіп беруге болады екен. Бұл әрі баспасөз қызметінің белсенділігін арттырады.

Егер мекемеге БАҚ-тың назарына ілігіп, оқиғаға тікелей қатысу міндеті жүктелсе, ақпарат кеңістігін ақпаратпен жаулап алу жұмыстарын атқаруға тура келеді. Сондықтан өмір ағысымен жылжи беруге, үнемі табиғи сипаттағы оқиғамен шектеліп, жоспарлы жұмыспен қанағаттана салуға болмайды.

Бірінен соң бірін, кезегімен ақпарат алаңын қалыптастырып, сол мақсатта нәтижеге жетудің бірден-бір тәсілі – «оқиғалы қарым-қатынасты» қалай іске асырудың жолдарын іздеу. Кейбір ғалымдар «арнаулы іс-шаралар өткізетін мекеме ашуды» ұсынады. Бірақ «арнаулы оқиға» PR-дың жеке әдісі ретінде мәртебе ала алмайды, олар коммерциялық құрылымның құрамында болып қана қоғамдық өмірге етене араласа алады. Қазіргі кезде оқиғалы менеджемент *public velations*-тың жеке бағыты болып отыр [1, 121].

Біздің пайымдауымызша, «оқиғалы қарым-қатынастың» ықпалымен арнайы ұйымдастырылған шаралардың саны мен аясы өте кең. Бұған соттың арнайы ұйымдастырған отырыстары да, айғақты материалдарды әшкерелеу де, сондай-ақ, басқа да көптеген шаралар жатады.

Енді «оқиғалы қарым-қатынасқа» енетін іс-шаралардан мысал келтірейік: баспасөз мәслихаттары; баспасөз турлары, саммиттер, БАҚ өкілдері қатысқан дөңгелек үстелдер; мекеменің бастамасын қолдайтын немесе қол жинайтын интерактивті жиындар; мерекелік шаралар, жәрмеңкелер, көрмелер, қамқорлық акциялары; мекеменің өнімін виртуалды желі арқылы жарнамалау жобасын жасау; корпоративті логотип пен төлұран тудырушыларға сыйлық тағайындау.

Жоғарыда келтірілген тізімде біз тек «оқиғалы қарым-қатынас» шарасына жатады-ау дегендерін ғана тіздік. Бұл жерде біздің жеке мүмкіндігіміз ғана ескерілді, ал шын мәнінде баспасөз қызметі бұдан басқа да көптеген шараларды өткізуге қауқарлы. Кез-келген PR-қызметі БАҚ-пен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, сондықтан журналистерге бағытталған іс-шаралар баспасөз қызметі аясында атқарылса ерекше сипат алатыны даусыз.

«Оқиғалы қарым-қатынастың» міндетті шарттарының бірі – келешекте болатын жаңалықтарды көпшілікке жеткізіп тұру.

Түсінікті болу үшін «оқиғалы қарым-қатынастың» үш түрлі базалық категорияларын атап өтейік: ақпарат алмасу үшін жұмыс іс-шарасын өткізу және қолданушылардың қанағаттануын жаңа біліммен қамтамасыз ету (семинар, конференция т.б.); ақпарат берудің белгілі бір бұқаралық іс-шараларын өткізу, мақсатты топтың белсенділігін арттыру, қызықты бағдарламалар жобасын әзірлеу; эмоциональды әсер ете отырып, белгілі бір аудиторияға қызмет етудің іс-шарасын өткізу.

Кез-келген оқиға жоғарыдағы категориялардың біріне енеді, өйткені мұндай жіктеу барлығына ортақ. Оларға мыналар жатады:

- уақыты мен орны
- қолданушылары
- әрекет құралы
- жоспарланған нәтиже

Оқиғалардың барлық элементтері бір-бірімен тығыз байланыста. Себебі өтетін орынды таңдау, қолданушылардың қарым-қатынасқа түсетін ортасын белгілеу алға қойған мақсатқа жетудің нәтижесін бере алады. Мысалы, ірі келісім-шарттар түзу қарсаңында туындайтын даулы мәселелер тосын оқиға болып қабылданатындықтан іс-шараның өтпей қалуына немесе кейінге шегерілуіне себеп болады. «Әрекет ету құралы» арқылы біз оның неге апарып соғатының жақсы білеміз. Бұлар көбіне мекеменің мақсатына қарай айқындалады. Оқиға нәтижесі де жағдайдаға ықпал ету процесіне байланысты түйінделеді. Баспасөз қызметі міндетті түрде мынаны ескеруі керек: орта деңгейлі немесе ірі оқиғалар БАҚ арқылы берілгенде көпшіліктің санасында 3-4 күнге дейін сақталады.

Қоғамдық байланыс жүйесінде оқиғаның төмендегідей жіктелуі қалыптасқан: Кімге меншіктелуіне қарай (өзінікі немесе басқанікі); Жалғасын табуына қарай (бір немесе бірнеше); Мақсатты аудиториясына қарай (бір немесе бірнеше).

Қай категорияға жататындығына қарамай, әрбір оқиға PR үшін нәтижелі құрал болып табылады. Егер жағдайды дұрыс болжап, шығармашылық тәсілмен жұмыс жүргізілсе іс нәтижелі болады.

Сонымен, “оқиғалы қарым-қатынас технологиясын” қолдану арқылы аса ауқымды мәселелерді оп-оңай шешуге болатынын білдік: Мекеменің БАҚ-та сілтеме келтіру индексін арттыру; Мекеме қызметіне, жобаларына деген жұртшылықтың назарын аудару; Қоғамдық пікірталастарды жиілету; Имидждік өнімдер (күнтізбе, блокнот, буклет, қаламсап т.б.) тарату арқылы мекеменің брендін қалыптастыру; БАҚ өкілдерімен, сараптау мекемелерімен, мүмкіндігі басым әріптестермен, мемлекеттік орган қызметкерлерімен, басқарма өкілдерімен, шешім қабылдайтын тұлғалармен, VIP-қызметкерлерімен байланыс орнату; Мекемені жарнамалауға мол мүмкіндік ашатын бәсекелестік жұмыстар жүргізу, олардың зор мүмкіндіктерін пайдалану; Алынған мәтіндерді, фото және бейне материалдарды болашақ тұсаукесер қызметінде пайдалану [2, 95].

Аталған жұмыстардан алынған нәтиже мұнымен бітпейді. Іс-шаралардың оң ықпалы мекеменің ішкі имиджінің артуына әсер етеді: Баспасөз қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру; Корпоративтік мәдениетті нығайту, мекеме қызметкерлерінің баспасөз қызметіндегі беделін көтеру; Ішкі ақпаратты (корпоративтік газет, ғаламтор, қабырға газеті т.б.), фото және бейне материалдарын қолдану; Басшылар алдына атқарылған жұмыстар жөнінде кең көлемді есеп даярлау.

Кез келген нәтижелі оқиға төменде көрсетілген механизмдер арқылы жүзеге асады:

1) Қарама-қайшылық тудыру немесе оған рұқсат алу;
2) Мақсатты аудиторияны қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
3) Болған оқиғаны бүркемелеу;
4) Стратегиялық бастамаға ие болу;
5) Бәсекелестің қате әрекетін әшкерелеу;
6) Басқалардың қорларын (беделін, құзыреттілігін) қолдану.

Аталған ұстанымдар өнертапқыштардың теориялық шешімдері негізінде жасалған. Олар мәселені шешудің әр түрлі тәсілдерін ұсынады.

Енді оқиғалы қарым-қатынас технологиясын қолданудың негізгі факторларын санамалап өтейік:

1. *Мекеменің танымалдылық деңгейі.* Мекеме өз беделін арттыруды талап еткен жағдайда, «оқиғалы қарым-қатынас технологиясын» аз шығын жұмсап-ақ қамтамасыз етуге болады. Оқиғаны сапалы ұйымдастырудың, сондай-ақ, мекеме беделін жақсы жағына қарай өзгертудің зор әсері бар. Ол үшін мекеменің әлсіз жоғын азайтып, керісінше, күшті жағын арттыру керек.

2. *Сыртқы конъюнктура* оқиғалы қарым-қатынас технологиясын қолдану туралы қабылданған шешімге орасан зор ықпал ете алады. Оған сыртқы жағдайлар: бәсекелестердің белсенділігі, күтпеген кездейсоқ жағдайлар (форс-мажор), басқа субъектілермен қарым-қатынас т.б. ықпал етеді. Әсіресе, соңғы жағдайдың іс-шараларды жоспарлауда айтарлықтай ықпалы мол. Дәстүрлі кезеңдерде ақпараттың және іскерлік белсенділіктерлің бәсеңдейтінін де ескеру керек. Егер біз жоспарлауды желтоқсан, қаңтар, мамыр, тамыз айларына белгілесек, PR нәтижесін аз алатынымызды ескеруіміз керек. Неге осы шараларды басқа айларға жоспарламасқа? Біз атап отырған айларда мерекелер де көп, демалысқа шығатын мерзімдер де жетерлік. Бұлар ақпаратты пайдаланатын белсенді тұтынушылар азаятын кезең.

Сондай-ақ, іс-шара өткізетін апта күнін таңдаудың да мәні зор. Іс-шара өткізуге ыңғайлы күндерге сейсенбі, сәрсенбі жатады. Бұл ақпараттық себептерге өте қолайлы мерзім. Егер акция дүйсенбі күні өтсе, оған журналистердің назары онша аумайды. Бұл күні журналистер үшін одан да басқа маңызды оқиғалар өте көп болады. Ал бейсенбі, ертеңіне жұма газетке қол қоятын күн болғандықтан, газетшілердің мұрындарынан сүрлігіп, қолдары тимей жататын нағыз аласапыран кезеңі. Жұма күнгі іс-шараны тіпті адамдар есітпей қалуы да мүмкін. Себебі демалысқа жақын күндері адамдар жаңалыққа оншалықты назар аудара бермейді. БАҚ-тар тек дүйсенбі күндері ғана негізгі материалдар мен маңызды хабарларды жинақтай бастайды. Сол үшін мынандай ережелерді есте ұстау керек: аймақтық газеттер дүйсенбіге шықпайды, өйткені олар жұма күнгі жаңалықтарды “ескірген” деп қабылдамайды. Сондықтан аптаның ең қолайлы күндері сейсенбі және сәрсенбі болып есептеледі. БАҚ-тың басым бөлігі осы күндері молынан жаңалықтар беріп, аудиторияны өзіне тартады.

3. *Баспасөз қызметі қорларының саны* «оқиғалы қарым-қатынас технологиясын» қолдануға қажетті аудиторияның болмауынан шектеліп қалуы мүмкін. Брифингке арналған арнаулы бөлменің, баспасөз мәслихатын өткізетін арнайы орынның, полиграфиялық материалдарды тарататын технологияның ойластырылмауы бұл іске кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай жұмыстар алдын ала жоспарланып қана қоймай, күтпеген оқиғаға да (басшының мекеме жұмысы бойынша жоспардан тыс есебі, журналистердің өтінішімен түсірілетін сюжеттер т.б) дайын тұруы тиіс. Сондықтан баспасөз қызметі сыртқы ортаның кез-келген шақыруына үн қосу үшін қажетті қорларды толық меңгеруі қажет. Тәжірибеде мынандай жағдайлар жиі кездеседі: баспасөз қызметі тиісті қорлары болмағандықтан (техникалық мүмкіндіктермен жабдықталған баспасөз орталығы және т.б) өз бетінше әрекет ете алмайды. Мұндай жағдайда өзара тиімді келісім-шарт түзіп (мысалы, осы мекемеге деген ниеті түзу журналистермен келісім-шарт аясын кеңейтіп, қабылданған тараптан іс-шараны өткізуге қосымша қолданушылар тартып), жұмысты нәтижелі ұйымдастыруға болады.

4. *Баспасөз қызметі өкілдерінің дағдылық деңгейі.* Барлық іс-шаралардың нәтижесі оңды қорытынды бере бермейтіні заңды. Баспасөз қызметінің кемшін жұмысы оған деген журналистердің сенімін азайтады. Басқа да мақсатты аудиторияның көзқарасы өзгереді. Әрине, оқиғаны ұйымдастыру оңай шаруа емес, ол белгілі бір тәжірибені қажет етеді. Аталған технологияны қолдану арқылы «нәтижені» жоғалтып алмаймыз ба деп қорқудың қажеті жоқ. Тәжірибе «оқиғалы қарым-қатынас» шарасын мекемедегі бірнеше қызметкердің бірлесе өткізе алатынын көрсетіп отыр. Барлық мәселе баспасөз қызметінің іс-шараны қалай өткізуді талап етілуіне байланысты болмақ. Бірқатар мемлекеттік мекемелерде бұл жұмыс

тұрақты жүргізіледі. Сондықтан оның технологиясы жеткілікті дәрежеде қалыптасқан. Аталған жұмысқа азғантай қызметкерлер тобын бөліп қойса да шаруа бітіп жатады. Мемлекеттік мекемелердің баспасөз қызметтерінің ерекшелігі – іс-шараларды алдын-ала жоспарлап қоятынында. Мұндайда баспасөз қызметіне тек жұмысты орайымен ұйымдастыру міндеті ғана қалады.

Әдебиеттер тізімі

1 Почепцов, Г.Г. Коммуникативные технологии двадцатого века [Текст] / Г.Г. Почепцов. - М.: Рефл-Бук, 1999.

2 Карпушин, Д.И. Пресс-релиз: правила составления [Текст] / Д.И. Карпушин, Д.А. Чикирова. - СПб.: «Питер», 2007.

The article considers that when working with information about the need to take into account the fact that the events that are important for the internal life of the organization, often of no interest to the outside public. In this case, the press service should critically evaluate information and make a major stake on those situations that are most promising in terms of media promotion.

Статья рассматривает, что при работе с информационными поводами необходимо учитывать тот факт, что события, имеющие большое значение для внутренней жизни организации, часто не представляют никакого интереса для внешней общественности. В этом случае пресс-служба должна критически оценивать информацию и делать основную ставку именно на те ситуации, которые наиболее перспективны в плане медийной раскрутки.

УДК 811.512.122’37

Б.Н. Сүлейменова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
samaltu@mail.ru

МӘТІННІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ

Қазіргі тіл білімінің маңызды мәселелері тізбегінде мәтіннің мазмұны, семантикалық құрылымы тақырыптары актуалды мәселе ретінде қарастырылады, Мақалада көркем мәтіннің семантикалық құрылымы, мәтін мазмұнының жекелеген макрокомпоненттері, олардың мәні, семантикалық компоненттері иерархиясына арнайы талдау жасалады. Әдеби шығарма семантикасын қалыптастыруда, көркем мәтіннің дербестік категориясының негізгі репрезентанты ретінде, автор мен персонаждың рөлі сипатталады.

Кілт сөздер: семантикалық құрылым, актуалды семантикалық кеңістік, виртуалды кеңістік, мәтіннің антропоорталығы, сегментация, хронотоп, автор интенциясы.

Соңғы жылдары антропологиялық және когнитивті лингвистиканың дамуы нәтижесінде көркем мәтіннің семантикалық ұйымы жөніндегі түсінік өзгерді, курделенді және байи түсті. Мәтін лингвистикасына қатысты қалыптасқан зерттеулердің мынадай бағыт-бағдарларын көрсетуге болады: негізгі қасиеттері тұтастық пен тығыз байланыстылық болып табылатын мәтіндік зерттеулер, көркем шығарманың мазмұн мен формасын (тілін)

бірлікте алып қарастыратын зерттеулер, мәтіннің семантикалық ұйымдасуында мәтінді құрайтын бірліктердің көркем шығарма тілінің басқа компоненттерімен байланысын, мәтінді семантикалық құрылым ретінде қарастыратын зерттеулер. Мәтінтанушы ғалымдардың зерттеулерінде мәтінінің өзіндік белгілеріне тұтастық және байланыстылық (И.Р.Гальперин, Ю.А Сорокин, бөлшектену (А.И. Новиков), аяқталғандық (Сорокин Ю.А, Г.В. Колшанский) жатқызылады.

Көркем прозалық шығармалар мәтіндері поэтикалық мәтіндермен салыстырғанда өзіндік сипатқа ие болып келеді. Мәтіннің мұндай категориялық белгілеріне мәтінтанушы ғалымдар уақыт пен кеңістік және себеп-салдарды жатқызады [1].

Көркем мәтінде әрекет ету ықпалы орын және уақыт бойынша шектелмеген. Бұған көп ғасырлар бойы өзектілігін жоғалтпаған және әр кезеңде түрліше түсініп, қабылданған ұлы өнер туындылары куә. Осыдан келіп, мәтіннің мазмұн мен формасы, мәтіннің семантикалық ұйымдасуы, мәтінді құрайтын бірліктердің байланысы сияқты категориялық белгілерді сипаттау қиындығы туады. Мәтіндегі ойды қатыстылық жағынан созыңқылығын ескере отырып, зерттеушілер (И.Р. Гальперин, Г.К Гак) оның ең мәнді бөліктерін: образдар жүйесін, тақырыптық сарындарын, идеялық-бейнелік мазмұнын, авторлық бағамдауларын ашуға тырысады [2], [3]. Мәтін мазмұнының бұл компоненттері түрліше көрсетіледі және әр түрлі комбинация, көлемдермен ерекшеленіп, қандай жағдайда да мәтін мазмұнын сипаттау кезінде түрлі классификацияларда қиюласады.

Мәтіннің семантикалық ұйымдасуында мәтіңңің мазмұны, уақыт пен кеңістік және себеп-салдар ерекше маңызды рөл атқарады. Бұл маңызды бөлшектер ойлауды құрайтын бөлшектерге жатады. Кеңістік – қатарлас нәрселердің орналасу тәртібін көрсетсе, уақыт – қатарлас нәрселердің бірін-бірі ауыстыруын, себеп-салдар – бірінен екіншісінің пайда болуына әкелетін құбылыстардың байланысын көрсетеді.

Кез келген ұлттық тіл үшін концептуалдық кеңістіктің мәні, сөз шығармасының мәдениеті, дамуы мен баюынан көрінеді. Тілдің байлығы сөздік қордың байлығы немесе грамматикалық мүмкіндігінен ғана анықталмайды, сонымен бірге, адам мен оның ұлтының ұлттық тілінің концептуалды әлемі мен концептаясымен өлшенеді.

Мәтінді семантикалық құрылым ретінде қарау, мәтін мазмұнының сегментация проблемасын алға шығарады, ал мәтін ақпараты квантының топтастырылуы үшін түрлі терминдер ұсынылады, соның ішінде «мағына» термині ғылыми әдебиеттерде әзірше бірізділі түсіндірілмейді. Бірқатар мәтін зерттеушілерінің пікірінше, әдеби шығармалардың мағынасы контекстердің барлық жиынтығынан пайда болады. Мұндай салыстырудан басқа, көркем мәтіннің мәні мен мазмұны теңгермелеу көзқарасы да бар. И.Р. Гальперин мазмұн жиынтығы дегенді жөн санайды. Оның ойынша, «мағына мүшеленбейді, мазмұн мүшеленеді. Мазмұн, негізінен, қайталанбайды. Мағына қайталануы мүмкін» [2].

Әр түрлі қарапайым мәтін фрагменттері мәтінде бейнеленген ситуашиялармен қатынасқа түседі, әрі бұл ретте түрліше топтастырылады: денотат ретінде, білдіру немесе атауыш, заттық ұғым ретінде. Мәтіннің семантикалық компоненттерін білдіретін терминологияның көптүрлілігі бойынша, мәтінді талдаудың семантикалық бірлігіне ізденіс жүргізіліп, концепциясы (тұжырымдамасы) жасалуда. Бұл бірліктердің жалпыға танылған жүйесі әзірше жоқ, сондықтан нысанды материалдық та, идеалдық та сипатта бейнелейтін әр түрлі текті мәтіндік бөлшектер қарастырылады.

Бірқатар зерттеулерде көрсетілгендей, мәтінде семантикалық бөліністік –иерархия байқалады. «Ол құрамды бөліктерді неғұрлы ұсақ бөлшектерге бөлетін иерархиялық бірлік ретінде өмір сүреді» (Адмони). Мәтіннің семантикалық компоненттерінің иерархиясын И.В.Арнольд мәтіннің реттілік формаларының бірі ретінде қарастыруды ұсынады: «ол тек иерархияны ғана көрсетпейді, эстетикалық әсер туғызады, қабылдауды жеңілдетеді» [4]. Мәтіннің семантикалық компоненттерінің мағына деңгейін орнықтыру, олардың иерархиясын анықтау әзірше терең әрі бірізді емес. Сондай-ақ мәтіннің семантикалық құрылымы концепциясында, мәтін мазмұнының жекелеген макрокомпоненттері мәні туралы тұрақты түсінік бар. Жалпы қабылданған түсінік бойынша, мәтін мазмұны семантикалық

компоненттері иерархиясының биігі жеке - авторлық концепциясы әлемінен танылады немесе кез-келген туынды болмыстың объективті әлемін субъективті образ арқылы елестетеді. Бұл қоршаған ортаны өзінше қабылдаудың әмбебап сипаты әрқашан өзін жасаушының сипатын алып жүреді. Осыдан келіп, көркем мәтіннің қайшылықты құпиясы келіп шығады: болмысты көрсете отырып, суреткер өзін таниды және керісінше, өзінің ой-ренішін көрсете отырып, ол айналасын, ондағы өзін бейнелейді. Осының нәтижесінде, көркем шығарманың негізі, өзін жасаушыдан аулақтай отырып, бір мезгілде оның белгісін өзінде сақтайды, яғни өзін жасаушының бейнесін (автордың образы) және объективті болмыстың келбетін (ортаның образы) береді.

Соңғы жылдары антропологиялық және когнитивті лингвистиканың әсерінен көркем мәтіннің семантикалық ұйымы жөніндегі түсінік өзгерді, курделенді және байи түсті. Осының салдарынан, мәтін, бір мезгілде авторлардың кодтаудың арнаулы жүйесін қолдану, яғни, тілдік актінің түрлілігі, автор (адресант) пен оқырман (адресат) арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде пайда болатын екі кешенді құрылым ретінде түсіндірілді. Мұндай ұғым мәтін семантикасы интерпретациясының ерекшелігін көрсетіп, А.И.Новиковтың әлденеше рет астын сызып дәлелдегеніндей, «тікелей түсіну нәтижесіне сәйкесетін ойдың образдылығын құрайды. Бұл нәтиже, берілген мәтінді құрайтын тілдік құралдардың жиынтығы әсерінен туатын, сол сияқты оны түсіну үшін алынатын ақпараттар арқылы көрініс береді» [5].

Ең күрделі тілдік белгі - мәтіннің мазмұндық қырын анықтау үшін «семантикалық кеңістік» термині пайдаланыла бастады, бұл жағдайда оның қолданылуы көп мағыналылықпен және мәтін кеңістігі категориясы ұғымының кеңдігіне байланысты басқа да мәтіндік құбылыстардың қиюласуымен ерекшеленеді. Көптеген лингвистер мәтін кеңістігінің түрлілігін көрсетіп, олардың ерекшелігіне талдау жасайды.

Кеңістік категориясында мәтін екі аспектіде қарастырылады, олар: мәтін – таңбалардың біркелкі орналасуының жиынтығы, мәтін – мағыналардың жиынтығы. Мәтіннің кеңістігі туралы өте сыйымды және бейнелі ойды Ю.А.Сорокин айтады: «Кез келген мәтін кеңістігі жабық, ол өзіне өзі баға бере алады. Әрі ол аз дегенде екі полюсті: таңбалар алаңы (таңбалық дене) және семантикалық (когнитивті, эмотивті – аксиологиялық) алаң. Бұлардан басқа, потенциалды немесе виртуалды шындық бар» [6]. Осы ой семантикалық кеңістіктің виртуалдығы мен актуалдығына қатысты неғұрлым кеңірек А.И.Новиковтың еңбегінде беріледі: «Мәтінге қатысты кеңістіктің бірнеше түрі мен оны мүшелеудің түрлі тәсілдері туралы айтуға болады. Біріншіден, мәтіннің өзі материалдық нысан ретінде, оның тілдік бірліктері белгілі бір реттілікпен орналасқан кейбір екі мөлшерлі кеңістік құрайды. Оған семантикалық болып табылатын, таным аясындағы басқа кеңістік сәйкеседі. Осыдан келіп, мұндай кеңістіктің екі түрін ажыратуға болады: виртуалды және актуалды. Виртуалды кеңістік мәтіннің жасалу процесінде мазмұнды бірліктерді іріктеумен көрініп, ой механизмінде жүзеге асады. Актуалды семантикалық кеңістік – ой – толғам нәтижесі қалыптасып, тұтас мәтін ұғымы берілетін алаң» [7].

Мұндай жағдайда, мәтіннің өзіндік семантикалық құрылымы менталды құрылу, менталды кеңістік ретінде танылып, өзіндік ерекшелігімен термин болып бекітіліп, мәтін мазмұнының атауышы түрінде таңдалады.

Сонымен, мәтіннің семантикалық кеңістігі – бұл, біріншіден, сөз, сөйлем, күрделі синтаксистік (виртуалды кеңістік) тұтастық – тілдік таңбалар жиынтығын, автор интенциясын беретін әдеби шығарма, екіншіден, оқырманның кабылдау процесіндегі (актуалды семантикалық кеңістік) мәтіннің интерпретациясы арқылы жасалатын менталдық құрылу.

Семантикалық кеңістіктің осы ерекшелігі, яғни оның бірлігін, байланыстары мен қатынастарын құрайтын деңгейде қалыптасуы әрі бір мезгілде мәтіннің тууы мен қабылдану процесі А.И.Новиковқа мазмұн мен ой категориясында мәтіннің семантикалық құрылымы мүшеленуінің екі дәстүрлі тәсіліне жаңа позицияда қайтып оралуға мүмкіндік жасады: «Мазмұн мәтінде айтылатын шындықтың фрагменттерін жасайтын менталдық құрылым

болса, ал мағына (ой) - осы шындық туралы ой, яғни мәтінде берілетін ойдың интерпретациясы. Мазмұн дүниедегі заттардың объективті денотативті (референтті) құрылымдарда беріледі. Мағына интуитивті біліммен байланысты басқа текті бірліктерде беріледі» [7]. Осылайша мәтін мазмұны қайтадан оның денотативті – референциалды негізімен тікелей байланысады, ал мағына семантикалық кеңістіктің интерпретациялық компонентімен (екі жақты интерпретация – автор және оқырман), оның концептуалды бағдарымен байланысады.

Семантикалық кеңістіктің мұндай бинарлылығы, мәтіннің сыртқы материалдық құрылымы мен ішкі мазмұнының қатыстылық сипатына байланысты. Мәтіннің айтылуы (бірізді вербалды кеңістік) мен оның мазмұны (менталды семантикалық кеңістік) жоспарының арасында бір мәнді сәйкестік, үйлесімділік жоқ, керісінше, кеңістіктегі қарама-қайшылық, сыртқы және ішкі тартыс орын алады. Мәтіндегі мұндай қайшылық «оның бірізді созылыңқылығы, осындай немесе басқаша бірізді емес, иерархиялы түрде репрезентациялануы тиіс. Мәтіннің семиологиялық ұйымындағы диалектикалық қарама-қайшылықты алып тастау, мәтін кеңістігінің суреттеуімен (яғни сөз, сөйлем немесе мәтін бөліктерінің орналасуы) аяқталып, осы ретте мәтіндегі білдіруші және білінуші туралы қосымша ақпараттар беруге қабілетті болып, символикалық және индексалды элементтерге тәуелсіз түрде беріледі [7].

Осылайша, көркем мәтіннің менталды семантикалық кеңістігі, тек қана көрінетін, тікелей эксплицитті мағынаны ғана емес, имплицитті мағынаны да кең, анық көрсете алады.

Көркем мәтіннің семантикалық кеңістігін зерттеу (оның эксплицитті және имплицитті мағынасының жиынтығы), міндетті түрде «адам», «уақыт», «кеңістік» секілді мәндік әмбебаптарды білдіреді (Гальперин, Гак, Новиков т.б.).

Бұл ретте, әсіресе «адам» әмбебабы көрсетіледі. «көркем мәтіннің барлық бірліктері және олардың арасындағы формалды-мағыналық қатынас, оның құрылымдық және концептуалдық негізі ретінде адам бағытына тәуелді». Бұдан басқа, әсіресе, әдеби шығарма семантикасын қалыптастыруда, көркем мәтіннің дербестік категориясының негізгі репрезентанты ретінде, автор мен персонаждың ролі ерекшеленеді.

Новиков: «Көркем мәтіннің макроқұрылымында тікелей және жанама құралдардың көмегімен,автор мен персонаждың антропоорталық атауышы қатысады. Бұл көркем мәтіннің түгелдей антропоорталық сипатының болатындығын білдіреді, өйткені «өнер сыртқы дүниенің балама суретін емес, ... субъективті дүниенің суретін - адамның тұтас әрі толық түрдегі ішкі рухани өмірін жасайды. Мұның нәтижесінде «әрбір ұлы жазушы - бұл жаңа адамның ашылуы», - деген ой айтады [7]. Яғни, адам, оның ішкі әлемі, рухани ізденістері мен реніші үнемі әдеби туындының негізін құраған, құрап та келеді.

Осыған байланысты, бірқатар зерттеулерде көрсетілгендей, семиологиялық жаңарудағы көркем мәтіннің негізгі белгісі, олар «өздеріне тек шындық туралы ақпаратты ғана емес, өмірге деген эмоциялық қатынастарымен, әсемдік пен қанаттануды сезінуімен қызықтыра алады». Эмоциялық мазмұн – мәтіннің семантикалық құрылымының негізгі компоненті екенін батыл айтуға болады, ол шығарманың бүкіл тігісін бойлап, оқырмандарын селқос қалдыра алмайды (М.Б.Храпченко, Е.А.Гончарова).

Мәтіннің антропоорталығы, оның семантикалық кеңістігіндегі адамның эгоцентристік позициясымен (автор және персонаж бейнесімен) сәйкес. Адам - әдеби шығарманың орталығы, ол баяндаудың субъектісі әрі эстетикалық көркем танымның объектісі.

Әдеби шығармадағы «адам» әмбебаптармен (универсалий) қатар, «уақыт» және «кеңістік» те өзара байланыса отырып, мәнді орынға ие (бұл «хронотоп» терминімен беріледі). Адам мәтінде уақыт пен кеңістік аясында бейнеленеді: ол шартты түрде белгілі бір орынға байланысты және нақты мәтіндік уақытта өмір сүреді. Автор мен персонаж категориясын зерттеудегі белгілі маман Е.Н. Гончарова «хронотоп пен персонаж категориясына қатысты екі бағыт бар. Бір жағынан, көркем уақыт пен кеңістік, персонаж категориясы сияқты, автор категориясымен когнитивті объективті қатынаста байланысып, мәтінде жүзеге асатын авторлық «әлем концептісінің» мәнді бір бөлігін көрсетеді. Екінші

жағынан, хронотоп, көркем оқиғалар мен әрекеттер дүниесінде екі реттік өзінің өмір сүруінде персонаж образдарының кеңістік-уақыт нақтылығы үшін қызмет етеді және үйлесімділік пен сипаттылық қызметін қатар атқарады», - дейді [8].

Сонымен, автор образы категориясымен бәсекелесетін «уақыт» және «кеңістік» категориялары, олардың орта туралы білімін байқап, үйлестіру және сипаттау функцияларын атқарады. Орын мен уақыт бейненің типі мен характерін анықтайды. Бұған мысалға Б.Майлиннің «Заман», «Сары ала тон», «Зәкіржан молда» және т.б. әңгімелеріндегі Жайлыбай бай, Сейпен, Зәкіржан және т. б. алуға болады. Осылайша, «адам», «уақыт» , «кеңістік» категориялары көркем мәтіннің семантикалық кеңістігінің қажетті атрибуттары болып табылады, яғни олар мәтін құрау функциясын атқарады. Бұл функциялар көркем шындықтағы кеңістік – уақыттық ұйымда шартты, ойдан шығарылған, немесе шындық өмірге жақын тұрғыда көрініс береді. «Адам», «кеңістік», «уақыт» әмбебап мағына мәтіннің семантикалық кеңістігінің доминанты болып табылады, ал оларға сәйкес мәтін категориялары жалпы мәтін құраушы қызметін орындайды. Көркем мәтіннің семантикасын қалыптастыруда бұл категориялардың мәнділігін ескере отырып, арнайы зерттеу мен лингвистикалық талдауды жасауды талап ететін семантикалық кеңістік аясын бөліп алу қажет.

Мақалада көркем мәтіннің мағынасы проблемасы, құрылымы, компоненттерінің бір мағыналық тұтасымға ұйымдасу ерекшелігі анықталып, талданды. Мәтін өз алдына аяқталған бірлік ретінде композициялық, семантикалық тұтастыққа ие болып келеді және оны құрайтын әр компонент нақты мазмұнды жеткізуге қызмет етіп тұрады; Сонымен бірге мәтіннің семантикалық ұйымдасуында уақыт пен кеңістіктің рөлі ерекше.

Әдебиеттер тізімі

1 Кеншінбаева Ж. Қазақ мәтініңің семантикалық-интонациялық мүшеленуі (эксперименталды-фонетикалық зерттеу); филол. ғылымд. канд... автореф.- Алматы, 2005.- 25 б.

2 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М., 1981.

3 Гак Г.К. О семантической организации текста// Лингвистика текста. Материалы научной конференции. М., 1974.

4 Арнольд И.В. Стилистика декодирования. Курс лекций. Л., 1974.

5 Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация. М., 1983.

6 Сорокин Ю.А. Текст и его пространство// Категоризация мира: пространство и время. М., 1997.

7 Новиков А.И. Семантическое пространство текста и способы его членения// Категоризация мира: пространство и время. М., 1997.

8 Гончарова Е.А. Интерпретация художественного текста. М.,1983.

Текст как культурная единица коммуникации, как средство концептуализации мира обладает: а) смысловой завершенностью; б) целостностью образа содержания; с) информацией, непосредственно выраженной в письменном высказывании и представляет значительный интерес для исследования. В статье рассматриваются основные компоненты семантической структуры текста. Особое внимание уделяется структурным единству содержания текста, а также описанию иерархических отношений семантических компонентов.

Text as a cultural unit of communication, as a means of conceptualizing the world has: a) semantic completeness; b) integrity of the image content; c) information directly expressed in the written statement and is of considerable interest for the study. The article deals with the main components of the semantic structure of the text. Particular attention is paid to structural unity of the content of the text as well as the description of hierarchical relations of semantic components.

ӘОЖ 811.512.122

Ж.С.Таласпаева, Ж.Т. Қадыров
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан
talaspaeva@inbox.ru

ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕ БЕРІЛУІ

Мақалада өзара қатысымда маңызды орын алатын бейвербалды амалдар қарастырылады. Жазушы М. Мағауин шығармаларындағы кейіпкерлердің тілінде көрінетін кинемалардың сипаты айқындалады. Салт-дәстүрге, ұлттық мінезге байланысты қолданылатын бейвербалды амал-тәсілдердің қазақ халқының өмірінде алатын орны нақты мысалдар арқылы көрсетіледі.

Кілт сөздер: бейвербалды амалдар; менталитет; ұлттық дүниетаным; мінез-құлық; ұлттық феномен; тілдік қарым-қатынас.

Бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады, себебі олардың мағыналық астарында халық өмірінің бүкіл қыр-сыры,болмысыкөрінеді. Осы орайда бейвербалды амалдар халқымыздың ұлттық-менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлықтарының бірі болып саналады.

Қазақ ұлты салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық. Жас сәби «іңгәләп» жар салып жарық дүниеге келгеннен, адам қартайып бұ дүниемен қоштасқанға дейінгі аралық олардың әрбір баспалдағы, әрбір кезеңі өзіне лайықты той-томалақпен, қуанышпен аталып өткен. Тіпті ақырғы демі бітіп, соңғы сапарға аттанған адамды арулап жөнелтудің өзі де халқымыздың өзіндік ерекшелігі мол ғажап салты болып қалыптасқан. Тілсіз қарым-қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірлерден бастау алды. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған. Тіпті екі мың жыл бұрын өмір сүрген Цицерон шешендерге барлық қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс екендігі жайлы кеңес берген.

Ғалымдардың теориялық тұжырымдарында санасыз адам дәуірінен саналы адамның қалыптасу дәуіріне дейінгі аралықта миллиондаған жылдар өткені жайында, сол саналы адамдардың өзі алғашында ым-ишара тілі арқылы қарым-қатынас жасағандығы дәлелденді. Міне, осындай ұзақ дамудың барысында адамдар арасындағы қарым-қатынас тәсілдерінің бірі – бейвербалды амалдар қанша ғасырлар өтсе де, әрбір этнос болмысы мен қарым-қатынасында күні бүгінге дейін сақталуда.

Бейвербалды амалдарды зерттеу алғаш Г.Спенсер, В.Вундт, Ч.Дарвин еңбектерінен бастау алады. Профессор Бердвиссл адамдар қарым-қатынасында жеткізілетін хабардың 38%-ы сөз, ал 65%-ы бейвербалды амалдардың көмегімен берілетіндігін тұжырымдайды [1,7б.].

Қарым-қатынастың бұл түрі қазақ тіл білімінде тек соңғы жылдар жемісі болса да, бейвербалды амалдардың қызметі туралы ойларды, терең тұжырымдарды ертеден кездестіруге болады. Атап айтсақ, бейвербалды амалдар туралы көзқарастар, алғашқы ойлар қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов еңбегінде кездеседі. Ғалым бұл туралы былай дейді: «Ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толығады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [1,7б.]. Қ.Жұбановтың ойынан бейвербалды амалдар ауызекі тілдің ажырамас бөлігі екенін, сонымен қатар қарым-қатынасқа көмекші компонент ретінде рөл атқаратынын аңғаруға болады. Ғалым бейвербалды амалдардың қатысымдық қызметімен қатар, ұлттық-мәдени ерекшелігіне талдау жасайды. Олардың әр түрлі халықтарда өзіндік

сипатымен, ерекше жүйесімен қолданылатындығын ескеріп, сол арқылы әр түрлі халықтың этиникалық әрі психологиялық табиғатын сұрыптауға мүмкіндік беретінін айтып кетеді. Коммуникативтік актіде қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты бейвербалды амалдар өзіндік көркемдік танымммен ерекшеленеді.

Появление главного героя (ср. Название главы 13 «Явление героя») сопровождается «прономинальными» [8, 231 – 232] номинациями *мужчина, гость*, субстантивированным прилагательным *неизвестный*. Описание его внешности ведется с точки зрения Ивана Бездомного: *С балкона осторожно заглядывал в комнату бритый, темноволосый, с острым носом, встревоженными глазами и со свешивающимся на лоб клоком волос человек примерно лет тридцати восьми*.

Однако главный герой романа остается без имени. Такая безымянность — итог его сознательного выбора: *− Я − мастер, − он сделался суров и вынул из кармана халата совершенно засаленную черную шапочку с вышитой на ней желтым шелком буквой "М". Он надел эту шапочку и показался Ивану в профиль и в фас, чтобы доказать, что он − мастер. − Она своими руками сшила ее мне, − таинственно добавил он.*

− А как ваша фамилия?

− У меня нет больше фамилии, − с мрачным презрением ответил странный гость, − я отказался от нее, как и вообще от всего в жизни. Забудем о ней.

Напомним, что это контрастирует с именованием любого, самого незначительного, единожды встречающегося в тексте романа персонажа.

Как отмечает И.Н. Сухих, «Мастер – самый функциональный и не проявленный из всех центральных персонажей книги» [2, 482]. Однако отсутствие имени (как и отсутствие какой-либо активной деятельности) компенсируется подробным рассказом Мастера о своей жизни (по сути, исповедью). Иван вспоминает историю травли Мастера, фактически идентифицирует его с одним из знакомых ему литераторов, но имя вспомнить не может *(− А, помню, помню! − вскричал Иван. − Но я забыл, как ваша фамилия!*).

Буква «М», по мнению Б.М. Гаспарова, сокращение не только от слова «мастер», но и, возможно, от имени автора *Михаил* или от фамилии *Мандельштам* (описание параллелей жизни Мастера с биографией автора и биографией О. Мандельштама см. [7, 66 – 67]). Кроме того, она вызывает ассоциации с буквой *В*, предшествовавшей появлению имени *Воланд*. Таким образом, не только безымянность героя, но и слово *Мастер*[3], заменившее герою его настоящее имя, и буква *М* становятся в романе многомерными символами.

Как и помощники Воланда, Мастер в конце романа переживает метаморфозы: *Волосы его белели теперь при луне и сзади собирались в косу, и она летела по ветру. Когда ветер отдувал плащ от ног мастера, Маргарита видела на ботфортах его то потухающие, то загорающиеся звездочки шпор. Подобно юноше-демону, мастер летел, не сводя глаз с луны, но улыбался ей, как будто знакомой хорошо и любимой, и что-то, по приобретенной в комнате N 118-й привычке, сам себе бормотал.*

Еще одна группа персонажей без имени – это следователи, которым было поручено распутать темное дело Воланда и его сообщников. Безымянность следователей нельзя объяснить лишь их периферийным положением в системе образов романа, она несет определенную художественную нагрузку.

Пожалуй, впервые следователи появляются, когда Маргарита в сопровождении Азазелло, оба невидимые, проходят в квартиру №50. Отличительной чертой этих людей является не только и не столько безымянность, сколько подчеркнутая безликость: *Маргарита заметила томящегося в ней человека в кепке и высоких сапогах, вероятно, кого-*

[3] В булгаковском тексте слово *мастер* неизменно пишется с начальной строчной буквой.

то поджидавшего... Второго, до удивительности похожего на первого, человека встретили у шестого подъезда.... Третий, точная копия второго, а стало быть, и первого, дежурил на площадке третьего этажа. Ср. также: *большая компания мужчин, одетых в штатское*.

Но подробно о деятельности следователей речь идет в главе 27. Обращает на себя внимание метонимическое обозначение следователей: *Но в это время, то есть на рассвете субботы, не спал целый **этаж** в одном из московских учреждений...; После обеда в пятницу в квартире... раздался звонок, и мужской **голос** попросил к телефону Аркадия Аполлоновича; Николай Иванович не очень удивил **следствие**, выложив на стол шутовское удостоверение о том, что он провел время на балу у сатаны.*

Художественной задаче подчинены и ресурсы грамматики (ср. встречу Маргариты с Воландом). Так, обращает на себя внимание употребление неопределенно-личных конструкций: *В квартире N 50 побывали, и не раз, и не только осматривали ее чрезвычайно тщательно, но и выстукивали стены в ней, осматривали каминные дымоходы, искали тайников;* сложноподчиненных предложений с местоименно-определительными придаточными: *Надо отдать справедливость тому, кто возглавлял следствие. Пропавшего Римского разыскали с изумляющей быстротой;* пассивные конструкции: *Во все города были разосланы телеграммы с запросами о Лиходееве;* ситуативно используемые субстантивированные слова: ***Подымающиеся** по парадной лестнице тем временем уже были на площадке третьего этажа*; существительные с собирательной семантикой: *Там его, к сожалению, также безрезультатно обстреляла **охрана**, стерегущая дымовые трубы, и кот смылся в заходящем солнце, заливавшем город*; неопределённые местоимения: ***Кто-то** на ходу успел набрать телефонный номер пожарной части, коротко крикнуть в трубку...*

Персонифицированный, но безымянный образ следователя представлен лишь однажды: *Дверь Иванушкиной комнаты N 117 отворилась под вечер пятницы, и в комнату вошел молодой, круглолицый, спокойный и мягкий в обращении человек, совсем непохожий на следователя, и тем не менее один из лучших следователей Москвы*[4].

Таким образом, референциальная история следователей строится в направлении от метонимического переноса к обобщенно-безличному, подчеркнуто собирательному обозначению. Столь сложные референциальные истории, игры с именами и безымянностью причудливо объединяют, на первый взгляд, совершенно разные персонажи. Тем не менее такое объединение в художественном пространстве романа не выглядит случайным. Мастер и Маргарита не заслуживают света, но получают лишь покой, дарованный Воландом. В конце романа они, покидая Москву, сливаются с его свитой. С другой стороны, проекцией Воланда в романе Мастера является Афраний, начальник тайной стражи, со своими помощниками. Это скрепляет ассоциации между Воландом и его свитой, с одной стороны, и московским следствием, с другой. Исчезновение людей, проживавших в квартире №50, имело мистические причины, но само исчезновение людей в то время было отнюдь не проявлением «нечистой силы».

Таким образом, стратегии построения референциальных историй определяются художественным замыслом автора и маркируют принадлежность персонажей к тому или иному типу.

Список литературы

1 Булыгина Т.В., Крылов С.А. Референт // Языкознание. Большой энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. – 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – С. 410 – 411.

2 Сухих И.Н. «Мастер и Маргарита» М. Булгакова: роман-лабиринт // Русская литература XX века: Школы, направления, методы творческой работы. Учебник для

[4] Ср. также с описанием внешности артиста, убеждавшего сдавать валюту во сне Никанора Ивановича: *Из кулис тут вышел артист в смокинге, гладко выбритый и причесанный на пробор, молодой и с очень приятными чертами лица.*

студентов высших учебных заведений / Под ред. С. И. Тиминой. – СПб: Издательство «Logos», 2002. – С. 466 – 487.

3 Васильева Н.В. Собственное имя в мире текста. Изд. 2-е, испр. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 224 с.

4 Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. Логико-семантические проблемы. – М.: Наука, 1976. – 383 с.

5 Папина А.Ф. Текст: его единицы и глобальные категории: Учебник для студентов-журналистов и филологов. – М.: Едиториал УРСС, 2002. – 368 с.

6 Булгаков М.А. Мастер и Маргарита // Пьесы. Романы. / Сост., вступ.ст. и примеч. В.М. Акимова: Ил. Е.М. Белоусовой. – М.: Просвещение, 1991. – С. 377 – 762.

7 Гаспаров Б.М. Из наблюдений над мотивной структурой романа М.А. Булгакова «Мастер и Маргарита» // Литературные лейтмотивы. Очерки по русской литературе XX века. – М.: Наука. Издательская фирма «Восточная литература», 1993. – С. 28 – 82.

8 Шмелев А.Д. Русский язык и внеязыковая действительность. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 496 с.

Мақалада М.А. Булгаковтың «Мастер мен Маргарита» романындағы кейіпкерлердің референциалды тарихының құрылу стратегиясы қарастырылады. Ең басты назарда аттары мәтінге бірден кірмеген (немесе мүлдем кірмеген) кейіпкерлер: Воланд пен оның көмекшілері, Мастер мен Маргарита, мәскеулік тергеушілер тұрады. Талдауға көркем референцияның барлық тәсілдері (тікелей атаулардан басқасы), оның ішінде орыс тілінің грамматикалық құралдарының референциалды әлеуетін жандандыратын тәсілдер де ұшыраған. Мақалада кейіпкерлердің референциалды тарихы құрылуының автордың көркем ойына тәуелділігі көрсетіледі. Атап айтқанда, референциалды тарихының құрылу ерекшеліктері кейіпкерлердің сол немесе басқа да түрлерге жататынын көрсететіні дәлелденген.

The article deals with the strategy of building referential stories of characters in the novel M.A. Bulgakov's "Master and Margarita". The focus is on the characters, whose names have been introduced into the text not right away (or never entered): Woland and his assistants, The Master and Margarita, Moscow investigators. The analysis was all the tricks of the art reference (in addition to the direct naming), including techniques actualizing referential potential grammatical means of the Russian language. The article shows the construction of referential stories of characters from the artistic intent of the author. In particular, it is argued that the characteristics of the construction of referential stories may indicate the characters belonging to the different types.

УДК 82/821(100-87)

Ж.Т. Қобланов
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
koblanov64@mail.ru

МИГЕЛЬ ДЕ СЕРВАНТЕСТІҢ «ЛАМАНЧТЫҚ ДОН КИХОТ» РОМАНЫ

Мақалада Мигель де Сервантестің «Ламанчтық Дон Кихот» романындағы кейіпкер табиғатын, кезең көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады. Сервантес шығармашылығында өз заманының келеңсіз жақтарын көріп, қолына қалам алған болатын. Қаламгер айналасын шырмап алған кемшіліктерге, озбырлықтарға сын

көзбен қарап, адам тағдыры және оның арман-тілегі жайында тереңірек пікір жүргізуге ұмтылады. Романда келеңсіз оқиғаларды бейнелеу, зұлымдық пен соқыр сенімді сынға алу негізгі мәселе болып қалады. Шығармадағы көңілсіз оқиғаларды бейнелеуде жазушы өмірден түңілу сезіміне берілмейді, керісінше ол қайғы құрсауында да өмірге сенім туғызатын оптимистік, образды тәсілдерді табады. Бұл сол қоғамда жаңалықтың ескілік үстінен жеңіске жетуін көрсетуде айқын байқалады.

Негізгі сөздер: реалистік роман, образ, сонеттер, серілік роман, «донкихотшылық», ортағасырлық поэзия, гуманист, дәстүр, қаһарман.

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бастарында өмір сүрген испан Қайта өрлеу дәуірі әдебиетінің ірі өкілі, реалистік романның негізін салған гуманист жазушы Мигель де Сервантес Сааведра 1547 жылы қыркүйек айының 29-да Испанияның Алькала де Энарес қалашығында дүниеге келді. Әкесі Родриго де Сервантес Сааведра емшілікпен күн көретін жан еді. Сондықтан ол бір қаладан екінші қалаға жиі қоныс аударып отыруға мәжбүр болды.

Мигель де Сервантес 1557-1561 жылдары иезуиттер мектебінде оқыды. 1561 жылы отбасы Мадридке көшіп барған соң, оқуын осы жерде жалғастырады. Сол жерде бозбала Мигельде өлеңге деген алғашқы құмарлық оянады. Филипп II-нің әйелі Исабелланың өліміне арналған сонеттері жас Сервантестің поэзия саласындағы тұңғыш өлеңдері еді. 1569 жылы Сервантес Римге барып, папаның өкілі Аквавия құзырында жұмыс істейді, 1570 жылдың екінші жартысында Италияда орналасқан испан қосынына қызметке ауысады. Жоқшылық өз отанын тастап кетуге мәжбүр қылады.

1571 жылы Лепанто маңындағы түріктермен болған теңіз шайқасында Сервантес үш рет жараланады. 1572 жылдың сәуір айына дейін Мессино госпиталінде емделеді. 1574 жылдың аяғында әскер ретінде тағы да бірнеше шайқастарға қатысады, 1575 жылы әскери қызметінен босатылып, інісі Родригомен бірге отанына оралады.

1575 жылдың қыркүйегінде жолда келе жатқан Сервантесті қарақшылар тұтқындап, Жазоирге алып келеді. Осыдан соң оның Африкадағы құлдық өмірі басталады. Тұтқында жүрген Сервантес достарын құтқармақшы болып көп әрекеттенеді, өзі де бірнеше рет түрмеден қашпақшы болады. Бірақ бұл әрекеттердің барлығы сәтсіз аяқталады. Сервантестің ата-анасы ақша жинап, ұлдарын тұтқыннан босатуға ұмтылады. Сервантес 1580 жылдың 19 қыркүйегінде азаттыққа шығып, еліне оралады. Бұл уақытта оның отбасы біраз кедейленген, ата-анасының жиған-тергені Родриго мен Мигельді құлдықтан құтқаруға жұмсалған еді. Қартайған әке бұрынғы емшілік кәсібін тастаған болатын.

Сервантес бірер әскери мансапқа ерісу ниетінде Испанияға қосылған Португалияға барады (1581). Бұл жерде жолы болмаған Сервантес Мадридке қайтып келеді. 1584 жылдың желтоқсан айында майда дворян отбасынан шыққан Каталина есімді қызға үйленеді. Әкесі қайтыс болған соң (1585), түрлі шаруашылық істермен айналысуға мәжбүр болады. Сондықтан әдеби қызметі ұзақ уақыт үзіліске түседі. Алдын әскерге азық -түлік дайындаушы интендант (1587-1594), соңынан төленбеген салықтарды өндіруші агент ретінде іске кіріскен Сервантес аңғалдығының себебінен жазықсыз жапа шегеді. 1592 жылы «жиналған астықты қате сараптады» деп айыпталып, түрмеге жабылады. Басқа жұмыстарынан да кемшіліктер табылады. Севилия қаласының банкирі Мадридке өткізілетін ақшаны уақтында жібермейді, мұның үстіне ақшаның құны түсіп қалады. «Өндірілмей қалған салықтар үшін кінәлі» деп Сервантес 1597 жылы тағы да қамалады. Соңырақ бұл оқиғаға қатысты дау-жанжал қайта көтеріліп, Сервантес 1602 жылы үшінші рет абақтыға түседі.

Сервантестің «Дон Кихот» романын жазуы, оның өміріндегі осындай ең қиын, ауыр кезеңдерге тура келеді. 1604 жылы корольдіктің жаңа астанасы деп аталған Вальядолидке келгеннен соң, оның әдеби қызметіне жағдай туады. Осы жерде «Дон Кихот» романының бірінші бөлімі баспадан шығады (1605). Мұнан кейін он төрт хикаяны өз ішіне алатын «Ғибратты новеллалар» жинағы (1613), «Парнасқа саяхат» (1614) поэмасы баспадан шығады.

1615 жылы «Дон Кихоттың» екінші бөлімі жарияланады. Осы жылы оның «Сегіз комедия және сегіз интермендия» атты пьесалар жинағы да жазылады.

Сервантестің соңғы шығармасы «Персилес пен Сигизмунданың саяхаты» романы жазушы дүниеден өткен соң ғана жарияланды. Антик классикалық және Қайта өрлеу дәуірі әдебиетімен жақыннан таныс, әскери қызмет пен шайқастарға қатысқан, бес жыл тұтқында болған, мұнан да өзге едәуір азаптарды басынан өткізген Сервантестің дүниетанымы гуманистік мазмұнда қалыптасты. Бұл жағдай оның ірі реалистік жазушы дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік берді. Сервантестің үздік әдеби таланты оның «Дон Кихот» шығармасында айқын танылады.

«Дон Кихот» романының жазылуы испан мәдени өмірінде өте үлкен оқиға болды. Шығарманың мазмұнында Сервантес серілік романдарды қатты сынға алуды негізгі мақсат етіп қояды. «Дон Кихот» сырттай қарағанда орта ғасырлық серілік романдарға пародия болып көрінгенімен, оның мазмұны өте тереңде жатыр. Шығарма бүкіл феодалдық қоғамды және сол қоғамның әдет-ғұрыптарын, заң-тәртіптерін аяусыз әшкерелеген ащы сатира еді. Поль Лафарг барлық роман жазушылардың ішінде Сервантес пен Бальзакты өте жоғары бағалаған. «Дон Кихоттан» болса, өліп бара жатқан серілік эпосты көрген.

Орыс революцияшыл демократы В. Г. Белинский даңқты «Дон Кихоттың» авторына жоғары баға бере отырып, «ол романның идеал түрде дамуына қатты соққы берді және оны шыншыл бағытқа салды», деп көрсетті [1,24]. Жоғарыда келтірілген пікірлер Сервантес шығармасының маңызын ашуда, әрине, ерекше қызмет атқарады. Шығарманың бас қаһарманы Ламанч қыстағында жасайтын, жасы елулерге келіп қалған, ұзын бойлы, қайратты, бірақ жүдеу, аңшылықты ұнататын, кедейленген дворян Кихона еді. Бұл дворян серілік романдарды қызыға оқығандығы сонша, тіпті аңшылықты да, өз шаруашылығын да ұмытады. Жерінің көп бөлегін сатып, оның ақшасына жаңа роман кітаптар алып, үздіксіз оқуға кіріседі. Ертелі-кеш кітаптан бас алмайтын оның миы зақымға ұшырайды. Кихонаның көз алдынан серілік романдардағы жәдігөйлер, әртүрлі серілер өте бастайды. Ол үшін қияли нәрселер ақиқаттай көрінеді, ал ақиқат болса өз мәнін жоғалтады. Оның ойында сері болу және соларға ұқсап әрқандай әділетсіздіктерге қарсы күресу арманы туады.

Ол серілік романдардағы қағидаларға сүйене отырып, лезде іске кіріседі, ата-бабасынан қалған ескі, тот басқан темір-терсектер ішінен қару-жарақтар тауып, оларды өңдейді. Темір қалпақ та табылады, соңынан арық, ақсақ атына көзі түседі. Оған серілік романдардағы сияқты даңқты Росинант деген ат қояды. Өзіне бір апта ойланып, соңында, Дон Кихот деген есімді таңдайды. Оған туған қыстағының атын жалғап, ламанчтық Дон Кихот деп атауды мақұл көреді. Жорықшы серінің, әрине, махаббаты мен ғашығы болуы керек. Ол Табасо қыстағындағы шошқа бағатын Алдансо Лоресо деген қызды өз тілегіне сай деп таңдайды. Оған да Дульсинея Табасо деп, ханшаларға қойылатын есімді қояды.

Осыдан соң, Дон Кихоттың «жорықтары» басталады. Әділеттік үшін күресіп, ерлік көрсетпекші болған Дон Кихот атқан әр бір қадамында сәтсіздікке ұшырайды.

Шілде айының ыстық күндерінің бірінде Дон Кихот жауынгерлік жаттығулар жасап, қару-жарақтарын асынып, Дульсинеяның есімін қайталап, «тұлпар» Росинантқа мініп, бірінші рет сапарға аттанады, бірақ есіктен шығысымен оны көңілсіз ойлар мазалай бастайды. Себебі, ол серілікке ант бермеген еді, сондықтан серілік қағидалар бойынша біреумен серілік шайқасқа түсуі керек болатын. Енді ол кейін қайтуы тиіс, бірақ оның бойындағы тентектік барлық қағидалардан басым шығады. Жолда бірінші кездескен жолаушының батасымен сері атағын алмақшы болады.

Дон Кихот осы күні, кешке қарай жеткен жері керуен сарайды қорқынышты қапас деп ойлайды, бұл жердегі әйелдер оған сұлу ханымдар болып елестейді, шошқа бағушының сыбызғысының даусын «өзін күтіп алу салтанатына арналған күй» деп қабылдайды. Дон Кихоттың «дұшпанмен» алғашқы қақтығысы осы керуен сарайдың қорасында болады. «Қасиетті орын» деп түсінген сарайды түнімен ұйықтамай күзетіп шығады. Осы кезде малын суаруға келген шопанды «дұшпан екен» деп, оған қарсы шабуылға шығады. Дон Кихот таяққа жығылған жазықсыз малшының достары жаудырған тастардың астында қалады.

Керуен сарай қожайнының Дон Кихот серіге «бата» беруге асығуының себебі, одан тез құтылу еді. Енді «нағыз» сері ретінде жолға шыққан Дон Кихот, қожайны сабап жатқан шопан балаға кездеседі және оны азаптан құтқарады. Дон Кихот өзінің істеген істеріне өте қуанышты еді, өйткені ол «үлкен әділетсіздіктерді жеңген болатын». Бірақ баланың мұнан соңғы тағдыры оны онша қиналдырмайды. Толедо саудагерлерімен шайқас та көңілсіз оқиғалармен аяқталады. Дон Кихот оларды жауынгер серілер деп жолын тосып, дүниедегі барша ханымдардан гөрі, Дульсинеяның сұлу екендігін мойындауға мәжбүрлемекші болады. Өжеттікпен оларға шабуыл бастаған, бірақ таяққа жығылып, орнынан тұруға шамасы келмеген Дон Кихот қайғырмайды, өйткені «жиһангер серінің басында мұндай оқиғалардың болып тұруы табиғи» дейді.

Сервантестің шығарма кіріспесінде «серілік романдардың құлайын деп тұрған іргетасын қирату» дегендегі басты пікірі Дон Кихоттың алғашқы сапары бейнелеген эпизодтарда айқын көрінеді. Серіліктің апатты әсеріне қарсы батыл әрі тынымсыз күрес алып бару идеясы бүкіл оқиғалар барысында жазушының назарынан тыс қалмайды.

Дон Кихот серілік жорықтардан оралып, қатты науқастанып жатқан уақтында, оның кітапханасын көріп шыққан достары, жиені мен қызметші әйел «құрғақ тілмен жазылған, лас әрі мағынасыз», зияннан басқа келтірмейтін кітаптар туралы: «Барлығын жинап, өртеп жіберу керек», «Оларды қоқысқа лақтыру керек» дейді. Бұл жазушының серілік романдарға жиіркенішпен қарауының белгісі еді. Дон Кихот кезекті сапарға шығар алдында Санчо Панса деген қарапайым шаруаны тауып, өзіне жәрдемші-атқосшы қылып алады. Оны бұл қызметтері үшін болашақта бағындыратын аралдардың біріне губернаторлық орынға тағайындамақшы болады. Жолда алыстан көрінген жел диірмендер оған қорқынышты дәулер болып көрінеді.

Дон Кихот бірінші кездескен диірменнің қанатына найза қадайды. Айналып тұрған диірмен қанаттары оны атымен қоса көтеріп, лақтырып тастайды. Санчо Панса ауыр халде жатқан қожайнына бұл өкінішті оқиғаның өз сөздеріне сенбегендіктен болғандығын ескертеді. Дон Кихот болса, кітаптарымен бірге үйін де тонап кеткен дұшпаны, жәдігөй Фрестонның сиқырдың күшімен арпа дәндерін жел диірмендерге айналдырып қойғандығын, бірақ бәрі бір оның аярлығы Дон Кихоттың қылышына төтеп бере алмастығын айтып, өз пікірінен қайтпайды. Екінші күні Дон Кихот пен Санчо жолда екі монах пен олардың қызметкерлеріне кездеседі. Олардан кейінірек, арбада бискайлық әйел де келе жатқан. Бұл жолаушылар Дон Кихотқа «ханшаны» ұрлап бара жатырған қарақшылар болып елестейді. Ол «ханшаны» азат ету үшін шабуылға шығады. Санчо Пансаны тек қана бір нәрсе – жерде созылып жатқан, «жеңілген» адамның заттарын олжалап алу ғана қызықтыратын. Бірақ екі қаһарман да – сері мен оның атқосшысы жолаушылардан қатты тойтарыс алады.

Осы сияқты көңілсіз оқиғалар Санчо Пансаны үмітсіздікке түсіреді. Ол сондықтан қыстағына қайта оралып, шаруашылық жұмыстарымен айналысқысы келеді. Бірақ Дон Кихот оған жеңіс күні жақындап қалғандығын, шыдамды, сабырлы болу керектігін ұқтырған соң, ол Дон Кихотты тастап кете алмайды.

Дон Кихоттың қызметкерінен «мұңды сері» лақабын алуы бекер емес. Оның өзі де өткендегі серілер сияқты осындай атқа тезірек ерісуді тілеп, қалқанына мұңды адам суретін салғызбақшы болғанында, Санчо Панса оған қарсылық білдіріп, бұл нәрсеге уақыт пен ақша жұмсап отырудың тіпті қажеттігі жоқтығын, өйткені аштықтан және тістерінен айрылғандықтан, бетіндегі пердесін ашып тастаса болғаны, оның жүзі онсыз да мұңды әрі аянышты екендігін айтады. Санчоның бұл сөздері әзіл-қалжың сияқты көрінгенімен, ол көп мәселелерге шынайы баға беретін.

Серілік романдарға ес-түссіз берілу Дон Кихотты алаңғасарлық халге түсіргенімен, оның жүрегі таза, пәк, іс-әрекеттері, талпыныстары адал. Бұл пікірді романдағы мына эпизод толық дәлелдейді: «Намысы тапталған және байлардан озбырлық көргендерді қолдау үшін ант ішкен» Дон Кихот жолда қолдары кісенделген тұтқындарға кездесіп, оларды құтқаруға ұмтылды. Табиғат еркін жаратқан адамдарды құлға айналдыру үлкен әділетсіздік, деп оларға бостандық беруді талап етеді. Бірақ, сақшылар оның талаптарын орындамайды. Бұған

ызаланған Дон Кихот шабуылға шығып, жасақ бастығын, жақсы қаруланбаған сақшыларды соққыға жығып, тұтқындарды кісеннен құтқарады. Сервантестің көрсеткеніндей, Дон Кихот «тентекше өмір сүріп, данышпандарша өледі». «Дон Кихот – жомарт әрі ақылды жан, - деп жазады Белинский, - ол бүкіл жан-тәнімен өзі сүйген идеяға берілді. Дон Кихот мінезінің күлкілі жағы оның сүйген идеясы мен заман талабы ортасындағы қайшылықтан туған болатын. Дон Кихот нағыз серілік талаптарды терең түсінеді, ол туралы әділ пікір жүргізеді. Сері ретінде мағынасыз тентектіктермен әрекет етеді; серілік қағидалардан тыс пікір айтқанда, нағыз данышпандық танытады. Міне, сондықтан да бұл күлкілі адам тағдырында қандай да бір қайғы мен аяныш бар...» [2, 94].

Дон Кихот «Серіліктің ауыр істеріне өз өмірін бағыштап», «озбырлық көргендерге жәрдем беру, дұшпандарды, жәдігөйлерді жеңумен» даңқын шығару ойымен жүрсе, Санчо Пансаның ойы мүлдем басқаша. Ол бай болуды армандайды. Уәде қылынған «губернаторлықты атқара алмайды» деген пікірге қарсылық білдіріп: «Мен бір нәрсені жақсы түсінемін,- дейді Панса, - графтықты қолға түсірсем болды, оны қалай басқаруды білемін. Басқаларда қанша жан болса, менде де сонша жан бар, денем тіпті олардан ірілеу, өз мүлкімді корольден жаман басқармаймын», дейді [3, 34].

Жазушы көрсеткендей, «олардың екеуі де (Дон Кихот пен Санчо Панса) тіпті бір қалыпта құйылғандай, қожайынның тентектігі, қызметкердің аңғалдығы болмағанда, шынашаққа да татымас еді»[1, 53].

Олардың бірінде бар қасиет екіншісінде жоқ, біріншісінде жоқ қасиет екіншісінде бар. Сондықтан да Санчо Панса Дон Кихоттың мағынасыз әрекеттерін байқайды. Пайда келтірмейтін азапты, көңілсіз көп оқиғалардан соң атқосшылықтан бас тартып, үйіне қайтпақшы болады, бірақ аңғалдығы мен адалдығы нәтижесінде Дон Кихотты жалғыз тастап кетуге дәті жетпейді. «...Бірақ көрініп тұр ғой, менің тағдырым осы. Оны күзетіп жүруім керек. Барлық әңгіме мынада, біз онымен бір қыстақтанбыз, ол мені бақты, мен оны сүйемін, мұны ол қадірлей біледі. Тіпті, маған сыйлықтар сыйлайды, ең маңыздысы, мен дұрыс адаммын, соның үшін өлімнен басқа ешнәрсе бізді айыра алмайды» [2, 281].

Баратария аралына губернатор болып тағайындалған атқосшы өзін «дон Санчо Панса» деп атауға жол бермейді, өйткені ол дворяндар әулетінен емес, қарапайым шаруалар арасынан шыққан, соның үшін ол мұндай дабыралы атақтардан құтылу жолын іздейді. Губернатор алдына арызбен келгендердің жұмысын (тігінші мен шаруа, екі шал, шопан мен күнahap әйел дауын) әділ шешеді.

Ол «аралды әр қандай алаяқтар, еріншектер мен тоғышарлардан тазартуды», құмарханаларды жабуды, арсыз саудагерлерді қууды және мемлекет құрылысын жақсартуды мақсат етеді. Бірақ, бұл жерде Санчо жалғыз өзі таңертеңнен кешке дейін жұмыс істесе де, дұрыс тамақтанбайды. Губернатор болудан алдын ол «ыстық тамақ жеймін, салқын ішімдіктер ішемін» деген армандаған еді. Соның үшін Санчо, «губернаторлық мансап оны атқарып отырған адамды асырай алмаса, онда ол екі дана бұршаққа да татымайды екен», дейді ызаланып, губернаторлықты тастап өз қыстағына қайтады.

Санчоның «...губернаторлық міндетіне көк тиынсыз келдім, әдеттегі герцогтардың кетуіне мүлдем ұқсамай, одан және көк тиынсыз кетіп барамын», деген сөздерінде терең мағына жатыр. Феодалдарға тән болған қанағатсыздық,, жемқорлық, әділетсіздік пен басқа да көп жаман қасиеттер оған жат болатын. Губернатор Санчо мен феодал– губернаторлар арасында өзгешелік бар. Санчо Пансаның бұл мақсатқа ұмтылудағы ойы - өз тұрмысын жақсарту мен мемлекеттің қалай басқарылуын өз көзімен көру еді. Мұндай қызметті орындауға тура келгенде, ол бұл істі данышпандықпен атқарады.

Санчо Панса образында Сервантес «атқосшының барлық жақсы қасиеттерін жинақтайды». Серілік романдарда атқосшының характері өте аз, әрі жеткіліксіз суреттелетін. «Дон Кихот» романында болса, ауыр сынақтарға төтеп берген Санчо Панса қожайынының тентектік әрекеттерінен тиісті қорытынды шығарып, оған сын көзбен қарай бастайды. Санчо - халық даналығын бейнелеген қарапайым адам образы.

Роман персонаждарының құрамына кірген қарапайым жандар – шаруа мен шопан, студент пен сарбаз, арбакеш пен кәсіпқой, майда дворян мен керуен сарай қожайындары. Олардың алдына қойған мақсат пен әрекеттері жазушының негізгі идеясын ашуда маңызды орынды алады. Әсіресе, әйел-қыздар образы – Дон Кихоттың жиені Антония Кихано, қызметші әйел мен Тереса Панса образы назарға лайық. Тереса ерінің губернаторлыққа ұмтылуы мен қызын бай адамға ұзату туралы кеңесіне қарсы болады. Қызының шаруа жігітпен тұрмыс құруын қалайды.

«Ол графиня болған күні, - деп қарсылық білдіреді Тереса, - мен оны көрге көмдім деп санаймын. Бірақ, мен тағы да қайталаймын: қалай қаласаң, солай істе, біз әйелдердің басына түскен тауқымет осы, мүлде ақылы жоқ болса да, еріңе бағынуың керек». Сервантес орта ғасыр жағдайында жасаған шаруа әйелдің тұрмысы мен арман-тілектерін шынайы көріністер арқылы суреттеп береді. «Бақытты болу байлықта емес, теңдік пен өзара құрметте», деп көрсетті ол.

Өткен дәуірлердегі ірі әдебиет және қоғам қайраткерлері «Дон Кихот» шығармасының терең мазмұны мен оның феодалдық қоғамға қарсы рухын жақсы түсінген. XVIII ғасырда өмір сүрген ағылшын жазушысы Фильдинг Сервантес туындысынан шабыт алып, әдеби қызметінің алғашқы сатысында «Дон Кихот Англияда» атты сатиралық комедиясын жазды. Соңынан шығармашылық талантының толысқан шағында Сервантес әдісінен үлгі ала отырып, «Жозеф Эндрюс пен оның досы Абраам Адамстың басынан кешірген оқиғалар тарихы» романын жариялайды. Мұнда қоғамды гуманистік негізде қайта құру жайында Сервантес ұсынған пікірлерді қорғайды.

XIX ғасырдағы ілгерішіл романтизмнің ірі өкілдері Гюго, Байрон және басқа жазушылар да бұл туындыға жоғары баға берді. Сервантес пен оның «Дон Кихот» романы туралы көптеген құнды пікірлерді айтқандардың бірі Генрих Гейне. Ол Сервантесті Шекспир, Гётемен қатар қояды.

«Оның серілік романдарға ойсырата соққы бергендігі сонша, - деп жазды Гейне, - «Дон Кихот» жарық көргеннен соң бүкіл Испанияда мұндай мазмұндағы кітаптарға болған қызығушылық мүлде жойылды және олардың бірде-бірі мұнан кейін жарияланған жоқ» [3, 149]. Орта ғасырлық поэзиядан нәр ала отырып, серілік оқиғаларды бейнелеген романға төменгі топ өкілінің образын енгізуі, сол арқылы демократиялық пікірлерді баяндауы Сервантестің жаңа романның негізін салуына жағдай жасады.

«Өздерін Дон Кихот және Санчо Панса деп атап, бір-бірін үздіксіз пародия қылатын, сонысы арқылы бірін-бірі толықтырып отыратын екі кейіпкер біріге отырып,- дейді Гейне «Дон Кихоттың» кіріспесінде, - романның шынайы қаһарманын қалыптастырады. Осылайша, автордың көркемдік шеберлігі мен терең ақыл-парасатын дәлелдейді» [3, 149].

Белинский Сервантестің шығармашылығын терең талдай келіп, «Дон Кихот» арқылы өнерде жаңа дәуірдің басталғандығын, қияли жасандылықтарға тосқауыл қойған жаңа реалистік бағыттың туғандығын ерекше атап өтеді.

М. Горький «Еңбекші адамның еркін шығармашылығына ауыр кедергілер қойылған еді, - деп жазады «Өнер туралы» деген мақаласында, - Бірақ әрдайым болған және бүгінгі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан Дон Кихоттарда қандай да болмасын сұлу, әдеттен тыс, таңғажайып бір нәрсе жасау сияқты ежелгі арман сөнбеген еді» [4, 89].

Горький Санчо Пансаның қарапайым адамдар арасынан шыққан, халық даналығын бейнелеген тұлға екендігін көрсетіп, кітаптың халықшыл және шынайы характерін ашып, «донкихотшылықты» өткен күндер қиялына берілу нәтижесінде тұрмысты қайта құру сияқты маңызды міндетті түсіне алмаушылықтың салдары, дейді.

Романның негізгі ерекшелігі, Сервантес екі қаһарманды да авантюристік дерттен айығуға мәжбүрлейді. Сондықтан шығарманың соңында үмітсіздік көңіл-күйлер көрінбейді. Дон Кихот Санчоға тән болған өмірге реал түрде қарауды, Санчо болса Дон Кихоттағы гуманизмді игереді. Осылайша, олар халықтың арман-тілегін бейнелеген нағыз қаһармандарға айналады.

Сервантес орта ғасырлық серілік романдарға ойсырата соққы беріп ғана қоймай, сонымен бірге жаңа типтегі реалистік романның да негізін салды. Халық тұрмысын жақсы білуі гуманистік идеяларды бейнелеуге мол мүмкіндіктер берді. Оның реалистік әдісі, жаратқан образдары және көркемдік тәсілдері дүние жүзі реалистік әдебиетінің мұнан соңғы дамуына кең жол ашты.

Әдебиет тізімі

1 Белинский В.Г. Сочинение в одном томе. – Москва, 1950.

2 Сервантес М. Айлакер идальго ламанчалық Дон Кихот. 1-бөлім. Ауд. Қараманұлы Қ. – Астана: «Аударма», 2006.

3 Сервантес М. Айлакер идальго ламанчалық Дон Кихот. 2-бөлім. Ауд. Қараманұлы Қ. – Астана. «Аударма», 2007.

4 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы. – Астана: «Фолиант», 2012.

В данной статье рассматривается художественное мастерство великого испанского писателя Мигель де Сервантеса в романе «Дон Кихот Ламанчский». Сервантес глубоко раскрывает характер своих героев и осуждает средневековое общество. Но писатель всегда оптимичен, он верит в будущее. Поэтому его персонажи борються за справедливость, за духовную независимость. Автор статьи всесторонно анализирует образы реалистического романа.

In this article art skill of the great Spanish writer Miguel de Servantesa in the novel "Don Quixote Lamanchsky" is considered. Servantes deeply discloses the nature of his characters and condemns medieval society. But the playwright is an optimist, he believes in the future. Therefore, the characters are fighting for justice, for spiritual independence. The author of the article comprehensively analyzes the images of the realistic novel.

УДК 82/821(100-87)

Ж.Т. Қобланов
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
koblanov64@mail.ru

УИЛЬЯМ ШЕКСПИРДІҢ ТАРИХИ ХРОНИКАЛАРЫ

Мақалада Уильям Шекспирдің тарихи хроникаларындағы кейіпкерлер табиғатын, кезең көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Шекспир шығармашылығының алғашқы дәуірінде-ақ өз заманының келеңсіз жақтарын көріп, қолына қалам алған болатын. Драматург айналасын шырмап алған кемшіліктерге, озбырлықтарға сын көзбен қарап, адам тағдыры және оның арман-тілегі жайында тереңірек пікір жүргізуге ұмтылады. Шекспир шығармашылығына тән өмір қуанышынан ләззат алу оның хроникаларында да кездеседі. Бірақ оларда келеңсіз оқиғаларды бейнелеу, зұлымдық пен соқыр сенімді сынға алу негізгі мәселе болып қалады. Хроникалық драмаларындағы келеңсіз оқиғаларды бейнелеуде жазушы өмірге сенім туғызатын оптимистік, образды тәсілдерді таба біледі. Автор қаламгердің осы қырларын мақалада толық ашып көрсетеді.

Негізгі сөздер: тарихи хроника, образ, конфликт, монолог, диалог, пьеса, дәстүр, риторика, логика, сюжет,

Шекспир тарихи хроникалар деп аталған драмаларына материалды негізінен, XVI ғасырдағы ағылшын тарихшысы Холиншедтің «Англия, Шотландия және Ирландия хроникаларынан» алды. Көне құжаттарда тарихи оқиғалар ертегі және аңыздармен араласып кеткен болатын. Оларда өзара феодалдық соғыстар және феодалдардың король билігіне қарсы көтерілістері суреттелген еді. Шекспир осы мұраларды үйреніп, тарихи оқиғалардың негізгі тенденцияларын түсініп, оларды баяндау жолдарын табады. Аңыздардан шынайы оқиғалардың мазмұнын ашу үшін пайдаланады.

Он хрониканың сегізінде («Король Жон» және «Генрих VIII»-ден басқасы) феодалдық соғыстар, орталықтанған билік орнату үшін күрес, мемлекет пен халық тағдыры мәселелері бейнеленеді.

Дұшпандар шабуылы өршіп тұрған бір кезеңде ұлттық мемлекет орнату идеясы ілгерішіл идея болатын. Тарихта болып жатқан окиғаларды маңдайға жазылған тағдыр ісі деп емес, ал табиғат заңдылығы ретінде қарап, мемлекеттің даму тенденциясын, жаңалықтың ескілік үстінен, шексіз биліктің феодалдық анархия үстінен жеңіске жетуін стихиялы түрде болса да дұрыс аңғарады.

Соның үшін де Шекспир өз хроникаларында Англияның бірлесуіне кедергі болып отырған феодалдарға қарсы аяусыз күрес алып барушы адамдарды қолдап, жеке бас мүддесіне беріліп кеткен, мемлекетті басқара алмайтын қабілетсіз корольдерді сынға алады [1, 102].

Монархияны феодалдық анархияға қарсы қойған Шекспир «мемлекетке күшті және әділетті, халықшыл король басшылық етсін, егер мемлекетті билеуші басшы өте қабілетті болмаса, тез арада тақтан түсірілуі керек» деген пікірді жақтады[2,58]. «Ричард II» хроникасында қабілетсіз, сотқар, даңққа берілген, залым король көрсетіледі. Ол айналасына арамтамақтарды жинайды, адал жандарды, сонымен бірге жас Болингброкты да қуғындайды. Осындай әділетсіз әрекеттердің себебінен оған қарсы көтеріліс туып, тақтан түсуге мәжбүр болады.

Хроникаларында суреттелген корольдер жазушы ойлағандай жандар емес. Шекспирдің реалистік қаламы оның ойынан біраз ілгері. «Король Жон - қылмыскер, зұлым, Ричард II - атаққұмар, қабілетсіз, Генрих IV - өзімшіл, жауыз. Елді Генрих V сияқты билеушілер басқаруы керек», деп Шекспир оны барша корольдерге үлгі етіп көрсетеді. Алғашқы пьесаларының қатарына жататын «Генрих VI» мен «Ричард III»-де мемлекетті апатқа алып келген феодалдық соғыстар айыпталады.

«Ричард III» драмасы

«Ричард III» (1592) драмасының сюжетін Шекспир Холиншедтің «Англия, Шотландия және Ирландия хроникаларынан» (1577) алып, оны көркемдік тұрғыдан қайта өңдеді. Шығарманың бас қаһарманы даңққұмар Ричард таққа отыру үшін ешнәрседен қайтпай, жолында кездескен тосқауылдардың бәрін жеңеді. Алдын ол науқас король Эдуард IV-нің екі ұлын өлтіреді, соңынан корольдің інісі герцог Георг Кларенстің де көзін жояды. Мұнымен де қанағаттанбаған Ричард III ағасының жас ұлы мен қызын өлтіреді.

Жазушы орта ғасырдағы мистерия дәстүріне сүйене отырып, болған оқиғаларды ізбе-із хикаялайды. Бірақ Шекспир бас қаһарманның бейнесін шығарма идеясына байланыстыра ашу сияқты жаңа әдісті қолданады. Ричард епшілдігі, өткір ақылы, батылдығы мен қаталдығы арқылы алдын жазылған хроникалардағы қаһармандардан ерекшеленіп тұрады. Табиғатынан жыртқыш, «қатал адам» алдында барша жан әлсіз және қорғансыз еді. Атаққұмар король Эдуард та, жылпос фасадшы Кларенс те, Елизавета ханымның жақын туыстары мешкей, тәкаппар Риверс, Дорсет, Грей, билік сүйгіш Бекингем, надан Хестингс және тағы басқалар да қарсылық көрсете алмай, оның алдында масқара болады. Елизавета ханым, король Генрих VI-ның әйелі Маргарита, Эдуардтың әйелі леди Анналар оны айлакер, қылмыскер, қанішер деп айыптайды. Ақылды, парасатты және батыл Маргарита ғана

Ричардпен ашық тартысқа түседі. Бірақ оның қолынан ешнәрсе келмейтін еді, өйткені, уақыт өткен, оның айналасындағылар болса күреске қабілетсіз, жігерсіз, қауқарсыз адамдар болып, оған медет бола алмайтын. Ричард үшін «жұдырық» ардың орнына, «қылыш» күштің орнына жүреді. Бірақ ол бұл мақсатта қатып қалмайды. Жағдайға карай қимылдайды. Ричард Кларенс және Хестингспен ашық түрде айқасса, Аннаны жылы сөздермен алдайды, Елизавета ханыммен болса дөрекі түрде қатынас жасайды.

Аңғал Аннаның «назарын» өзіне аудару үшін Ричард III оған «ғашықтығын» білдіреді. Анна көп қиындықтардан соң «жауыз, залым» деп атаған адамының тілегіне көнуге мәжбүр болады. Қорланған, ары тапталған Анна да өлтіріледі...

Ричард соңында жалғыз өзі қалады. Жалғыздық оның өз күшіне сенімін жоғалтады. Өз қателігін түсінеді, бірақ енді оны түзетудің жолы жоқ еді, ол қатты жан азабын шегеді. Сонда да кері шегінгісі келмейді. Бірақ оның дәуірі өткен еді. Ричард шайқаста Ричмондтан жеңіліп, мерт болады.

Ричардтың өзіне тән ерекшелігі сонда, қылмыстарының санын ұмытқан бұл қанішер өлімі алдында «ешкім мені сүймейді, өлгенімнен соң ешкім маған ашынбайды» деп өкінеді [3, 26]. Шекспир Ричард образы арқылы йорктар әулетінің абыройы үшін күресуші адамның өз мүддесін ойлап, таққа отыру үшін ұмтылған қанішер қылмыскерге айналғандығын, феодалдық қатынастар құлдырап бара жатқан дәуірде өзін халыққа қарсы қойған озбыр билеушінің мерт болуы сөзсіз екендігін көрсетеді. Драмадағы орталық образ болған Ричардтың барша қасиеттері толық ашылған. Ричард «күші, жігері» жағынан Кид пен Марло қаһармандарына ұқсағанымен, олардан көп қырлылығымен ерекшеленеді. Ричард ақылды, епті, бірақ қылмыскер, жауыз. Ол орта ғасырлардың аңғал адамдарындай емес, капитал салтанат құра бастаған дәуірде жетілген адам сипатында аяр, әрі айлакер. «Ричард III» драмасы - Шекспирдің шығармашылық өсу, яғни хроникадан трагедияға өту сатысында жазылған шығарма. Ричард образы монументал Яго, Макбет және басқа образдардың жаратылуындағы алғашқы тәжірибе болды.

«Генрих IV» драмасы

Хроникалар жанрының ең биік шыңы саналатын «Генрих IV» тарихи драмасы екі бөлімнен құралып, біріншісі 1598 жылы, екіншісі 1600 жылы баспадан шыққан. Драма тұтас бір идеяны баяндауға қызмет ететін екі дербес көрініске жоспарланған пьеса. Шығармадағы негізгі тартыс (конфликт) орталықтанған ұлттық мемлекет орнатуға ұмтылған король мен оған қарсы шыққан феодалдар арасындағы күреске құрылған. Тартыс әсерлі реалистік бояулармен ашылады. Шексіз билікті орнатушы Генрих IV кіршіксіз, әділ билеуші бола алмайды. Өйткені ол Ричард II-ні өлтіріп, оның тағына отырады. Ол жан азабын, ар азабын тартады. Таққа отыруға жәрдемдескен феодалдар Вустер, Нортемберланд және басқалар Генрихқа көптеген талап қойып, оның тәуелсіз саясат жүргізуіне кедергі болады. Бірақ Генрих IV оларды өзіне бағындыру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Бұған қарсы олар Генрихтың бұрынғы дұшпандары – Ричард II тағының мұрагері Мортимер, Шотландия азаттығы үшін Англияға қарсы күрескен Дуглас және жауыз феодал Глендаурмен одақ құрады. Сақталып қалған деректерде Генрих IV-нің жеңісін қамтамасыз еткен себептер беймәлім қалған. Бірақ Шекспир күресуші күштердің саяси бейнесін шынайы суреттейді және ол «мемлекеттің бірлігін тілейтін топтардың жанкешті күрестері бейбастақ феодалдарды жеңіліске ұшыратты» деген қорытындыға келеді [4, 201].

Хрониканың бірінші бөлімінде Генрих IV көтерілісші феодалдарға қарсы белсенді күрес алып барған болса, екінші бөлімде оның өмірінде едәуір өзгерістер болады, ауруға шалдығады, сол себепті енді ол мемлекет істеріне араласа алмай қалады. Хроникада бейнеленген әр екі дұшпан топтың өз ішінде де қайшылықтар мол. Бұл кемшіліктер драмада жанды образдар арқылы ашылады. Мәселен, Глендаур мен Хотспер, король Генрих IV мен шахзада Генрих V, Фальстаф пен шахзада ортасында күрделі наразылықтар бар. Жас Генрих өз ортасынан қашады, сарай және мемлекет қызметін ұнатпайды, ескіше өмірден бас тартып, маскүнемдікке салынған сері Фальстаф сияқты адамдармен араласады. Олармен ойын-сауық құрады, кешке қарай жол торып, олжа табуға ұмтылады. Бірақ шахзада Генрих мұндай

жағдайда ұзақ уақыт қалып қоймайды. Өзінің жеке және қоғамдық борышын аңғарады. Әкесі ауырып, мемлекетті басқара алмай, қауіп төнген сәтте жас Генрих ойын-күлкіні тыйып, ашық шайқасқа шығады, дұшпаны Хотсперді жеңеді. Әкесі қайтыс болған соң таққа отырған (II-бөлім) жас король туралы хабар сері Фальстафты шексіз қуанышқа бөлейді. Ол енді бақытты өмір сүруге мол мүмкіндік туды деп ойлайды. Бірақ король Генрих өзін құттықтауға келген ескі досын суық жүзбен қарсы алады. Оның әзіл аралас сөздеріне дөрекі жауап қайтарады. Өйткені онымен бірге өткізген жылдар жастық шақтың бейғам сәттері екендігін түсінеді. Жас Генрих тез өзгереді. Енді мемлекетті басқару сияқты маңызды борыштың өз мойнына түскендігін сезеді. Қарт корольдің «өзімнен соң мемлекетте тәртіп болмайды-ау» деген күдігі орынсыз болып шығады. Генрих әміршілерге тән қимылға көшіп, мемлекетте қатал тәртіп орнатады.

Шекспир өткенді суреттегенде әрдайым өз заманын назарда ұстайды, феодалдық қоғамның індеттерін әшкерелеумен бірге, туып келе жатқан буржуазиялық биліктің келеңсіз жақтарын да айқын көрсетеді.

Генрих IV-нің феодалдарды жеңу себебі, оның күшті тұлға екендігінде емес, ал дербес ұлттық мемлекет орнату үшін жанкешті күрес алып барғандығында. Шекспир «Генрих IV» хроникасында саяси оқиғаларды, өзара қырғын соғыстарды суреттеумен шектеліп қалмай, әлеуметтік мәселелерге де ерекше көңіл бөледі. Джон Фальстафтың өмірінде, іс-қимылына қатысты көріністерде жазушының бұл образды тұлғаландырудағы реалистік шеберлігі айқын көрінеді.

Күрделі және күлкілі элементтерді өзара байланыстыру, сарай тұрмысын масқаралап, қарапайым адамдар өміріне аянышпен қарау - драманың негізгі ерекшеліктерінің бірі. Жазушы Фальстафтың дөрекі әзілдері арқылы Қайта өрлеу дәуірінің көтеріңкі рухын бейнелейді. Фальстаф жаңа қоғамдық қатынастар әсерінде ескі феодалдық тәртіптерден, атақ-даңққа ұмтылатын серілік қағидалардан бас тартады. Шайқасқа кіруге тура келгенде оның жалғыз тілегі, қалай да аман қалу болады. Сондықтан оның әрбір әрекеті көрерменге еріксіз езу тартқызады. «Епті қонақ тойдың басына, жігерсіз әскер шайқастың соңына асығады», - дейді Фальстаф.

Сері Фальстаф - орта ғасырлық өмірден бас тартқан, сыншыл ойларға қабілетті адамның бейнесі. Ол өзін әрқашан жас сезінеді. Қартайып бара жатқандығын байқамайды. Ақшасыз қалған уақыттарында ғана ол біраз өзгереді, бірақ бұл көңілсіздіктер де өткінші. Сыртқы келбеті ебейдейсіз, бірақ өзі сөзге ділмар. Ішімдікті жақсы көреді, оның пікірінше, «шарап адамды епті, көңілді қылады, қанды ойнатады, адамға батылдық береді». Фальстаф өзінің күлкілі қасиетін өзгелерге де жұқтырады. Фальстафтың өлімі де символдық мағынада суреттеледі. Ол сағат түнгі 24 пен 1-дің ортасында, яғни теңіз суы қайта бастаған кезде көз жұмады. Күш қайраты мен сезімдерге толып-тасқан адамның өлімі теңіздің төмендеуімен байланысты түрде берілуі Қайта өрлеу дәуірі дүниетанымында басталған дағдарыс арпалысын көрсетуге болған ишарат деп түсінеміз.

«Генрих V» драмасы

Шекспир абсолюттік монархияны ілгерішіл күш ретінде алғаш рет «Генрих V» (1599) драмасында көрсетеді. Генрих V мемлекет халқын сыртқы және ішкі дұшпандарға қарсы күреске үндейді.

Шығармадағы оқиға орайында Англия мен Франция ортасындағы соғыс баяндалады. Генрих V өзіне дейін билік құрған корольдерден ерекшеленіп тұрады: мемлекетті басқаруда әкесі Генрих IV яки Ричард III-ге ұқсап айла жасамайды, опасыздық танытпайды. Франциямен байланысты болған жанжалды да бейбіт жолдармен шешуге ұмтылады. Өзіне тиісті заңды жерлерді қайтарып алғысы келеді. Француз ханшасы Екатеринаға қарапайым қатынаста болады. Ол өзін ғашық қылып көрсетпейді, жасанды сөздер айтпайды, оған үйленудегі мақсаты екі мемлекет ортасында одақ орнату екендігін жасырмайды. Азинкур маңындағы шайқас алдында король әскердің көп бөлігін құраған шаруалар құзырына қарапайым дворян киімінде барып, олардың көңіл-күйін біледі. Ол өз әскерлерін мемлекет үшін батыл шайқасқа үндейді, жазушы оны заманасының саяси- ілгерішіл идеяларын өз

бойына жинақтаған әділ билеуші, батыл қолбасшы, өз халқымен тіл табыса білетін кішіпейіл жан сипатында бейнелейді. Идеал монарх туралы иллюзия бұл шығармада белгілі дәрежеде өз көрінісін тапқан.

Тарихи Генрих V мұндай жоғары қасиеттерден ұзақ тұрған король еді, әрине. Бірақ жазушы Генрих V-ні халық балладалары мен ертектеріндегі әділ билеуші образы сияқты бейнелеуге ұмтылып, онда өзінің гуманистік көзқарастарын жинақтайды. Бірақ Шекспир Генрих V-нің әлсіз жақтарын да көрсетті, ол тек өзін жалғыз билеушімін деп білген, адамгершілік сезімдерден мақұрым қалған жан болғандықтан идеал мемлекет қайраткері бола алмайтын еді.

Әдебиет тізімі

1 Белинский В.Г. Сочинение в одном томе. – М., 1950.
2 Шекспир В. Таңдамалы. 2 т. Ауд. Ерғалиев Х. – Алматы, «Жазушы», 1982.
3 Шекспир В. Таңдамалы. 1 т. Ауд. Әуезов М. – Алматы: «Жазушы», 1987.
4 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Дәуір», 2011.

В данной статье рассматривается художественное мастерство великого английского драматурга Уильяма Шекспира в жанре исторической драмы. Шекспир глубоко раскрывает характер своих героев и осуждает средневековое общество. Но драматург всегда оптимичен, он верит в будущее. Поэтому его персонажи борються за справедливость, за духовную независимость при этом высмеивая алчность и предательства. Автор статьи всесторонно анализирует образы некоторых исторических драм и оценивает роль великого драматурга в развитии этого жанра в мировой литературе.

This article examines the artistic skill of the greatest English playwright William Shakespeare in the genre of comedy. Shakespeare deeply discloses the nature of his characters and condemns medieval society. But the playwright is an optimist, he believes in the future. Therefore, the characters are fighting for justice, for spiritual independence while satirizing greed and betrayal. The author of the article comprehensively analyzes the images of some comedies and appreciates the role of the greatest playwright developing this genre in world literature.

УДК 821.512.122.

Б.Ш. Қожекеева, Б.С. Бегманова
ҚазМемҚызПу
Алматы, Казахстан
Bekzada61@mail.ru

КЕСЕК ТҰЛҒАЛЫ АҚЫН – ШАРҒЫН ӘЛҒАЗЫҰЛЫ

Жетісу өңірінде дүниеге келген, ел қамын ойлаған жанашыр, ақын, қоғам қайраткері, кесек тұлғалы ақынның бірі – Шарғын Әлғазыұлы. Шарғын Әлғазыұлының Қытай елін паналауына себеп болған 30-жылдардағы ашаршылық тауқыметі еді. Кіндік қаны тамған туған жер топырағын қанша қимаса да амалсыз тау асып, бас сауғалаған заман көшіне ілесті. Шарғынның Кеңес мектебінен алған ақындық мектебі Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар жолы. Шарғын ақын поэзиясы жан-жақтылығымен ерекшеленеді.Туған жер, табиғат, ғибраты мол ақыл-нақылға толы өлеңдері, толғау, дастан, өсиет, жоқтау, қоштасу өлеңдері, мысал, әзіл-оспақ, айтыс-қағытулары ақынның өресінің биіктігінен хабар беретін мол мұра, асыл дүниелер.

Кілт сөздер: қоғам қайраткері, поэзия, туған жер, ашаршылық кезеңі, жат жұрт, ел ертеңі.

Жетісу өңірінде дүниеге келген, өмірдің ащы дәмін бір адамдай татқан ел қамын ойлаған жанашыр, қоғам қайраткері, кесек тұлғалы ақынның бірі – Шарғын Әлғазыұлы (1903-1988). Ол 1903 жылы қазіргі Алматы облысы, Үйғыр ауданының Тиірмен (бұрынғы Жетісу облысы, Жаркент уезінің «Қожбанбет» болысында) деген жерінде дүниеге келіп, алғашқы сауатын да осында ашқан. Айдархан деген ауыл молдасынан арабша тіл сындырған. Содан соң әйгілі домбырашы, әнші Мақсұт Додабайұлынан Кеңес мектебінде білім алады. Содан да болар өлеңге, өнерге жаны құмар болып өседі. Бұл дәуір – қазақ халқының маңдайына небір асыл жауһарларын төге салған ғажап ғасыр. Бірақ, амал не маңдайға сыймаған небір дүлділ, атамекенімен жылай-жылай қош айтысып, басқа ел, бөтен өлке, жат жұрт құшағына жұтылып кете барды. Осыған дейінгі ақындарымыздың ел ауа көшуіне себеп 1916 жылғы үркіншілік болса, Шарғын Әлғазыұлының Қытай елін паналауына себеп болған 30-жылдардағы ашаршылық тауқыметі еді. Кіндік қаны тамған туған жер топырағын қанша қимаса да амалсыз тау асып, бас сауғалаған заман көшіне ілесті. Қолдан жасалған қызыл қырғын аштықтан зардап шекпеген адам кемде-кем еді: «1932 жылғы февраль айында жүргізілген Бүкілодақтық мал санағы бойынша, 1923-29 жылдардағы 40мл. бас малдан – Қазақстанда санақ барысында 5.397 мың бас қана малдың қалғаны, яғни мал санының 85,5 процентке қысқарғаны мәлім болды» [1, 17].

XX ғасырдың отызыншы жылдары келген зауалды шақпен теңесер кездің бола қоюы мүмкін емес. Сталиншілдер мен голощекиншілердің «асыра сілтеген», қолдан жасалған зобалаңынан қазақ халқының сүйегі жол бойында шашылып, көмусіз қалды. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің Төрағасы Ораз Исаевтың Сталинге жазған хатынан үзінді келтірсек: «…1931 жылы ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелермен республикаларға кету қазір де тоқталмай отыр. Көптеген қазақ аудандарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмаған» [2, 24]. Міне, елінен көрген осындай теперіштерден Шарғын Әлғазыұлы Шығыс Түркістан жеріне қоныс аударды. Оның осы кездің күйінен сыр шертетін өлеңі:

Болмайды өз еліңдей кісі жері,
Басыңа үйседағы дүниені.
Қаншалық ойланбайын десеңдағы,
Көңілге келтіреді бірдеңені – деп айтылатын еді [3, 172].

Ұлттық әдебиетімізге өзіндік үнімен, суреткерлік қолтаңбасымен, соны ізденісімен жаңа сипаттар әкелген қаламгерлер-жазушы Естай Мырзахметовтің тарихи роман жанрына қалам тартуы әдебиеттану ғылымы үшін бір арнаның бастау көзіндей болып табылады.

Тарихи роман жанры қазіргі қазақ әдебиетінде өз алдына бір жүйе болып қатар түзе бастады. Әрбір дамыған халықтың көркем әдебиет саласында тарихи роман жанры бұрыннан қалыптасқан, методологиясы мен теориясы жетілген.

Бүгінгі әдеби процестегі мәселенің бірі тарихи тұлғалардың ғұмырының көркемдігі әдеби шығармаларда бейнелену жолдарын меңгерудің тәсілдерін қарастыру болып табылады. Жеке адам концепциясы - өзекті, басты, ешқашан сарқылмайтын проблема. Адамның жан дүниесін танытудың қазіргі әдебиетте түрлі жолдары көркемдікпен игерілуде. Жазушыларымыздың адамның жан дүниесін диалектикалық қайшылықтарымен жеткізудің соны тәсілдерін табуға ұмтылуының сыры осында.

Естай Мырзахметовтің «Көгалдайдың көкшақпағы» атты тарихи романына арқау болған тақырып пен идея, характерлерді талдай отырып, заман шындығы мен көркем шындығының арақатынасын таразылау үшін тарихи романдағы автор ұстанған шығармашылық концепциялардың ара қатынасына талдау жүргізе отырып, автордың суреткерлік қолтаңбасының өзіне тән көркемдік ерекшелігін айқындап, жазушы шығармасындағы тарихи тұлға мен тарихи кезеңнің өмірлік шындық пен көркемдік шындыққа қатысын көрсетіп, өмірлік деректі көркемдік әдіс-тәсіл арқылы көркем шығармаға айналдыру процесін автордың қалай жүзеге асырғанын талдап, шығармалардағы өмірлік шындықтың негізгі кезеңдерін сұрыптап берудегі суреткерлік шеберліктерді көркемдік таным тұрғысынан бағамдауды қажет деп білеміз.

Жазушы үшін тарихи фактілер, болған оқиғалар, тарихи тұлғалар алғашқы негіз ғана. Ол туралы көркемдік әдістерден, шартты түрде суреттеу тәсілдерінен бой тарта отырып, өмірдің өзіндегідей етіп жазғанының өзіне ол тарихта болғандағыдан өзгеше болып шығады. Ол тарихи шындықты қалпына келтіре отырып, оны көркем түрде қайта туғызады.

Көркем шығарма қашанда қалам иесінің өмір тәжірибесімен астасып жатады. Алтын бесік туған жердің тау-тасын, әр шоқысын, сай-саласын автордың бес саусағындай білетіні туындының поэтикалық әрін арттыру үстінде қазақ елінінің тағдырына тікелей қатысты зор тарихи оқиғалардың шынайы суреттелуіне аз қолқабыс еткен жоқ.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Құнпия Алпысбаевтың айтуынша: «Халықтың өткені көптеген тарихи романға таусылмас деректеме береді. Ол – бүгінгі тұстастарымыздың түсінігі мен танымының тарихи қалыптасу сипатын көрсететін жәй. Кеңестік дәуірде дүниеге келген тарихи роман бүгінгі таңда өзгеше және байсалды, тереңірек үңілуді талап етеді. Ол бабалар тұлғасынан пайымдап, ұмытылмас бейнесін, лайықты ерлік істерін – салыстыруға мүмкіндік береді, қазіргі және болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу үшін қызмет етіп өмір сүреді. Тарихи тақырыпты игерудегі көркемдік сипаттың бірі де осы»[1, 49].

Әдеби теориялық және эстетикалық бағының даму барысында қалыптасқан теориялық категориялар көркем қиял және көркемдік болжам өнердің әр дәуірдегі даму процесінде күшті өзгерістерге түсетін құбылыс екені белгілі. Өнертанушы мамандардың айтуынша, қиял – суреткердің шынайы (реальды) шындықты дәл өмірдегідей, өмірді қаз-қалпында суреттеуден ауытқу құралы. Ал болжам - тарихи шындықты көп әсерлемей, негізін сақтай отырып суреттеу тәсілі.

Әдебиет жайлы айтылған пікірлердің тарихына көз салсақ, сонау қайта өрлеу кезеңінен бастап, өнер танушылардың әлемдік өкілдерінің пайымдауынша көркем образ жасаудың бірден-бір тәсілі – сол қиял. Бұл орайда тарихи романдардың дүниеге келуіне байланысты көркем қиял мен болжам жөнінде арнайы әңгіме ету – уақыттың еңшісінде. Ол жөнінде пікірталастар әлі күнге толастаған емес. Дүниеге келген әрбір нағыз көркем шығарма өзінше әлем, әрі суреткер көркем қиял мен болжамды пайдаланудың өзінше үлгісін жасамақ. Осыған байланысты әр шығарма жөнінде сөз еткен кезде зерттеушілер өзінше жаңа бір әлемге кез болып, жаңа ойлар айтады, тың тұжырымдар қорытады. Мұны тарихи роман жөніндегі зерттеулердің байыпталарына көз салғанда байқауға болады. Яғни, оларда шығармадағы көркем қиял мен тарихы шындықтың арақатынасы мәселесіне ылғи да назар аударылып отырады. Тарихи шындықтың іргетасы, құрылыс материалы – ең әуелі факт.

Көркем шындық дегеніміз эстетикалық жолмен игерілген өмір шындығы. Бейнелемек дәуір шындығының фактілерін, құбылыстарының ең маңыздысын, елеулі сипаттарн іріктей отырып, өткен заман шындығының көркемдік шешімін табуға керек. Ал ондай шешім дәуірдің ерекшеліктерін, әр жақ, бер жағын, елдің ішкі-тысқы үдістерінің заңдылықтарын жете ұғынудан бас алады яни тарихилық принциптен. Тарихилық - күрделі ұғым. Көркем шығармада бұл – суреткердің тарих заңдарын, ағымын қаншалықты терең түйсінуінің таразысы, құбылыстардың мазмұнын елдің кешегі, бүгінгі мен болашағы тұрғысынан аша білудің дәрежесі, өлшемі деп білеміз.

Жазушы сурет нысанасына алған тарихи кезеңді жетік біледі, бұрынғы өмірдің бүгінге өмірімізге пайдалы, залалды жақтарын кейіпкерлерінің сан түрлі харекеттерін суреттеу барысында әсерлі де айшықты көрсетіп отырады.

Бұл жетістігі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол ізденудің ұзақ жолынан өтті. Тарихи мағлұматтарды, деректерді жинап теру бейнетімен қатар мемлекеттік мұрағаттардан, тарихи институттардан, республикалық кітапханалардан тапқан ұлан-асыр материалдарды дұрыстап екшеп қорытудың нәтижесінен пайда болған дүние. Тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынасынан туындайтын ақиқат. Фактілерге, табылған материалға жан бітірудің сыннан өткен әдеби тәсілдердің бірі – ойдан қосу. Белгілі тарихи фактіні, оқиғаны я болмаса кейіпкер әрекетін басынан аяғына дейін тәптіштей бергеннен гөрі, ойдан қосу тәсілімен жасалған ұтымды деталь, лепті суретке жететін нәрсе жоқ.

Көркем қиял – дүниені өнерде, өнер әлемінде бейнелі түрде танудың өзіндік құралы. Шығарма жазуда жазушы өзінің творчестволық қиялында жүйелі образ туғызуды, содан соң барып оны көркем бейнелеуге қажетті тәсілді таңдайды. Айталық жазушы өзінің шығармасына өмірде нақты болған тарихи тұлғаны кейіпкер етіп алып, жазып отырған күннің өзінде, сол тарихи адамның сипатын шығармаға өмірде болған күйде көшірмейді, оның басты қасиеттері, өміріндегі үлкен әрекеттерін негіз ете отырып, өз прототипін көркемдік құралдың құзырына бағындырып, жаңа әдеби тұлға жасайды. Көркемдік болжам тарихи шығарма табиғатына етене жақын, алайда, көбіне құжаттық шығармаларға тән болып келеді. Бұл категориялар жайында белгілі әдебиетші А.П. Александрова өз ойын былайша білдіреді: «Көркем қиял шығармаға тарихта болмаған жеке эпизодтар мен кейіпкерлердің іс-қимылы арқылы енеді, сонымен қатар романның құрылымы, оның образдарының жүйесі типтендірудің мәні объективті шындықтың субъективті бейнесін жасауға бағынады. Көркем қиял жазушының шығармашылық қиялының негізінде жатыр, мұнда көркем болжам бар және соңымен қоса жалған әлемнің мәнін айқындауға бағынады. Автордың реалды шындықтың кейбір фактілерден ауытқуы (олар жайлы сөз қозғамау, жанама фактілерді суреттеуде хронологиялық тізбекті өзгерту т.б.) бұл тарихи кейіпкердің мінезіндегі кейбір

қырларын күшейту, не бәсеңсіту, тарихи құжатқа шығармашылық жағынан жақындау – мұның бәрін көркем болжам деуімізге болады»[2, 33].

Тарихи романдар тәжірибесінде құжаттарды пайдаланудың екі тәсілін айырықша айтуға болады. Бірінші тәсілде құжаттық факті композициясы элементіне айналып, суреттеліп отырған дәуірдің кең картинасын бедерлеуге қызмет етеді. Тарихи романды басқа құжатқа негізделген басқа өнер шығармаларынан, сондай-ақ ғылыми еңбектерден ерекшелейтін тәсіл де осы болып табылады. Екінші тәсілде де құжат таза күйінде немесе сәл көркем қорытылып шығармаға енгізіледі де композиция элементі ретінде қызмет атқарады. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығармаларға пайдаланған тарихи деректер мен қаламгер қиялы арқылы өзгеріске түсіріп немесе жетілдірген көркемдік шеберліктің жігін ажырату әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Тарихи шығармадағы тарихилық пен көркемдіктің арақатынасын пайымдау, ол – жазушының шеберлік қырын ашу.

Естай Мырзахметов тарихи романында белгілі бір тарихи кезең яғни 1916 жылғы көтерілісті толық қамтыған.

Сондай-ақ Балуан Шолақтың балуандығы мен өмірі туралы қазақтың академик жазушысы Сәбит Мұқанов, зерттеуші Дәулет Қасымжанов, жазушы Жайық Бектұровтар Балуан Шолақ туралы жақсы деректер береді. Бұл кісілердің зерттеулері де құндылығымен адамды сүйсіндіреді және тарихи шығарма жазуда ерекше рөл атқарады.

Жазушы-зерттеуші Естай Мырзахметовтың болашақ зерттеулерге түрткі боларлықтай құнды деректер жазып қалдырғанын есте ұстауымыз керек. Оның айтуынша, Балуан Шолақ туып-өскен «елдің бұрынғы жайлауы Айқайқабақ, Үйжығылған сықылды кең даланы», «осы күнгі Ақмола облысының Астрахан, Мариевка (Амантай), Журавлевка (Қылыш), Макинка (Бұланды қарағайы) аймағын басып, Бурабайға өтетін тас жол, темір жол бойындағы бұрынғы қазақ елінің шұрайлы қонысы», күллі «әдемі жерлерді» келімсектер иемденген. Үкімет тартып алған бұл жерлерге қоса, қолдағы біразын – «Қайрақты, Мат өзендерінің, Қандықарағай, Ақсу, Айдабол жайлауларының кең өрісін» жергілікті қазақ алпауыттары «патша әкімдеріне, орыстың кулактарына ...сатқан». Мұндай әрекеттерге Балуан Шолақ наразы болып, отаршылдарға қарсы күрескен. 1916 жылғы қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің Көкше өңірінде кең өрістеуіне осы жәйт мықты тірек болды деп есептейді қаламгер. Балуан Шолақ туып-өскен Көкше өңіріне – қазіргі Ақмола облысының Бұланды ауданына – іргелес жатқан Ақкөл ауданындағы Моншақты, Салқынкөл деген жерлерде орын алған қозғалыстардың, сонау Салқынкөл көтерілісінің табиғаты мен туу себептерін, сондай-ақ оған қатысушыларды, әсіресе, Естай Мырзахметов зерттеу-мақаласында жазғандай, Балуан Шолақтың көтеріліске тигізуі ықтимал ықпалын анықтаңқырап, терең қарастыру қажет-ақ. Патшаның тақтан құлауы, одан кеңес өкіметінің орнауы Балуан Шолақтың бұл орайдағы белсенділігін арттыра түсті. Рас, оның революция мұраттарын қолдағаны жайында жалпылама түрде айтылады, соны нақты деректермен толықтыру мәселесі зерттеушісін тосып тұрғандай. Одан кейінгі төңкеріс жылдарында орын алған оқиғаларды, Алашорда, кеңес өкіметі кезіндегі ахуалды саралау, сондай зерттеулер негізінде күрескер әншi-сазгер-палуан өмірінің соңғы сәттерін жаңғырту орынды болмақ.

Ал, Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» туындысында осы жайтқа ұқсас көрініс беріледі. Халыққа ауыр тиген реакцияшыл саясаттың бірі – жер аударылған орыс келімсектеріне қазақтың құнарлы жерінің зорлықпен алып берілуі еді. Жер мәселесі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында қазақ халқы үшін ең бір ауыр, жанға тиген, арға салмақ салған әлеуметтік теңсіздік мәселелерінің бірі ретінде көрінгені мәлім. Ел үшін аса бір ауыр жағдайға айналған бұл мәселе – XIX ғасырдың өзінде «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» беттерінде кейде бүркемеленіп, кейде ашық көрініп отырды. Сонымен қатар бұл мәселе XX ғасыр басында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті тарапынан халықтың «жан айқайы» ретінде жеткізіліп жазылғаны тағы да белгілі. Расында, бұл кезең қазақтың өз жеріне өзі ие бола алмай қалған, содан да мейлінше қорланған сәті. Қазақ халқы үшін әлеуметтік теңсіздіктің асқан көрінісі болған бұл мәселе жөнінде, кезінде

жер проблемасын елдік проблемамен сабақтастыра көтеріп, көкейкесті ойлар айтқан Тележан Шонанұлы мынадай пікір тербеген болатын: «Қазақ жерінің отарлануын және қазақ даласының талануын тарихи мақсатына, уақытына, отарлаған еліне қарай екіге бөлуге болады. Әуелгі дәуір орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80 жылдарының басына дейін. Бұл – атты қазақтардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. Екінші дәуір – өткен ғасырдың 80 жылдарының аяғынан патшашыл өкімет құлағанға дейінгі дәуір. Бұл қара шекпендер үшін жер алу дәуірі»[3, 75]. Ел билеген би-болыстар патша әкімдерімен бір болып, кедейлердегі шұрайлы, құнарлы жерлерді көшіп келгендерге беріп, жергілікті халық тіршілікке қолайсыз, құнарсыз аймаққа ығыстырылды. Осы жайларды көзбен көріп, біліп өскен Сәбит Мұқанов кейін жазушы болып қалыптасқанда өз шығармаларында оны айтпай, үндемей қала алмады. Өзінің «Өмір мектебі» мемуарлық шығармасында да, «Балуан Шолақ» романында да жер, «переселен» мәселелерін қайта-қайта оралып суреттейтін себебі де осыдан. Жоғарыда келтірілген эпизодтардан байқалғандай, ол шындық мемуарлық шығармада көзбен көрген оқиға ретінде сипатталса, ғұмырнамалық туындысында кейіпкерлер арасындағы тартысты өрістетін әлеуметтік теңсіздік оқиғасы ретінде суреттеледі. Айтылған жайларды «Балуан Шолақ» шығармасының жазылу тарихы тұрғысынан қарасақ, бұл жерде жазушы бала жасында көрген, естіген-білген өмір оқиғаларын көркем шығармада кейіпкерді тұлғалайтын жинақталған көркемдік шындық ретінде пайдаланғанына көз жеткіземіз. Еліміз тәуелсіздік алған кезеңге дейінгі тарихи туындылар мен ғылыми-зерттеу еңбектерінде Қазақ елінің Ресейге қосылуы, орыс шаруаларының Ресейден көшіріліп келіп қоныстандырылуы прогресшіл маңызды роль атқарды деп насихатталып келген болатын.

Сөз зергері Естай Мырзахметов – өмірдің қат-қабат шындығын көркем шығарма өзегіне айналдырған жазушы. Тақырыпты ашуға автор үлкен дайындықпен келгендігін, ел аузындағы әңгіме, естелік материалдарды зерттегенін байқатады. «Балуан Шолақ» – әлеуметтік астарлы шығарма. Балуан Шолақ өміріне қатысты оқиға деректерін суреттей отырып, сол дәуірдегі қоғамдық жағдайлардың шындығын ашқан.

Балуан Шолақ 1919 жылы наурыз айының орта шенінде қайтыс болған. Жағдайды нақты білетін кісілердің естеліктеріне сүйене отырып, Естай Мырзахметов осындай қорытынды жасайды. Ақпан айының соңына қарай Балуан Шолақ кіші ұлы Құдайбергенді ертіп Атбасар жағындағы құдаларына қарай шығады. Алайда межелі жерге жетпестен кері оралуға бел буады. Қайран қалған баласына мұнысының себебін түсінде «Аққошқарының аян бергенімен» түсіндіреді. Тездетіп қайтпаса болмайтынын, «ажал шіркіннің соңына түскеніне үш жылға айналғанын», содан, «ақыры, міне, қуып жеткенін» айтады. Үйге келген соң «ішінің жанып әкетіп баратқанын» айтып, төсек тартып біраз жатады. Сосын бәйбішесі Қанықей мен ағасы Төлеубайды оңашалап қасына алады да, сырын ашады және ақтық аманатын естіртіп, «Барамын алыс сапар қайтып келмес... Тұрыңдар дұға қылып, құрбы-құрдас!» деп келетін ел-жұртына арнаған қоштасу өлеңін айтады. Бірер күнде көз жұмады. Бәйбішесі, ағасы және Сабыр қажы батырдың «өсиетін айтқанындай орындайды». Ақтық аманатының мазмұны бертінге дейін белгісіз болып келген. «Ерінің өмірден өту құпиясын Қанықей бәйбіше қырық құлыптың астына сап аса берік сақтаған, жат тұрмақ өзінің қара құрсағын қақ жарып шыққан Исажары мен Құдайбергеніне, жан дегенде жалғыз қызы Бәтеніне де ашпаған күйі, 1948 жылы өзімен бірге қара жер қойнына ала түседі», – дейді Естай Мырзахметов[4, 160].

Балуан Шолақ туралы жазған көптеген жазушы-зерттеушілердің тарихи ғылыми еңбектерін бір-бірімен салыстыра отырып оқыған кісі өмірде болған жайдың шындығы мен қоспасын айырып, тарихи шындықтың көркем шындыққа қалай айналғанына көз жеткізері анық. Тарихи шындық пен көркемдік шындықтың ара қатынасы қаншалықты маңызды болса да, бұл жерде шындық жазушы шеберлігі мен шығармашылық қарымы ғана емес, белгілі уақыттағы мүмкіншілігіне де тікелей байланысты.

Естай Мырзахметов «Балуан Шолақ» туындысына түрткі болар әсерді көбіне санасында сақталған естеліктер негізінде тапқан. Балуан Шолақ – болашақ жазушы

көңілінде айырықша әсер қалдырған тұлға. Естай Мырзахметов жас шағынан Арқаның атақты өнер иелері Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай сынды сал-серілер өнері туралы көптеген зерттеу мақалаларын жарыққа шығарды. Аталмыш мақалаларда мәліметтердің деректік маңызы бар. Классик жазушы А.М. Горький былай деп жазады: «Көркем шығарма өмір шындығынан туады. Бірақ тіршілік бетінде шашырап жатқан құбылыс өздігінен тізіліп бас құрамайды. Әдебиеттің қадірлі мүлкі саналатын туындылар өмір байланыстарын жан-жақты зерттеудің, жеке адамдар тағдырын үлкен қоғамдық даму заңцылықтарымен ұштастырудың нәтижесінде ғана пайда болады. Бұл мәселенің сыртқы, обьективті жағы болса, болмыстық факторларын біріктіріп, оларға қан жүргізетін, ерекше қуаттандыратын нәрсе– суреткердің өз басын қатты толқытқан аңсар, идея. Көркем туынды суреткер белгілі бір идеялармен жалындап, көкірегіне ұялаған сырын айтпауға болмайтындай халге жеткенде ғана жазылуға тиіс»[5, 86].

Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы жазушы болашақ образдың жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек оқшау танытып тұратын оның тек өзіне ғана тән өзгелерде жоқ ерекшеліктері болуы – заңдылық. Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті әрқашан адам мінезін даралау әрекетімен ұштасады. Қаламгер Естай Мырзахметов тарихи тақырыпты өзіндік игеріп, өмірлік деректі өз дүниетанымы тұрғысында баяндап, мұрат тұтқан образ арқылы көркем шығарма жазып, өз концепциясын білдіреді. Қандай жазушы болсын алған тақырыбын мұқият зерттейді. Естай Мырзахметов та «Балуан Шолақ» туындысын жазуды мақсат тұтқан соң өнерпаздың өмірі мен шығармашылығын терең зерттегені сөзсіз. Балуан Шолақ туралы көркем шығарма жазу үшін суреткер бұрыннан білетіндерін ізденіспен толықтырып, көп еңбектенген. «Балуан Шолақ» (1987 жылы жарық көрген)– тарихи тұлғаның өмірі қазақ халқының тіршілігімен сабақтастырыла суреттелген туынды. Тарихи және көркемдік шындық арасындағы ара қатынасты ескере отырып тарихи тұлғадан қаһарман бейнесін сомдау – әдеби процестегі ежелгі дәстүр. Көркем шығарманың негізгі арқауы – қазақтың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында өмір сүрген асқақ әншісі, ақыны, балуаны, өнерпазы Нұрмағамбет Баймырзаұлының өмір жолы. Балуан Шолақ – сал-серілік дәстүрді жалғастырып, қазақтың ұлттық мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосқан тарихи тұлға. Белгілі өнер зерттеушісі, профессор Ахмет Жұбановтың Балуан Шолақ жайлы зерттеулері оқырманға белгілі. Өнер адамының бейнесін жасауда қаламгер үшін оның өмірбаяндық мәліметтерімен бірге өзі қалдырған әдеби мұраның маңызы зор. Естай Мырзахметов шығарманы жазу барысында тарихи дерек ретінде жиналған естелік, әңгімелермен бірге Балуан Шолақтың өз өлеңдеріне сүйенгені белгілі. Балуан Шолақ шығармаларының бір ерекшелігі – өмір-тарихы, шыққан тегі, өзінің табиғи бітімі, тұлғасы, мінез ерекшелігі өлеңдерінде көрініс тауып отыратындығында. Жазушы Балуан Шолақ өлеңдерін пайдаланғанда онда қамтылған өмір деректеріне сүйене отырып, ол шығарма арқылы әдеби тұлғаның эмоциялық көңіл-күйін, психологиясын ашады. Суреткер-жазушы батыр балуанның бейнесін жасау барысында негізгі тарихи мәні бар деректерді Балуан Шолақтың ән-өлеңдері өзінің басынан кешірген оқиғаға, сол дәуірдегі әлеуметтік, қоғамдық жағдайға байланысты туған. Естай Мырзахметов – өмірлік дерекке аса жауапты қараған жазушы. Жинақтап айтсақ, Балуан Шолақ ғұмырнамасы Естай Мырзахметов ойына тақырып ретінде өмірдің өзінен келген. Ал, тақырыпты көркем шығармаға айналдырып жазу жолында жазушы көптеген материалдар пайдаланған. Көркем шығарманың жаратылысына қарап отырып оны біз: 1) ел аузындағы естеліктер, 2) архивтік деректер, 3) әнші-ақынның өлеңдеріндегі, әндеріндегі психологиялық сәттерге бойлау деп үш салаға жүйелей айтамыз. Демек, жазушы туындысының негізгі объектісінде тарихи тұлғаның болуы үлкен міндет жүктейді деген сөз. Басты кейіпкердің әрекетінен автордың да үні естіледі, яғни суреткер өзінің азаматтық позициясын білдіреді. Қаһарманның көңіл-күйі, жүрек соғысы жазушы бітімімен сабақтас. Жазушының «Балуан Шолақ» туындысында баяндалған эпизодтық

оқиғалар, кейіпкерлердің табиғи болмысы мемуар деректерімен байланысып жатыр. Әйгілі сазгер-композитор, айтулы ақын, жел көрік әнші, түкті жүрек батыр, теңдесіз балуан, құралайды көзге атқан мерген, ат үсті ойындарының асқан шебері, ақ сұңқар сипатты сері, кеудесіне балтаның дүмімен немесе жарты пұттық гірдің тасымен ұрғызғанда дақ та түспейтін болат сүйек, білегінің бұлшық етін тісі қанжардай жігіттерге тістеткенде із де қалмайтын көк құрыш, қалшылдаған қаңтардың қан жалаған аязында бәстесіп, басына тымақ кимей Шортан қаласынан Қотыр қаласына дейін жалаңбас барғанында тек салт қамшының сабымен екі құлағын кезек-кезек қағып-қағып қойып тарта берген ғажап берік жаратылысын, қыран жанарлылығын, іңір қараңғылығында да кешкі ала кеугім шақтағыдай көретін ғажайып қасиетін сырттағы «тышқанның тықырын» сезіп отыратын әлемет сезімталдығын, басқа да санап тауысқысыз қасиеттерін айта берсек таусылмас.

«Қай халықтың да бақталайына туған мақтаныш, мерейі болуға лайық осындай ғажайып жанның өмірінен бүгінге өсер ұрпақ үшін көңілге көлегейлі жайлар тым көп. Айталық Балуан Шолақтың ата-тегі мен туып өскен жері, сондай-ақ жоғарыда айтып өткенімдей оның өмірден өтуі туралы қара орман халқымызға оншалықты аян емесі анық. Соның салдарынан көп жағдайда ақиқаттан алшақ кете сөйлейтін кезіміз жиі ұшырасады», - дейді Естай Мырзахметов. Мысалы, жазушы академик Ахмет Жұбановтың былай жазыпты: «Хан тауын мекен еткен Ұлы жүздің Дулаттан тараған Сәмбет деген руы болған. Сол Сәмбет ішінде Баймырза деген кісіден Балуан Шолақ туады»[6, 38].

Қазақ Совет энциклопедиясынының екінші кітабында Балуан Шолаққа қатысты берілген дерекке де өзек болған және де бұл күндері әрікімдердің аузынан шығатын осы сөзді Ахмет Жұбанов кімнен естіді? Оған кім және қалайша айтты? Ол арасы бізге беймағлұм. Ал бірақ соның өзі шындықтан ауылы тым-тым алыстау, жаңсақ айтылған сөзге жататыны өз көңілімізге кәміл.

Сол сияқты, Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» повесінде де ұлы ұшқыр қиялы қисынсыздан қиыстырған, сөйтіп мән-жайға қанықтығы кем былайғы жұртты жаңылыстырып, жадынан орныға орын алған да біраз кінәраттар баршылық.

Шығармада баяндалған фактілерді соған сәйкес құжаттармен, тарихи деректермен салыстыру – белгілі дәрежеде тарихи шығармалардың обьективт негізін негізін ашуға мүмкіндік беретін сипат. Алайда ол қыруар еңбекті қажет ететін, тарихи деректі образ әлеміне айналдырудағы жазушының қиял қарымын байыптау, оның өзінің айтайын деген түпкі ойына бағындыру, шеберлігін айқындай білуді керек ететін нәрсе. Бұл орайда әңгіме тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналудың авторға тән ерекшелігін саралауда болып отыр.

Естай Мырзахметовтің «Балуан Шолақ» шығармасындағы суреттелетін негізгі оқиғалар, басты қаһармандар тарихта болған, белгілі деректерде сақталған. Шығарма табиғатынан бір айқын аңғарылатын нәрсе, жазушы шығарма жазуға үлкен дайындықпен келгендігі. Яғни, ол әр кезеңдегі Балуан Шолақ туралы тарихи деректер мен мағлұматтарды мол жинап, ғалымдар еңбектерін барынша оқып танысқан, саралаған, тереңдей зерттеген. Шығармада Балуан Шолақтың «шолақ» атануы, мыңдағын жарыс күрестеріне қатысқаны туралы үзінділер келтірілген. Естай Мырзахметов ақтарған тарихи деректердің оқырманға бірден белгілі болып, айқындалып тұрған бөлігі осы болса керек. Шығармада жан толқытар сыршыл ойлар мен жаңа шындықтарға көз жеткіземіз. Көркемдігі келіскен, өмір мен аңыз астасқан, тарихи өресі биік, шебер соғылған мүсін шығарма дер едік.

Сонда бұл шығарманы жазуға қаламгер құштарлығы басым болғаны ғой. Неге? Бұл жай дүние емес. Аспанымызда сөнбес сәуледей болып қалған, аңыздағы «Көгалдайдың көкшақпағының» жарқылындай халқымыздың асыл азаматтары Балуан Шолақ пен Сабыр Шәріпов жайлы сыр сандық, күтпеген, аңғармаған жай, өткен қиын-қыстау кезеңнен беймәлім бір сыр ақтарған. Сабыр Шәріповтің Балуан Шолақпен жібі қалайша жалғасып жүр. Сол жай жазушы туындысының көркем желісін түзеген сияқты.

Балуан Шолақтың өмір жолы Сәбит Мұқановтан бастап Естай Мырзахметов, Әнес Сарай, Дулат Исабеков, Серік Тұрғынбеков, т.б. сөз шеберлерінің шығармашылығына арқау

болып, олардың қаламынан туған прозалық, драмалық, поэзиялық туындылар жұртшылыққа қажет рухани азық қорын толықтыруда. Көптеген зерттеушілер, публицистер, балуаншолақтану саласына қызықты ізденістерімен өз үлестерін қосуда. Дала серісі, халқымыздың мақтанышына айналған Балуан Шолақтың әншілік-ақындық мұрасын насихаттау, оның қаһармандық бейнесіне мұқият назар аудару – баршамыздың парызымыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. Оқу құралы.1995
2 Александрова А.П. Основы теории литературы. М., «Просвещение».1966
3 Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., «Жазушы». 1985
4 Мырзахметов Е. «Көгалдайдың көкшақпағы». Көкшетау. 2008
5 Лизунова Е.В.Современный казахский роман. А., АН ССР 1964
6 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. «Жазушы» 1975.

В данной статье раскрывается важная особенность литературного процесса – раскрытие действительности и правды жизни через художественное восприятие. В произведениях писателя земляка Е.Мырзахметова, конкретно в повести «Көгалдайдың көкшақпағы» о легендарном батыре казахского народа Балуан Шолаке (Нурмагамбет Баймурзин).

The artice deals with an important feature of the literary process – disclosure reality and truth of life through artistic perception in the works of the writer countryman E.Myrzahmetov, specifically in the story «Көгалдайдың көкшақпағы» about the legendary beoples batur B.Sholak (Nurmaganbet Baymurzin)

ӘОЖ 812.512.122.09

Қ.Қ. Мәдібай, Г.Т. Оспанова
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Maryama70@mail.ru, Kapi-51@mail.ru

Г. ПРӘЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘУЕЗОВТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлзия Пірәлінің 2 кітаптан тұратын «Қазіргі мұхтартану» монографиялық зерттеуінің негізінде қазіргі әуезовтану мәселелері сараланған. Г. Прәлінің пайымдауы бойынша алдағы уақыттағы әуезовтану мәселелері және кейбір ғылыми нәтижелердің мәні байыпталады. Автор тарапынан санқырлы М.О. Әуезовтің мұрасын заманауи тұрғыда зерттеу бойынша бірнеше ұсыныстар ұсынылған.

Түйін сөздер: абайтану, әуезовтану, әдеби үдеріс,қолжазба,монография, жолжазба.

Қазіргі кезеңдегі әуезовтануда қозғалып отырған түбегейлі мәселелер тұрғысында Мұхтар Әуезовтің мемориалдық музейі үйінің Бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлзия Пірәлінің 2 кітаптан тұратын «Қазіргі мұхтартану» («Елтаным» баспасы, 2014 жыл) (1) атты зерттеу еңбегінің теориялық та, практикалық та мәні бар.

Осы еңбектің құрылымдық жүйесі, мұхтартану мәселелерін қозғаудағы өзіндік тың ұстанымы мұхтартанудағы жаңа бағыттағы формалық, қисындық ізденістерді көрсетеді. Соңғы кезеңде Тұрсын Жұртбайдың бірнеше зерттеуі, Бақытжан Майтановтың «Мұхтар

Әуезов және ұлттық әдеби үдерістер» (2009) монографиясы, Әдебиет Молдахановтың «Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері» оқулығы (2011), Елемес Күзембаев, Ұлықбек Күзембаев, Жамбыл Күзембаевтың «»Мұхтартану» оқу құралы (2007), Нұржанат Рахмановаңың «Әуезовтану дәрістері» оқу құралы (2010), т.б. зерттеулер жазылып, жарық көрді.

Қай-қайсысының да әуезовтануға түбегейлі пайымдау, тиімді жаңа зерттеу тәсілдерін аңлау бағытында өзіндік тың лебі бар, мән-мақсаты бар. Жұмыла еңбектену, шұқшия зерттеу жандана түскені қуантады.

Әуезовтанудың XX ғасырдың 30-жылдарынан бергі тарихында да ел басынан өткен қилы тарихтың табы қалды.

Ендігі заман көшіндегі рухани-танымдық бетбұрыстар баянды ұлттық қазына – Мұхтар Әуезов мұрасын игеріп, сіңірудің толымды, кешенді зерттеулермен жалғаса беретін толассыз міндеттерін жүктеп отырғандығын барлығымыз да сезінеміз.

Құтты шаңырақ – «Әуезов үйінде» қызмет ету екінің біріне бұйыра бермейтін абыройлы міндет қой. Мекемтас аға Мырзахметұлы осында өзінің ғылыми бағытын түбегейлі негіздеп көрнекті абайтанушы, әуезовтанушының мәртебесіне көтерілді. «Әуезов үйінде» көрнекті сыншы Зейнолла Серікқалиев қажетті, қайырлы еңбек жасады.

Тұрсын Жұртбай шығармашылық зертхананы барлауда жақсы мағынасындағы қайдағы-жайдағыны қозғап ой қопарып, ой оятып жазу машығын орнықтыра түсті.

Бақытжан Майтановтың Әуезов әлемін барлау өнегесі озық ғылыми үрдістер ауқымында назар аударған.

Гүлзия Жайлауқызы – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті ортадағы білікті маманның бірі. Тындырымды, еңбекқор, кәсібіне адал ғалым. Соңғы жылдары өзінің «туған» психологиялық күйдің көркем шығармадағы көрініс табу тәсілдері тұрғысында жаса келе жатқан мәнді зерттеулерінен тыс толып жатқан жұмыс атқарды. Кітаптан кітап шығарды. Барлығы да қажетті, қазіргі әдебиеттанудың зәру болып отырған, жоғары мектептің базалық пәндеріне де, таңдауы бойынша өтетін курстарға да ауадай қажет деректік, дәйектік қоры мол еңбектер.

Гүлзия Пірәлиеваның «Әуезов үйіне» келген бетте әлі де қозғаусыз, игеріле қоймаған қыруар шаруаға белшеден батып, ыждаһатпен құныға кірісіп кеткенін үстіміздегі жылы қатар жарық көрген «Қазіргі мұхтартану» атты 2 кітаптан тұратын монографиясынан көрдік.

Бұл екі кітапта Мұхтар Әуезовтің қилы заман, қиын тағдырға қажырлы еңбегімен төтеп берген азаматтық өмір өнегесі, шығармашылық алуан сырлары, ғылымдағы мектебі, қоғам қайраткерлігі, XX ғасырдың 50-жылдарынан бергі жазушының шығармашылық ғұмырбаянын зерттеу бағытында жасалған еңбектердің негізгі нәтиже-ұстанымдары, қисынды тоқтамдар жинақы, ұтымды тәсіл, оңтайлы құрылымдық жүйеде барланып, бағаланған.

Әуезовтанудағы негізгі зерттеулерден қажет тұста мәтіндік дәйексөздер кіріктіріп отыруы орынды көрінді. Гүлзия Жайлауқызы «Әуезов үйіндегі» қолжазба қорда сақталған қойын дәптер жазбаларды айналымға тартып, жазушының нақты бір сәттегі көңіл ауанынан, өмірлік жағдаяттардан сыр ашуға ден қояды.

Бірінші кітапта әсіресе басымдау пайдаланылған аса мол құжаттық деректер, мәтін жазбалар баршаға қымбат адамның – Мұхтар Әуезовтің қайталанбас кісілік қалпын, мызғымас ұлтжанды бағытын, қилы уақыттардағы жан толқындарын сезінуге өз септігін тигізеді.

Гүлзия Жайлауқызы қашанда зәрулігі даусыз Әуезов өміріне, әуезовтану мәселелеріне арналған жаңа бір үлгіде мазмұндалған осы екі кітаптан тұратын еңбекті жүрек қызуымен, көзге ұрып тұрған шығармашылық құштарлықпен жазған.

Г.Пірәлиева әлемдік әдебиеттанудың жеке шығармашылық тұлға мұрасын танып, игерудегі озық зерттеу әдістерін назарда ұстайды.

Еңбек қазіргі әуезовтанудың көкейтесті мәселелерін құлаққағыс етіп отырып, күн тәртібіне шығару бағытымен де, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық ғұмырбаянын зерттеуде

әлі де қағаберіс қалып келе жатқан маңызды фактілерге зер салған аңғарымпаздығымен де ұтымды жазылған.

Гүлзия Пірәлі Мұхтар Әуезовтің 1932 жылға шейінгі шығармаларының қолжазба нұсқаларын сақталмағандығын бірнеше дереккөздерді атап отырып айтады. Оның Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдырындағы тағы бір шырғалаң елуінші жылдардың басындағы орыс тілді басылымдардан қолдау көру фактісіне зер салуы – ойлантады. Жаңа зерттеу міндеттер жүктейді.

«Ата-анасының ұлдан жалғызы, Алаш арыстарының аманатын жалғыз жалғастырушысы М. Әуезовтің әр кезеңде белең алып тұрған саясаттың соққысынан аман қалуына дәнекер болған орыс қаламгерлерінің шығармашылық өмірбаянында алар орны ерекше. Өйткені, осы 1950-60 жылдары баспасөздерде жарық көрген зерттеулері, шығармалары, баяндамалары, мақалалары, түрлі тапсырыстармен орындаған пікірлері бәрі-бәрі де осы мәскеулік, яғни одақтық ірі басылымдарда жарық көрген дүниелер. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегендей, Әуезовтей кемеңгердің бағасын біз емес, өзгелер білді. Өкінішті. Орыс басылымдарында осы он жыл көлемінде жарық көрген мол мұраны талдап, түгендеп жату мүмкін де емес. Дегенмен, жазушының шығармашылық өмірбаянына тікелей қатысты деген дүниелерді жалпы шолып өтіп, зертхананың кейбір тәжірибелеріне тоқталып отырамыз» [1, 28].

Гүлзия Пірәлі жазушының әр жылдардағы, әр жағдайда жазылған хаттарына байланысты да ыждаһатпен жұмыс істеген.

Ұзақ жылдардағы қаяу көңіл серпіліп, шалқар игіліктерге кенелген жақсы бір жылдардағы Мұхтар Әуезовтің Үндістан, Жапония, АҚШ жолсапарларына қатысты күнделік, жазбалардың ғибратына кенелудің бақытымен оқушысын ортақтастырады.

Бірінші кітаптың бірінші бөлімінде жазушының түрлі басылымдарда жарық көрген әдеби-сын толғамдары, қарбалас өмір ағысындағы маңызды сәттер, қатысқан жиын, сөз ұстаған ортасы, жұмыс есебін беріп отыру дағдысы туралы толымды танымдық, тағылымдық тоқтамдар жасалған.

Жазушының сөз байыту, тіл дамыту өнегесіне нақтылы шалқар сөзжасамдық фактілермен қайырылып отыруында қазіргі әуезовтанудың көптен ой қозғалып жүргенімен, біршама іс атқарғанымен әлі де түбегейлі, арнаулы бағыт түзе алмай отырған «Әуезов тілі» жүйелі тілтанымдық, Рәбиға Сыздық айтатын лингвистикалық-стилистикалық тұрғыдан жөн ғылыми арнаға түсуі керектігіне тоқталады. Әуезов тілін зерттеуде Зейін Шашкин талдауындай сергек, сезімтал, ұтымды байқампаздық қажет дейді.

«Әрбір халықтың тілі – қисыпсыз қазына. Оның бәрін меңгеру, түгесу мүмкін емес. Сөзді, бейне шахмат фигуралары сияқты мыңдаған қалыпта, сан түрде қолдануға болады. Әуезов бұл салада өзінің асқан білгірлігін, тілші, ғалымдығын таныта білді. Сөйлемдердің бірыңғай көмекші етістіктермен аяқталуы оны жұтаң тартқызып, қарабайырлап жібереді. Әуезов сөйлемдері ондайдан мейлінше таза. Ол етістіктерді өткен шақ формасына бере білді, сөйтіп көмекші етістіктер өз-өзінен түсіп қалып отырды. Әуезов қазақ тілінде сиреп бара жатқан заттанған етістіктерге қайта жан бітірді. Әуезов қазақ тіліне етістік сөйлемдер әкелді. Рас, мұндай жаңалық нышандары тілімізде бұрын да болған. Бірақ, ғалым, жазушы соны түбегейлеп ғылыми, әдеби системаға айналдырды.

Түркі тілдеріндегі сөйлемнің зат есімнен басталып, етістікке аяқталу нормасын Әуезов бұзып-жарып жаңаша қолданды. Ол зат есімдерді, көбіне, сөйлем ортасына апарды.

Мұхтар Әуезовтің шығармасы жайлы көп жазылып, көп айтылар. Менің өз басым «Абай» романының сансыз оқырманының бірі ретінде, Мұхтар Әуезовтің қазақ тіліне енгізген жаңалықтары жайлы айтуды мақсат тұттым».

Автор «Өскен өркен» романы мен жазушы жолжазбаларындағы ұлттық мүдде» атты 2 тарауда Мұхтар Әуезовтің «Өскен өркенді» жазу бағытындағы елеулі, мәнді шығармашылық толғаныстарын иланымды баяндайды, жан қозғап, ой түлетіп отырады.

«Көркем шығармалары мен әдеби зерттеулерінде алаштық рухтан арылмаған Мұхтар Әуезовтің ұлттық мүддені басты назарда ұстап отырғанын осы «Оңтүстік күнделіктері

(«Өскен өркен» романының деректері)» деген жолжазбасы тағы бір дәлелдейді. Оған көз жеткізу үшін жолжазбадағы 139 беттегі сандар сырына үңілейік:

«... цех бастығы жалғыз-ақ қазақ. Қобдабергенов. Сауық, кружок, қазақтан мүлде жоқ. Оларды ешкім тыңдамайды дейді... Киоскаларда «Қазақ әдебиеті» жоқ. Сейфуллин кітабын қырғын очередпен алдық. Қазақ тілінде ешкім сөйлемейді ... сөйлесе аудару жоқ. Жас кадрды тәрбиелеу, өсіру жоқ...», деген үзік-үзік ойлар кім-кімді де ойландырары хақ».

«Асығыс түскен тіркестерді, өзі кеңестік кезеңдегі отаршыл саясаттың салқынын, жергілікті жұрт пен жазушы жүрегіне түскен салмақтың қаншалықты ауырлығын сездіреді.

«Малдан басқа ешбір еңбек түріне үйрене алмай жүрген қазақ» жазушының жан алаңы. Мұхтар Әуезов ел шаруасына енді-енді араласа бастаған XX ғасырдың 20-жылдары осы күйге алаңдайтын. 50-жылдардың аяқ шенінде ле бәз-баяғы қалпынан қазақ қаншалықты ілгерілеген?

Қазіргі арба сүйреткен базардағы құл бала – сол баяғы бағыныштылықтан басылып қалған, салғырт, самарқау, санасы уланған, бақытсыз қазақтың сарқыны.

100 беттен асатын жолжазба «Оңтүстік күнделігін» егжей-тегжейлі қарастырған Гүлзия Пірәлінің тоқтамдары тағы да ойлантады.

«Екі жылға жетер-жетпес уақытты қамтитын Оңтүстік сапарында өзі көріп, куә болған тағдырлар тарихы қаламгер қиялының қазанында қайнап, «Өскен өркенде» өмір шындығынан өнер шындығына өріс алады. Романның көркемдік құндылықтарын құрайтын ұлттық кадр мәселесінің құпия қалтарыстары мен жасырын жай-жапсарлары жазушы мұрағатындағы 362, 363, 364, 538, 539, 543, 544, 545, 562, 564-бумаларда түйіліп тәуелсіздік күні туғанша шаң басып шешілмей жатқаны да шындық» (120 б.).

1-кітаптың III тарауы «Үндістан, Жапония, Америка қазақ жазушысының көзімен» деп аталған.

Кітап авторы жолсапар күнделіктегі өте мол мағлұматты жалықпай ыждаһатпен талдап, танымдық, тағылымдық өреде ой қорытып отырған. Жазушының асыққанның өзінде шимайсыз таза жазатын жұмыс істеу мәдениетін байқайды.

Мұрағатта сақталған жолжазба мен басылым көрген очерктерді салыстыра отырып қалып қойған, ұтқырлана түскен, ойып-ойып алынған тұстарына зер салады. Қажеттіні қалт жібермей, құнын түсірмей, қауқарын кетірмей екшеп жеткізу оңай ма? Ой алыбы, жазу өнерінде қазақта алдына жан түспеген жүйрік Мұхтар Әуезов көз көрген жайдың әсерін өшірмейді. Шебер.

«Тәуелсіздік тұсындағы мұхтартану» атты IV тарауда 1991-2015 жылдар аралығында жарияланған еңбектер зерттеушінің нысанаға алған ғылыми мақсаты жөнінде толық ақпарат беріліп отырып мазмұндалған.

Автор әрбір зерттеу еңбектің дара мәнін, қандай да бір жаңашыл өзіндік түйін-тоқтамын қалдырмай, қажыр-қайратын аямай айтып жеткізуді көксейді. Белгілі фактілердің өзін қайта сезінтіп, жан қозғап, ой туғызып, кен қопарғандай олжаға кенелтіп білікті кәсіби өреде зердеге тартады.

2 кітапта әуезовтануға арнайы зерттеулер, жеке зерттеуші еңбегі сараланған.

Г.Пірәлі осы еңбегінде қазақ әдебиеттануы, мұхтартанудағы мұрағат құжатын айналымға қосып отыру дағдысын, дәстүрге айналып келе жатқан үрдісті ұтымды шығармашылықпен қолданады.

Әр зерттеуші еңбегін тақырыптық кеңістігін кеңіте түсер ой-болжаммен әдіптеп, әуезовтану атты шалқар танымға ұласа қосылған ағынды ағыстардың тұтастығын ескере отырып жасалған авторлық тұжырымдамалар, күн тәртібіне қойылған әуезовтану мәселелері 2 кітаптан тұратын «Қазіргі мұхтартануды» теориялық та, практикалық та мәні бар, тұлға мұрасын игерудегі құнды еңбектер қатарына қосып тұр.

Әуезовтану мәселелеріне бағытталған бүгінгі дәстүрлі жиында нақтылы бірер мәселеге тоқталсам деймін.

Белгілі әдебиеттанушы, профессор Серік Мақпырұлы «Қазына» атты [2,340] зерттеу, әдістемелік еңбегіндегі «Мұхтар Әуезовтің кейбір әдеби-теориялық байыптаулары» мақаласында әуезовтануда мәні бар фактіге зер салған.

Серік Мақпырұлы Мұхтар Әуезов 1930 жылы Әлкей Марғұлан, Бейімбет Майлыұлымен бірлесіп әзірлеген «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат» атты әдістемелік құралдағы нұсқаулардың қазақ әдебиетінің пәндік негізін, оны оқыту әдістемесін түзудегі мәніне тоқталады.

Әдіскер маман Серік Мақпырұлы Мұхтар Әуезов мұрасын зерттеудегі елене бермеген мәнді жайды қозғаған.

Біздің көпшілігіміз алдыңғы толқын, ардақты ағалардың әдебиет оқулықтарын жазуға, нұсқалық-хрестоматиялар құрастыруға XX ғасырдың 20-жылдарынан былай қарай араласып отыру, соның ішінде Мұхтар Әуезовтің де 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» шыққаннан кейін де әдеби мұраны оқытуға қатысты еңбектер жасағанын, кейінде 1933 жылы Әлібек Қоңыратбаев, Молдағали Жолдыбаевтармен бірігіп 7 кластың «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазғанын, 1937, 1938 жылдары «Әдебиет хрестоматиясын» жариялағанын біле тұра Мұхтар Әуезовтің әдеби мұрасы зерттеудің түбегейлі бағыттарын айқындауымен бірге әдебиетті оқытудың әдістемесімен де түпкілікті шұғылдану дәстүріне негіз салғанына көңіл бөлмей келгендейміз.

Әдебиеттануда дәстүр және жаңашылдық бағытында да тыңға түрен салған зерттеушінің бірі Мұхтар Әуезов болатын.

Осы тұрғыда Серік Мақпырұлы тағы да мәнді байламдарға барған. Мұхтар Әуезовтің әдеби мұраны игерудегі кешенді, келелі ұстаным-тоқтамдарын арқау ете отырып өзіндік байламдар жасауы – негізді.

«Орыс тіліндегі «Киргизский героический эпос» – «манас» деп аталатын (1938) көлемді зерттеу еңбегінің «Краткий анализ содержания и формы поэмы» деген тарауында Мұхтар Әуезов жырды тақырыптық тұтастығы және сюжеттік құрылымы, образдар жүйесі, көркем-поэтикалық тәсілдер. Өлең құрылысы тұрғынан талдаған. Өзі бұрынғы мақалалары мен еңбектерінде маңыздылығын әлденеше рет атап айтқан мәселені (... көркем шығарманы мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан құрастыру) бейне қалай талдау жолдарының үлгісін көрсеткісі, соған түрткі болғысы келгендей».

Мұхтар Әуезовтің Абай өлеңдерін Шығыс әдебиетіндегі дәстүрлі үлгілермен көркемдеу тәсілдері, құрылымдық ерекшеліктер тұрғысында талдау, саралау тәсілдеріне тоқталуында да Серік Мақпырұлы мәселенің зерттелу әдістерімен астасып жатқан оқыту, танысу жолдарын ескеруге меңзейді.

Мұхтар Әуезов ғылыми әдебиетте дәйектемеге сүйенудің жөн-жобасы мен ғылым әдебі туралы да ұғындырып, тарқата түсіндірген.

Бағдарламада оқытудағы баланың жас ерекшелігін ескеру, тапсырма беру, тақырып қисындаудағы пәндік тұғыр, салыстырмалы оқыту тәсілі, бала танымының өсу бағытына орай жеңілден күрделіге ойысу, түрлі жазба, ауызша әңгіме, пысықтау жұмыстарының берілуі, оқуға жаттығу, жазуға жаттығу, шығармашылыққа баулу талап-міндеттерінің жүйені ғылыми-педагогикалық негізде қисындалуы Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиеті пәнін мектепте оқытудың классикалық, академиялық ғылыми-әдістемелік концепциясын қалыптастырудағы бастамашылдық еңбегін, кәсіби біліктілік алымын, шынайы ұлт қамқорының азаматтық белсенділік, әлеуметтік сергектігін айғақтай түседі.

Әдебиет пәнін оқытудағы Мұхтар Әуезов әдістемесі қазіргі кезеңдегі мектеп оқулықтарын жазуда ескеріліп жүр ме? Ол – өз алдына өзекті мәселе. Ескерілгені аса жөн болар еді.

«Мұхтар Әуезов» энциклопедиясында [3,13] М. Әуезовтің оқу-ағарту, білім беру бағытындағы елеулі қызметі аталып өтеді.

«Әуезовтің 1925 ж. «Қазақ тілі» газетінің 40 санындағы мақаласында: «Ескілікті тірілтудің зор керегі – мектеп үшін. Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болу үшін екі діңгекке тіреледі. Біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы. Осы екі тараудағы білімнен әрбір

мектептің бір ұлтқа тиісті пішіні құралады» деп, көрегендікпен айтқан ғибрат сөзінің құны бүгінде артпаса, кеміген жоқ.

... Қазақ әдебиетінің пән ретінде қалыптасуына Әуезовтің де тікелей қатысы бар» (Б.Әрінова). Мұхтар Әуезовтің әдебиеттану терминдерін түзу бағытындағы, жалпы ғылыми термин туралы ұсыныс, байламдары негізінде, ұғым атауларын қисындау тәжірибесін ескеріп зерттеулер жасалды ма? Осы уақытқа шейінгі, қазіргі кезеңдегі Мұхтар Әуезов ғылыми зерттеу Орталығы атқарған, қолға алып отырған заманауи жаңа бағыттар бізді қуантады. Аса көрнекті қаламгердің бай мұрасын әлі де игерілмей жатқан мұрағат материалдарын көпшілікке ұқсатып ұсыну, жазушы кітапханасының библиографиясын түзу, тың бағыттардағы кешенді зерттеу жұмыстары, т.б. қыруар қайырлы істің беталысында ойға ой қосу мақсатында айтар ұсыныстар да бар. Әуезовтанудағы еңбектердің нұсқалық-хрестоматиялық көптомдығын шығару қолға алынса. Мұның өзі бардың бағасын білумен бірге, келешек зерттеу бағыттарын айқындауда да нақтылы деректік-дәйектік негізде септігін тигізер еді.

Сонымен бірге Мұхтар Әуезовтің жаңа дәуірдегі толық академиялық ғұмырбаяны жазылса. Әуезовтану тарихын жүйелеп жазу да қажет. Бұл бағытта жұмыс істейтін ғылыми кадр қазіргі уақытта бар.

Әуезовтанудағы көп қозғалмаған арнаның бірі – Шәкәрім және Әуезов бағыты. Бұл әңгіме шәкәрімтануда да қажетінше, тиісінше көтеріліп жүрген жоқ. Және бір тақырып: Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларындағы қазақ әдебиеті тарихының мәселелерімен тоқайласып жатқан арқаулар. Бұл тұрғыда «Абай жолы» роман-эпопеясы – абайтану мәселелері астасып жатқан ғылыми-көркемдік сабақтастық Мекемтас Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» монографиясында кең қамтылып, нақтылы зерттелді.

Соның өзінде Мекемтас Мырзахметұлы мәселенің әлі де күн тәртібінде қалып отырған қырларын осыдан 35 жылдай уақыт бұрын еске салған болатын. «Осы тұрғыдан қарағанда, төрт рет қайта жазылған Абай өмірбаянының барлық нұсқалары мен «Абай жолы» эпопеясындағы өзекті творчестволық ішкі байланыстардың сырын ашу үшін арнайы кең көлемдегі ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуді талап етеді» [4,318]. Соңғы 65 жыл уақытта абайтану Абай өмірбаянының Мұхтар Әуезов жазған төрт нұсқасынан (1933, 1940, 1945, 1950) басқа да дерек-дәйектермен толыға түскенін де ескерсек, мәселе тіптен жоталана түседі.

Мұхтар Әуезовтің 9лт бітімімен тұтасқан ұланғайыр мұрасын ыждаһаттап отыруда жазушы шығармаларының орта мектепте, жоғары мектепте оқытылу бағыты да ғылыми негізде, әдістемелік негізде пысықталып, жүйелене түсу қажеттілігі де ескеретін шаруа. Мұхтар Әуезовтің әдебиет тарихын зерттеудегі методологиялық ұстанымдар түзу өнегесінен де монографиялық зерттеулер, оқу құралдарын, дәстемелік нұсқаулар шығару шаруасын да ұмытпасақ. Келесі жылы Мұхтар Әуезовтің қайтыс болғанына 55 жыл толады. Арғы жылы XX ғасырдағы қазақтың азат ойлы асыл ұлдарының бірі – Мұхтар Әуезовтің туғанына – 120 жыл. Мерейлі тұстарда әдеттегіден гөрі қаурыт, қызу қимылдайтын дағдымызбен бірқатар шаруаның басын қайтарып тастауға болатын сияқты.

Іске сәт!

Әдебиеттер тізімі

1. Пірәлі Г. Қазіргі мұхтартану. 1, 2 кітап. – Алматы: Елтаным, 2014.

2. Мақпырұлы С. Қазына. – Алматы: Арыс, 2004. – 340 б.

3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.

4. Мырзахметұлы М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 318 б.

В статье рассмотрены вопросы современного ауэзоведения на основе монографических исследований доктора филологических наук, профессора Г.Ш. Пралиевой «Современное мухтароведение». Отмечены некоторые научные результаты, проблемы

дальнейщего ауэзоведения, намеченные Г.Пралиевой. Изложены некоторые рекомендации со стороны авторов по вопросам современного изучения многогранного наследия М.О.Ауэзова.

In article questions of a modern auezovedeniye on the basis of monographic researches of the Doctor of Philology, professor G.Sh.Praliyeva "A modern mukhtarovedeniye" are considered. Some scientific results, problems of a further auezovedeniye planned by G. Praliyeva are noted. Some recommendations from authors concerning modern studying of many-sided heritage of M.O. Auezov are stated.

ӘОЖ 821.512.122.09

М.С. Оразбек, Р.М. Муталиева
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова
Астана, Казахстан
Павлодар, Казахстан
makpal_zere@mail.ru, aimanmen-79@mail.ru

АРХЕТИП ОБРАЗДАР ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМЫ

Мақалада идея мен архетиптің өзара жалғас ұғымдар болып табылатынына мән берілді. Автор санасында пайда болған идея, белгілі бір символдық бейнелер негізінде заттанып, нақты мәнге, тіпті белгілі бір характерге ие болатыны, ал ондай символдардың бастау көзі архетип образдар болып табылатынына көз жеткізілді. Архетип образдар немесе кескін, фигуралар, символдардың астарына үңіліп, нәтижесінде қазақ жазушыларының шығармаларында кесек кейіпкер, анық адам образы немесе соған тең келерлік аң-құс, жан-жануар образдары мен мифологиялық кескіндердің жоғары эстетикалық идеал тұрғысынан суреткерлік таным-таразысын айқындағаны анықталды.

Кілт сөздер: автор, шығармашылық процесс, шығармашылық психологиясы, сана және бейсаналық.

Автордың өзіне тән айрықша индивидумы көркем шығарманың сюжеттік мазмұнына немесе кейіпкерлер характеріне жалпылама мән беріп, сырттай мазмұндап шығудан әсте анықталмайды. Онда тағы да сюжеттік оқиғаны құр ғана қызықтаудан аспаймыз. Ол үшін автордың көркем шығарманы тудыруға себеп болған о бастағы идеясының образдарға айналу барысына, өзекті оқиғалардың емін-еркін өрбуіне негіз болған авторлық фантазиясына, психологиялық жағдайына, шығармашылық көңіл ауанына барынша мән беруге тура келеді.

Көркем шығарма мазмұнын субъективті ой-қиял дүниесінен өрбіткен автордың нақты адамдық жаратылысында жұмбақ жайлар мол болғандықтан, әсіресе философ-психолог ғалымдар осы жұмбақтың шешуін суреткердің психологиясы мен психикалық күйінен, сана-сезімі мен жан-дүниесінен тануға талпыныс жасады. Олар әдебиетшілерге қарағанда көркем шығарма табиғаты мен кейіпкерлер характеріне жоғары мән беру арқылы автордың шығармашылық болмысын субъективтік қырынан көрсетуге күш салды.

“Ақиқатына келсек, шығармашылық тұлға – жұмбақ, осы жұмбақтың шешуін табуға қаншама ізденіс жасалғанмен, көбіне сәтсіз... Әрбір дарынды творчество адамы – бұл біршама екіжақтылық немесе таңғаларлық қасиеттің синтезі. Бір жағынан, бұл жеке адамға тән жайды анықтаса, екінші жақтан, жеке бастықтан гөрі адамдық процесс... Суреткер

барлық ресми қайшылықты өз бойынан көрсетсе де, бәрібір бұл екі жайдың арасында құпия үйлесім бар. Яғни, арнаулы шығармашылық психологияда жеке бастыққа жатпайтын ұжымдық нәрсе бар, немесе суреткер үшін өнер тап бір инстинкт сияқты туғандықтан ол оны барынша меңгеріп, өзінің қаруына айналдырған. Сондықтан да ол индивидтен гөрі ерікті субъекті ретінде ең бірінші болып шығармаға қатыса алады. Индивид ретінде өзіндік қылық, тілек, жеке мақсаты болғанмен, суреткер ретінде ең жоғары ұғымдағы "Адам", адамзат жанына бейсаналық әрекетпен әсер ететін, жеткізетін және ене алатын ұжымшыл адам" [1, 115–117]. Демек, автор бойында түрлі қадір-қасиет пен қарама-қайшы мінез-құлықтың тоғысып жататыны оның шығармашылық психология астарында "ұжымшыл адамға" тән "бейсаналық" қасиеттің де анық танылатынына кепіл болады.

Фрейд суреткер болмысындағы шығармашылықтың бастау көзін балалық шақтан іздеді. Ол бала өзінің арманы мен қиялын әр түрлі ойын ойнаған кезде үлкендердің көз алдында жайып салатынын, тек өсе келе қиял-фантазиясы ұлғайып, оны басқалардан жасыра бастайтынын, ал мұндай фантазия өнер адамдарында шығарма тудыруға себеп болғанын меңзейді. "Балалардың ойынан гөрі үлкендердің қиялын бақылау әлдеқайда қиын. Бала жалғыз-жарым немесе басқа балалармен ойнаған кезде ойын мақсатына қарай ұйымдастырған құпия психикалық ойларын үлкендерге көрсетпесе де, олардан ешқандай жасырмайды. Ал үлкендер өз фантазиясынан ұялады және оны басқалардан жасырады; аса қымбат құпиясы ретінде сыртқа шығармайды" [2, 190].

Әрбір адамның психикасында жасырын жатқан ой-фантазия бар. Ал осы фантазия өнер адамдарында оның шығармасына міндетті түрде ықпал етеді. Көркем шығарма тікелей қиялдан туатындықтан, тіпті жазушы өмірде бар, болған нәрсені суреттесе де, тікелей өз қиялынан өңдей өріп отыратындықтан, ішкі әлеміндегі "аса қымбат, жасырын ойларын" еріксіз өнер дүниесі арқылы ағытатынын анық аңғарамыз.

Автордың жан-дүние қатпарында жасырын жатқан аса астарлы "құпия", шынайы болмыс туралы сөз қозғағанда, шығармашылық тұлға мен шығарма арасындағы *қатынасқа* байланысты басты авторлық позиция жайында түсінуіміз керек. "Өзінің шығармасына деген романистің нақты позициясы туралы ойланайық, – дейді Ж. Маритен. – Ол адамдардың шиеленіскен әлсіздігін жария етуші Құдай сияқты. Ол өзі жасаған персонаждар әлемімен бірге бола отырып, кейде олардың өзінен күштірек екенін сезінеді. Бірақта олардың еркіндігі – қиялдағы ғана бостандық.

Романистің Құдайға ұқсамас кереғарлығы да сонда, ол өзі жасаған кейіпкері арқылы зұлым бола алуы. Роман табиғатында "жатқан" зұлымдық [қасиетті апостол Ионна айтуынша да, біздің әлем "зұлымдық ішінде жатыр"] біздің реалды өмірдегі шын жауыздықпен таңқаларлық жақындықтан тұрады. Бұл дегеніміз образ немесе ақиқат зұлымдықтың белгісі... Романистің анық табиғатын жан-дүниесімен және шығармасымен арадағы қарым-қатынастағы контексте қарастырсақ, сондай-ақ бөгде біреудің жан-дүниесі тұрғысынан қарастырсақ та, бәрібір өзінікі екені; яғни Мариак айтқандай: " Автор қасиетті [таза адам – *М.О.*] болуы керек... онда бірақ роман жазбайсың [Надо быть святым... но тогда не напишешь роман]" [3, 195-196] дейтіні орынды. Өйткені автор қаншалықты адамгершілікті биік орынға қоятын, көркем шығарманы тудыруда адамгершілік позицияны басты қағида ретінде ұстанатын шығармашылық тұлға болғанмен, кемшілікті пенде екені хақ. Сондықтан автор қиялынан туған көркемдік әлемде адамгершілік пен зұлымдық атаулы, жақсылық пен жауыздық алмаса суреттеліп, дәл бір өмірдің өзіндегідей шынайылықпен бейнеленіп, автор *санасымен* саралана, "*бейсаналық*" түйсікпен сезіне суреттеледі.

Авторда шығармашылық сезім басым болғандықтан шынайы шығармашылық тұлға көптің арасындағы адамгершілік пен зұлымдық жайын терең түйсініп, басқаларға жеткізу, сол арқылы ескерту, сабақ алу, тіпті сақтандыру тұрғысынан суреттейді.

Ал психолог әрі философ ғалымдар Э. Нойманн, К. Юнг т.б. көркем шығарманың тууын, идея мен символдардың жанды суретке айналуын, адам санасының терең түпкірінде жасырын жатқан, күллі адамдардың туа біткен жаратылысында болатын архетип образдардан іздейді [4]. Олардың түсіндіруінше, шығармашылық адамына белгілі бір жай

өте қатты ықпал еткенде, бейсаналы, яғни санадан тыс тұрақсыз деңгейде, әр түрлі кескінде оянады. Бірақ ол әрбір өнер адамының интеллектісіне де тікелей қатысты.

Творчестволық процесс барысындағы автордың "айрықша күйін" немесе суреткерлік ерекше қабілетін психологиялық жақтан К. Юнг пен Э. Нойманн "Психоанализ және өнер" атты зерттеуінде барынша ашуға тырысты. "Бағзы [первобытный] образ немесе архетип – адам немесе демон кескінді фигура, бұл тарих қойнауында пайда болып, үнемі қайта туындап отыратын процесс барысында творчестволық фантазияның [шығармашылық қиял] өзін-өзі танытуы"[5, 24-26].

Шығарманы жаратушы суреткердің қиялында пайда болған "архетиптік" абстрактылы образдар жүйесі, яғни шығармашылық тұлғаның ой-санасындағы "бағзы образдан" бастау алған процесс бірте-бірте күшейіп, автордың шығармашылық әрекетінде ерекше тудырушылық мән-мазмұнға ие болады. Демек, "әрбір осы образдар бойында адам психологиясы мен адам тағдырының бөлшектері өмір сүреді".

Автор шығармашылық процесс барысында өз психикасында бұрыннан бар бағзы архетиптік образдар елесі негізінде өзі де ойламаған кездейсоқ, бірақ нақты әрі жаңа образдарды да кемелділікпен бейнелейді. Сондықтан да көркем шығармадағы кейіпкерлердің адамды таңқалдырарлық іс-әрекетін оны жазып отырған авторға бағынбай, автордың еркінен тыс әрекеттерге барды деп қабылдаймыз.

Ал мұндай күрделі процесті К.Юнг былай түсіндіреді: "Шығарма өзімен бірге өзіне тән ерекше форма әкеледі, ол автордың қосқысы келгенін қосқызбайды, ал алып тастағысы келгенін керісінше қайта туындатады. Бұл кезде авторлық саналы ой осы бір феноменге сырттан таңғала қарап тұрады; ал автор болса бұрын ешуақытта өз еркімен туындай қоймаған ой тасқыны мен ешқашан бейнелеуге ұмтылмаған образдар шырмауында қала береді. Бұл дегеніміз, автордың көркем шығарма мазмұнында ерекше шеберлік шыңына көтерілгенде, өзінің жекеменшік "мені" [собственное "я" – К.Юнг], яғни жекеменшік ішкі табиғатының өзіне ашылғаны" [5, 18].

Автор көркем шығармадағы түрліше кейіпкерлердің адам баласына тән "жұмбақ" жан-дүниесінің терең қатпарына шығармашылық процесс барысында бойлағанда, "бұрын ешуақытта өз еркімен туындай қоймаған ой тасқыны мен ешқашан бейнелеуге ұмтылмаған образдар шырмауында қалып", сол соны образдардың ерекше іс-әрекеті мен сезім-сырын шеберлікпен суреттейді.

Юнг шығармашылық процесс кезіндегі автордың көптеген зерттеушілер шешімін таба алмай жүрген "жұмбақ" күйін, оның творчестволық тұлғасындағы "архетип образдардан бастау" алып, соның ырқында барлық басқа дүниені ұмытып, о баста өзі ойламаған кейіпкерлерді тудырып, сұмдық ситуацияларды *кейіпкерінің бейсаналық ырқында* суреттеп кететінін түсіндіріп берген.

Шындығында, көркем шығарма өмірдегі шындық оқиғалардың дәл сол қалпындағы көшірмесі емес. Тіпті өмірде болған тарихи оқиғалардың өзі көркем шығарма мазмұнына арқау болғанмен, ондағы тарихи кейіпкерлер мен қиялдан құрылған персонаждардың бір-бірімен қарым-қатынасы, жан-дүниесіндегі өзек жарды ойлары – автордың шығармашылық фантазиясына, субъективті ой-танымына тәуелді.

Осы бір субъективтік санаға қатысты әралуан құбылысты суреттеу барысында автор "...өз еркімен саналы түрде тудырам дей отырып, бөгде біреудің "жат еркінде" кетіп бара жатқанын сезінгендей болады" [5, 18-19]. Автор шығармашылық жұмысқа берілу барысында, оның рухани бай болмысы санасындағы шығармашылық қиял күшінің ырқына ерік береді. Соның нәтижесінде "бөгде біреудің "жат еркі" сияқты күйге түсіп, архетип образдардың бой көтеруіне жол береді. Бірақ бұл дегеніміз, автор мүлде өз-өзіне ие бола алмайды, немесе архетип образдардың жетегінде кетіп, өз шығармасына басшылық жасай алмайды деген сөз емес. Керісінше автор өзінің рухани болмысынан туындаған, бөгде біреудің "жат еркі" сияқты болып көрінетін *творчестволық әрекетті* саналы түрде реттеп, бүкіл шығармашылық процесті бақылап, басқарып отыратын шығармашылық тұлғаға айналады. Сөйтіп автордың субъективті табиғаты шығармашылық процесс барысында

ашылады және шығармашылық тұлғаның *тудырушылық процесс* кезіндегі “жат ерік” тектес психологиялық күйі анықталады.

Көркем өнер дүниесі, оның ішінде, әсіресе әдеби көркем шығарманың табиғаты күрделі, психологиялық қатпары өте терең, адам баласына жұмбақ болып келетін өнердің айрықша бір түрі. Сондықтан да психолог ғалымдар көркем шығарманы туғызушы автордың психологиялық қырларын ашып, автор тұлғасының шығармашылық ерекшеліктерін [особенности] анықтауға ұмтылды.

Лейбниц, Кант, З.Фрейд, К.Юнг, Э.Нойманн, К.Абрахам, О.Ранк, Г.Закс, Гегель, орыс ғалымдары Л.Выготский, М.Арнаудов, Л.Т.Левчук, Г.М.Ленобыль, А.Н.Лук, Б.С.Мейлах, Е.Я.Басин т.б. ғалымдар автордың шығарманы жасау, туғызу барысындағы көңіл күй, сезім, жан-дүниесіндегі өзгеге құпия, тіпті кейде өзіне де беймәлім әрекеттеріне үңіле отырып, олардың шығармашылық тұлғасын айқындауға күш салды.

Список литературы

1 Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество. Автор. //В кн.: Самосознание европейской культуры XX века: Мыслители и писатели Запада о месте культуры в современном обществе. – М.: Политиздат, 1991. – 366 с.

2 Фрейд З. Поэт и фантазия. //В кн.: Современная книга по эстетике. Антология. – М.: Издательство иностранной литературы, 1957. – 604 с.

3 Маритен Ж. Ответственность художника. Гл. IV. Поэзия и совершенство человеческой жизни. //В кн.: Самосознание европейской культуры XX века: Мыслители и писатели Запада о месте культуры в современном обществе. – М.: Политиздат, 1991. – 366 с.

4 Нойманн Э. Леонардо да Винчи и Архетип матери. //В кн.: К.Юнг, Э.Нойманн. Психоанализ и искусство. – М.: REFLbook, К.Ваклер, 1996. – 304 с.

5 Юнг К.Г., Нойманн Э. Психоанализ и искусство. – М.: REFL-book, К.: Ваклер, 1998. – 304 с.

В статье придается значение единству идеи и архетипа. Исследователь убедилась, что идея, возникшая в сознании автора, материализуясь в какие-то значимые символы по-настоящему вечные, формируется в известный типический характер, такие символы берут начало в образах архетипов. Достоверно выясняется, что, всматриваясь глубоко в образы архетипов или их изображений, фигур, символов, крупных героев в творчестве казахских писателей, ясный человеческий образ или подобные им образы птицы, звери, животные с мифологическими чертами, изображены точки зрения высокого эстетического идеала.

In the article is given importance to the unity and the idea of the archetype. The researcher was convinced that the idea originated in the mind of the author, materialized in any meaningful symbols truly eternal, is formed in the well-known typical character, such symbols originate in images of archetypes. Is authentically turns out that, peering deep into the archetypes images or their images, figures, symbols, major characters in creativity Kazakh writers, clear human image or the like the images of birds, animals, animals with mythological traits are depicted terms of high esthetic ideal.

ӘОЖ 821.512.122.09

М.С. Оразбек
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана, Казахстан
makpal_zere@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ НЕМЕСЕ ТИПТІК ҚАһАРМАН

Мақалада «замандас бейнесі» ұғымы талданды, яғни XX ғасыр соңындағы қазақ әдебиетіндегі типтік қаһарман бейнесі қарастырылды. Сондықтан тип және типтендіру мәселесін жаңаша қарастыруға мүмкіндік туды. Автордың типтендіре бейнелеу нәтижесінде қоғамдық-идеологиялық қағидаларды басшылыққа ала отырып,өздерінен талап еткен замандас бейнесін жасауға ұмтылғанына мән берілді. Типтендіре суреттеу нәтижесінде көптеген қаламгер шығармаларында бір-біріне ұқсас, біркелкі кейіпкерлер болмысының пайда болу жолдары қарастырылды.

Кілт сөздер: қазақ әдебиет, автор, замандас бейнесі, типтік қаһарман.

XX ғасырдың II жартысында қазақ жазушылары шығармаларында негізінен типтік образдарды сомдауға тырысты. Себебі сол кезде қоғам шындығын замандас бейнесі арқылы көрсету идеясы орын алған болатын. Замандас бейнесі арқылы социалистік қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың кемшілігі мен жетістігін бейнелеу жазушыларға қойылған міндет болды.

Әдеби шығарманың барлық жанрында қаламгерлер көбінесе қоғам мен партия міндетіне сай қағиданы ұстанды. Сол кездегі шығармалардың басым көпшілігінде кейіпкерлерді автор қоғамдық қалыпқа салып, қаһарман табиғатын саналы түрде жалпы әлеумет образына икемдеп, даралықтан жұрдай етіп жасағандықтан, оқырман олқысынды. Әсіресе, көркем шығармада бейнеленген партия, кеңес қызметкерлері, хатшы бейнелері мен өндіріс қызметкерлері, ауыл, қала басшылары, мал шаруашылығындағы қарапайым адамдар бейнесін сомдауда таптаурын тақырып, бірін-бірі қайталайтын белгілі бір сюжеттік желілер мен автордың әлсіз идеясынан, жалтақ позициясынан туған кейіпкер болмысы қалың оқырманды жалықтырып, көркем әдебиеттегі кейіпкер ұғымын жайдақтандырып жіберді. Р.Сейсенбаевтың “Өмір сүргің келсе”,“Ешқайда бастамайтын баспалдақ” [1980], Ә.Таразидың “Тасжарған” [1980], “Мейірім” [1985], “Кен” [1986], Д.Досжановтың “Жолбарыстың сүрлеуі” [1984], Қ.Найманбаевтың “Көктөбеде” [1984], Ү.Шойбековтың “Парыз” [1985], Ө.Ахметовтың “Конвертор” [1984], “Заңғар” [1989], Р.Ниязбековтың “Қызылүй”, Ұ.Доспанбетовтың “Шың мен шыңырау” [1986], С.Сматаевтың “Мәңгілік бастау” [1987], Б.Қойшыбаевтың “Дүние – кілт”[1987], Ж.Молдағалиевтың “Кісіге көп керек пе?” [1987], Қ.Қамбаровтың “Ашыну” [1987], Ә.Әзиевтің “Мыс ошақ”, С.Еркебаевтың “Жел өті” [1989], А.Мекебаевтың “Дауылды жер” [1989], Ж.Шаштайұлының “Біздің заманның Аязбиі” [1997], О.Сәрсенбайдың “Шеңбер” [1998], С.Жұбатырұлының “Абыржы” [2000] т.б. толып жатқан роман кейіпкерлерінің табиғатынан кейіпкерді бір арнаға салып, өз ырқына бағындыра сомдауға, яғни замандас бейнесін жасауға ұмтылған авторлардың әрекетін байқау қиын емес.

Бұл жерде кейіпкерді бір арнаға салып, өз ырқына бағындыра сомдауы дегеніміз, автордың қоғамдық қағидаларды басшылыққа ала отырып, өздерінен талап еткен замандас бейнесін қалай да жасап шығуға тырысқанын айтып отырмыз. Аталған шығарма кейіпкерлері көбіне ұнамды және ұнамсыз бейне ретінде кеңестік әдебиетте әбден қалыптасқан сарыннан арыла алмағаны байқалады. Адам өмірінің қай қырын суреттемесін, қайткен күнде не жақсы адам, не шектен шыққан жағымсыз адам образын көрсетуге тырысқандығын анық байқатады.

“Әдеби қаһарман термині арқылы адам образына тән тұтастық ойға келеді, яғни образдың болмыс-бітімі, ой-санасы, мінез-құлқы және жан-дүниесі. Оған жақын термин – “характер”... егер кең мағынасында емес, тар аяда алсақ, онда ол ішкі психологиялық тұрғыдан табиғатының жарылғанын танытады” [1, 195].

Олай болса, әдеби қаһарман тұтас адам бейнесі ретінде өзінің ішкі жан-дүние құбылысы мен сыртқы кісілік кейпін айқын, нақты адамдық бірегей болмысын танытуы тиіс. Ал жоғарыда аталған шығармаларда жалпылық, яғни автордың белгілі бір **дара позициясынан** гөрі кейіпкерлер табиғатынан *қоғамдық келісімпаздық* пен *үгіт-насихат*, құрғақ *дидактикалық мораль* айқын сезіледі.

С. Еркебаевтың “Жел өті” романы еңбек адамдарының тұрмысын, күнделікті өмірін суреттеуге арналған. Автордың түпкі позициясы барлау экспедициясының жұмысын, геолог-бұрғышылардың өмір жолын, қиындыққа толы сәттерін бейнелеуді көздейді.

Автор санасынан бастау алған негізгі ой-идея өте тартымды. Қазақ қоғамында XX ғасырдың екінші жартысынан бастап нақты қалыптаса бастаған өндіріс мамандарының көпке беймәлім өмір-тіршілігін көркемдік әлеміне арқау еткен автордың бағыт-бағдары құптарлық құбылыс. Бірақ көркем шығарманың сюжеттік желісінің ұзақтығы мен оқиғалардың шұбалаңқылығы романның көркемдік құрылымына нұқсан келтірген.

Геолог-барлаушылар өмірін өзек еткен автор олардың сан-алуан қиындыққа толы тағдырын табиғи түрде кейіпкерлердің жанды бейнесі арқылы суреттесе, кесек кейіпкердің кесек қимылы мен ой-сезімі автордың позициясына жетекшілік роль атқарып, есте қаларлықтай оқиғалар сілемінде айрықша образдар тудырып, суреткер мақсатының орындалғанын анық байқатар еді. Автор бірақ ондай үдеден шыға алмай, геологтардың әдеттегі қарапайым өмірін, ұсақ-түйек жайларды егжей-тегжей баяндауды ұстанып, кейіпкерлері болымсыз оқиғалардың илеуінде көрінеді. Оқиғалардың өзі кейіпкерлердің арақ ішу сәтімен, арақ іздеу, содан төбелес шығып жанжалдасу тәрізді мән-мағынасыз тіршіліктен тұрады.

Роман уақиғасының мәнсіздігі – автор сомдап отырған кейіпкерлер табиғатына тікелей қатысты. Өйткені романдағы Жәнібек, Коля, Қойлыбай, Балтакескен, Нәби, Демиденко т.б. кейіпкерлердің барлығы – бірінен-бірі аумайтын жандар: не қылмыскер, не ішкіш, не болмаса отбасы, бала-шағасын тастап кеткен алаяқтар.

Автор, бәлкім, мұндай ойсыз образдар арқылы өндірістегі қиыншылық пен қиюы қашқан тіршілікті, адам тағдырының талмау сәттерін көрсеткісі келген де шығар. Бір жағынан, автор қазақ елінде қанат жайып келе жатқан өндіріс ошақтарының ұлт мінезіне, тұрмыс-тіршілігіне кері әсерін тигізе бастағанын суреттеуді негіз еткен деуге болады. Себебі өндірістегі әр түрлі ұлттардың бос уақытында бірігіп алып “бас жазуының” салдарынан көптеген қазақтың ішкіштікке салынып, моральдық жағынан азғындауын жиі суреттеуі авторлық позицияның астарлы мәнін байқатады. Қоғамда етек алған моральдық құлдырауды жинақтауға, өмірде жиі кездесетін келеңсіз әрекеттерді бірыңғай көрсетуге автордың саналы түрде ұмтылғандығынан деуге болады.

Кеңестік әдебиеттану ғылымының теоретигі Л.И.Тимофеев: “...образ – адам өмірінің нақты, сонымен бірге жинақталған суреті... Нақты да, типтік те жиі кездеспейді, кең тараған да емес. Типтік бейнеде заңдылық бар дегенде, біз оны қоғамдық тұрғыдан салыстырамыз [бірақ өмірде сирек немесе жиі ұшырасуына байланысты салыстырмаймыз]” [2,47] деп тұжырымдаған еді.

Демек, образды дара немесе типтік бейне ретінде қарастырғанда, оның эстетикалық табиғатына тереңірек мән беру керек екені анық айтылған. Өкінішке қарай, Кеңес заманындағы қаламгерлердің көбі образ жасауда мәселенің бұл қырынан келмей, ғалым ерекше ескертіп отырған “қоғамдық тұрғыдан салыстырғанда” толымды кейіпкер жасамай, керісінше **жеңіл кейіпкерлер** ықпалында қалып қойды. Осындай жүрдім-бардым кейіпкерлер арқылы күнделікті өмірді күйкі тірлік тұрғысынан бейнелеп, тым **ұсақ кейіпкерлер** сомдап, оларды дара немесе типтік образ тұрғысынан тар аяда, суреткерлік шектеулі таным аясында таныды. Сондықтан уақытпен бірге өз мәнін жоғалтатын

шығармалар, жасанды образдар – жағымды, жағымсыз атауды ғана иеленген *характер нөпірі* басып кетті.

Ал қоғамның тереңінде тұнып жатқан әлеуметтік мәселелер мен адамның жан-дүниесіндегі адамгершілік құндылықтардың күрделі қатпарларын ашатындай толыққанды образ жасауға келгенде, бірен-саран суреткерлер болмаса, көбісі терең ізденістерге бара қоймады. Қоғамның күңгейі мен көлеңкесін дара тұрғыдан сезіне білген, айқын болмысты дара қаһарман немесе жиынтық образға тән типтік характер, типтік қаһарман суырылып шыға қоймады.

Мұның өзі авторлардан қоғам табиғаты мен қаһарман табиғаты арасындағы қым-қиғаш күрделі қарым-қатынасты ашатындай, қоғамға телуліліктен гөрі жалпы әлеуметтен биік образды танытатындай эстетикалық батылдықты талап етті. Бірақ оқырман қауым, тіпті сол қоғамның өзі күткен ондай соқталы образ, соны қаһарман тумады. 50-жылдардың ішінде жазылған “Өскен өркен” романындағы “биік интеллект адам” [Әуезов] деген Нил Карпов образын айтпағанның өзінде, 60-жылдардағы Т.Ахтановтың “Боран” романындағы Қоспан образына теңдес, кеңестік қоғам мен адам арасындағы рухани һәм әлеуметтік ширығуды танытарлықтай, **кесек қаһарман** кейінгі әдебиет арнасында айқын шалына алмады. Рас, 80-жылдары Ә.Нұрпейісовтың “Сең” романындағы Жәдігер образы сол кездегі оқырман көңілін аулай алды. Роман толық аяқтала қоймағандықтан ол туралы сол уақта барлау пікірлер ғана айтылды...

Қазақ әдебиеттануында ғалым З.Қабдолов та: “Жазушының өмірдегі ұсақ-түйек, кездейсоқ жайлардан аулақ биік талғамы арқылы жинақтау және даралау әрекетінен әдеби бейне туады” [3,97-98] деп, көркем образ тудыруда суреткер “өмірдегі ұсақ-түйек, кездейсоқ жайлардан аулақ” болуды ескерте келіп, сонда ғана “биік талғамы” қалыптасып, сонда ғана “*жинақтау* және *даралау* әрекетіне” бара алып, айқын образ тудыратынына терең мән береді. “Әдеби бейненің өмірдегі модельдерін өзгерте, құбылта, құлпырта келгенде суреткердің шығармасындағы әр кейіпкерлердің болмыс-бітімінде бір адамның емес, бір алуан адамның сыр-сипаты жатады. Сонда бұл белгілі бір әлеуметтік ортадағы бір топ адамның өкілі ретінде танылады. Тип сыры осында” [3,98 б.] дейді. Образдың тип ретінде танылуында бір кейіпкердің “болмыс-бітімінде бір адамның емес, бір алуан адамның сыр-сипаты” жинақталып, “белгілі бір әлеуметтік ортадағы бір топ адамның өкілі ретінде танылатынына” ой сала келіп, өз түйінінің түп негізін әлеуметке арқа сүйеген күрделі қоғам сырына байлайды.

“Заңғар” романындағы жеңілтек әйел [Зейнеп] пен біреудің отбасын ойрандаушы еркек [Есімхан] бейнелері мен “Жел өті” романындағы Жәнібек, Коля, Қойлыбай секілді шарапқұмар, нәпсіқұмар бейнелер арасында *рухани байланыс* бар. Екі автор да күнделікті өмір қалыбында жиі кездесетін жағымсыз құбылыстарды жинақтап көрсетуге күш салғанымен, образ характерлерінің ашылуы, жеке-дара сомдалуы тұрғысынан типтік биіктікке тән деңгейге көтеріле алмаған. Кейіпкерлерінің типтік характер ретінде танылу үшін авторлар оқырманға оқиғаларды әсер етерліктей етіп таңдамай, кейіпкерді күрделі мінез-құлқымен, адамды тебірентерлік, ойлантарлық іс-әрекет ауқымында бейнелемей, жеңіл мотивтер мен дайын шаблондарды пайдаланғаны байқалып отырады. Сондықтан кейіпкерлер өзіне тән логикалық табиғатынан айырылып қана қоймай, автордың қуыршақ кейіпкеріне айналып, өз табиғатына тән емес, автор талабын ғана қанағаттандырушы мақсатты кейіпкер боп шыққан. Әрине, бұдан кейіпкердің табиғи болмыс-бітімі бұзылады.

Шығармада суреттелетін уақыт пен мезгіл кейіпкер психологиясымен ұштастырыла өрбуі тиіс. Автордың ойындағы сол қоғам мен уақытқа байланысты қорытқан, жинақтаған терең ойлары мен көзқарасына типтік характер тікелей жауапты болып, авторлық позиция типтік бейненің әртүрлі қақтығыс, тартыс, ой-сезім, түрліше психологиялық көңіл күй астарынан танылғанда ғана ұтымды шықпақ.

Көркем мазмұнда типтік бейне өзінің жан-жақты ашылған көркемдік тұлғасымен бой көтеріп, күллі оқиға желісінде ең негізгі жетекші роль атқарып, өзіне тән бірегей бітім-болмысы арқылы өзін тудырушы автордың да шығармашылық тұлғаға тән айрықша

табиғатын әйгілейді. Ал автордың шығармашылық тұлғасы болымсыз, бас қаһарман да, басқа кейіпкерлер де өмірдегі ұсақтыққа бой үйретіп, күнделікті қызықсыз, мәнсіз оқиғаларды, өмірде шын мәнінде жиі кездесетін [маскүнемдік, тұрақсыздық, қылмыскерлік т.б. немесе тым елпілдек, көнбіс, еңбекқор, еш жамандық жуымайтын, жуытпайтын адал т.б] бірыңғай құбылыстар ығында көрініп, көркем шығарма әлемі тек қоғамдағы жоқ-барды термелеумен шектелсе, әрине, мұндай туындыда толыққанды образ да, дара қаһарман да, тип те өмір сүрмейді.

"Прообразға, натураға, анық кескінге, шындық өмірдегі типке қатысты адам образын, характерді алғанда, айрықша және жаңаша сапада қарауымыз керек. Әдебиет теориясы осы бір образға байланысты ерекше сапаны үнемі түсінуге, тануға тырысып келеді" [4,313]. Өйткені қоғамдағы сапалық өзгеріске қарай, әдебиетте де образ табиғатын сомдауда сапалық өзгеріс алдыңғы кезекке шықты. Бұл, әсіресе, типтендіруге байланысты кең етек алып, әдебиет кеңістігін емін-еркін билеп алды. Ол жеке-дара қаһарман табиғатын ығыстыруға тырысты. Кеңестік әдебиетте типтік бейне таптық, революциялық тұрғыдан бой көтерсе де, қоғамның дамуына қарай өндіріс пен шаруашылықтағы адамдардың істеген кәсібі мен мамандығына сай жинақталған образ ретінде танылуға көшті.

Жалпы, типтік бейнені көркем шығарма мазмұнынан қарастырғанда әр түрлі қырынан мән беруге тура келеді. Сондай-ақ типтендірілген образдың өзі болмысы жағынан *біртұтас образ* болғандықтан формальды мәнге де ие. Өйткені автордың мақсатты түрде қоғамда жиі кездесетін мінез-құлықты, адамдар арасындағы қарым-қатынастың түрін, белгілі бір кезең, дәуірге сай қалыптасқан ортақ қасиетті бір қаһарманның өне-бойына жинақтау деген ұғымды тудырады. Және ол солай да. Сондықтан типтендірілген бейне көркем шығарманың көтерген тақырыбы мен терең мазмұнына, автордың көздеген идеясы мен авторлық позициясына қызмет ететін, мақсатты түрде жинақталған қаһарман екендігін де жасыра алмаймыз. Мұның айқын дәлелі – С.Мұқановтың Ботагөзі мен Итбай образдары. Типтендірудің бастауында С.Көбеевтің "Қалың мал" романы тұрғаны да рас.

Әсіресе, кеңестік шындық ерекше көтерген, әрі жаңа мазмұнға ие болған *тип ұғымы* аса күрделі. Тип ұғымы реалистік әдебиетпен тығыз байланысты. Өйткені реализм қоғамдағы әлеуметтік жағдайлар мен тарихи оқиғаларды, адамдардың соған сай қалыптасқан хал-ахуалын қаз қалпында көркемдікпен бейнелеуді негіз еткендіктен, автордың қоғаммен рухани байланысын танытатын ортақ өкіл – көркем өнерде тип ретінде қаралып келгені де шындық.

Тип, типтендіру ұғымдарына әдеби энциклопедиялық сөздікте де: "Әдебиет пен өнердегі тип – белгілі бір әлеуметтік орта характеріне тән адамдық дарашылдықтың жинақталған образы" [1,440] деп түсіндірілген. Ақиқатында автор белгілі бір әлеуметтік ортада жаппай қалыптасқан мінез-құлық пен жай-жағдайды бір кейіпкердің болмыс-бітімімен көрсетуге күш салуы типтендіру әрекетіне әкелері сөзсіз. Демек, "...суреткердің творчестволық тұрғыдан бір адам образына бірнеше реалды адамның типтік кескін-келбетін жинақтауын [синтездеу] типтендіру деп жүрміз" [1,440].

XIX ғасырда әдебиетте ғана емес, жалпы көркемөнерде реалистік бағыттың өріс алуына байланысты типтендіру ұғымы алғаш рет В.Г.Белинский, И.Тэн т.б. көркемөнерді зерттеуші еңбектерінде пайда болып, кейінірек А.И.Ревякин, В.Кожинов, С.Г.Бочаров, Г.Н.Поспелов т.б. зерттеушілердің еңбектерінде тереңдетіле қарастырылды. Сондай-ақ, типтік бейне кеңестік дәуірде әлеумет өміріне сай *идеологиялық* басым *мәнге* ие болды. Жалпы, типті *идеализациялау* процесі XX ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап ерекше үстемдік алды.

Орыстың белгілі жазушысы, қоғам қайраткері М.Горький "ССРО жазушыларының I съезінде жасаған баяндамасында [17 тамыз, 1934 ж.]": "...Біз кітаптарымыздың негізгі қаһарманы етіп еңбекті, былайша айтқанда, еңбек процесі ұйымдастыратын адамды, елімізді техника күшімен мейлінше қаруландырып отырған адамды..., еңбекті өнер дәрежесіне көтеруші адамды таңдап алуымыз керек" [5,127] деп көркем шығарманың бас қаһарманы етіп еңбек адамдарын жасауға шақырды, ал әдебиеттегі жеке-дара қаһарман туралы: "XIX ғасырдағы Европа әдебиеті мен орыс әдебиетінің негізгі тақырыбы – қоғамға, мемлекетке,

жаратылысқа қарсы қойылған жеке адам болды" [5, 127] деп түсіндіріп, әдебиеттегі жеке-дара **индивидум-қаһарманның** рөлін төмендетіп, қаһарманға идеологиялық көзқарас тұрғысынан тип ретінде қарауға баса мән берді.

Қазақ әдебиетінде де: "...әдебиеттегі бір байдың образы өмірдегі бірнеше байдың, бір кедейдің образы бірнеше кедейдің ең елеулі ерекшеліктерінен құралады да, тип болады"[3, 99] деген тұжырым-түсінік қалыптасты. Нәтижесінде шығарма мазмұнына арқау болған типтік характерге таптық, идеологиялық тұрғыдан баға беріліп, ғылыми көзқарас орнықтырылды.

Жалпы, типтік образдың өзі әуел бастан-ақ қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарға байланысты туған ұғым болатын. Сондықтан көрнекті орыс зерттеушісі Г.Н.Поспелов типтік бейненің әлеуметтік мәніне терең үңіле отырып:"...Типтік характерлер – жай ғана жеке тұлғалар емес, әлеуметтік өмірде өзін толық жүзеге асырған тұлғалар. Бұл – әлеуметтік характерлер" [6,198] деген еді. Сондықтан қазақ әдебиетінде де типтің *әлеуметтік характер* үрдісіндегі сыр-сипаты басты назарға алынып, автордың кейіпкерді әлеуметтік-қоғамдық характер тұрғысынан қаншалықты ашылғанына жоғары мән берілді.

Жоғарыда көңіл аударылған шығармаларда авторлар кейіпкерлердің әлеуметтік характерін жасауға, қоғамдық-әлеуметтік жайларды топтастырып, жинақтап беруге тырысты. Әрқайсысы әр қилы жолмен, әр түрлі тәсілмен танытуға күш салды.

Список литературы

1 Литературный энциклопедический словарь. – М., Советская энциклопедия, 1987. – 752 с.

2 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов. Изд. 5-е, испр. и доп. – М.: Просвещение, 1976. – 548с.

3 Қабдолов З. Сөз өнері. – А.: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

4 Бочаров С.Г. Характеры и обстоятельства. В кн.: Основные проблемы в историческом освещении. Образ, метод, характер. – М.: Изд. Акад. наук СССР, 1962, – 452 с.

5 Горький М. ССРО Жазушыларының I съезінде жасаған баяндамасынан [17 тамыз, 1934 ж.] Кітапта: Әдебиеттануға кіріспе. – А.: Ана тілі, 1991. –184 б.

6 Поспелов Г.Н. О природе искусства. – М.: Искусство, 1960. – 204 с.

В статье сделан анализ понятие «образ современника», рассмотрен типический герой в казахской литературе конца XX века. Поэтому появилась возможность по-новому рассмотреть проблему типов и типизации. Придается значение стремлению автора при типизации образов, беря во главу изображения общественно-идеологические нормы, создать требуемые от них современные образы. Рассмотрены пути появления в итоге типичных изображений в произведениях многих писателей похожих друг на друга образов, однотипных героев.

The article provides an analysis of the concept of "image of a contemporary", examined a typical hero in the Kazakh literature of the end twentieth century. Therefore, the opportunity to consider anew the problem types and of typification. Attaches importance to aspiration of the author when of typification images, taking in the top the image of social and ideological norms required of them to create modern image of. The ways in the eventual emergence of typical images the works of many writers similar to each other images.

УДК 82-31

А.Б. Темирболат
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан
alua_t@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СВОЕОБРАЗИЕ РОМАНА А. НУРПЕИСОВА «ПОСЛЕДНИЙ ДОЛГ»

Статья посвящена исследованию романа А. Нурпеисова «Последний долг». Объектом исследования становятся особенности пространственно-временной организации данного произведения. Раскрываются представления писателя о мире, человеке. Большое внимание уделяется художественному своеобразию произведения. Устанавливается, что содержание романа «Последний долг» пронизано мифологическими мотивами и образами. Писатель широко включает исторические, литературные реминисценции, которые существенно раздвигают горизонты повествования и границы пространственно-временного континуума произведения. Устанавливается, что основным принципом построения романа становится противопоставление. В ходе повествования писатель постоянно соотносит прошлое и настоящее, рассуждает о вечном и преходящем, духовном и материальном.

Ключевые слова: образ, сюжет, роман, произведение, время, пространство, повествование, построение, автор

Имя Абдижамила Нурпеисова широко известно читателям. Его творчество – одна из наиболее ярких страниц в истории казахской и мировой литературы. Произведения А. Нурпеисова, пронизанные размышлениями о вечных и общечеловеческих проблемах, наполненные лиризмом и драматизмом, вызывают огромный интерес общественности, критики. По мотивам его романов сняты фильмы. Творчество писателя часто обсуждается на литературных конференциях, круглых столах.

Художественный мир А. Нурпеисова характеризуется сложностью, многогранностью. Его прозу отличают пристальное внимание к внутреннему миру человека, его взаимоотношениям с окружающими людьми, с природой. Отсюда сложность построения произведений писателя. Описываемые им события обычно разворачиваются на стыке трех временных планов – прошлого, настоящего и будущего. Примером тому служит роман «Последний долг».

Повествование в данном произведении начинается как бы с конца. Вначале автор характеризует внутреннее состояние главного героя романа, описывает место и время развития действия. Затем объясняет причины, заставившие Жадигера покинуть рыбацкий аул и прийти к морю.

Роман строится в форме воспоминаний. В основе его повествования лежит судьба Жадигера Амиржанова. Стремясь осмыслить своё настоящее, герой обращается к прошлому. Вследствие чего время в романе движется как бы в обратном направлении. В процессе воспоминаний герой постепенно перемещается из настоящего в прошлое. При этом время движется не линейно, а по возрастающим кругам. Ибо, размышляя о своей жизни, событиях, происходящих в действительности, пытаясь разобраться в причинах своего душевного разлада, герой углубляется в своё прошлое. Так, оказавшись на льдине, Жадигер вначале вспоминает о своей свадьбе с Бакизат, о студенческих годах. Затем, вернувшись к событиям настоящего, он погружается в размышления о своём детстве, о школьных годах. В результате перед взором читателя предстаёт целостная картина жизни Жадигера, изображённая в ретроспективном плане.

Такое построение повествования позволяет писателю рассматривать описываемые им явления и события с двух точек зрения: с позиций прошлого и настоящего, и тем самым

проследить изменения, произошедшие в окружающей героя действительности. Индивидуальное время-пространство Жадигера накладывается на пространственно-временной план мира, в котором он живёт. Вследствие чего прошлое и настоящее героя становится своеобразной призмой, сквозь которую отражаются и преломляются прошлое и настоящее окружающей действительности. Так, например, вспоминая о Бакизат, Жадигер размышляет о том, какой она была раньше и какая сейчас. С позиций прошлого и настоящего автор описывает Аральское море, крутояр, рыбацкий аул.

Повествование романа строится на основе диалога автора с героями произведения и прежде всего с Жадигером. Вследствие чего его пространственно-временная позиция постоянно варьируется. То он описывает происходящие события с точки зрения стороннего наблюдателя, то становится их непосредственным участником. Нередко пространственно-временная позиция автора совпадает с пространственно-временной позицией героев романа (Жадигера, Азима и др.). Такая форма построения повествования, с одной стороны, позволяет дать более адекватную оценку описываемым событиям, с другой – создаёт впечатление близости автора и читателя. Обращаясь к героям романа во втором лице, автор как бы одновременно обращается и к читателю, заставляя его (читателя) задуматься над проблемами, поднимаемыми в произведении. Благодаря чему возникает эффект сокращения пространственно-временной дистанции между автором и читателем, между читателем и героями романа. Читатель как бы встаёт на пространственно-временную позицию героев произведения, превращаясь в непосредственного участника происходящего.

Пространственно-временной континуум произведения охватывает несколько пространственно-временных измерений: реальное, историческое, сказочно-мифологическое, которые тесно взаимосвязаны между собой и постоянно пересекаются на протяжении всего повествования романа.

На уровне реальном автор воссоздаёт современную действительность. Рассказывая о судьбе Жадигера Амиржанова, окружающих его людей, Аральского моря, писатель раскрывает проблемы, стоящие перед человечеством, размышляет о будущем Земли. Соответственно границы реального времени-пространства то сужаются до пределов частной жизни, то раздвигаются, достигая планетарных, вселенских масштабов.

В повествование романа автор широко включает легенды, предания, в которых описывается история Приаралья. Их использование обусловлено, с одной стороны, стремлением писателя воссоздать картины прошлого, найти истоки, причины процессов, явлений, наблюдаемых в современной действительности; с другой – показать единство пространства духа. Ибо, передаваясь из поколения в поколение, легенды и предания выступают своеобразным связующим звеном между людьми различных эпох.

Описывая быт рыбаков, автор указывает, что прошлое всегда незримо присутствует в настоящем. Наиболее чётко данная мысль выражается в следующих строчках: «Умирали одни, старились другие, приходили следующие поколения, но и при них с тем же неизменным благоговением чтилось и продолжало посещаться пепелище предков на крутояре» [1, 149].

В романе наблюдается оппозиция «верх» – «низ». Верх – это мир неба, мир красоты, мир гармонии, мир грёз, мир будущего. Он неразрывно связан с образом Бога, который вершит и определяет судьбы людей. Поэтому верхний мир, как и всю структуру романа, характеризует двойственность. С одной стороны, люди устремляются ввысь в минуты счастья. Испытывая радость, они словно парят над землёй (смотрите, например образ Жадигера. Как пишет автор, после свадьбы он «точно в небеса взвился, земли под собой не чуял» [1, 5]). С другой – человек обращается к Богу, оказавшись на грани отчаяния, в безвыходной, трудной ситуации (например, переезжая реку по тонкому, хрупкому льду, Жадигер «снова и снова обращался к Создателю земли, небес, воды, всего подлунного мира…» [1, 59]). Эта двойственность обусловлена наличием двух начал в жизни людей. Первое из них – духовное. Оно заключает в себе мечты человека и ведёт его ввысь. Второе – повседневная жизнь людей, их быт. Оно связано с нижним миром. Ибо низ – это мир земной,

эта реальность, в которой живут люди. Соответственно бытие человека имеет два направления – вертикальное и горизонтальное.

В романе немало сказочных реминисценций. Так, например, во время разговора о судьбе Аральского моря Жадигер сначала называет Азима чудовищем Кок-Огузом, а затем сравнивает его с Ходжой Насреддином. Обращение к сказке обусловлено стремлением писателя постичь законы бытия, осмыслить явления, наблюдаемые в действительности, и показать извечный характер выдвигаемых им проблем.

Интересна композиция произведения. Роман состоит из двух книг. Первая из них носит название «И был день», вторая – «И была ночь». Тем самым писатель уже в заглавии указывает тот временной промежуток, в течение которого разворачиваются описываемые в романе события. Более того, в названиях книг, с одной стороны, содержится противопоставление, которое характеризует всю структуру произведения; с другой – в них заключено глубокое символическое значение.

День воплощает собой жизнь. Именно поэтому в первой книге главный герой романа вспоминает о своём прошлом, размышляет о настоящем. Он как бы подводит итоги прожитой жизни, о чём свидетельствует эпиграф, написанный к данной книге: «Я не чинил людям зла… Я не убивал… Я не преграждал путь бегущей воде…» [1, 5]. Ночь символизирует закат жизни. Поэтому в качестве эпиграфа ко второй книге автор берёт следующие строки: «Пой, сердце, припомни все свои мечты, Пой, в нескончаемой тревоге» [1, 225]. Ибо в ожидании завершения жизненного пути человек обычно вспоминает о своих мечтах, неосуществившихся надеждах, планах. Так поступают и герои романа: Жадигер, Бакизат, Азим.

Названия книг несут в себе авторское мироощущение. День – это бытие людей, их повседневная жизнь, это настоящее. Ночь – это то, что ожидает человечество, если оно не изменит своего отношения к окружающему миру и не встанет на путь духовного возрождения.

Принцип двойственности характеризует пространственно-временные позиции героев произведения. Практически все персонажи романа занимают промежуточное положение. Они живут на стыке двух миров: прошлого и настоящего, реального и воображаемого, чем обусловливается также многомерность их индивидуальных времен и пространств. Ярким примером тому служит образ Жадигера Амиржанова. Его индивидуальное время-пространство включает воспоминания, размышления, биографическое время. Более того, образ Жадигера выступает своеобразным центром. На уровне его сознания пересекаются несколько пространственно-временных планов: реальный, исторический, воображаемый и онейрический. В плане реальном судьба Жадигера переплетается с судьбою окружающих его людей: его матери, тёщи, Бакизат, Азима, рыбаков, жителей аула. При этом его хронотоп как бы вбирает в себя индивидуальные времена и пространства остальных героев романа. Ибо именно через размышления Жадигера раскрываются характеры окружающих его людей. Такой подход писателя обусловлен стремлением показать единство судеб человеческих.

Онейрическое пространство охватывает сны героя, которые по сути являются зеркальным отражением реальной действительности. Через них Жадигер осмысляет события, происходящие в его жизни. Более того, сны способствуют раскрытию внутреннего мира героя, его душевного состояния. Так, сон, в котором Жадигер «с трудом поднимается по ступенькам на второй этаж заметного здания в центре районной площади и всякий раз застревает на полпути», свидетельствует о неопределённости его жизненного пути, о невозможности достижения им подлинного смысла бытия. Постоянно возникающий в его видениях образ Кок-Огуза, выпивающего озеро, воплощает собой беду, надвигающуюся над Аральским морем.

Сны значительно раздвигают границы индивидуального времени и пространства Жадигера. Благодаря им он не только осмысляет настоящее, но и совершает путешествие в прошлое и будущее.

Воображаемое пространство проявляется на уровне грёз Жадигера. Так же, как и онейрическое пространство, оно способствует выходу героя за пределы его индивидуального времени-пространства. На уровне воображения Жадигер получает возможность заглянуть в будущее и увидеть события, происходящие в настоящем, в ином измерении, в их перспективе.

Историческое время-пространство входит в повествование романа через размышления Жадигера о прошлом. Глядя на гибнущее море, заброшенные лачуги рыбаков, герой часто вспоминает о том, каким был Арал в былые времена. Проводя параллели между прошлым и настоящим, он пытается найти причину происходящих в современном мире процессов.

Примечательно, что реальное, онейрическое, воображаемое, историческое время и пространство, пересекаясь на уровне сознания героя, соединяют его образ с образом моря. Вследствие чего судьба Жадигера оказывается в неразрывном единстве с судьбою Арала. Более того, связь образа главного героя с образом моря осуществляется через образ автора. Вступая в диалог с Жадигером, рассуждая вместе с ним о явлениях, наблюдаемых в действительности, комментируя описываемые события, он тем самым подчёркивает взаимозависимость судьбы человека и судьбы окружающего его мира.

Через весь роман проходит мысль о том, что счастье людей зависит от их отношения к природе. Только живя в гармонии с ней, человек может обрести подлинный смысл бытия. «Само существование человечества в будущем, – пишет А. Нурпеисов в романе, – в прямой зависимости от того, быть или не быть здоровой и чистой природе» [1, 119]. Отсюда трагизм судьбы главного героя произведения. Гибнет море, а вместе с ним гибнет и человек, хотя, казалось бы, это два разных мира – мир людей и мир природы, – которые существуют параллельно и изначально противостоят друг другу. Но в то же время они тесно взаимосвязаны. Ибо деяния людей влияют на состояние природы, которое, в свою очередь, определяет будущее человечества. В этом плане индивидуальное время-пространство главного героя романа предстаёт как одно из звеньев во всеобщем пространственно-временном потоке жизни моря.

Следует отметить, что образ Жадигера занимает пограничное положение. Вся его жизнь протекает на стыке двух миров: реального (внешнего) и духовного (внутреннего), прошлого и настоящего, воображаемого и действительного. Причём границы между ними настолько зыбкие, что герой легко переходит из одного измерения в другое, а иногда они даже сливаются. В результате чего воображаемое предстаёт как реальное, прошлое – как настоящее, сон становится явью, а явь превращается в сон.

Примечательно, что, вступив в диалог с Жадигером, размышляя о его судьбе, автор не сразу называет его имя, а лишь спустя некоторое время. Тем самым он даёт понять читателю, что судьба главного героя романа – одна из многих человеческих судеб. Вследствие чего границы индивидуального времени-пространства Жадигера раздвигаются до общечеловеческих масштабов.

Заслуживает внимания и тот факт, что в своих размышлениях Бакизат называет мужа Передовиком Труда. И это не случайно. Ибо, называя Жадигера Передовиком Труда, она фактически подчёркивает единство его судьбы с судьбою рыбаков – тружеников моря.

Интересна пространственно-временная позиция Азима и Бакизат. Азим – по сути антипод Жадигера Амиржанова. В отличие от Жадигера, который живёт мыслями о прошлом и настоящем и устремлён в будущее, он довольствуется лишь настоящим. Более того, Азим фактически отрекается от своего прошлого. Своеобразным символом его отречения становится та невидимая граница, которую он устанавливает между собой и жителями аула.

Следует отметить, что, характеризуя Азима, автор подчёркивает отсутствие в нем духовного, человеческого начала. Герой напоминает некую машину, действующую по определённой, четко разработанной программе. «Он и садился, и вставал, заранее рассчитывая каждое слово. Даже смеялся не по надобности, а опять-таки исходя из точно

выверенной внутренней необходимости» [1, 239]. Поэтому Азим обречён. И его жизнь проходит бесследно, в то время как душа Жадигера сливается с вечностью.

Бакизат занимает промежуточное положение. В ней как бы борются две стихии, чем и объясняется противоречивость её поступков. Духовно она устремлена к Жадигеру. В реальном же мире стремится быть рядом с Азимом. С этой точки зрения обоих героев можно рассматривать как две различные ипостаси Бакизат.

Более того, будучи женщиной, она воплощает собой начало, является носительницей жизни. Соответственно образы Жадигера и Азима приобретают общечеловеческое значение. Они символизируют собой два пути человечества, один из которых устремлён ввысь, в будущее, другой – движется в горизонтальном направлении, имея лишь настоящее. Именно поэтому в финале романа Жадигер как бы уходит в вечность. После его гибели продолжает жить его душа, перевоплотившись в маленькую птичку, которая улетает в небо. Азим бесследно исчезает. На льдине остается одна Бакизат, которая, наконец, совершает свой окончательный выбор в пользу Жадигера. Такой финал романа не случаен. Образ Бакизат, оставшейся на льдине, воплощает надежду автора на возрождение мира, человечества.

Среди эпизодических персонажей романа следует отметить прежде всего образы юной девушки и секретарши Жадигера Зауре. Прекрасная юная девушка, повстречавшаяся Азиму на одной из улиц Алматы, воплощает собой единство небесного и земного начал. Ибо будучи рожденной на земле, она в то же время заключает в себе гармонию, присущую небу, – красоту. Образ Зауре выступает своеобразным связующим звеном между двумя мирами – верхним и нижним. Хрупкая, нежная, чуткая, чистая душой, она как бы возвышается над той зловещей действительностью, которая её окружает. Именно поэтому в сознании Жадигера Зауре ассоциируется с лунным зайчиком, который, в свою очередь, является символом душевных устремлений героя, символом теплоты. Причём теплоты неземной, ибо на земле не осталось тепла. Весь мир превратился в ледяное поле. Более того, Зауре является олицетворением надежды автора, его веры в будущее. Об этом свидетельствуют следующие строки: «И каждый раз, неслышно переступив порог, прижав к груди какую-нибудь папку, она несмело и в то же время с *детским* ожиданием распахнув глаза, взглядывала быстро и чутко туда, где в глубине кабинета за столом сутулился… мужчина…» [1, 207]. В Зауре есть что-то детское. Она похожа на ребёнка. Дети же, как известно символизируют будущее.

Принцип двойственности, присущий произведению, проявляется на уровне образов-двойников. Так, Азим похож на своего дядю – «прославленного строителя». Их сходство наблюдается в манере поведения, в речи героя. Дочь Жадигера, с одной стороны, – копия его тёщи, с другой – напоминает куклу, которая продаётся в магазине. После встречи с Азимом, Бакизат начинает «думать точь-в-точь», как он, фактически став его духовным двойником.

Введение образов-двойников обусловлено стремлением автора, во-первых, подчеркнуть, что герои романа – обыкновенные люди, которые часто встречаются в действительности, в повседневной жизни; во-вторых, показать процесс деиндивидуализации личности, присущей современному обществу; в-третьих, дать возможность героям взглянуть на себя как бы со стороны, ибо двойники по сути являются зеркальным отражением друг друга. Разница лишь в том, что при этом отражается не столько их внешность, сколько их внутренний мир. Соответственно возникновение двойников является результатом слияния пространственно-временных измерений различных героев произведения вследствие их духовной близости.

Интересен образ сына Бакизат. Как отмечает героиня, он с самого рождения был копией Жадигера. Сходство отца и сына объясняется не только их родством. Добродушный, но значительно отставший в развитии, сын Жадигера фактически является олицетворением его будущего, непонятного, сложного и безысходного.

В романе нередко происходят перевоплощения героев. Например, Жадигер в видениях Азима и Бакизат предстаёт в образе чудовища, которое, по мнению его жены, ниспослано к ним свыше в качестве небесной кары. Соседская девочка, с которой Амиржанов играл в

детстве, является к нему во сне в образе лисёнка, козлёнка, рыжего чертёнка. Бакизат в видениях Жадигера принимает облик лисы и его секретарши Зауре.

Перевоплощения героев – это, с одной стороны, проявление двойственности их внутреннего «я»; с другой – отражение их подлинной сути, их душевного состояния (пространства души). Жадигер, облепленный снегом, воспринимается Бакизат как небесная кара в силу того, что она ощущает свою вину. Её перевоплощения на уровне сознания мужа объясняются противоречивостью её внутреннего мира. Как и Зауре, она несёт в себе чистое, светлое, духовное начало. Но в то же время, подобно лисёнку, пытается «обмануть судьбу». Обличья, которые принимает подруга детства Жадигера, являются отражением её характера. Следует отметить, что на уровне перевоплощений пространственно-временные планы Бакизат и девочки пересекаются, что объясняется их духовным родством.

Примечательно, что имя жены ассоциируется у Жадигера с раскалённым угольком. Это также указывает на двойственность внутреннего мира Бакизат. Ибо раскалённый уголёк, с одной стороны, обжигает, делает человеку больно; с другой – является источником тепла. Так и Бакизат, хотя и наносит мужу немало душевных ран, в то же время где-то в глубине души она жалеет его и даже любит. Через образ раскалённого уголька происходит материализация внутреннего мира героини.

Двойственность проявляется и в описании Азима. Характеризуя его, автор указывает, что во время разговора герой нередко замыкается, «скрываясь под непроницаемой маской». В результате чего происходит разделение индивидуального времени-пространства Азима на два измерения – внутреннее и внешнее. Причём внешнее выполняет роль своеобразной стены, которая отгораживает его от окружающего мира. Значительное место в романе отводится образам детей. Столь пристальное внимание к ним писателя объясняется его стремлением показать, какое будущее ожидает людей, если они не изменят своего отношения к природе. Как пишет автор, «…в ауле всё больше дебильных, неполноценных детей, подвергшихся болезням ещё во чреве матери; и эти убогие тоже, хоть и ничего не понимали, крутились у всех под ногами; безрукие, безногие детишки, как лягушата прыгали, подскакивали, стуча костыликами…» [1, 77]. Больные дети – результат вторжения человека в природу, его бездумного и жестокого отношения к ней. Изображая их, писатель проводит мысль о том, что люди обречены на безбудущность, ибо они фактически отреклись от своего прошлого, воплощением которого в романе является Аральское море.

Доказательством этому служит также сон матери Бакизат, в котором она теряет свою внучку. Потеря внучки символизирует, с одной стороны, безбудущность самой героини, которая живёт лишь настоящим и стремиться к материальным ценностям; с другой – безбудущность всего человечества. Более того, на уровне сна матери Бакизат автор показывает единство частной судьбы с судьбой исторической, с судьбой общества. Он подчёркивает, что индивидуальное время-пространство человека неразрывно связано с пространственно-временным потоком окружающего его мира. Мысль об угрожающей людям катастрофе проходит и через сон Жадигера Амиржанова, в котором он слышит пронзительный крик ребёнка. Именно поэтому, проснувшись, герой испытывает сильный страх, и «резкая свежесть морского ветерка, дохнувшая в лицо», кажется ему «жутким прикосновением могильно-холодных глубин» [1, 174]. Пронзительный крик ребёнка отражает кризисное состояние современного общества.

Жестокость людей, их варварское отношение к природе являются причиной болезни не только детей, но и самого главного героя произведения. В романе неоднократно подчёркивается, что Жадигер не здоров. Внешним проявлением его болезни служит то, что он постоянно косится *влево*. Автор не случайно акцентирует внимание на этой детали. Жадигер косится *влево*, потому что у него болит сердце, болит душа, будучи не в силах вынести то, что происходит в окружающем его мире.

В таком аспекте природа предстаёт как символ прошлого, Жадигер Амиржанов – настоящего, дети – будущего. Соответственно болезнь главного героя романа и болезнь аульских ребятишек, или кризис настоящего, невозможность будущего, являются следствием

того, что люди оторвались от своих корней, своей истории, своего прошлого, хранительницей которых выступает Мать-природа.

Идея единства прошлого и настоящего реализуется и через женские образы. На протяжении всего повествования автор указывает, что все женщины – дочери Праматери Евы.

Следует отметить, что при описании героев произведения писатель обычно проводит параллели с миром природы. Так, например Жадигера его тёща и Бакизат называют Чёрным Дромадером (Каранаром), его мать сравнивается с верблюдицей. Дядя Азима Заика ассоциируется с филином. Использование подобных сравнений объясняется стремлением автора показать единство мира людей и мира природы. Этим обусловлено своеобразие структурной организации произведения. Описываемые в романе события параллельно разворачиваются в двух пространственно-временных планах – в мире людей и в мире природы. Мир природы представлен образами Аральского моря, рыб, волка, верблюдицы, птицы. Примечательно, что, изображая животных, автор как бы переходит на их пространственно-временную позицию. Это позволяет ему не только раскрыть движение их чувств, их отношение к происходящему, но и взглянуть на мир людей как бы со стороны, дать объективную оценку поступкам и деяниям человека.

Взаимосвязь двух миров выражается в эпизоде, в котором описываются следы Жадигера и маленькой птички. Автор не случайно акцентирует внимание на том, что их следы, оставленные на льду, идут параллельно. Тем самым он проводит мысль о том, что и человек, и птица равны перед Матерью-природой, и каждый из них оставляет свой след на земле.

Тема единства человека и природы получает развитие на уровне сна Жадигера, в котором он ощущает себя рыбой и плывёт вместе с косяком по морю в поисках чистой воды. Более того, описывая рыб, привидевшихся герою, автор сравнивает их с людьми. Так он пишет: «Ошалев от радости, бросаются навстречу, восторженно взбивают воду хвостами, машут плавниками – радуются, совсем как люди» [1, 176]. Сон Жадигера – по сути отражение реальной действительности. Гибель же маленькой белой рыбки – предупреждение о надвигающейся катастрофе. Через сон Жадигер осмысляет процессы, происходящие в окружающем его мире. Следовательно, сон – это особое пространственно-временное измерение, неразрывно связанное с пространством души, сознания человека, существующее параллельно реальности и отражающее её как бы изнутри.

Через всё произведение проходит мысль о том, что с обмелением Аральского моря обмельчали души людей. «С тех пор, как море стало мелеть, лишая рыбачьи аулы их исконного промысла, – пишет А. Нурпеисов в романе, – стали мельчать душой и люди. Как сорная трава на заброшенном поле, непостижимым образом стали оживать всюду, где пока что оставались люди, забытые обряды, всякие поверья. Бывшие активисты, любившие грозно обрушиться на всякого, кто не отрёкся в своё время от Аллаха, от религии, теперь сами благоговейно дремлют на ритуальных трапезах рядом с доморощенными муллами в засаленных старых чалмах» [1, 26]. Обмеление моря и обмеление души людей предстают в романе как взаимосвязанные процессы. И это не случайно. Ибо человек – часть природы, а его индивидуальное время-пространство – одно из звеньев её пространственно-временного потока. Соответственно обмеление моря и обмеление души людей – результат утраты изначально заложенной в них гармонии. Разница лишь в том, что гибель природы является следствием разрушительной деятельности человека. Обмеление души людей обусловлено их неуемной алчностью, желанием стать «царями мира». Следовательно, природа выступает критерием нравственности человека.

Интересно сравнение Жадигера. В его сознании море ассоциируется с тяжёло больным человеком. В этом сравнении заложена идея не только о гибели Арала, но и состоянии современного общества. Люди больны, утверждает писатель на страницах своего произведения. Ибо нельзя назвать здоровым человека, который утратил чувства любви, доброты, милосердия, гармонии. Трагическим же следствием болезни общества является

рождение детей, лишённых жалости. Их образы автор неоднократно изображает в романе, предупреждая людей об ожидающей их участи, показывая безбудущность человечества.

Следует отметить, что принцип двойственности, лежащий в основе построения произведения, характеризует и образ природы. Автор постоянно проводит параллели между морем и степью (например, «мелеющее море – что выгоревшее в засуху пастбище» [1, 31]), рыбаками и земледельцами. Тем самым он показывает, что пространственно-временной континуум природы включает множество самостоятельных миров, имеющих своё пространственно-временное измерение: мир людей, мир животных, мир растений, мир моря, мир суши и т.д. Однако, данные миры, хотя и существуют параллельно и даже в чём-то противопоставлены друг другу, тесно взаимодействуют между собой и образуют единое целое.

В повествовании романа встречаются чужие цитаты, афоризмы, реминисценции (например, «Под боком спит законная жена, а мысль уводят пылкие красотки» и т.д.). Их использование объясняется стремлением автора показать единство пространства духа. На страницах романа писатель поднимает целый ряд философских проблем. Обращение к ним значительно раздвигает пространственно-временные границы изображаемого им мира.

Размышляя над судьбами героев произведения, автор стремится понять, в чём заключается смысл бытия, каковы место и роль человека на земле. В поисках ответа на данные вопросы он обращается к истории народа. Сравнивая прошлое и настоящее, автор приходит к выводу, что всё в мире относительно, преходяще. Меняются поколения, меняется мир, меняются ценности. Поэтому бытие человека непредсказуемо. Оно заключает в себе некий тайный смысл, имеет скрытую «подкладку». В понимании автора бытие человека складывается из двух пространственно-временных измерений. В первом из них живут люди, строя свои планы, стремясь к счастью. Оно включает их индивидуальные времена и пространства. Второе связано с некой силой, предопределяющей судьбу человека, довлеющей над ним. Время в этом измерении бесконечно, а пространство не имеет границ. Но тем не менее жизнь человека, несмотря на свою сложность, противоречивость несёт в себе определённый смысл, который, по мнению А. Нурпеисова, состоит в достижении человеком счастья. Ибо «…всё на свете, – пишет он в романе, – имеет… значение лишь в счастье» [1, 91].

Счастье, согласно концепции автора, переменчиво, призрачно. Сегодня оно манит человека, «кружит голову, а завтра исчезнет бесследно, оставив после себя лишь горький осадок» разочарования [1, 260]. Рассуждая о счастье, писатель сравнивает его с миражом, с пугливой птицей, тем самым он раскрывает глубинную суть данной категории. Но в то же время, как указывается в романе, счастье – это то, что наполняет жизнь человека смыслом, вдохновляет и окрыляет его. Именно поэтому в минуты радости люди устремляются ввысь, к небу. Счастье и небо, хотя и разные, но в то же время взаимосвязанные понятия. Счастье воплощает прекрасное. Небесный мир в представлении писателя – мир гармонии. Более того, небо столь же недостижимо, как и счастье. Тема счастья в романе тесно переплетается с темой природы, памяти, долга. Так, размышляя о судьбе Аральского моря, автор отмечает, что «с того времени, как море стало мелеть и уходить от своих берегов, жителей приморья счастье стало стороной обходить» [1, 161]. Тем самым писатель напоминает людям об их неразрывной взаимосвязи с окружающим миром. Человек – часть природы, утверждает А. Нурпеисов, а его жизнь – «временный дар своенравной природы И потому всё самое драгоценное, чем обладает человек – всего лишь долг, который следует в предписанный срок вернуть» [1, 150]. В этих строчках звучит мысль о том, что люди должны помнить о своём прошлом, дорожить своей историей и историей своей земли, бережно относиться к природе, сотворившей их.

Значительное место в романе отводится теме любви. В процессе повествования писатель неоднократно указывает, что в этом непредсказуемом, зыбком мире неизменным всегда остается лишь одно светлое, прекрасное чувство – любовь. Ибо «только она в

состоянии стать против безжалостного всепоглощающего бега времени» [1, 151] и преодолеть пространственно-временные границы, разделяющие людей.

Любовь сравнивается в сознании Жадигера с растением. Размышляя о своём отношении к Зауре, он задаётся вопросом: «Неужели то неотвратимо меркнущее в положенный срок чувство, чьи былые корни ещё не успели отмереть, сейчас уже распускает новые юные побеги?» [1, 198]. Данное сравнение позволяет не только материализовать столь абстрактную категорию, придать выразительность описанию этого чувства, но и раскрыть глубинную суть любви. Подобно растению, зародившись однажды в душе человека, любовь то угасает, то разгорается с новой силой.

В романе неоднократно звучит мысль об одиночестве людей в современном мире. Например, характеризуя главного героя произведения, автор называет его «одиноким человеком». Описывая внутреннее состояние Жадигера, писатель отмечает, что его пронизывает «холод одиночества». Причиной одиночества людей является их взаимоотчуждение, отсутствие между ними духовной близости. Стремясь к власти, к роскоши, к комфорту, каждый из них замыкается в собственном мире. Вследствие чего происходит сужение индивидуального времени-пространства человека. И он постепенно утрачивает связи с окружающим миром, с природой, с историей, с прошлым. Поэтому «чувство сиротского одиночества» настигает человека «даже среди скопища людского» [1, 111].

Большое внимание писатель уделяет проблеме «человек и эпоха». Размышляя над явлениями, наблюдаемыми в современной действительности, он пытается найти причину их возникновения. С этой целью А. Нурпеисов сравнивает прошлое и настоящее, ушедшие поколения и нынешние. В итоге автор приходит к выводу, что люди в процессе исторического развития не изменились. «Люди тех времён были точно такими же, как и нынешние», – жестокими и алчными. Говоря же о современной эпохе, А. Нурпеисов называет её страшной, поскольку с каждым днём усиливается разрушительное воздействие человека на природу. Земля, как отмечает писатель, превратилась в сплошной полигон, в огромное поле сражения людей, стремящихся получить власть, установить своё господство над миром.

XX век, по словам матери Жадигера, – «век железа», ибо человек, поглощённый развитием науки и техники, направленных на удовлетворение его личных интересов, утратил чувство милосердия. Железо символизирует собой жестокость, бездушность людей. Размышляя о жизни человека, о судьбах различных поколений, автор указывает, что над миром довлеет некая сила. Она управляет событиями, происходящими на земле, поступками людей, о чем свидетельствуют следующие строки: «О, знать таков удел всякой горемычной души, которая, казалось бы, даже вымолив у Бога счастья, хотя бы с ноготок, в решительный момент, однако, не может пойти напропалую, не в силах переступить *неведомую роковую черту*» [1, 243]. Соответственно одним из ведущих мотивов романа является мотив рока.

В содержании романа постоянно ощущается какая-то недосказанность, некая тайна, придающая двойственность повествованию и проявляющаяся, во-первых, на уровне пространственного континуума произведения: описывая мир, окружающий героев, автор использует такие существительные и прилагательные, как «туман», «дымка», «мгла», «муть», «пелена», «мираж», «запотевший», «зыбкий», «смутный», «мутный», «призрачный», «мглистый», «сумеречный». Во-вторых, на уровне восприятия героями событий. Например, размышляя об одном из своих снов, Жадигер приходит к выводу, что «всё это привиделось *неспроста*». Вспоминая о своём наваждении, в котором Бакизат предстала перед ним в образе лисёнка, он ощущает, что «за этим кроется *тайна*». Внезапный приезд Азима вызывает *недоумение* у жителей аула, а Жадигеру кажется *загадкой*. Вследствие чего складывается впечатление, что мир, изображаемый в произведении, помимо внешней, «поверхностной» стороны, имеет другую, «скрытую», «глубинную» сторону – особое пространственно-временное измерение, невидимое обычному взгляду.

Таким образом, художественный мир романа А. Нурпеисова характеризуется многогранностью, противоречивостью. События произведения разворачиваются в

нескольких пространственно-временных планах: реальном, сказочно-мифологическом, историческом. Большое внимание писатель уделяет снам, видениям. Через них герои романа осмысляют явления, процессы, происходящие в их жизни, в окружающем их мире. Сон в концепции писателя – это особое измерение, оказавшись в котором, человек получает возможность, с одной стороны, заглянуть в своё прошлое и будущее; с другой – лучше понять настоящее, посмотрев на него как бы со стороны.

Список литературы

1 Нурпеисов А. Последний долг. – Алматы: Атамура, 2000. – 383 с.

Мақала А. Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романының зерттелуіне арналады. Аталған шығармадағы кеңестік пен уақыт ерекшеліктері зерттеу нысаны болып табылады. Жазушының әлемге, адамға деген көзқарасы айқындалады. Сонымен қатар, шығарманың көркемдік ерекшелігіне назар аударалады. «Соңғы парыз» романының мазмұнына мифологиялық мотивтер мен образдардың енуі қалыптастырылады. Қаламгер шығарманың кеңестік пен уақыт континуумы шектелімінің баяндау бағыттарын ажырататын тарихи, әдеби реминисценцияны кеңінен енгізеді. Роман құрылымын қарама-қарсы қойып салыстыру негізгі принцип болып қалыптастырылады. Баяндау барысында автор үнемі өткен мен бүгінгіні салыстырып, мәңгі мен өткінші құбылысты, руханилық пен материалдықты талқылайды.

The article is devoted to research of A. Nurpeisov's novel «Last Duty». Object of research are the features of existential organization of this work. Concepts of the writer about world, person are revealed. The great attention is given to artistic originality of the work. The content of the novel is penetrated by mythological motives and images. The writer widely includes historical, literary reminiscences which essentially move apart horizons of a narration and border of the work's existential continuum. The main principle of the novel's construction is opposition. During narration the writer constantly correlates the past and the present, argues about eternal and passing, spiritual and material.

ӘОЖ 82:81-26(092)(=512.122)

А.Е. Турысбекова
Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған, Қазақстан
as.turysbekova @ qmail.com

«КҮТУМЕН КЕШКЕН ҒҰМЫР» РОМАНЫНДАҒЫ ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТ ПЕН ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕГІ КЕРАҒАРЛЫҚТАР

Ұлттық менталитеттің теориялық, тарихи-философиялық, этнопедагогикалық негіздерін шынайы өмірдің арнасынан сүзіп алған Б.Нұржекеев әңгіме, повесть, романдарындағы кейіпкерлер болмысынан тауып, олар оны қалай бейнелегенінің сырына қанықтыру. Ұлттық менталитеттің уызын тал бойына сіңірмей нағыз қазақты көз алдыңызға елестете алмайсыз. Өмір – күрес. Сол сұрапыл күрес айдынында ұлттық сипатқа айналған дәстүріміз бен дүниетанымымызды, әдетіміз бен әдебімізді, арманға жету жолында қайыспас қайсар қаһармандық ұстанымымызды, даламыздай дархан бітімімізді айғақтап тұрар ерекше ұлттық мінезіміз, тұлғамыз дараланып, оқшау бітімімен бұлтты жарып, жаһанды жадыратар нұрын төгіп шыға келмек.

Кілт сөздер: Бақайесеп, тобанаяқтық, дипломатиялық, тактикалық алғырлық.

Қазақ жазушыларының ішінде ұлттық менталитетті өзінің кез-келген шығармасында басты тақырыбы ететін жазушының бірі - Бексұлтан Нұржекеев. Өйткені, тисе терекке, тимесе бұтаққа қаламын тербеп жүргендер-нысанасынан жаңылып, оңай олжа іздеп, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге кәнігіленіп кеткендер. Ал нағыз қаламының қамау тері алынып, алысқа шабатын дарындар ең көкейкесті, басты тақырыпты көздеп, халқының арман-аңсарын темірқазығы етпек. Ғалым М.Неведомский: «Толстой спокойно и уверенно вводит нас в душу каждого своего героя, и мы вместе с ним глядим изнутри этой души на окружающий мир, глядим-глазами героя, слушаем-его ушами, ощущаем каждое движение его мускулов, каждое движение его нравов. Нет тайн. Все ясно, все известно, до последней психологической черты. Толстой вводит в нашу художественную литературу особый прием-трактовать каждую сцену с точки зрения интересующего в данный момент лица» [3, 73], - деп ұлы жазушының қолы жеткен биік шеберлігіне тәнті болады.

Сол айтпақшы, қазақ жазушысы ұлттық кейіпкердің бойындағы ұлттық өнерге деген құлшыныcты, сол ұлттық өнерден қалың тыңдарман тыңдағанда әннен алған әсерлері әлемет, құдды, ұлы Абай жырлағандай: «шырқап, шалқып, сорғалап, тамылжиды, жүрек тербеп оятар баста миды, бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда, ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды»... Қазақ филормониясы, қазақ концерті, Опера және балет театры, драма театрлары жоқ заманда жалпақ жұртты халық арасынан шыққан әнші-сазгер, ақындары олқының орнын толтырып, бір өздері қаншама өнердің басын қосып, барған жерлерін әнмен де, күймен де бөлеп, артистік шеберлікпен орындап, думанға қарық қылған. Соның бірі әрине, «Күтумен кешкен ғұмырдағы» Әтіке-әнші, сазгер, ақын. Қазақ әншілік өнерді жоғары бағалаған. Сал – серілерді еркелетіп, олармен қауышуды асыға күтіп, кездестіруді үлкен мәртебе, қол жетпес арман санаған. Сондықтан, олардың халқымен қауышуының сән-салтанаты, көрсетілетін құрмет, жұртына жасар еркелігіне қарай сал және сері деп жіктеп, екеуінің арасына айтарлықтай қошамет-құрметтің түрлерін де халық өзі ойлап тапқан. Өнер де - маңдайдың терімен келетін киелі құбылыс.

Соны ескермеген ыстық суға тоғытылған тасбақадай өзін өзі жоғалтып алары кәдік. Қапал, Баркөрнеу, Аққайқы өңірінен басқа жерге аты шықпаған өнерлі жігіт Әтіке жолы түсіп албандардың арасына барып қайтады. Барша албан жасы, жасамысы, кәрісі бар жиырма беске толмаған күміс көмей әншіні жатырқамай, бір жеті құмары қанғанша тыңдап, Айсары болыстан бастап аяғынан тік тұрып құрметтеген. Сол сәтті Бексұлтан: «Қонақ еткен ауылдар, қошамет көрсеткен қыз-қырқын, батагөй қарттар мен сауыққой жігіттер есіне солар түссе, бүйрегі бұлк етіп бір қозғалып кеткендей болады: оларды еске алғанның өзі соншалық рахат. Көзін жұмса-ақ бәрі қаз-қалпында көз алдына дөңгеленіп келе қалады... Қазаққа көш жердегі ауылға дейін көрші, олардың бас-аяғы жиналғанша, мал сойылып, одан қазан көтерілгенше әнге де, әңгімеге де уақыт кең-молынан жетеді... «Әнші келіпті», - дегенді естіген жұрт дәп біреу тегін ақша үлестіріп жатқандай ентелейді. Соншалық құрметке бөленіп отырып, ондайда салмаған ән өзі де әдіре қалсын» [2, 5], - деп бейнелейді. Әншіге керегі – қошамет. Күллі ауылдың қоғадай жапырылып, ұлықтан әрман күтіп, әннің әуезін, сөздің шырынын сіміріп, кірпік қақпай, аузын ашып беріле тыңдауы Әтікенің арқасын онан арман қоздырып, әсіресе жас қыздар мен қасы-көзі қиылған албанның кермаралдай керілген сұқсыр келіншектерінің найзадай кірпіктері әлдебір сезімнің кілегейін шайқаса жас әнші ол ыстық сәттерді қалай сөндіре салмақ?.. Қазақ үшін «өмірдің алды – ыстық, арты – суық, алды ойын, арт жағы мұңға жуық, жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, өмір сәуле көрсетер судай тұнық» (Абай).

Сондықтан жұртымыз қарын тойдырып, тәннің талабымен хайуанша күйсегеннен, рухани ағзасын тойдыратын, алпыс екі тамырына ағыс беріп, қатып қалған тамырларына қуат-күш, ыстық толқын ойнатып, түлететін, «құлақтан кіріп бойды алатын, жақсы ән мен тәтті күйді» аңсаған. Тыңдарман «Әнші келді» деген ұзынқұлақ жеткенде, күнделікті

таусылмайтын қу тірлікті доғара тұрып, әншіні көзбен көріп, жүздесіп, тыңдағанша сабыры қалмаған. Өзін аңсап, әнін көктемгі ағысқа қарсы жүзген балықтай толқынға мінип жеткен халыққа Әтіке қалай еміренбесін, «көңілге түрлі ой салар» отты, назды әндерін қалай шырқамасын! Әнмен табысу, әншімен табысу – қазақ үшін Қызыр баба ауылына қонғанмен бірдей, мал сойылып, қазан көтеріліп, қымыз ақ бұлақтай ақтарылмақ, өйткені, «әннен bahpa алудың» сәтінен қазаққа қымбаты жоқ.

Көрнекті жазушы К.Федин: «Чтобы понять характер, надо понять его рость, понять из чего этот рост складывался. В какой семье жил, в каком доме, школе, обществе, государстве формировался герой... это не значит, что мы должны непременно биографически рассказывать о каждом герое все, что сложило его биографию, но это не значит, что мы можем понять его в данную секунду, не зная, как он формировался, чтобы прийти к этой секунде» [4, 28], - демекші, Б.Нұржекеев «Күтумен кешкен ғұмыр» романында баскейіпкер ретінде бейнеленетін Әтікені Суанның Солтанқұл бұтағынан шықты деп мәлімет бергенімен, нағыз өнер адамдары руымен емес, шыққан өңірінің намысын жыртуымен аты шыққан. Өңірі, кейін атағы күллі қазақ даласын шарлағанда елі боп әспеттеп, мақтанған. Әзірге Әтікені туған өлкесінің сөзін ұстаған, ешкім алдын кесе өтпеген, ауыл ардагері Байтарақ қария: «Егер шындап өнер қуам десең, ел арала, жақсылармен жолық, жайсаңдармен жүздес; үйренерсің, ой түйерсің, әйтеуір, есейіп қайтасың» [2, 6],-деп кеңес береді. Өйткені, Әтіке Қапал өңірінен сонау Кеген аймағы, Қарқара жайлауы асып Албандарды ән бұлағымен суарғанда, өнер десе ішкен асын жерге қоятын, ояу, жаны жомарт Айсара болыс Әтікенің өнеріне құлап, Қапал уезінен көшіп кеп, Қарқараға қоныс тебуін өтінеді.

Осы жақтың қызына үйлендіретінін, басына үй көтеріп, алдына мал салатынын айтып, жік-жапар болады. Бірақ, «ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген ата-баба өсиетіне берік әнші жігіт жайсаң, жақсы ағаның ыстық ілтипатына ерігенімен, өтінішіне келісе алмай еліне оралады. Жоғарыдағы Байтарақ қарияның өнерпаз, қанатты інісіне ел арала, жер көр, кеудесі алтын сандық қариялармен, ел қамын жеген жақсылар, халық мүддесін ойлаумен шашын ағартқан жайсаңдармен әңгіме дүкен құр, жаның жаңарады, жүрегің нұрланады, қаның асылданады, сөйтіп, рудың сойылын соғатын, ұрдажық, оспадар, тар ойлап, кем пішетін мысық тілеушіліктен, халқыңның мұратын армандаған биік, тұлғалы азаматқа айналасың, әкенің емес халықтың ұлы боласың деуі тегін емес. Жүйріктің алдына қара салмай қарақшыға жетуін қосқан елі үздіге тілегенімен, даңқы қызғаншақ Күнес әншінің күншілдігін қозыдырып, аңдыған жендет шың басында алаңсыз өзімен-өзі сырласып тұрған біртуар талантты құзға құлатады. Жабы Сальери тұлпар Моцарттың түбіне осылай жетеді. Сондықтан үздік талант, даусыз жүйрік жалғыз жүрмей, қасына өнері өнерімен үйлес, жаны жанымен мұңдас, азаматтығы досының сырын шашпайтын, басына іс түссе, кеудесін оққа төсеуден де қашпайтын сыңарын бірге ерте жүргені жөн. Аузы дуалы, көзі қырағы Байтарақ қария Әтікеге: «Бірақ тыныс та, Жүнісбекті де қасыңа ертіп сапарыңа қайта шық. Айсары дұрыс айтыпты: «Жүйрікті жүйріктермен ғана жарыстырып сынайды. Бекер адам болыс болмайды, балам. Тәтті қылығы, алдайтын тілі бар болғасын болады. Сыйлапты, бағалапты – бәріне рахмет. Өлеңіңе қызығып қия алмаған шығар, қасыма ертіп барып жәрмеңкеде ән шырқатсам деп қиялдаған шығар, оның несі сөкет» [2, 17] – деп бағын ашайын деп тұрған сапарына жалғыз аттанбай, бала күнінен бірге өскен, өңірге аты, өнері мәлім Жүнісбекті ерте кетуге кеңес береді. Тегі, қазақ қарияларының ерекшелігі аулындағы бітімі бөлек жасты бөтенсінбей бауырына тартқан, жұрты үшін жаралған аймаңдай ұлды баулып, жамандықтан жасқап, құдды бір жеміс ағашындай түзеп, өміршеңдікті бойына сіңіруден жалықпайтын дарқандығы дер едік. Бұл да – ұлттық менталитет. Жаугершіліктен, бөтеннің қырыс қылығынан көп таяқ жеген халық ұрпақ тәрбиесінде өзінікі, өзгенікі деуден аулақтау жүргенді жөн санаған. «Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, ең болмаса кеттің ғой мал баға да алмай» (Абай), - деп ұлы ақын налығаны жөн шығар, ал Байтарақ қария еңбекке де, мал бағуға да икемді өнер десе жанып тұрған жасты бөтеннің ызғарлы қабағынан, ішітарлардың

тырнағынан, ағайынның табасынан, құздың тайғанақ жағасынан сақтандырады: «Күні бұрын күпінбей іштей әзірлен.

Әйгілемей, бәйге әндеріңді құпия сақта. Жиын-той-жігітке сынақ. Көпшілік отырып-тұрғаныңа дейін талғайды. Ән арасында әзіл сөз – ол да жұрттың жүрегін табады. Тапқыр қалжың – танымайтындардың өзін бауырға тартады. Батыр, балуан емессің, озбыр сөйлеуден аулақ бол. Сызылған әніңе ондай оспандарлық үйлеспейді» [2, 17] – деп ғұмырына жетерлік ақыл-кеңесін қосады ақылман қария Байтарақ. Егер мұхит топаның тасталқанын шығарса, жер бетін топан су қарап қылары анық. Күллі жұртты аспан астына жинап, ләззатқа бөлеп отырған ән, оның сөзі адамның қан тамырын қуалап, жүйкесін құрт қосқан сорпадай жібітіп, ақиқатқа имандай ұйытпаса, онда өнердің құны көктиын. Өнер ешқашан қайталанбас сазы, сөзі, орындау шеберлігімен, философиялық тереңдігімен, тапқырлығы, жан-дүниеңді жібек орамалмен сипағандай жайлы әзіл-қалжыңымен, шешендік үйірімдерімен баурауы қажет. Ал, бөтен сөзбен бұлғанып, жаныңды өтпес пышақпен қинап, дөкір мінез-әрекеттерімен, қимылымен намысыңа тиіп, заңды ашу-ызаңды тудырса, ондай әншісымақтардан жұрт теріс айналып, көктемді дәметіп, аязды қыстан жаурап оралғандай жиреніште сезімге бөленбек.

Байтарақ қария Әтікенің әні эстетикалық биіктен табылуын «көңілге түрлі ой салар» дәрежеден төмендемеуін өлшеу етеді. Сол «өлшеу еткен» әнді орындау үстіндегі Әтіке әншінің психологиялық жан құбыласын Б.Нұржекеев: «Әтікеннің ең ажарлы кезі ән салғанда сияқты. Ақ сұр реңі алакүрең тартып, жүдеу жүзіне жұқа қызғылт әдемі жарасады. Көз шарасы қарашыққа ғана толып, жанарын жалт аударғанда, жел шайқаған тұнық көл құсап, кемерінен асып төгіле жаздағандай әсер қалдырады. Қас қағымның ішінде көз жанарының аясында қиямет өзгерістер болып өтеді. Ән сазымен септестіріп қойған өзгермелі сурет құсап бет келбеті де әуенге орайлас құбылады. Сақпанның тасындай көкке зырлаған дауыс шырқау биікке барып әсем, дірілдеп, көпке дейін төмендемей тұрып алды»[1,45-46-б],-деп поэтикалық бояуын келістіре жағып, әнші мен әннің гармониялық үйлесімінен тұратын сәтті Нұржекеев дәл ұлы Абайдың: «Көбінесе ән басы келеді ащы, «Кел тыңда!» деп өзгеге болар басшы, керім толғап, тауысар қаңғыр-күңгір, сол жеріне ойыңмен араласшы» деген өлшемін айнытпай жүзеге асырғандай. Қазақ әнді-көңілдің ажарына балап, әнсіз ғұмырдың мәнсіздігін ежелден-ақ ұққан дана халық.

Тек ұйып тыңдауды місе тұтпай, әншінің мерейін өсіріп, төккен теріне лайық бағасын беріп, қоштап, делебесін қозыдырып, шабыттандыра, аруақтандыра түскен. Әтікенің өзі шығарған «Баркөрнеу» әнін тыңдап болып, көзі шоқтай жанып, ойға батқан Байсиқ шал бастасы Байтарақ қарияға қарап басын шайқай: «Ән емес, ақыл ғой айтқаны. Жақсылар дейміз, садаға кетсін бәрі! Бүтін елді бұтарлап қалай бөліп аларларын білмей, өзді-өзі өлісе жаздап жүрген жоқ па, түге. Білген құлға бұл әніңнен артық не айтарсың. Бәрі осы Баркөрнеудің бауырында туса да, әрқайсысы өз алдына жеке Баркөрнеу болғысы кеп жүрген мына бауырларың тағы бір тыңдасын, қайта бір айтшы, айналайын!.. «Мына» дегенде, неге екенін, иегі Жайту жақты меңзеді» [2, 47], – деп әннің сазына да, әсіресе сөзіне риза болып, толқиды. Қуатты да үнді, кең тынысты даусына таңқалады.

Қазақтың менталитетіне қатысты тағы да бір сұңғылалығы - ол қарсыласының күші асса, өнері асса мойындап, қошемет көрсетуге тайсалмайтын кісілігінен де көрінеді. Үмбетей қажы жасаған аста-төк тойда жиналған жұрттың алдында әншілігімен көзге түскен Әтікеннің қайталанбас қабілетіне осы қуанышқа алыстан ат арытып Теріскейден арнайы шақыртумен келген екі әнші Сақан мен Түсіп қатысып, Алла бойларына дарытқан дарынына Жетісулықтарды таң-тамаша етпек еді. Алайда Әтіке жарыста соңына қара ертпей, дарабоздығынан жаңылмады. Атақты әнші Түсіп өзінің «күндесі» Әтікеннің өнерін мойындап, «астыңа мінгізген атым болсыншы» деп қақпақ бетін сүйекпен өрнектеген домбырасын сыйлады. Екінші мықты әнші Сақан да ағасының мәрттігінен үлгі алып, «бәйге берсеңдер, Әтікеге беріңдер!» деп атадан келе жатқан жолдан жаңылмайды. Бірақ Сақан да, Түсіп те одан кішірейіп қалған жоқ, қайта өнерді өнерпаз ғана мойындайтын алыптығына жұртты бір теңселтіп алады. Француз жазушысы Ф.Ларошфуко: «О достоинстве человека

нужно судить не по его великим дарованиям, но по тому употреблению, которое он делает из них» [5, 295], - демекші, Әтікенің сазгерлігі, ақындығын елемеген күнде, тек әншілігімен –ақ топ жарды, ал қалған екі қырын үстемелеп қосса жұлдызы онан да жоғарлап, жарығы маздап жанары ешкімге күмән қалдырмады. Қазақ ұрпағына тастан сарай салып, Қытай қорғанын жүргізіп, өнер-білім бар жұрттардай сусыздан сусын ішкізіп, мың шақырым жерлерден жылдам хабар алғызбағанымен, бай ауыз әдебиетін, мәңгі өлмес, құлалас қазына қалдырып кетті. «Баркөрнеу» әнін бастағаннан-ақ Байсиық шал мұндай кереметті тудырған жігіттің жаралған топырағының басқаларға ұқсамайтынын бірден мойындайды. Ел соңынан ерді деп санайтын Жайту, Байту, Үмбетей қажы, Жұмабек, су жұқпас Сүлеймен, Елшібек Темірәлі, Дастарбек, Нүсіпбек, Темірәлі, Құдайберді, Бекмұқан т.б. «бүтін елді бұтарлап», «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп билікке таласып, басына моншақ көтерген жұртын алатайдай бүлдіріп, қажының тойын ырың-жырыңға айналдырып, соңын бітіспес кекке, таусылмас дауға ұластырып, өшіруі қиын өрт тастап кетті. Қазақты қазақ етпей жүрген қасиетсіз қылықтар да романда бой көрсетеді. Үйгентастың белінде отырған Үмбетей қажы өзінің қуанышын алыс-жақында тұратын ағайын-туған, құда-жекжаттарымен бөлісу үшін үлкен бір той жасауды көңіліне алады.

Ас беру, той өткізу үрдісі сонау сақ заманынан келе жатқан көшпенді бабаларымыздың жомарттығын көрсететін әдемі, елді ынтымақ-бірлікке шақыратын әдеті. Көптің басын қосатын той ырың-жырыңсыз өтуіне мазасызданған Үмбетей қажы өзінің ең жақын, сенімді жігіті Жұмабекке: «...біз-тойдың иесі, түзік жүрсін. Дау-дамайсыз өтер деймісің, біз бірақ бәріне ара ағайын: бәйгіге таласпаймыз, билікке араласпаймыз. Ашу үстінде әлдекімнің тілі тисе, төзіңдер, қол жұмсаса, оған да көніңдер. Кішік боп құрдай жорғалап атқарыңдар. Кеткен еселерің болса, кейін де қайтарып аларсыңдар. «Қажы той жасағанда төбелес болып, бәленше басын жарып еді, түгенше таяқ жеп еді», - дегенді атақ қып аңсамай-ақ қойдым», - деп қонаққа шақырып, қол қусарған елдің ұстанатын ұстанымын қатал ескертеді. Бірақ сырттай көлгірсіп, беттері жылтырағанымен, қойнына тыққан тастары да бар ру жуандары көп жиылған жерде қай бір ұры қалтасын көрсетпей қалсын.

Жайтудың арамза ойы Елқонды шалдың намысын оятады – оның арты белгілі, аралары онсыз да сыздаған жараға толы ағайынның арасы ырсиып ашылап кетеді. Абай айтқандай: «... бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр» [6, 4], - дегенге келіп тіреледі. Жайту – бұл өңірдегі шонжарлардың қолтақпағы. Тек қара күшіне сеніп, біреуге жасаған зорлығынан ләззат алатын Жайтудың, тойында топалаң ұйымдастыратын Үмбетей қажы-туған інісі Байтудың әйелі Әуес сұлудың әкесі, мұның құдасы. Жайтудың ендігі көксегені: «Дәурені жүріп, тасы өрге домалап тұрған салтанқұлдардан есесін қайтару үшін Әтікедей айтулысының, атақтысының жағасына жабыспағанда, кімге жабыспақпын енді». Бұл өлкедегі жуандардың ішінде төңірегіне сөзі жүретін тереңі, нәрі бары Достарбектің пайымдауынша бар пәленің басы, елді ынтымаққа емес, іріткіге бастап отыратын Жайту емес, қысқа күнде қырық жерге қойма қоятын залым, сұмы Жұмабек екенін дәл анықтайды. «Осы даудың арғы төркінін қуап қарасам Жұмабекке барып тірелетін сиқы бар... Жайтудың қолтығына су бүркіп сүпектеп жүрген – осы. Үмбетей де осыған бола қырсығып отыр, әйтпесе қызын қайта әкеп салудан ұялып отыр ғой деймісің. Монтайымсып, жәбір көріп жүрген немедей Жайтудан кеп паналай қапты бүгін. Бір қарын майды шіріткен бір құмалақ құсаған кісілігіңді ұрайын ит! Ана қара дақ мұның мұрнында ғана емес, ішінде де бар» [2, 79-80], – деп оны атарға оғы жоғына күйінеді. Жер дауы, жесір дауы, ердің жарылған басының дауы, билік дауы өршіп, төңіректі бықсыған шала тұншықтырып, сұрапыл өртке айналар шақта да Жұмабек осы өлкенің тізгінін ұстап, байлығын қолына жинаған «ауқаттыларды» уездік қалада тұратын ұйғыр Құрбан саудагердің үйіне жинап, қарнын тойдырып, сыбағасын қолтығына тығып, баталасуға шақырады.

Сонда «баталасудың» мақсаты, тоқетер түйіні мынау: «Мен иісі суанның алдына жүгінбекпін. Өйтпесем, біздің Тұрлымбет болысында Қарабектің сөзі сөз болудан қалды.

Болысымыз – Қайымбөлек – ақша, төбе биіміз Досқали – Солтанқұл. Ханкелдінің екі баласы ханнан кем болып тұрған жоқ. Маған мына сендердің сөздерің керек. Оған көнбеген қазаққа заңды мен өзім-ақ іздеп тауып алам. Ағайынның алдында арылып алғым келеді тек» [2, 72], – деп тамағынан асын өткізіп, нәфақасын түгендеп берген соң Суанның сүбелілеріне міндеттей, шіріне үкім айтады. Бір Суанның балаларын біріне бірін айтақтап сап, атыс-шабыс, жаға жыртысумен есеңгіретіп, өз қолдарымен өзін өзіне буындыртуға Жұмбек қорқау қымсынбайды. Керісінше, өзіне мүйізін шайқайтын Әтікені, Жайтудың өз інілері Сәдірбекті, Әлжанды, Досқали бидің інісі жылқышы Төребекті, ұры Нұрғалиларды тападай тал түсте көзін құртып, Суанның бар билігін қолына алуға айла-шарғысын, ақылын сарқуда. Қазақ қоғамын артқа тартып, елдің қайғысы мен қасіретінен байлық жиып, шен-шекпен киіп, билік жүргізуді өмірлік мақсаты, мұраты санайтындардың қылығы, құлқы қай заманда да ұлтымызды тұралатқан жазылмас дерт. «Қызылшыл семіз, жас қымыз – бір үлкен борыш басында. Жуасты мін де айран іш, жоқ немеге шатылма, ұры, залым құларға, нысанаға шаншылма!», - дейді ұлы Абай.

Басында миы, өзінде ойы жоқ, еңбекке қырсыз, біреу берген бақырға әкесін сатып жіберетін бойкүйез нақұрыстарды тегін ет жегізіп, жас қымыз ішкізіп ұры, қорыға айналдыратын зұлымдардың тұзағынан сақ болуға үндейді қазақтың бас ақыны. Тек жүрсең, тоқ жүресің, қымызы сатулы айлакердің тұзағына шырмалып, шынжырлы төбетке айналғанша, үйіңдегі айраныңды ішіп, «жоқ немеге шатылмай», айылыңды қыса тартып, төрт аяғыңды тең басып, алшаңдап жүргенің несіп емес пе? Шаруасын баққан момын елді қораға түскен көк бөрідей бөрліктірген ел басы, пысық төрелер, билер Қапал, Жәркент өңірін онан әрі қайтерін кім білген? Тек тындырғаны 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы өкпеден оқтай қадалғанда өздері де үйірлі қасқырдай ұйлығып көзіне қан толған, ызалы арыстан орыс империясының жазалаушы, мұздай қаруланған әскеріне көрсетер лажы болмай, барын алып, бақанын сүйретіп, жанын сағалап, ұлап-шулап шекара асып жатты. Отаршыл езгіге патша өкіметінің қаһарлы маусым жарлығына қарсы халықтың басын қосып құрулы зеңбірекке жолбарысша атылған Елқонды қария, Әтіке әнші, Сейітбаттал, кешегі ел жуандары бастарын бәйгеге тіккен жылқышы Төребек, «ұры» Нұрғали, албан Айсары болыстар қилы кезеңнің бар ауыр жүгін арқалап, азаттық, тәуелсіздік жолындағы қасиетті шайқастың бел ортасында жүріп, халық намысы, кегін қолынан бермей арпалысты. Қолға түскені жаудың қаһарына ілікті, қайыспай ерлерше өлді, татар дәмі таусылмағандар тажалдың аранына жұтылғаннан гөрі, Жоңғар асып, әзірше бой тасалмай тұруды қалады. Сол ажалсыз, аржаққа асқанның бірі - Әтіке әнші еді...

Қазақ – батыр халық, ұйымшыл, бауырмал, етек-жеңі кең, даласындай дархан халық. Жерін жат жаудан қорғау үшін «мың өліп, мың тірілген» халықты осындай кіріптарлық күйге түсірген қарапайым, ержүрек, еңбекқор халық емес, көшбастаушысы, ру, тайпа көсемдері кінәлі. Ашкөздігі, алауыз, надандығы, ел басқаруда ақыл-парасаты кем соғып, стратегиялық ой жүйесінің тобанаяқтығы, дипломатиялық, тактикалық алғырлық, біліктің қанына дарымай, іштарлық, бақайесеп, күншілдік кеселі бойларын жайлап, еме-жемге келгенде елін, жерін, Отанын сатып кететін опасыз, сатқындығынан, дүниеқоңыздығынан. Мәселен, ел басына күн туған 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін басталған орыс империясының жазалау шаралы кезінде сол Жұмабек төре, Байту, Теміріәлі, Дастарбек, Нүсіпбек, Құдайберді, Бекмұқан бастаған топ, «ел жақсылары» Қытайға асып кетіп, бастарын сауғаласа, жергілікті жұрт ақтардың да, қызылдың да таяғын аз жеген жоқ. Ал, атақты әнші, батыр жігіттер Әтіке мен Жүнісбек 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде патшаның маусым жарлығына наразы көптің жағында болып, жан аямай күресіп, жазалаушы отрядтың жендеттерімен жазықсыз халық кекшілдерін арашалай жүріп, мұздай қаруланған отаршылдармен айқаста қарап болып, артынан ергендерден айырылып қалмас үшін Қытай асып кетуге мәжбүр болады. Тегі, қазақ рухын бойына жинаған өнерпаз ұлдары жан сақтаудан гөрі өзін оққа байлап, ізгілік, бостандық жолында күресуден қайтпаған қайсар, күрескер жандар санатында тұрған ғой.

Құрманғазы, Махамбет, Біржан, Балуан Шолақ, Қожамберді жырау, Нысанбай, Естай, Абай ақындардың арпалысқа толы тағдыры соны еске салады. «Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор қылып» (Абай) демекші, олар кешегі ұлы жыраулардан қалған жырымен заман сөзін айтып, әділдік жолында ханмен де «тепсінісуден» тайсалмай, халық басына қаралы күн туғанда «тебінгінің астынан ала балта суырысып», қанды көбе киінген, қабағына қан қатқан батырға айналған, отты жыры мен алмас қылышты қатар ұстанған. Қазаққа Ұлы Даланы берген Хақтағалла сол даласын кірпік қақпай қорғайтын батыр әрі жайшылықта елдің сыйқын кетіріп, бас-басына би болған өңкей қиқымдармен қырандай айқасқан от ауызды, орақ тілді ақын, әнші, күйші, сазгер-рухани көсемдерді де аз жаратпаған. Соның бірі «Күтумен өткен ғұмыр» романының бас кейіпкері - Әтіке әнші. Әтікенің бұрын ауылынан аспаған атын Үмбетей қажының Ұлы жүз, Орта жүздің басын қосқан тойы жалпақ қазақ даласының біраз жеріне жайып кетті. «Әтіке ән шығарыпты, өзіміздің Баркөрнеуді әнге қосыпты. Әні мен сөзі бірінен бірі өтеді!» [2, 168], – деп тыңдаған жұрттың аузының суы құрыған.

Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған. Әтікенің сыртқы дене бітіміне, өнері үйлескенде бұл төңіректегі бойжетіп отырған қыз, ажарлы келіншектердің көңіліне құрт түскен. Әтіке «Баркөрнеуді» қырық құбылтып, тоқсан толғап, аспандағы аққуға үнін қоса шырқаған түні, әнді ауыздарын ашып, көзін жұмып, алпыс екі тамырлары иіп, есі кете тыңдап отырған ығайлар мен сығайларға күміс ожаумен күміс кесеге күлімсіреп қымыз құйып отырған сұлу келіншек, Үмбетей қажының оң қолы саналған Жұмабек төренің туған әпкесінің ұлы Байтуға былтыр ұзатқан қызы, Әуес арбалып қалады. Сылқым, қылықты, асқан көрікті жас келіншек Әтікенің де қырағы көзіне шапшаң ілігеді.

Сұлу келіншек пен өнерлі, келісті жігіттің табысуы да алысқа ұзамайды. Тұла бойы майысып, қамшының өрімінше бұратылған Әуес арты әшкереленіп қалатын Әтікемен ыстық табысудан кейін: «Соғып өткен самалдай сен кетесің, сені іздеп, өзімдікінен жиреніп, бірақ соны сездірмеу үшін, артымды жауып абыройымды сақтау үшін көлгірсіп, күліп, аярлықпен, жаным қалмай оған да жалпыштанам-ау ертең. Құдайым-ай, неткен қараң қалғыр өмір еді?! Ешкіммен жарасып жұрт көзінше жүре алмайсың, сәл қуансаң, оның да өзі жырақта емес, мынадай таса мен түнекте» [2, 49],-дейді қазақ қыздарының соры-қалыңмалмен сүймеген адамы Байтуға қосақталғанына күйінген сұлу келіншек. Бақыты ашылмаған сол сорлы Әтікемен кездесемін деп қолға түсіп қалып, күйеуі үйінен қуып шыққаннан кейін бір жеңгесі арқылы Әтікеге: «Бетімнің ажары басыма азап болды. Біреуді сүйіндірсем, біреудің ішін күйдірдім. Қолы жетпегендер өз үлесінен айырылғандай-ақ ашынады. Сондайлар менің сөзге іліккенімді тілейді. Сен әніңмен елден ассаң, мен көркіммен көзге түстім. Әйел деп сен намыс етпесең, жетектеп мейілің жердің түбіне әкет, итің боп еріп кетуге бармын. Ауыр өсекке іліккен басымыз, алып қашып аруағымды бір асырып кет! Қалған ғұмырымда қалтқысыз сыйлаймын. Антым да осы, айтарым да осы!» [2, 68], – деп жалынып та, жалбарынып та, аяғына жығылып та Әтікеге ақыры тәні қосылған соң жанын да қосуға жылап тұрып өтінген. «Аузы күйген үріп ішеді». Әнші жігіт жұмыртқадан жүн қырыққан Жұмабек қылыш пен найзаға ғана сеніп, қанішерлігі жағынан алдына жан салмайтын, біреудің соңына түссе басын алмайынша, не намысын таптамайынша тоқтамайтын терісазу Жайтудың «алда-жалда қажының қызы Әтікемен қашып кететін болса, қашан айттың демеңдер, жердің жеті қабат түбіне кіріп кетсе де тауып алып, ат құйрығына сүйреп өлтірем», - деп кіжінуі оған көп ой салады.

Ұстамды, сөзіне, уәдесіне берік жігіт шындығында да Әуестің сұлулығы, мінезі, қылығы, тәкаппар, қайсарлығын іштей ұнатып, құптағанымен Әтіке Жайтудың қоқан-лоқысынан емес, қазақтың ағайын алауыздығынан безетін, ел бірлігін бәрінен жоғары қоятын салтынан аттай алмады. Жігіттік желігімен біреудің ақ некелі төсегін былғағанын арлы жігіт өзіне кешпейді. Оның үстіне әр нәрсеге терең маңыз беретін абыз Байтарақ қарияның сүйікті інісі Әтікеге сыз қабақпен: «Ұнаса болды үйреніп ала қоятын әйелдерді де ән деп жүрмісің, батшағар. Әдемінің бәрінен ауыз тие берсең, айуан боп кетпеймісің. Әйелге әуестікпен аброй тапқан еркекті өз басым әлі естіген емеспін. Өнерге деген отыңды өйтіп

пышыратқанша, бір шүйкебас тауып алып тыныш жүрсеңші, - деп шиырлы соқпақтан, абыройсыздықтан сақтандырады. Саясаттанушы Н. Сейдін: «Үлкенді сыйлау – біздің этномәдениетіміздің Темірқазығы, одан ажырау ұлттық тұтастыққа, ұлттық ұйымдасуға селкеу түсіреді» [7, 2], - деуі көкейіге қонады. Жақсы көретін, жаны ауыратын, жаратылысы бөлек қылшылдаған өткір жігітті ел ағасы жалынан сипап, кекілін тарап, оппадан сақтандырса есті Әтіке қалай бұра тартып, буыршындай бұйдасын үзбек. Оның бір көргеннен құлап, серттескен сұлуы да бар. Бірақ оның да басы бос емес, Жайтуың інісі Сәдірбекке айттырылып қойған Қайнықешпен қайтсе де қосылуға, үміт еткен арудың қансыраған жүрегін емдеп, көз жасын құрғатуы қажет.

Үмбетей қажының тойында Әуес сұлумен ұсталып қалған, арты үлкен дау-дамайға ұласып, әйелдің күйеуінен қашып кетуі, Әтікенің басы жарылып, өз қылығына күйінген әнші азаматтың шеккен рухани азабын Қайнықеш Жайту мен Байтудың туған қарындасы, жақын жеңгесі Жамалханнан естіп, қатты күйзеледі. «Сорлы асық сағынса да, сарғайса да, жар тайып жақсы сөзден жаңылса да шыдап» кешпеске, көнбеске лажы жоқ. Оның үстіне айттырған адамынан айнып, Әтікенің өнері, кісілігі, азаматтық тұлғасын ұнатып, неге болса да басын тіккен асау бойжеткен Қайнықеш, әлгінде ғана Әтікесімен кездесіп, ол бар болған жайды өзі айтып беріп, арылады. Ұры иттей ұрлығын жасырып, қылмаңдайтын Әтіке ме, турасын айтып, «ірі турап», өзінің тек Қайнықешпен ғана тағдыры бірлігін мойындап, алып қашатын уақытын белгілеп, сертін «күрмеп байлып» кетті... Осы әр минуты жылға татитын ауырда, ләззатты кездесуден оралған жаны бай, сезімі сергек, махаббатқа опалы, кең ойлап, кеңінен пішетін барынша ұстамды, қайсар, қиялшыл ару: «Үйіне сақтықпен кіріп, Қайнықеш жастыққа басын жаңа қойған. Ауылдан ұзап шықпай жатып Әтіке шырқап қоя береді. Сол-ақ екен, тәтті бір толқын қыздың денесін шымыр-шымыр қуалай жөнеледі. Өне бойы еріп балқып, әлдеқандай сығынды шырын тақ жүрегінің басына тырс-тырс тамшылап тұрған сияқтанды. Әлгі шырын тырс-тырс тамған сайын қыз өзін азайып, көрпенің ішінде еріп бара жатқандай сезінді.

Ән бірте-бірте алыстай береді...» [2, 68], – деп қыздың аңсаған махаббатын тапқанда шеккен көңіл күйін жазушы оның рухани жан байлығын сараптау арқылы кестелеп береді. Бірақ «адамның басы – Алланың добы», адамның ойы Алланың бұйрығынан шыққан ба? Қайнықешті алып қашып нағашы жұртына түнделетіп келе жатқан Әтікеден бақытты жігіт жоқ еді. Сүйгені құшағында, күндей қыздырып, қараңғы түнді айдай ажарландырып, жаны теңіздей буырқанған Әтіке қалың орманды кешіп келе жатып қалыңдығын құшып, отқа өртеңгісі бар... Бірақ сүйгеніне опалы Қайнықеш, ары тазалығын некелі төсегінде дәлелдегісі келіп, жігіт құшағында қанша күйіп-жанып, қорғасындай балқығанымен өзін берік ұстап, Әтікені сабырға шақырады. Бірақ Жамалхан жеңгесінің опасыздығынан Жайту қашып бара жатқан Әтіке мен Қайнықештің бағытын, жүрер жолын, қайда баратынын біліп алып, дереу қол жинап, барар жеріне таяу, орман сыртында тосып тұрады. Көпке топырақ шашсын ба, Әтіке таяққа жығылады, қызды Жайту сұм Әтікемен әуейі болып, үйіне кетіп қалған Әуес сұлудың өтеуіне Байту інісінің қолына әкеп беріп, «айырылып қалма» деп қатты тапсырады. Әйелінен айырған Әтікені атарға оғы болмай жүрген, өз тірлігі жоқ Байту, құдай оңдап «тозғанын жаңалап, әпкесін жіберіп, сіңлісін алды». Қайнықештің суарылған тұлпардай, түлеген сұңқардай Әтікесіне сақтап жүрген «қымбаты» нәжісін домалатқан қара қоңыздай Байтуға бұйырды, жер қаптырды. Қасиетті нәрсесі қасиетсізге қор болады. Әтікені таяққа жығып, қалыңдығын тартып әкетіп, Байтуға зорлатқан Жайтудың қысасын кешпеген арлы, аптал азаматтар зорлықшының соңынан қуып, оны өлтіріп кек қайырғанмен, Қайнықешті қорқаудың тырнағынан есі кіресілі – шығасылы қалпында ажыратып алады, тілдерін тістейді. Не қалың малын толық төлеген айттырған жеріне бару бұйырмаған, әрі Әтікенге қарарға беті жоқ Қайнықеш, өлі мен тірінің арасында күн кешіп жүріп, «ары төгілген», «бағасы түскен», бірақ жұрт аузында мақталып жүрген қызға сөз салушылар көбейген тұста ол «кіммен қарайсаң, сонымен ағар» деп Байтуға қосылуды жөн санайды. Алайда, Қайнықеш ұшыраған бақытсыздыққа, оны қорғай алмаған амалсыздығын өзіне кешпеген Әтіке тартқан азап сүйгенінікінен де зілбатпан еді. Кейін табысайын десе

«Байтудың құшқаны көкірегіне қара тікенше қадалады да тұрады, удай тырнақ осып өткендей кейде көкірегі сыздап ашиды. Қимайды, өкінеді, аяйды, бір сәт бәрін де ұмытып баяғысынша аймалағысы келеді.

Бірақ қанша әуреленсе де өз көңіліне билігі жетпейді, жиіркеніш тәрізді жұқалтым бірдеңе кілкіген құсықтай жүрегін ылғи қобалжытады да тұрады» [2, 125], – деп Әтікенің Қайнықешті қанша жақсы көрсе де, жақындата беріп, кері шегіндіріп жіберетін, кешірмейтін себебін алдыңызға тосады. Басқа ұлт өкілдері қыз арының тазалығына онша мән бермеуі де мүмкін, ал бір-бірін риясыз сүйген, бірін-бірі жете танып, екі жарты бір бүтін боп кеткен қыз бен жігіт жан тазалығына, көңіл тазалығына, ұждан тазалығына, ниет тазалығына, құлық тазалығына, ең бастысы, сезім тазалығына қатты мән береді. Сезім таза болса, өзінің бойындағы барын мөп-мөлдір қалпында сүйгеніне ғана сыйлайды. Демек, өлуге барғанмен, тазалығын жоғалтып, сүйгеніне көлгірсуге, алдауға бармаған.

Қайнықеш те солай істейді. Жанына, арына, өміріне балаған Әтікеге тазалығынан айырылып қалған соң, «сүйемін», «мен сендікпін» деп айтуға ұят-ары, шын мәніндегі мөлдір махаббаты жібермейді. Сондықтан, Қайнықешін «жоғалтып» алған Әтікені соның ызасы, кегі жетелеп 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына әкелді, өлмеді, енді көзге күйік Қайнықешін көрмеу үшін көз көріп, құлақ естімес Қытай ауып кетті. Хабар-ошарсыз жоғалды.

Қайнықеш «пәктігінен айырылған соң, құнсыз екен ғой қыз сорлы» екенін сезініп, сол күйге түсірген Жайтуды да, оның қатыгез, зорлықшыл інісі Байтуды да іштей қанша қарғап-сілегенімен, зорлықшылдан 3 ұл, 1 қызды дүниеге әкеледі. Текті махаббат тілегімен тілін сорғызып, жүрегін иітіп, сүйек-сүйегін балқыта отты құшағына көмген, беріле сүйіскен он сегіз жасындағы асықтық отының жалыны, он сегізінде құлағымен естіп, алпыс екі тамырына құйылып, мәңгі жанын сыздатып келе жатқан сыйқырлы әні жадынан өшер емес. Қытаймен арадағы шекара ашылып, үркіншілік күндері арғы жаққа ауып кеткендер оралып жатыр... «Ел өтіп жатыр» деген хабарды құлағы шалғалы жетпісті алқымдап қалған Қайнықеш мұнан 15 жыл бұрын ар жаққа ауып кеткен күйеуі Байтуды емес, «ішсем де бейнет сусынын, асау жүрек алқынар» (Абай) дегендей, тілінен бал сорғызып, «жалын шоқ боп майдай еріткен» тұңғыш та, соңғы махаббаты Әтікені аңсап, іздейді. Өткен күннің тәтті елесімен сыздаған кәрі жүрегі ар жақтан өтіп жатқандардың арасында Әтікенің бар-жоғын сұрастырып, жақсы хабардан күдері үзіле бастаған соң, енді о жақта Әтікенің әндерін үйреніп, бұ жаққа алып келгендер ұшыраспай ма екен, енді кәрі құлағын соған тіге бастайды. Ұзынқұлақтан Әтікенің әнін ар жақтан оралған Әнес деген әнші айтады екен сықпытты хабар жетісімен, Қайнықештен маза кетіп, әншіні іздеп, кездестіре алмай, сарсаңға түседі. «Не Әтіке жоқ, не Әтікенің әнін айтатын адам жоқ, үміт қуып бұл күнді күткеніме қырық жылға аяқ басты» [2, 184], – деп көзінің тірісінде Әтікесін бір көре алмай, әнін соңғы рет тыңдаудың маңдайына жазылмағанына күйзеледі. «Теңізден таудай толқын соқса дағы, жағадағы жартасты жыға алмады» (Абай). Иә, әйел жігітті беріліп сүймесін деңіз, сүйсе айдын-шалқар көліңіз де, асу бермес асқар тауыңыз да әйел махабатына бөгет емес, бөгет неғұрлым қиындаған сайын оның сезімі өршіп, мәңгі сөнбейтін алауға айналады, «жартасың» қақ жарылып жол береді. Шалқар айдын, асу бермес асқар тауларың қырық жыл түнде түсінде, күндіз ойынан кетпей аласұра іздеудің қасында не тәйірі. Бірақ шыдамның да шегі бар, Әнес әншінің әкесі Ақыштан Әтікенің қайтыс болғанын естігенде Қайнықеш: «Мұнша жыл жүріп, мұнша жыл үміттеніп, содан өзіне әл-қуат алып жүрген қария жүрек біресе жиілеп соғып, біресе тоқтап қала жаздап, жүрісінен жаңылған жорғадай, шоқырақтап кетті...» [2, 188], – деп «сүйгенінің күнәсін» Әтіке енді көтере алмай, шет ел асып кетіп, араға жылдар салса да қайтып оралуға дауаламай, ақыры махаббат азабымен қиналған кәрі денеге топырақ туған даласынан да бұйырмады. Жат жерде Әтікенің асау жүрегі мәңгілік тыным табуын бұл жақта ғұмыры күтумен өткен Қайнықештің қасіретті хабарды көтере алмай, бақиға суыт аттанып кетуін де түсінген жөн... Қазақ әйелі – итжанды. «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу». Сүйген адамын өмір бойы күтіп, соның жолына өзін құрбан етуден,

шаңырағын құлатпай, нәпсісін тиып, о дүниеде онымен арына дақ түсірмей қауышуға пейілді.

Сонымен, Б.Нұржекеев «Күтумен кешкен ғұмыр» романында басқа халықта ұшыраса бермейтін өнерге деген ыстық ықылас, қызығушылықты, ішкен асын жерге қоятын құштарлықты Әтіке әншіге деген құрметтерінен көрсетуге тырысқан. Әнші, батырды жаугершілік заманда халық төбесіне көтерген, өйткені ақын-жазушы - өз заманының рупоры, идеологі, жорыққа бастаушы қолбасшысы. Өнерді сүю керек, оны сүйгеннің басқалардың көңіліне тартқан алтын көпірі бар; өнерді сүймейтіндердің қойнына тыққан қол шоқпары бар. Ұлтымыз ұлттық тәрбиенің нәрін бойға сіңірген ақын, жазушыларға, жыршы, әншілерге төрін тосатыны романда тартымды бейнеленген. Жас келіншектер өзі сұлу, өзі талантты жігіттерді ұнатып қалғанына бола, бірін-бірі аңдыған әумесер топтың әлегі ауылдағы ұлан-асыр тойдың соңын кек алу майданына айналдырған сормаңдайлықты сынайды. Сол арқылы халқымызды неше ғасырлар бойы надандық шырмауы астында ұстаған ағайын арасындағы келіспеушілікті рулық алауыздыққа ұластырған ақсүйектердің жиіркеніште қылығын жеріне жеткізе әшкерелейді жазушы.

Өнер тек той-томалақтың ажарын кіргізетін, жұртты кіріктіретін құдіретті күш деу аз, ел басына күн туғанда жыраулардың отты, өршіл жырлары күллі халықты аяғынан тік тұрғызып, бақайшағына шейін көк темірге малынған қатігез жауды сілікпесін шығара туған жерден қуып шықпасаң, мойныңа құлдықтың темір қамытын кигізіп, есігіндегі итіне айналдыратынын қаныңды қайната жырлайды. Қазақ отты маздатып намысты, қоздыратын шоқтай уытты жырларын жорық үстінде нөсерлете төгіп, тыңдаушысын алынбас, жеңілмес берік қамалға айнаналдырып, өліспей беріспейтін шайқасқа тоғытып жібереді. Сондай-ақ романда Б.Нұржекеев халық басына төнген аласапыран, жер бетінен жойылып кету қаупі төнген тұста «арыстандай айбаттанып, жолбарыстай қайраттанып» орыс империясының зеңбірегіне жалаң қылыш, сойылмен ұмтылған шынайы халық кекшілдері, батырларының ата-бабадан келе жатқан ел қорғау салтын, ел мақтаған жігітті қыз жақтаған қасиеттерін, қазақ табиғатына тән сабырлық, ұстамдық, сезім тазалығы, мінезділік, қазақ қыздарының ар тазалығы жолындағы арпалысы, мәрттігі, сүйген жігітіне деген асықтық сезімін мәңгі жүрегінде сақтайтын тектілігі, инабаттылығынан айнымай, ғашық жүректің талабынан таймайтын беттілігін қаламгер тебірене бейнелеген.

Әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. 143-б.

2 Нұржекеев Б. Таңдамалы. 1, 2 том. – Алматы: Жазушы, 1993. – 395б.

3 М.Неведомский Зачинатели и продолжателеи. Пг., 1919, С.73.

4 Владимирқызы С. Қазақтың кейбір салтын күйеуімнен жақсы білемін // Айқын № 5, 2010.

5 Ф.Ларошфуко Мысли, изречения и поучения. – М., 1901. XL, стр. 295.

6 Құнанбаев А. II-сөз. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. ҚМКӘБ. – Алматы, 1961.

7 Сейдін Н. Жоғарғы технологиялар дәуірі // Қазақ әдебиеті № 2, 2010.

Найти в героях рассказов, повестей, романов Б. Нуржекеева проявление национального менталитета, раскрытых писателями на основе теоретических, историко-философских, этнопедагогических взглядов. Целью своего исследования мы ставим анализ того, как они в своем наследии раскрыли национальный менталитет. Для достижения этих целей мы формулируем следующие задачи: найти генезис проявления национального менталитета в национальных обычаях и нравах, традициях и обрядах, показанных в произведениях писателей, рассматриваемых в данной работе, придать особое значение их усвоению; определить художественно-значимую роль института родства в формировании солидарности и единства семьи в рассказах, повестях, романах Б. Нуржекеева.

To find in heroes of stories, novels of B. Nurzhekeev display of the national mentality, opened by writers on the basis of theoretical, historico-philosophical, ethnopedagogical sights. The purpose of the research we put the analysis of, how they in the heritage have opened national mentality. For achievement of these purposes we formulate following problems: to find genesis of display of national mentality in national customs, traditions and the ceremonies, shown in the novels of writers, considered in the given work, to attach special significance to their mastering; to define an art-significant role of institute of relationship in formation of solidarity and unity of a family in the stories of B. Nurzhekeev.

ӘОЖ: 82-2

Б. Шалабай
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
bshalabai@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ

Көркем мәтінді талдаудың әдістемесі оның алдына қойған мақсатына байланысты болады. Талдауда жазушының көркем ойының қозғалысы, шығарманың бейнелі құрылымы, автордың көркемдік әлемі ашылуы ләзім. Ол үшін мазмұны мен форма тығыз бірлікте қаралады.

Көркем мәтін идеясын ашуға онда қолданылған тірек сөздердің мағыналық қабаттасуларын, ассоциативті образдар жүйесін анықтау көмектеседі: Абай Құнанбаевтың өлеңі осы тұрғыдан талданады.

Кілт сөздер: көркем мәтін, стилистикалық талдау, мазмұн, форма, көріктеуіш тәсілдер.

Көркем емес мәтіндерге қарағанда, көркем мәтіндерді стилистикалық талдау, әрине, күрделі.

Шындықтағы байланыстар мен қатынастардың табиғи болмысын бейнелейтін логикалық құрылымдар көркем мәтінде эмоционалды көркем құрылымдардың кірігуімен күрделі өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан көркем туындыда форманың мәні артады. Көркем шығарманың идеялық мазмұнын өзгертпей, оның бір сөзін, бір тұлғасын да өзгертуге болмайтыны осыған байланысты.

Көркем мәтінді, көркем шығарманы тұтас түрде стилистикалық талдаудың әдістемесі мен әдіснамасы қандай болуы керек? Бұл сұраққа өткен ғасырдың бас кездерінде орыс ғалымдары Л.С. Выготский, В.В. Виноградов , т.б. жауап іздеді.

Көркем мәтін құрылымы автордың шеберлік көрігінен шыңдалып шығады. Сондықтан оның мазмұны да даралық сапа-қасиеттерге ие болады.

Көркем мәтінді талдаудың басты мақсатына жазушының көркем ойының қозғалысын, шығарманың бейнелі құрылымын, автордың көркемдік әлемін, күрделі ассоциативті образдар қатарын т.б. ашу, яғни шығарманың терең ендіктегі мән-мазмұндық қабаттарын анықтау жатады.

Нағыз көркем туындының мазмұны мен формасы бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста, оларды ажыратуға болмайды. Ондай шығарманың мазмұны да формасы арқылы анықталады, көркем мазмұн өзінің формасынан тыс өмір сүре алмайды. Демек, көркем шығарманың мазмұнын формасы арқылы ғана ашуға болады. Көркем туындыны талдауда осы ескерілуі тиіс.

Көркем мәтінді талдаудың ұсынылып отырған әдістемесінде көркем пішін арқылы талдау алдыңғы орынға шығады. Бұл тұрғыдан зерттеушінің көңіл бөлетіні мына мәселелер болмақ: шығарманың көркемдік жүйесінің құрылымы, мәтіндегі тірек сөздердің мағыналық қабаттасулары, олардың өзара әсерлесуі және сол арқылы туындайтын ассоциативті бейнелер, өлең шығарманың ырғақтық, дыбыстық ұйымдасу жағы, т.б. Міне, шығарманың пішіндік жағын осындай көпқабатты, әр бағыттағы талдаулар оның мазмұнының тереңде жасырын жатқан қыртыстарын ашуға көмектеседі, шығарманы барлық күрделі болмысымен толық түсінуге алып келеді.

Кезінде Л.С.Выготский көркем туындының мәні неде екенін анықтау мақсатында түрлі эксперименттік талдаулар жасап, қорытындысында мынадай шешімге келген: «Көркемдіктің эстетикалық реакция беру мүмкіндігі оны эмоционалдық тұрғыдан қабылдауда және одан алған әсерленуде жатыр»[1, 156].

Эмоционалды қабылдау әр кезде екі бөлек әртүрлі, кейде тіпті қарама-қарсы бағыттағы эмоциялардың түйісуінен туындайды.

Ол И. Крыловтың мысалдарын эмоционалды қабылдаудағы қарама-қарсы екі бағыттылықты мысалға ала келе (қарға мен түлкі, т.б.) мынадай қорытынды жасайды: «Мы видим планомерно развернутую систему элементов, из которых один все время вызывает в нас чувство, совершенно противоположное тому, которое вызывает другой... Истинный смысл басни... заключается в противоборстве и сопоставлении двух противоположных планов, в которых развивается басня, причем развитие и нарастание каждого из этих планов одновременно усиливает эффект другого... Аффективное противоречие, вызываемое этими двумя планами басни, есть истинная психологическая основа нашей эстетической реакции» [1, 184].

Осы талдау-тұжырымның негізінде Л.Выготский эстетикалық ләззат беретін эмоционалдылық үдерісін *эстетикалық қабылдаудың негізгі психологиялық заңы* ретінде анықтайды.

Егер осы заңды басшылыққа алатын болсақ, кез келген көркем шығарманы талдауды осындай қарама-қарсылықты эмоция тудыратын «полюстерді» іздеуден бастау керек. Ол контрасты бейнелер, не эмоционалдық жағынан қарама-қарсы мотивтер, не уақыт пен мекен кеңістігіндегі базбір жағдайлар, оқиғалар, көзқарастар қақтығысы болуы мүмкін.

Мәтіндегі тірек сөздердің тура мағынасы арқылы берілетін үстіңгі (бірінші, қарапайым) мазмұндық қабаты болады. Оны анықтау – талдаудың бірінші деңгейін құрайды. Бірақ бұл - жазушының (ақынның) көркем ойының дамуына түрткі болатын негіз ғана. Ал талдаудың міндеті жазушының көркем ойының ары қарайғы қозғалысын бақылау – шығарманың терең қабатында жатқан мәнді жайларды анықтау болып табылады. Бұл жерде бізге психикамыздың тағы бір маңызды ерекшелігі – ассоциативті ойлау қабілетіміз көмекке келеді. Әдетте, ассоциацияның тууы зат, құбылыс, бейнелердің ұқсастықтарына, қарама-қарсылықтарына немесе қандай да бір белгілерінің жақындықтарына қарай болатыны белгілі. Одан өзге солар тудыратын эмоцияның ортақтықтарына қарай да бола береді. Ондай ассоциация көркем мәтінді қабылдау кезінде туады. Оны Л.Выготский «қиялдың эмоционалды шындығы заңы» деп атайды. Қиялдың көмегімен автор сомдаған бейнелер өмірдің өзіндегідей болмаса да, бірақ сол арқылы туындаған эмоция шындықтың нағыз өзі болып табылады. Көркем бейне неғұрлым күшті жасалған болса, оның біздің ой-қиялымызға эмоционалды әсері соғұрлым жоғары болады және біздің өз өміріміздің әр түрлі саласынан тудыратын ассоциялары да көп болады.

Міне, осы ассоциативті бейнелер қатарын түзіп шығу – көркем мәтінді талдаудың келесі кезеңі. Мұнда мәтіндегі тірек сөздердің айналасындағы лексикалық қатарларға, олардың мағыналарына көңіл бөлінеді. Солар арқылы көркем мазмұнның терең қабаттарын, жазушының (ақынның) көркемдік әлемінің небір құпияларын анықтауға болады. Бірақ бұл да көркем мәтінді талдаудың бітіп болған жері емес.

Келесі сұрақ: сол бейнелерді, көрініп тұрған, көрінбей тұрған бейнелерді сомдау арқылы, оларды бір-бірімен салыстыру, қарама-қарсы қою арқылы жазушы (ақын) бізге не айтқысы келді?

Ол үшін шығарманы талдап отырып, біз автор жүріп өткен жолды ойымызда қалпына келтіреміз: оның ассоциялар тізбегін жасап, ең қажетті сөзді тауып, белгілі бір образды жасаған кезде нені сезінгенін, нені ойлағанын, басынан не кешкенін табуымыз, ең болмаса соған жақындауымыз керек.

Осы жерде ескеретін бір жай: әртүрлі эмоциялар (қызғаныш, қуаныш, қайғы-мұң, ләззат т.б.) түрліше түйсіктерден туындайды. Соған сәйкес, өзара қатынастағы заттар мен құбылыстардың арасындағы ассоциативтік байланыстардың шексіз мөлшері нақты бір адамға, оның жеке эмоциясына байланысты болады.

Әр адам – қайталанбас тұлға, әркім тек өзіне тән ассоциативті образ тудырады, сондықтан көркем шығарманы абсолютті бірдей түсіну мүмкін емес. Әр адам көркем шығарманы оқығанда оған өзінің жеке өміріне, эмоционалды тәжірибесіне сәйкес өзінше бір түсінік қосады, өзінше бір түйін түйеді. Бұл, әсіресе, бізден алыс кезеңдегі оқиғаларды бейнелейтін көркем туындыларға тән болып келеді. Алыс кезең адамдарының ойлау түсінігі, ол кезеңнің тарихи шындығы бізге таныс емес. Дегенмен, біздің міндетіміз неғұрлым автор ойлаған түсінікке, ой-түйініне, жалпы алғанда, оның көркем ойының даму-қозғалысына жақындау.

Оны ашуға көркем туындының кейбір көзге ұрып тұрмайтын көмекші детальдары, еленбей тұрған элементтері көмектеседі (дыбыстық не синтаксистік т.б. ерекшеліктер). Оны табудың жолын мәтіннің өзі көрсетеді: қандай да бір көркем детальдың маңыздылығына нұсқап тұрады. Сол арқылы көркем туындының бүтіндей бір ой-түйіні, басты идеясы ашылады.

Сонымен, көркем туындыны талдағанда оны кең тұрғыдан алып қарау оның мазмұнын түсіндіруді тереңдетеді, оны танып-білудің мүмкіндігін арттырады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, талдау сатыларының негізгі кезеңдерін, яғни талдау алгоритмін былайша құруға болады:

1.Мағыналық талдау (тілдік құралдардың мағыналық жағын анықтау).

– Эмоционалдығы жағынан қарама-қарсы болатын негізгі басты бейнелерді анықтау. Олардың бір-біріне әсері, «күресі» арқылы шығарманың динамикасы, эмоционалдық «толымдылығы» жасалады. Олар кейде мәтінде тікелей аталса, кейде мәтін астарында жасырын тұрады.

– Осы негізгі бейнелермен сәйкесетін лексикалық тізбектерді анықтау.

– Сол арқылы негізгі бейнелердің мағыналарын тереңдететін не дәлдейтін қосымша бейнелерді анықтау.

– Мәтін мазмұнының тереңіне бастайтын мағыналық реңктерін, олардың түрлі деңгейлерін қамтитын барлық ассоциялар қатарын түзу.

2.Көріктеуіш құралдарды талдау.

– Басты бейнелерді жасап, олардың мағыналарын кеңейтетін бейнелеуіш құралдарды анықтау: теңеу, эпитет, метафора, ұлғайту, кейіптеу, шендестіру, қайталау, синтаксистік құрылымның ерекшеліктері т.б.

– Өлең мәтінінің бейнелілігін жасайтын, өлең техникасына қатысты көріктеуіш тәсілдер; дыбыстық, айтылымдық ерекшеліктер; олардың өлең мағынасына, көркем бейнені жасауға қатысын анықтау.

3.Көркем мәтінді контекстер аясында талдау.

– Автордың жалпы шығармашылығының контексі аясында талдау. Белгілі бір көркем мәтінді талдағанда ондағы бейнелерді, көркем ойларды автордың басқа шығармаларындағы сондай бейнелермен, көркем ойлармен салыстырып, олардағы ұқсастық, өзгешіліктерді анықтау, егер өзгешеліктері болса олардың себептерін түсіндіру, сол арқылы мәтінталдауды одан әрі тереңдету.

– Көркем мәтінді ұлттық әдеби үдеріс аясында қарастырып талдау. Автордың шығармасын онымен бір мезгілде не басқа уақытта өмір сүрген қаламгерлердің шығармаларымен салыстырып талдау арқылы әр автордың көркемдік әлемінің ерекшеліктерін терең әрі айқын анықтаймыз, жалпы көркем бейнелердің, көркемдік ойлардың даму тенденцияларын байқаймыз.

– Одан әрі әлемдік әдеби үдеріс контексі аясында қарастырып талдау. Ол үшін қандай да бір мазмұндық не көркемдік өлшемдері жағынан салыстыруға келетін авторларды алуға болады. Мұндай салыстыру автордың қандай да бір көркемдік шешім жасаудағы жекелік қана емес, ұлттық ерекшелігін де көрсетеді әрі әлемдік мәдениеттер диалогындағы орнын анықтайды.

Көркем мәтінді талдаудың бұл көрсетілген түрлері, әрине, барлық көркем мәтіндерді талдауда бірдей қолданылады, бәрі осылай болу керек дегенді білдірмейді. Бұл тек талдаудың басты ұстанымы қандай екенін анықтайды: талдау пішіннен мазмұнға, сөзден, оның тура мағынасынан көп мағыналылығына, бейнеге қарай жүру керек екенін көрсетеді. Бұл ұстанымды мәтіннің өзі, оның көркем құрылымы нақтылайды: бір жағдайда талдауға мәтіннің тақырыбы түрткі болса, екінші жағдайда өлеңнің ырғағы жағынан ұйымдасуы, оның интонациялық өрбуі талдаудың өзегі болуы мүмкін, яғни көркем мәтіннің кез келген элементі автордың көркем ойын (мақсатын) ашудың кілті бола алады. Жалпы ұстаным – пішіннен мазмұнға қарай талдауды сақтай отырып, талдаудың әдіс, тәсілдерін түрлендіруге болады.

Сөз соңында Абай Құнанбаевтың бір-екі өлеңінің талдау үлгісі берілді.

Абай Құнанбаевтың «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа» өлеңінде [2] адамның адамдық болмысына оның хайуандық болмысы қарама-қарсы қойылады.

Өлеңдегі осы идеяны беретін негізгі тірек сөздер: *мал, шошқа, ит* және оған қарама-қарсы қойылатын *қайрат, ақыл, жүрек* сөздері.

Өлеңде малға айналған адам болмысы терең ашылады. Ол үшін ақын *алдау, қалтақ қағу, көзге шұқу, ар сату* етістіктері мен *шошқа, ит, сорпа-су, сүйек* есім сөздерінің семантикасы мен дыбыстық ерекшеліктерін шебер пайдаланады. Оған қарама-қарсы адамның адамдық болмысын айғақтайтын тіркестерге: *қайрат, ақыл, жүрек* сөздерінің алдындағы метафоралы эпитеттер: *ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* сөздері мен *еңбек сату* тіркесінің семантикасы жатады.

Ал «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде [2, 51] адамның өткен өміріне көз жүгіртіп баға беруі бейнеленеді. Ол баға – негізінен, өкініш. Алғашқы шумақта және екінші шумақтың алғашқы екі жолында табиғаттың бейуақ (кешкі) мезгілі беріледі. Ол мезгіл бекер алынбаған: адамның өткен өміріне сын көзбен қарап баға беретін мезгілі – өмірінің соңғы шағы осы күннің бататын кезімен астас келіп отыр.

Өлеңдегі қарама-қарсы эмоция тудыратын жай: жақсылық үшін жаратылған адам болмысына қарсы жасалатын жауыздық әрекеттер. Өлеңдегі басты образ – жауыздықтың барлық уытынан зардап шеккен жалғыздық, өмірдің барлық белесінен өтіп, енді артына қарап түңілген ақын болмысы. Сондықтан ол жалғыз өзі бейуақпен сырласады.

Өлеңнің қарапайым мазмұнын беруге қатысып тұрған негізгі (тірек) сөздер: көлеңке басының ұзаруы, күннің қызарып батуы, бейуақ және өткен өмір, қу соқпақ, өкіну, тыныш өлу.

Бұл қарапайым мазмұн – шығарманың алғашқы үстіңгі қабаты болса, оның тереңде жатқан қабатын күрделі ассоциативті ойларды туғызатын бейнелі сөздер құрайды: *күңгірт көңіл, сұрғылт тартқан бейуақ, өткен өмір – қу соқпақ, сорлы жүрекке у себу*. *Күңгірт, сұрғылт тартқан* эпитеттерінің ауыспалы мағыналары адам бойындағы жабырқаулыққа, көңілсіздікке меңзесе, соңғы метафоралар да осы көңіл-күйді одан әрі күшейтеді, олардың қолданысындағы сонылық ерекше эмоционалдылық туғызады.

Соны сөз қолданысының ерекше шарықтау шыңына ой сөзінің күрделі эпитеті болып келген *адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан* тіркесі жатады. Көз алдыңызға адасқан күшіктің көшіп кеткен жұртқа қайтып оралып келіп ұлуын елестетіңізші!

Құлазыған көңілдің образын бұдан артық беру сірә да мүмкін емес шығар. Ақын көңілі қалай құлазымас?!

Қоғам өміріндегі ең келеңсіз жайт: адамдардың бір-бірін алдауы, арбауы, жақсылыққа кедергі жасауы – ол қоғамның өсуіне де кедергі ғой. Келеңсіз қоғамда жақсылық жасаймын деп алға ұмтылсаң да, ол алдыңнан жамандық болып шығып отырады, бұны ақын *«ермен шықты, ит қылып, бидай шашқан егінге»* жолдары арқылы меңзейді.

Адам бойындағы осы түңілу жайдан-жай емес, айналасынан опа таппаған көңіл аласұрады, жарық дүние сәулесін іздейді, бірақ өкінгенмен шара жоқ, жол жоқ, оны іздеп әуреленбе, енді өзгелерге кеселіңді тигізбей тыныш қана өміріңнің ақырын күт.

Өлеңнің бұл идеясы, әрине, басқаларға, кейінгілерге үлгі болса жарар еді.

Список литературы

1 Выготский Л.С.Психология искусства. – Москва, 1968. – С.156

2 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы,. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336 б.

Методика анализа художественного текста теснейшем образом связана с целью его проведения. Если ставится цель раскрытия художественной структуры произведения, то анализируется языковое мастерство писателя, так как художественная форма и содержание произведения не отделимы друг от друга. Через языковые средства, путем расскрытия глубинных смыслов раскроется идейное содержания произведения. В таком плане анализируются несколько стихотворений Абая Кунанбаева.

Methods of the analysis of a literary text is closely connected with the aim of product analysis. If the goal is art disclosing structure of the work, the author analyzes the language skills, for the art form and the content of the work is not inseparable apart. Through linguistic means by disclosure depth meanings revealed the ideological content of the work. The article analyzes the some poems of Abai Kunanbaev.

УДК 82-31

Ш.А. Шортанбаев
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
shokhan69@mail.ru

ҰЛТ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Мақалада ұлттық көсемсөздің қалыптасып, дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов т.б. қаламгерлердің қатарында Ғабит Мүсірепов те бар екені айтылып, ұлт көсемсөзінің дамуына қосқан үлесі айшықталады. Мүсірепов көсемсөздерінің қыр-сыры, табиғаты, көркемдік әлемі З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Ә. Нарымбетов, Х. Әдібаев, А. Сүлейменов, С. Жұмабеков, Р. Нұртазина және т.б. белгілі әдебиеттанушы ғалымдардың, сыншылардың еңбектерінде ғылыми тұрғыда жүйеленіп, жан-жақты қарастырылғаны да қамтылған.

Мақала авторы Ғ. Мүсірепов көсемсөздерінің тақырыбы ауқымды, сан қырлы екеніне тоқталған. Ұлы даламыздың ірі тұлғалары, заман тынысы, ақын, батыр тұлғасы, өнер мұраты, келешек келбеті, ұлт, тіл, мәдениет тағдыры тіпті қазақ футболындағы ұлттық

кадрдың жай-күйі т.т. толып жатқан мәселелер көзі қырағы, көңілі сергек Ғабит қаламынан, назарынан тыс қалмағанын атап өтеді.

Түйін сөздер: Көсемсөз, көркем әдебиет, әдебиеттану, тіл, шығармашылық, мақала, жанр.

Қоғамдағы толғақты мәселелерге дер кезінде үн қосып отыру, санаға серпіліс тудыру, өткір мәәселелерге ел назарын аудару т.б. жайттар ең алғаш мерзімді басылым беттерінде орын алғаны белгілі. Алаш арыстарының мүлгіп жатқан ой-санаға серпіліс беріп қана қоймай, халықтың қоғам алдындағы сан міндетін ұқтырып, өміргедеген сенімін, қызығушылығын оятып, жаңа тұрпатты қоғамдыық көзқарастың туып-қалыптасуына, қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін тосын, тың жанрлардың өркендеуіне де қосқан үлестері өлшеусіз. Ояну дәуірін бастан кешіп жатқан халыққа мерзімді басылымның қажет екенін ескеріп, бұл мәселені оңтайлы шешу жолында көп күш-қайрат жұмсаған алаш белсенділерінің іс-әрекеті де өз нәтижесін берді. Әсіресе, «Айқап» пен «Қазақтың» ұлттың қоғамдық ой-санасының қалыптасуына, рухани, мәдени һәм әдеби жағынан жетіліп-өсуіне көп жол ашқаны ақиқат. Сөз өнері үлгілерінің, әдеби таным-талғамның, кәсіби сынның, қоғамдық ой-танымның кең жолға қойылуына, жедел өріс алуына мол септігі тиіп, бұл өз кезегінде кейінгі басылымдарға сара жол ұсынып, соны соқпақ болды. Осынау үрдісті «Садақ», «Абай», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Сана», «Таң», «Шолпан» т.б. мерзімді басылым авторлары іліп әкетіп, алашқа қатысты ақ-адал ойларын, халқына арнаған ақжарма пікірлерін көркем дүниелеріне, келелі көсемсөздеріне, ойлы очерктеріне арқау еткені тарихтан мәлім. Аталған басылымдардың ұлт көсемсөзін дамытуға қосқан үлестері өз алдына бір төбе. Ұлттық көсемсөздің қалыптасып, дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Сералин, Халел Досмұхамедов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов т.б. қаламгерлердің қатарында Ғабит Мүсірепов те бар.

Алыптар тобының өкілі, көрнекті қаламгер, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің алаш әдебиетіндегі әңгіме, очерк, көсемсөз, повесть, роман, драма жанрларының қалыптасып, дамуына қосқан өзіндік үлесі мол. Сондай-ақ, әдеби сын мен әдебиеттану, аударма саласындағы еңбектерінің өзі жоғары бағаланып, көпшіліктің ықыласына бөленгені шындық. Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің есімі мен шығармашылығы күллі әлемге танылып, адамзаттың игілігіне айналғаны қашан. «Қай заманда, қай қоғамның, қай ұлттың тарихында болмасын, өзін елі мен жерінің шын перзенті санаған, айбарына, айдарына балаған суреткердің арқалар жүгінің жеңіл болған тұсы жоқ. Әсіресе, емген малына, емген жеріне қоса сөз еміп өскен қазақ үшін сөз қайраткері атқарар шаруа қыруар. Сондықтан да, жазушы қол қатқан тақырыпқа, сол тақырып аясынан бауырынан жарған өзекжарды ойларға қоғам мен қауым ділгір болуға керек десек, Ғ.Мүсіреповтің әр кезде жазылған шығармалары осының куәсі» [1, 151]. Белгілі жазушы, сыншы Асқар Сүлейменовтің қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, сарабдал суреткер, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығына қатысты бұл пікірін Ғабеңнің көсемсөздеріне қарата айтсақ, ақиқаттан аттамасымыз анық. Ұлтының мұңын мұңдап, жоғын түгендейтін, рухын оятып, санасын тазартатын, тарихтан тағылым таратып, болашаққа үмітпен қарауды үйретететін, ұшқыр ойға, көркем тілге, ұлттық мүддеге негізделген очерк-көсемсөздер қаламгердің шығармашылығынан берік орын алған туындылар болып қала бермек. Өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының шығармашылығынан бастау алған бұл жанрдың көркейіп, кемелденуіне, елдік, ұлттық мүддеге суарылған туындыларымен жұртына ой салып, ойлантуға мұрындық болғанын, кеңестік кезеңдегі сөзі дуалы, ойы өрелі, танымы тұғырлы, тұжырымы тиянақты тұлғаларымыздың қатарынан ойып алар орны барын мақтан тұтамыз.

Көсемсөздің мақсаты – қоғамдағы келелі, өзекжарды тақырыптарды көтеріп, өз кезеңіндегі қоғамдық ойға, замана тынысына, ықпал ету, әсерін тигізу болса, Ғабең де өмірінің соңғы сәтіне дейін жазушылықпен қатар қоғамдағы күрделі, көкейкесті мәселелерге

дер кезінде үн қосып, көзқарас-пікірін білдіріп отырған. Зиялының әлеуметке айтар сөзі, түсіндірер мәселесі қай дәуірде де аз болмағаны белгілі. Өткен ғасырдың басындағы ұлт басылымдарында өзекті ой, қоғамдық санаға шырақ жаққан келелі пікір ұлтты ұйытуға, топты топтастыруға аз ықпалы болмағаны шындық. Көсемсөздің ғылыми анықтамасы да алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде тұңғыш рет тиянақталды. Ахаң жанр табиғатының ғылыми негіздемесін ұсынып қана қойған жоқ, өзі де осы салада қыруар еңбек тындырып, ұлт көсемсөзінің туып-қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты.

Ғабең көсемсөздерінің қыр-сыры, табиғаты, көркемдік әлемі Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Әбділхамит Нарымбетов, Хасен Әдібаев, Асқар Сүлейменов, Сайлаубек Жұмабеков, Бауыржан Жақып және т.б. белгілі әдебиеттанушы ғалымдардың, сыншылардың еңбектерінде ғылыми тұрғыда жүйеленіп, жан-жақты қарастырылды.

Мүсірепов көсемсөздерінің тақырыбы ауқымды, сан қырлы. Ұлы даламыздың ірі тұлғалары, заман тынысы, ақын, батыр тұлғасы, өнер мұраты, келешек келбеті, ұлт, тіл, мәдениет тағдыры, тіпті қазақ футболындағы ұлттық кадрдың жай-күйі т.т. толып жатқан мәселелер көзі қырағы, көңілі сергек Ғабең қаламынан, назарынан тыс қалмаған. Ойға кең, образға бай, сөзге сараң Ғабең көсемсөздері қай тақырыпты қамтымасын, қандай тақырыпты сөз етпесін, негізгі тірегі, тіні – қарапайым, жасампаз адам, оның өрлігі мен ерлігі, қажымас қажыр-қайраты, іс-әрекеті болып табылады. Сөз зергерінің қаламынан әр жылдары «Батыр-большевик Аманкелді», «Қорғасын алыбы», «Жеңілген Сыр», «Шегінбелік бір адым да», «Батырдың анасы», «Намыс та біздің қолда», «Барлық адам баласы атынан», «Қымбат қазына», «Белден белге», «Кездесулер», «Аспанда болған жекпе-жек» т.б. көсемсөздері дүниеге келген.

Ғ. Мүсірепов көсемсөздерінің бір шоғыры өз заманының қаһармандары – замандастарының әр алуан кесек тұлғаларын, әдеби портреттерін, қажырлы еңбегін, ғажайып талантын танытуға арналған. Әсіресе, әдебиеттің болашағын тәрбиелеу, ана тілді қадірлеу, жастарға үнемі қамқор көңілмен өнеге көрсету және т.б. мәселелерге қатысты ой-тұжырымдары, ағалық ақыл-кеңестері, жазушылық қамқор көңілі, азаматтық сыр-толғаныстары – осы сөздеріміздің дәлелі.

«Айтыс қатарға қосылды» деп аталатын мақаласында 1943 жылы Қарағанды облысында өткен ақындар айтысына тоқтала келе, осы өнердің арғы-бергі тарихына, ірі өкілдеріне тоқтала келе, майдан шебінде жүрген жауынгерлерге ақын өлеңінің қаншалықты қуат, серпін беретініне тоқталады:

«Халықтық поэзияның алыбы Жамбыл мен оның үзеңгілес серіктестері Нұрпейіс, Доскей, Шашубай, Нартай тағы басқаларының айбынды жырлары майданның алдыңғы қатарында жаумен жағаласып, ал елде еңбек адамдарын қолтықтап, өндіріс істеріне дем беріп жүр. Ақындар айтысы – қазақ халқының дәстүріне атам заманнан бері сіңісіп кеткен, ел ісіне үлкен әсер ете алатын, жақсылықты көтеріп, жамандықты мықтап міней алатын нәрсе» [2, 177].

Тіл – халықтың бастан кешкен тарихы, ғасырлар бойы қалыптасқан ортақ қазынасы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, тыныс-тіршілігі, ар-ұяты. Сондықтан да тіл мәселесі қашанда толғақты, көкейкесті сауалдардың бірі болып қала беретіні баршамызға аян.

Ғабеңнің ана тіліміздің тазалығын сақтау, ардың ісі әдебиетке деген адалдық, туған тілге деген құрмет үнемі назарында болғанына, «тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз екендігіне» оның «Әдебиет – кәсіп емес, өнер», «Әдебиет тілі жайында», «Асқындырып алмайық, достар», «Әдеби тіліміз – кең арналы тіл», «Авгийдің атқорасынан бастайық» және т.б. мақалаларын оқығанда көзіміз анық жетеді.

Тіпті, сонау 1984 жылы өзі бастама көтеріп, Қазақстан Жазушылар Одағында тіл мәдениеті туралы үлкен мәслихат өткізіп, төрт сағатқа жуық баяндама жасағаны ерлікпен пара-пар емес пе?

Қаламгердің «Авгийдің атқорасынан бастайық» дейтін әйгілі мақаласындағы өткір ойлары, жан толғаныстары, көркем тілдің тазалығы үшін шырылдаған жанайқайы ешкімді

бей-жай қалдырмасы анық. «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана, молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді.

Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады»,- дегені бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда да өзекті. Қаламгердің ана тілін ұмытқан адам турасында айтқаны, оның ел өткеніне мән бермей, болашағына алаңдамай өсетіні, мән бермейтіні де бұл күнде көзіміз көріп, көңіліміз алаң күй кешкен шағымыздаи да алдымыздан сауал болып шығып тұрғаны ақиқат. «Тілін білмеген – түбін білмейді. Ондай адам күлдірем деп күйдіреді, сүйсіндірем деп сүріндіреді, білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп қуартады, келтірем деп кетіреді, жұбатам деп жылатады»[2, 157] – деп тілін білмеудің ащы зардабы болатынын алға тартады.

Ұлтымыздың дара тұлғалары, әдебиет пен өнер саласында ерекше құбылыс саналып, өшпес із қалдырған талантты ұл-қыздары, әлем әдебиетіндегі өзге де өкілдері хақында сөз қозғап, олардың осынау табысқа жету жолындағы өзгеге ұқсамайтын қырларын, оқшау, дара сипаттарын жіті аңғарып, сұлу сөзбен сипаттайды. Сырлы сөзбен, терең түйсікпен толғап, әрқайсысының өзгеше болмыс-бітімін, қасиет қонған тұлғасын өзінің қаламына ғана тән машық-мәнермен жырлайды. Бұлардың қатарына жазушы қаламынан туған «Абай», «Біздің Биаға», «Феномен-Феникс», «Чудо!», «Қос жұлдыз», «Ақын туралы сөз», «Назым Хикмет», «Екі Мұхтар», сондай-ақ, замандастары, үзеңгілес іні-қарындастары М.Шолохов, М.Горький, А.Фадеев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, М.Шаханов, А.Сүлейменов, Ф.Оңғарсынова т.б. шығармашылығы хақындағы аса құнарлы ой толғаныстарын, толымды толғауларын жатқызуға болады. Қаламгердің ұлы Абай туралы, оның ақындық әлемі, орыс достары, ол туралы жазылған Мұхтар Әуезовтің романы хақында айтқан, жазған пікірлері, ой-толғаулары өміршеңдігімен, тарихи құндылығымен ерекшеленеді. Абайтану ілімі өркен жайған қазіргі кезеңде де оның ақындық қуаты мен ойшыл танымын парықтаған тұжырымдары бүгінгі оқырманды қуаттандырып қана қоймай, рухтандыратынын да сезінеміз. «Абай – қазақ халқының поэзиясын,тілін, жпн-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолыынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп айтарлық тәрбиесі Абайдан келеді»[2, 125], - деген тұжырымы халықтың ойынан шыққан, оқырманның көңілін дөп басқан.

Автор өзінің «Феномен-Феникс» очеркінде қазақтың ұлы ақыны, әнші-композиторы Жамбыл Жабаев шығармашылығының қыр-сырына терең бойлап, Абайдың ақындығымен сабақтастықта қарастырып, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген тұнық сырды, жырды мәңгі өлмейтін Феникс құсқа теңеп, символдық рең береді. Жамбыл-жыр туралы Ғабеңе дейін де талайлар айтқан, Ғабеңнен кейін де ақынның ақындық алымы мен қарымы, таланты мен тағдыры туралы аз жазылған жоқ. Бәрібір Мүсіреповтің тануында Жамбыл дара, оның талантын бағалауында басқалардан өзгеше сара көрінетіні даусыз. Талантты танудағы, биіктікті бағалаудағы, құдіретті сезінудегі ерекше түйсік-танымы Ғабеңнің өзін де, суреткерлік шеберлігін де даралай түсетінін, ерекшелендіріп тұратынын сеземіз.

«Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жас пен жүздің арасындағы еселеп шарықтап кетуі дүниежүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес. Сондықтан да мақаланың аты «Феномен-Феникс» қойылды»[3].

Өнер адамының, өнерпаз тұлғасының көркем әдебиетте бейнеленуі тұрғысынан келсек, ауыз толтырып айтарлықтай дүниелеріміз баршылық. Бұл мәселеде Ғабеңнің де ерекше орын алатынын білеміз. Бір Ақан серінің ұмытылмас бейнесі, көркем сомдалған кейпін айтсақ та жетеді. Өнердің өзіне тән тылсым құдіретін сезіну, оны танып-бағалау, өнерпаздың асқан шеберлігін, күллі адамзатты мойындатқан талантын аз сөзге көп мағына сыйғызу арқылы

таныту, жалпақ әлемге паш етіп тамсандыру таланттың, Ғабиттей өнертанудың биігіне шыққан зергердің ғана қолынан келетінін айтуға тиіспіз. «Чудо!» очеркінде таңғажайып талантымен талайды тамсандырған бұлбұл-әнші Күләш Байсейтованың теңдессіз шеберлігін, ән өнеріндегі асқан құдірет-даусын оқырман қауымға бір ғана сөзге үлкен мағына сыйғыза отырғызып жеткізеді. Автордың ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы, ойды жеткізу мәнері, өзіне лайық стилі еріксіз тәнті етеді. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мүсілім Базарбаевтың пікіріне сүйенсек, «Өз шығармасын ұқсату, әдемілеу, шын көркемдік дәрежеге ұмтылу Ғ.Мүсірепов жауапкершілігінің бір жағы болса, екінші жағы әдебиетке, көркемөнерге жанашырлықпен қарау еді. Мүмкін болса, оған үлес қосу, молайту, байыту» [4, 415б] болып табылады.

«Автор шағын жанрдың әлеуметтік-көркемдік мүмкіндіктерін шебер пайдаланғандықтан, бұл туындылардың басым дені, көлемі шағын, эпикалық түрдің нағыз классикалық үлгілері дәрежесіне көтерілген еді. Бұлар шын мәнінде «Еш нәрсені қосуға да, еш нәрсені алуға да болмайтын»(С.Моэм) нағыз шедеврлер еді. Суреткер үлылығы, суреткер құдіреті дегеніміз де осы емес пе?» [5, 44] – дейді бұл турасында белгілі сыншы С.Жұмабеков.

Жазушының қазақ халқының ұлттық дәстүрі, мәдениеті, тарихы, әдебиеті мен тілі туралы ой-толғаныстары да өз алдына бір төбе. Құнды пікір болып қала бермек. Ұлт үшін өзекті болып саналатын бұл мәселелер кеңес заманындағы әкімшіл-әміршіл жүйеге, мүддеге көп қабыса бермейтінін ескерсек, қазақ жұртының рухани кеңістігін, ақтаңдақ беттерін толтыруға, толықтыруға қаншалықты серпін бергенін іштей сезініп, жан-жүрегімізбен қабылдаймыз.

«Ана тілін көркейте беруде әліппе, еміле, оқыту, үйрету, сөйлеу, жазу — бәрінің де үлкен орны бар. Тіл, әдебиет қайраткерлеріне қандай үлкен талаптар қойылатынын тереңірек ойлансақ деймін.

Егер ана тіліміз үлкен талаптарды көтере алмайтын, өспеген олақ тіл болса, бұл мақаланы жазбаған болар едім. Жоқ, бұл бай тіл! Оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелері ерте туған тіл»[6, 47], - деп ағынан жарылуы туған тіліне деген шын жанашырлықтан, үлкен жүректен ғана шығатын сөз. Күні бүгінге дейін арамызда жүрген, туған тілін менсінбейтін дүбара қандастарымызға қарата айтылған сөз - үкім деуге болады.

«Біз біріміздің жазғанымызды біріміз қадағалай оқымайтын салтқа бой үйретіп алдық. Әсіресе, ұшырасып қалатын кемшіліктерге бей-жай қараймыз. Қай қоғам болса да, өз кемшіліктеріне өзі ие бола алуға міндетті. Олай етпесек, асқындырып алар кез алыс емес сияқты!»[6, 53].

Мақаланың жазылғанына отыз жылдан аса уақыт өтсе де, дәл бүгінгі күнге арналғандай. Қазір күнделікті баспасөзде кездесетін осындай жайларға автордың дер кезінде үн қатуы, сергектік танытуы бәріміз үлгі аларлық, үйренерлік-ақ іс.

Әдеби тіліміздің жай-күйіне алаңдауы, қазақ тіл білімінің тілші-ғалымдарымыздың өзі жүрексініп бара бермейтін мәселелерді тереңнен талдап, таразылауы – ұлтын сүйген жүректің, асқан жауапкершіліктің белгісі. Мәселен, жайлы, оңтүстік, солтүстік, салауат, ғазауат, т.б. толып жатқан сөздерге қатысты өзіндік ой-толғаулары, болжам-байламдары әлі күнге дейін толық шешімін таппай, күн тәртібінен түспей келе жатқан көкейкесті мәселелер.

Иә, тіл тазалығын сақтауда, тіл мәдениетін үйренуде Ғабеңнен үйренетін, үлгі алатын тұстарымыз мол-ақ. Тілдің қадір-қасиетін, қоғамдағы маңызын, әлеуметтік мәнін терең түйсініп, бар болмысын көркем шығармаларында зергерлікпен пайдаланып, қара сөздің қас шебері, сөз зергері атанған қаламгердің асқан жауапкершілігін, ұлтқа, тілге қызмет етудің айрықша үлгісін көрсеткеніне, тіл мәселесі кейінге шегеріле беретін кеңестік кезеңде айтқан кесімді пікірлеріне қайта оралуымыз заңды, қай буын өкіліне болмасын үлгі етуіміз қажет секілді. Үлгі алар ұрпаққа, үйренер талапкерге пікірлері бүгін де құнды, көшелі ойлары қазір де құнарлы.

Сөз соңында, алыптар тобының белді өкілі, көркем сөздің хас шебері Ғабит Мүсіреповтің әдебиеттің сан алуан салаларымен қатар, елгезек жанр болып есептелетін

көсемсөз жанрында да өнімді, мәнді еңбек еткенін, оның соны идеяға, терең мазмұнға, шебер суреткерлікке толы көсемсөздері жанрдың жетілуіне, кең қанат жаюына үлкен септігін тигізгенін айтқымыз келеді.

Әдебиет тізімі

1 Сөзстан. 1-кітап. -Алматы, 1980.- 151 б.
2 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. - Алматы, 1970.- 177 б.
3 Мүсірепов Ғ. Феномен-Феникс. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1971, 22-қазан.
4 Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. - Алматы, 1997. - 415б.
5 Жұмабеков С. Ғабит Мүсірепов. - Алматы, 1989. - 44б.
6 Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. -Алматы, 1984. - 47б.

В статье раскрывается вклад в национальную публицистику Габита Мусрепова, который находится в одном ряду с писателями, трудившимися во благо фомирования и развития национальной публицистики, таких как: А. Бокейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Ауэзов, С. Муканов.

Своеобразие, природа, художественный мир Мусрепова рассматриваются подробно и систематизировались с научной точки зрения в работах известных ученых литературоведов, критиков: З. Кабдолова, Т. Какишева, А. Нарымбетова, Х. Адибаева, А. Сулейменова, С. Жумабекова и др. Автор статьи считает, что названия публицистики глубокие и многосторонние. Он также отмечает, что многие проблемы, такие как: известные личности Великой степи, жизнь эпохи, личности акынов, героев, цель искусства, картина будущего, судьба нации, языка, культуры, даже положение национального кадра в казахском футболе и др. - не остались без внимания Габита.

In the article the contribution to national journalism of Gabit Musirepov who is in the same row with the writers, working for the formation and development of national journalism such as A. Bokeykhanov, A. Baytursynov, M. Dulatov, S. Seyfullin, B. Mailin, M. Auyezov, S. Mukanov reveals.

The originality, the nature, the art world of Musirepov are considered in detail and are systematized from the scientific point of view in the works of famous scientific literary critics as Z. Kabdolov, T. Kakishev, A. Narymbetov, Kh. Adibayev, A. Suleymenov, S. Zhumabekov, etc. The author of the article considers that titles of publicistic works are deep and multilateral. He also notes that many problems such as celebrated personalities of the Great steppe, life of an era, the identity of akyns, heroes, the art purpose, a future picture, destiny of the nation, language, culture, even the provision of a national shot in the Kazakh football, etc. didn't remain unaddressed by Gabit.

УДК 81’44:34:81’2

М.Л. Анафинова, Б.К. Оралбаева
АО «Университет КазГЮУ»
Астана, Казахстан
mad-anafinova@mail.ru, banu.oralbay@gmail.com

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕРЕВОДЧИКОВ

Одной из основных особенностей предлагаемой статьи является рассмотрение сущности развития лингвистических и страноведческих компетенций, отвечающих современным требованиям, обновления методики подготовки будущих специалистов. За основу исследования взят принцип интеграционного, междисциплинарного подхода в подготовке будущих переводчиков Университета КазГЮУ.

Ключевые слова: переводчик, компетенции, Казахстан, реалии, перевод, экстралингвистика.

Обучение переводу сугубо гуманитарная наука ориентированная, прежде всего, на решение социально-практических задач, связанных с реализацией актуальных потребностей общества. В данной статье проанализированы некоторые аспекты определения сущности лингвистических и страноведческих компетенций, отвечающих современным требованиям, обновления методики подготовки будущих специалистов.

Кардинальные изменения социально-политической структуры казахстанской государственности за последние десятилетия вызвали небывалый всплеск в развитии языков. Наряду с развитием государственного языка, возрос интерес не только к европейским, но и к языкам наших азиатских соседей. Многовекторная внешняя политика, провозглашенная Лидером Нации Н.А. Назарбаевым на заре Казахстанской независимости, дает свои плоды во всех сферах: политической, экономической и культурной.

Лингвистический термин "межкультурная коммуникация", затертый прошлой идеологией до неопределенности, приобрел в современном обществе, и в науке совершенно новое значение. Раньше этот термин, как правило, использовался в узком значении - односторонне. При подготовке будущих специалистов-языковедов и переводчиков в рамках "межкультурной коммуникации", как правило, предполагалось ознакомить студентов с культурой, историей, обычаями и традицией стран изучаемого языка. Правильно ли это? Бесспорно. Однако до сих пор не редки случаи, когда молодые специалисты прекрасно владея тем или иностранным языком, историей и культурой страны изучаемого языка, практически не могут изложить подобные аспекты, касающиеся своей родной страны.

Современная лингвистическая наука Казахстана развивается, предлагая разнообразные пути и подходы к подготовке будущих переводчиков. Как подготовить специалистов, способных быть не только прекрасными переводчиками, но и патриотичными гражданами, способными в международной коммуникации представить страну, ее специфику, культуру, историю, способствуя формированию положительного имиджа Казахстана? Этот вопрос сегодня явился вызовом для преподавателей-переводоведов.

Университет КазГЮУ уделяет первостепенное внимание развитию междисциплинарного мышления с широким спектром вопросов связанных с развитием современного Казахстана, кардинально меняются учебные программы, пособия. Но, вместе с тем, существует серьезная проблема в обеспечении и обновлении теоретического и

практического материала. Так например, дисциплина "Практика письменного перевода" основывается на теоретической основе курса Т. Голиковой, разработанного в советское время, содержащего основательный теоретический материал, но практические упражнения содержат устаревшие источники. И таких примеров немало. Возникает разрыв между теорией и практикой преподавания. Каким образом изменить ситуацию? Как сделать так, чтобы практический материал побуждал у студентов интерес к переводу, мотивировал их на глубокую самостоятельную работу, развивал компетенции? Как развивать компетенции студентов в нужном направлении?

В различного рода исследованиях содержание собственно переводческой компетенции многократно подвергалось анализу. А.Д. Швейцер понимает под переводческой компетенцией саму способность переводить, рассматривает ее как сложную и многомерную категорию, включающую особое «переводческое» владение двумя языками, способность к «переводческой интерпретации» исходного текста, владение технологией перевода, знание норм языка перевода [1, 28]. Р. Штольце отмечает, что переводческая компетенция объединяет рецептивную компетенцию понимания (способность понимания исходного текста); продуктивную компетенцию формулирования (способность создания текста на языке перевода); жизненный опыт переводчика, который фигурирует в качестве фонового знания; идиоматическое владение языком перевода; элементы двух соприкасающихся в процессе перевода культур [1, 25]. Л.К. Латышев считает, что под переводческой компетенцией принято понимать совокупность знаний, умений и навыков, позволяющих переводчику успешно решать свои профессиональные задачи. Эта совокупность может быть подразделена на две части, причем каждая из частей, в свою очередь, состоит из двух составляющих – базовой части, включающей концептуальную и технологическую составляющие и прагматической части, состоящей из специальной и специфической [2, 12-13].

Развитие компетенций довольно сложный процесс, связанный с ценностями человека, с его мышлением, включающий анализ компетенций в личных, трудовых, образовательных контекстах, в соответствии с задачей образовательного процесса. Правильное развитие компетенций повышает интерес студентов к процессу обучения. Студент должен постоянно отвечать на вопрос: зачем мне это надо и как мне это пригодится в моей работе? Преподаватель же, в свою очередь способствует развитию компетенций посредством мотивационных, когнитивных и метакогнитивных стратегий обучения. К обучению нужен комплексный подход, при котором обеспечиваются и создаются ресурсы для стимулирования развития студента на основе построения проекта своего будущего, его возможностей и социальных ожиданий [3].

В связи с этим разрабатывается комплекс практических заданий для студентов-переводчиков 3 курса КазГЮУ, где в качестве эксперимента для практических занятий по практике письменного перевода предлагается перевод аутентичных текстов об истории, юриспруденции, экономике Казахстана. Основной принцип подбора литературы состоит в том, что источники должны быть написаны носителями языка, тексты не адаптированы, и содержат широкий спектр стилей и жанров, различную терминологию. Цель эксперимента - не только ознакомить обучающихся с основными проблемами перевода и сформировать практические навыки обработки текстов при переводе с английского языка на русский, но побудить у них интерес к истории родной страны, чувство гордости и патриотизма.

В первом семестре за основу взята книга Джона Уилфорда Уордела "В Киргизских степях" (John W. Wardel "In the Kirgiz Steppes") [2]. Автор книги Джон Уордел фиксирует для истории начало индустриального развития казахских степей, а именно Атбасарских копий Акмолинского края, описание Петропавловска, Караганды, Павлодара. Британская компания Уолтера Дж. Перкинса занималась разработкой проектов для Компании Спасские рудные месторождения с большими рудными концессиями в Сибири. Эти проекты включали модернизацию медеплавильных фабрик на Спасском заводе, установку добывающей и

перерабатывающей фабрики в Сары Су для Спасска, и оборудование добывающих и плавильных работ новых Атбасарских месторождений этой же самой компании.

История казахской земли и народа Казах насыщена событиями и волнует многие поколения. В книге описываются события столетней давности, непростые годы в истории казахского народа, когда в результате политики царского правительства Казахи были вынуждены начать вести оседлый или полуоседлый образ жизни. Описание истории Казахстана того периода пронизано ощущением тепла и терпимости к незнакомому быту и непривычной цивилизации, с которыми английский инженер описывает Казахстан в начале 20 столетия. Стилистически и жанрово произведение, предложенное студентам, представляет сложную задачу, так как наряду с художественным описанием Казахстана, некоторые главы, посвященные индустриальному и аграрному развитию страны относятся к специальным текстам и содержат большое количество технических терминов.

В процессе перевода анализировались авторская концепция книги, стилистические, лексико-грамматические, морфологические приемы. Цель данного эксперимента заключалась в том, чтобы студенты оттачивали мастерство перевода, используя полученные теоретические знания в Университете. Необходимым условием правильной интерпретации текста является наличие у студентов экстралингвистических знаний. Задача и сложность состоит в том, что при переводе исторических документов необходимо сохранить не только идею, но и исторический факт. Особое внимание в процессе тренировочного перевода уделяется анализу лексических единиц, реалий, несущих в себе черты национального и социального своеобразия народа, которые в текстах по истории Казахстана встречаются часто: "the game of Baigoo" (байга), "kuraltai" (курултай), "koumiss" (кумыс), "dumbra" (домбра), "curds" (курт), "airan" (айран) и т.п.

По окончании работы будущие переводчики подводят итоги, написав эссе с элементами критического мышления, в котором они описывают процесс перевода, анализ структуры текста, композиционные (архитектурные), стилистические и другие признаки, а также отдельные разновидности этого ряда, относящиеся к разным функциональным стилям и подсистемам языка.

Во втором семестре в курсе "Профессиональный перевод и терминология" как пример официально делового стиля, студентам предлагаются переводы копий архивных материалов об истории Казахстана, привезенные из Британского национального архива и Британской национальной библиотеки. Большой интерес у студентов вызывают материалы с грифом "секретно". В последующем, в задания по СРСП для перевода предлагаются отрывки из книги Вирджинии Мартин "Закон и обычаи степи. (Казахи Среднего Жуза и Российский колониализм в XIX веке)". (Virginia Martin "Law and Custom in the Steppe. The Kazakh of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century") [4].

Книга исследует один из аспектов социально-культурной истории Казахстана - судебные традиции Среднего Жуза, юридическую культуру в колониальном контексте. Так как согласно программе, курс "Профессиональный перевод и терминология" включает изучение функций юридической и экономической терминологии, предложенная книга является возможностью ознакомить студентов с историческими юридическими терминами. К интерпретации реалий, в данном случае казахских: "qazaq qaghidasi", "adat", "biy", "barymta", "Zheti Zharghi", "Shariat" и т.п., будущие переводчики должны относиться с высокой ответственностью, поскольку они в языке перевода осуществляют этнокультурную и этно-коммуникативную функции, способствуют передаче образного мышления и мироощущения казахского народа. Реалии обозначают черты культуры, общественной жизни, материального быта и особенности общения людей. Они играют значительную роль в создании определенного национального фона [5, 64].

Сложность переводческого процесса состоит в правильной интерпретации реалий - элементов языка и культуры, зачастую хранящих в себе имплицитные смыслы. К реалиям, помимо явлений, которые носят национальный характер и материализуются в безэквивалентной лексике, также относятся явления, специфичные для определенной

культуры, которые «закрепились» в словах самых «обычных», однако связанные с ними ассоциации носят культурно-специфичный характер [6, 88].

Знание переводчиком действительности, правильное представление о самих вещах, должно быть предпосылкой для их верной передачи, в связи с этим студентам приходится много работать с дефинициями, справочным материалом не только по Истории Казахстана, но юриспруденции и экономике. Таким образом осуществляется принцип интеграционного, междисциплинарного подхода в подготовке будущих специалистов.

Одним из необходимых компонентов фоновых знаний, для понимания иноязычного текста являются реалии. К языковой некомпетенции, непониманию сравнений, исторических ссылок важнейших исторических событий, неверному осмыслению роли крупнейших политических и исторических деятелей приводит недостаточное знание истории страны. Недостаток фоновых знаний может также послужить причиной буквализма в переводе из-за неумения увидеть реалию (особенно фразеологизм) за внешне прозрачным словосочетанием. Для предотвращения чисто языковых ошибок необходимо знание культуры, выступающей в качестве фона языковых конструкций, в противном случае переводчику необходима помощь не только консультанта по реалиям страны, филолога широкого профиля [7, 18-20].

При переводе происходит адаптация текста к новому получателю, которая является причиной изменений в информации, содержащейся в исходном тексте. Учет функциональной роли, которую играет реалия в том или ином сообщении, является важнейшим принципом прагматического аспекта перевода. Возможно, например, устранение реалии, если она несущественна.

В целом, результаты первого этапа эксперимента показывают, что аутентичные материалы об истории Казахстана, юридические и экономические тексты не только мотивируют студентов, но и вызывают у них глубокий интерес, чувство патриотизма и гордости за родную страну. По итогам первого этапа эксперимента проведено анкетирование, в котором студентам предложено ответить на ряд вопросов. Результаты показали, что тема довольно актуальна для студентов. Так, из 22 студентов группы ПД(Р)-303, в первое анкетировании участвовало 17 человек. На вопрос: "Считаете ли Вы наличие знаний (лингвострановедческие компетенции) по истории, юриспруденции, экономике Казахстана необходимыми для переводчика?" 14 человек ответили положительно, 3 - затруднились ответить. 15 человек отметили востребованность исторической тематики в переводческой деятельности, 2 - затруднились ответить, 1 респондент считает, что историческая тематика не востребована вообще. В то же время, в результате анализа установлено, что предложенная система формирования лингвострановедческой компетенции будущих переводчиков имеет существенные недостатки и требует доработки. Так на вопрос: "Как Вы оцениваете предложенную преподавателем систему формирования лингвострановедческих компетенций?" 6 человек ответили как очень эффективную, 3 - достаточно эффективную, 6 - требует доработки, 2 респондента сочли систему не эффективной. Кейс-стади по данной тематике все еще продолжается, но нет сомнения в том, что работу в этом направлении необходимо не просто продолжать, а рассматривать вопрос гораздо шире.

При переводе текстов об истории Казахстана любая номинативная единица, обозначающая явление, характерное для казахской культуры, может стать основой образной характеристики. Однако не всегда представляется возможным сохранить реалию или заменить ее эквивалентом в другой культуре. Особенно часто это наблюдается при передаче реальных, конкретных ассоциаций с опосредованным предметом, составляющих специфику лексического значения слова. Вместе с тем, игнорирование реалий при декодировании текста снижает художественную ценность перевода по сравнению с оригиналом, отражая специфику национальной культуры, реалии могут иметь коннотации, создающие яркий образ, не всегда доступный представителю иноязычной культуры. Важнейшая задача лингвострановедческого аспекта в обучении языку – раскрыть его во всей полноте национально-культурных ассоциаций.

Следует предостеречь и от подмены иноязычных реалий в процессе перевода. Иногда переводчики интерпретируют содержание оригинала как бы сквозь призму собственного языка и собственной культуры. Но такого рода перевод приводит к искажению исходного сообщения и должен рассматриваться в теории перевода как явление нежелательное [8, С.18-20].

Так, при разработке курсовых, дипломных работ и магистерских диссертаций все еще превалируют темы не актуальные, зачастую из далекого советского прошлого. За годы Независимости Казахстан стал открытым для зарубежных исследователей различных отраслей со всего мира, появилось большое количество англоязычных материалов о Казахстане: книги, монографии, очерки, эссе, статьи, другие официально-документальные источники. Это прекрасная возможность ввести их в учебный процесс и научный оборот в качестве исследования для написания научных студенческих и дипломных работ, магистерских диссертаций.

Список литературы:

1. Швейцер А.Д. Теория перевода (статус, проблемы, аспекты). М., 1988. – 215 с.

2. Латышев Л.К. Технология перевода: Учеб. пособие для студ. лингв. вузов и фак. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 320 с.

3. Ваня Рока Уриосте**.** Pedagogical innovation. – Universidad Catolica, Boliviano "San Pablo", 2014.

4. John W. Wardel. In the Kirgiz Steppes. – London. Gallery Press, 1961.

5. Virginia Martin. Law and Custom in the Steppe. The Kazakh of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. – Curzon Press, Richmond, Survey, 2001.

6. ФедоровА.В. Основы общей теории перевода. – М.: Высш. шк., 1984. – С. 60-97.

7. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1976. – С. 20-28, 60-88.

8. Томахин, Г.Д. Реалии-американизмы. – М.: Высшая школа, 1988. С.18-20.

Бұл мақалада болашақ аудармашылардың оқыту әдістемелерін жаңарту, қазіргі заманғы талаптарға сай лингвистикалық және өңірлік географиялық біліктілігін арттыру маңыздылығы қарастырылады. Зерттеудің негізіне болашақ аудармашыларды оқытуда ҚазГЮУ университетінің тәжірибесіне сүйене отырып интеграциялық, пәнаралық тәсіл қағидаты негізге алынды.

This study aims to consider the essence of development of the linguistic and regional geographic competences meeting the modern requirements, updating a technique of training of future translators and interpreters. The principle of integration, interdisciplinary approach in training of future translators in the case of University KAZGUU is of taken as a basis of the research.

ОӘЖ 378.147 (5Қ)

А.К. Кожантаева
Астана қаласының №1 мектеп-лицейі
Астана, Қазақстан
ainurkk@mail.ru

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН САБАҚТАР ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ...

Бұл мақалада автор біліктілігін арттыру курсы бойынша алған теориялық білімін тәжірибе барысында қолдана отырып жүргізген сабақтары туралы өз ой тұжырымдарын ашуға тырысқан. Оқушының білім деңгейінің өсуіне және зертеушілік қабілетін күшейтуге арналған тәсілдің бірі – диалогты оқытуға тоқталған. Л.С.Выготскийдің пайымдауынша,

диалог білімгердің танымдық қабілетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осы орайда, автор диалогтық оқыту бойынша тізбектелген сабақтар топтамасын жасаған. Сонымен қатар диалогтық оқытуды тәжірибеде қолдана отырып, қандай нәтижелерге қол жеткізуге болатындығы сөз еткен. Әрі оның қазіргі заманауи әдіс-тәсілдер қатарына жататындығын ескере келіп, оның тиімділігін түрлі тәсілдерді қолдана отырып, дәлелдеген.

Тірек сөздер: диалогтық оқыту, әңгіме дебат, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме, түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау.

Қазіргі білім беру жүйесі ұстаздардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, ұстаз заман талабына орай оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін сабақтарын жаңа әдіс-тәсілдермен түрлендіруі тиіс. Бұл ретте, диалогтік оқытуға негізделген сабақтар топтамасына нені және қалай енгізілу туралы мәселе өзекті болмақ. Сондықтан бағдарламаның жеті модуліне сүйене отырып, негізгі мәселе бойынша ұсынылған жаңа идеяларды оқу үдерісіне енгізу әрі оларды сабақтарымда қалай қолданғандығым туралы ой бөлісуді жөн таптық. Таңдап алған мәселенің тиімділігін таныту мақсатында «Вокзал», «Әуежай», «Ауылда», «Ауылдағы еңбек» атты тізбектелген тақырыптар модулі бойынша толық мағлұмат бере отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеуін дамытып, ойларын еркін айтуға машықтандыруды мақсат еттік.

Аталмыш мәселенің тарихына келетін болсам, диалогтық оқытудың негізі Сократтан бастау алады. Ұлыбритания сыныптарында әңгіме үрдісі негізінен проблемалармен байланыстырылса, Александр оны балалардың білім алуына толық көлемде ықпал ететін түбегейлі тың тәсіл деп қарастыруды ұсынады [1]. Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерінің өсуіне де үлес қосатынын атап көрсетсе [2,39], Выготкий ЖАДА жұмыс істесе диалог жақсаратынына тоқталады. Барнс сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтса [3], Мерсер мен Ходжкинсонның сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсетеді [4]. Атап айтсақ, оқушыларға тақырып бойынша сөйлеуге мүмкіндік беруге; басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне; оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне; оқыту барысында мұғалімдерге оқушыларының қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі. Десек те, Александер оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжып отырады деп тұжырымдайды [1].

Яғни, жаңа тәсілдердің ең маңыздысы- диалогтік оқыту болмақ. Оған себеп, сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратындығы. Оны Мерсер былай сипаттайды: «Білімді бірлесіп алуда немесе пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында анықтай алады» [5]. Әрі диалогтік оқытуда мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасында диалогтік оқыту көрініс табады. Мерсер оқуда қолданылатынын әңгімелесудің *әңгіме-дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме* сияқты түрлерін атап өтеді [4].

Қалай оқу керектігін үйрету «Оқуды үйретудің» қозғаушы күші **«метатану»** болып табылады [6]. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге оқуды үйрету де бар. «Қалай оқу керектігін үйрену» модулінің атауы «өзін-өзі реттеу» үдерісіне жатады. Метатану үдерісі арқылы оқушылар түсіну, бақылау және оқу тәжірибесіне қадағалау жүргізу қабілеттерін дамытады. Тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі, яғни ашық және жабық сұрақтарды қолданады. Бұл ретте, сұрақтар қойылғаннан кейін оқушыларға жауап беретін уақытты және мүмкіндігінше кейінгі сұрақтардың жауаптарын олардың сөздеріне орайластырып қойғызған дұрыс сияқты. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың *түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау*

сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Талқылау мен диалог өзінің танымдық әлеуметімен ерекшеленеді. Диалог барысында оқушыларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, дамуын ынталандыратын әдістермен алмастыру ұсынылады. Бұл- диалог пен ауызекі немесе интерактивті оқытудың арасындағы айырмашылықты логикалық және ұтымды дәлел ретінде қолданылатын «диалектика» элементі саналады.

Жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндей келсек, сабақ барысында жеті модульдіі дұрыс, жүйелі ықпалдастыру нәтижелі болатынын аңғардық. Нәтижеге бағытталған сабақта мұғалім оқушыға бағыт - бағдар беруші, жөн сілтеуші қызметімен алмасады. Осы тұрғыдан келгенде, оқушыны өз бетімен білім алуға жетелеу көзделеді. Білім алу барысында оқушының қалай оқу керектігін үйренуіне, білімді меңгеруде ізденіс, талдау, жинақтау қабілеттерінің артуын бақылауға, оқушының өзін көрсете білуіне ықпал жасау қажет. Тәжірибенің нәтижелі болуы білімді меңгертуде қолданыс тапқан әдіс - тәсілдер, стратегиялардың қолданылу тиімділігіне байланысты болады. Ол үшін оқыту тәсілдерінің төмендегідей түрлерін қолдану қажет:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.

Бұл ретте, мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын, оқу материалының мазмұны мен көлемін, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отырады. Сондай-ақ, оқыту әдісін таңдауға ықпал ететін шарттарды да ескеруі керек.

1. Оқыту әдістерін оның мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас және таным әрекетінің ерекшеліктеріне сай қолдану;

2. Мектептің материалдық-техникалық негізін ескеру;

3. Мектептің орналасқан жерін ескеру. Мысалы, қала мектептерінде оқушыларды өндіріс орындарына экскурсияға, ауыл мектептерінде мектеп жанындағы учаскелерге, табиғатқа, ауылшаруашылық өндірісіне апару;

4. Мұғалімнің шығармашылығы және шеберлігі. Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын сабақ мақсатының айқындығы. Себебі оқу материалын баяндауда оның негізгі идеясын немесе оқушылардың іс-әрекетін анықтап алмай, оқыту мақсатына жету мүмкін емес. Осындай ғалымдардың пайымдауларын басшылыққа алу тиімді. Сол себепті қазіргі заман талабы мен бағдарламаның мазмұнына сай өз сабақтарымды жаңаша ұйымдастырып, жаңа мазмұнға, жаңа әдістер жүйесіне негіздей отырып, жүргізген тиімді деп ойлаймыз. Оны мектепте жүргізген тәжірибе барысында байқадық.

Аталған мәселе бойынша 4 «Б» сыныбымен жұмыс жүргізу барысында байқағанымыз, оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытуда, сөздік қорларын байытуда, ойларын ашық жеткізе білуге дағдыландыруда диалогтік оқыту модулі тиімді болды. Жалпы сыныпта 18 оқушы бар, олардың деңгейі әртүрлі. Диалогтік оқыту модулін таңдау себебіміз – оқушылардың қызығушылық қабілеттерін арттырып, ойларын еркін айта алатындай дәрежеге көтеру. Осы орайда, бірінші кезекте курста алған теориялық білімді сабаққа кіріктіріп, 4-сынып оқушыларының қызығушылық, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында олардың білім деңгейі мен жас ерекшелігін ескеріп сабақ жоспарын құрастырдық. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді таңдап алдық. Оқушылардың дұрыс сөйлеуі мен дұрыс ойлауын және дұрыс түсінуін қалыптастыруға ықпал еттік.

Оқыту мен оқудың жаңа тәсілдерін әр сабақта кіріктіріп, бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдандық. Сол себепті мектептегі тәжірибе кезінде тиімді қолданған модул «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер». Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің ішіндегі ең тиімдісі, басымдыққа ие болғаны ол - диалогтік оқыту.

Диалогтік оқытуға бірінші сабақ топтамасынан дәлелдеме келтіретін болсақ, оқушылар АКТ көмегі арқылы кез-келген сұхбатты тыңдау арқылы өздері меңгеріп жатқан тақырыпқа диалог құрастырып әрі бір-бірлеріне сұрақтар қоя отырып, мәтінді әр топ өз ішінде әңгімелей білді. Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында түрлі тренингтермен бастауды әдетке айналдырдық, баяғы өткізіліп жүрген дәстүрлі сабақтарға қарағанда оқушылардың көңіл-күйлерінің жоғары болатынын байқадық. Сабақта қолданылған тренингтер: «Сағат бойынша достар», «Молекула», «Кемедегі капитан». Кейінгі сабақтарда түрлі-түсті стикерлермен сандар арқылы оқушыларды топқа бөліп, топпен жұмыс бастадық. Оқушыларға бәрінен де қатты ұнаған топқа бөліну тәсілдері.

«Вокзал» тақырыбында түрлі - түсті қағаз арқылы топқа бөлдік. Кейіннен бүгін топқа қалай бөлінеміз деп сауалды оқушылар тағатсыздана күтіп отыратын болды әрі сабаққа деген дайындықтарын, қызығушылықтарының арта бастағанын байқадық. Алғашқы сабақтарымда топтық жұмысты жарыс деп қабылдайтын, кейінгі сабақтарымда топта бір-біріне көмектесіп, түсіндіріп жатқанын, өзгергендерін байқадық.

Сабақ барысында оқушыларды топқа бөліп, сабақтың тақырыбын ашу үшін әртүрлі сұрақтарды әр топқа бөліп, миға шабуыл ретінде бірінші сабақта «Қазір қай сабақ?» деген тапсырма бере отырып сұрақтың түрткі болу техникасын және «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» дей отыра қайта бағыттау техникасын пайдалансақ, үшінші сабақта «Жол жүретін қандай жерлерді білесіңдер?» сынақтан өткізу техникасын пайдаландық. Төртінші сабақта «Басқа қалаға қалай жылдам жетесің?» деген түрткі болу сұрақтарды тастап отырдық. Қандай көліктерді білесің? деген ашық сұрақтар қойдық. Сол тақырыптың мазмұнын ашуды да оқушылардың міндетіне сілтейтін кездер болып отырды. Топпен жұмыс жасатуды да күнделікті қолданатын әдіс-тәсілдер қатарына қостым, сынып оқушылары бір-бірімен тең жұмыс жасауы үшін топтық жұмыстың оң әсері сыныпта байқалуда. Негізі тәжірибеде көбінесе оқушылардың бір-бірлерімен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып отыруларына көңіл бөлдік. Оқушы бірлесіп жұмыс жасауда, кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауға, ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында көп жұмыс істедік. Шамалары келгенше ментальдік карталарын қорғап шығуға тырысты. Сынып оқушыларын топқа бөлу барысында оқушылардың бойынан бұрын байқамаған, бұрын көрмеген, бұрын білмеген қасиеттерді танып, көре алдық. Мысалы, мен көп шулайды деп жүрген Айбол деген оқушым топ мүшелерін тәртіпке шақырып, топ ережесіне бағынайық, қазір ұрсысып тұрғанда уақытты өткізіп аламыз деп, өз тобын тәртіпке шақыра отырып, көшбасшылық қасиетін таныта білді. Дәл осындай топтық жұмыстың нәтижесінде бұрын дарынды деп жүрген Марпия деген оқушым тек жаттанды білімнің иесі екенін аңғардық, керісінше Алианың құнды идеяларының бар екенін көрдік. Және дәстүрлі сабақтарда үндемей отыратын Балхашев Әлихан топтағы талқылау барысында өзінің ойын жеткізіп, дәлелдеп жатқанын байқадық. Топпен жұмыс жасау кезінде сынып оқушылары кеше шықпаған оқушыны тақтаға шығарайық деген шешімге де келіп үлгерді, бұрын жаттай алмаған, мазмұндай алмаған оқушылардан тақтаға шығуды, өздерін еркін ұстап плакат бойынша қорғауды үйрене бастағанына көңіліміз толды. Топпен жұмыс барысында, бұрын тани алмаған, бұрын жұмбақ болған оқушылардың жан дүниесіне үңіле бастадық. « Кім қайда кетті?» кестесін толтыруда Ахметова Аружан деген оқушының қойған сұрақтарға жауап беріп, кестені бірлесе отырып толтырып жатқандарын көріп зерттеушілік әңгіменің көрініс тапқанын аңғардық. Топпен жұмысты жасаудағы кедергі – оқушылардың - бастапқыдағы шуы, бір-бірін тыңдамағандықтары кейінгі сабақтарда түзеле бастады. Бірақ біз шуға сыни көзқараспен қарадық, себебі оқушылар тапсырманы орындау барысында, жұмыс барысын талқылау мақсатында бір-бірінің шешіміне келіспеушіліктің салдарынан туындаған шуды дұрыс деп есептей білдік. Топпен жұмыстың салдарынан оқушылар арасында тең дәрежелік пайда болды деп есептейміз, бұрынғы үндемей отырған оқушылар тақтаға шыққанда, өздерін білімдіміз деп есептейтін оқушылар басқа оқушылармен тең дәрежеде екендерін немесе мен білмеймін деген оқушылар өздерінің білім

деңгейлері жоғарылағанын, ойларын ашық айта алатындарын сезінді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптаса бастады.

Жалпы, көп қолданған тәсіл – жұппен жұмыс. Сондықтан сабақ үстінде бір тапсырманы міндетті түрде жұппен орындауға қалдырдық, бұл тәсілді сабақтың ортасынан соңына ауғанда тапсырамыз, жұптар жұптық жұмысты бірге орындайды, әсіресе қасындағы оқушыға түсіндіре отырып орындайды, бір-бірімен пікір алмасады. Сол арқылы оқушылар бір-біріне көмектесуді үйренді.

Диалогтік оқытудың топтық және зерттеушілік әңгіменің көрініс тапқанын тағы да атап өткіміз келеді. Осы әдістің ұтымды болған жақтары: оқушылар бір-біріне көмектесуді үйренеді және достық қатынас орнайды, сынып оқушыларының ішінде үлгермей қалған оқушы болмайды.

Десек те диалогтық оқытудың кері әсерін де байқадық. Мысалы, тапсырманы орындау барысында баяу орындайтын серігі үшін ашуланатын оқушылар кездесті, неге мен көмектесуім керек деген сияқты реніштері болды, мұндай жағдайда оқушыларға сені әдейі көмектессін, түсіндірсін деп отырғыздық, достар бір-бірінен жақсы қабылдайды деп екеуін де жігерлендіріп отырдық. Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалімнің дұрыс, әділ көзқарасы, жылы сөзі керек. Тәжірибиелік зерттеу сабақтарда оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескеруді басты назарда ұстадық. Оқушылардың жас ерекшелігіне мән бере отырып, төмендегі элементтерді пайдаландық:

- оқушыларға білімді меңгерту үшін, көрнекі құралдарды, АКТ-ны қолдандық.
- оқу материалдарын бөліктерге бөле отырып түсіндірдік.
- пәнаралық және өмірмен байланыс жасап отырдық.
- бұрынғы материалдарды жиі қайталатып отырдық.
- оқушылардың өз ойларын қалай айтқандарын қадағаладық.
- оқушылардың қателерін әдеппен түзеттім және өз қатесімен жұмыстар жасаттық.
- өз беттерімен жұмыс жасауға бағыттадық.
- сабақты оқушылардың көмегімен қорытындыладық.

Тәжірбиелік зерттеу кезеңімде сыни тұрғысынан ойлауға үйрету стратегиясының кейбір элементтерін де қолдандық. Әсіресе болжау, ассоциация стратегияларын, венн диаграммасын қолданғалы өзіме деген сенімім, сыныбыма деген сенімім арта бастады. Сабақтан соң кері байланыс жасау үшін, смайликтерді, қолдан ұшақ жасап бір-біріне жақсы тілек айтып оқушылардың сабақтан алған әсерлерімен бөлісетін болдық. Өз-өздерін бағалауды қолданысқа енгіздік. Бағалау критерийлерін жасап, топ мүшелерімен бағалауды әдетке айналдырудамыз. Кейіннен оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді пайдалану кезінде:

- оқушылар бір-біріне көмектесетіндерін;
- білімге деген құштарлықтарының артатынын;
- өз беттерінше ізденуге бейімделетінін;
- өздерінің жаңа қабілеттерін көрсете алатынын;
- сабақта өздерін еркін ұстайтындарын байқадым.

Қорыта келгенде, әр оқытушы қазіргі заман талабына сай өзін-өзі жетілдіру, дамыту мәселелерімен айналысуы тиіс. Сондықтан да біліктілікті арттыру курсының бағдарламасында қарастырылған заманауи технологияларды игеріп, өз іс-тәжірибемізге енгізуді мақсат еттік. Бұл ретте, курс дәрістерінен алған теориялық білім мазмұнын бетпе-беттік машықтықтану тәжірибелері негізінде бекітіп, оқу үдерісіне енгізу жолдарын игердік деп есептейміз.

Бүгінгі ұстаз рухани дамыған, шығармашыл, кәсіби дағдыларды, рефлексия қабілетін меңгерген, жаңалыққа ұмтылғыш, білім құндылығын түсінетін, мәдениетті, өз пәнін, оны оқыту әдістемесін терең білетін, жеке тұлғасын әрі қарай дамыту мотивациясы қалыптасқан болуы тиіс. Қазіргі заманғы инновациялық білім беру педагогтың жауапкершілігін арттырумен қатар, кәсіби шеберлігі мен біліктілігін өсіруді міндеттейді.

Әдебиеттер тізімі
1 Alexander, R.,. Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. [Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну.] Cambridge: Dialogos UK. 2004.
2 Mercer, N. and Littleton, K., Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach. [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл.] NY: Routledge. 2007. – 39 б.
3 Barnes, D. Language and Learning in the Classroom. [Сыныптағы тіл және білім беру.] Journal of Curriculum Studies, 3(1), 1971. – 27–38.
4 Mercer, N., (2000). Words and Minds: how we use language to think together. [Сөздер мен сана: бірлесіп ойлану үшін тілді қалай қолданамыз?] London: Routledge. 2000.
5 Mercer, N., and Hodgkinson, S. Exploring talk in school: inspired by the work of Douglas Barnes. London: Sage. 2008
6 Мұғалімге арналған нұсқаулық. 3 деңгей. – Астана, 2012. -306 б.

Один из методов обучения влияющий на исследовательскую способность и повышающий уровень знания ученика это- метод диалогового обучения. По мнению Л.С.Выготского, диалог играет важную роль в повышение познавательной деятельности ученика. В данной статье автор пытается изложить полученные теоритические знания на курсах повышения квалификации по методу диалогового обучения. В связи с этим привела к примеру ряд уроков посвященный методу диалогового обучения. Изложила достижения обучения и полученные результаты учащихся.

This article is devoted to some problems of dialogue learning. It is one of the methods to enhance research abilities and knowledge of students. According to Vygotsky L.S., dialogue learning plays an important role in increasing students' cognitive abilities. In the article the author outlines theoretical knowledge on the method of dialogue learning. In connection with this the author introduced lessons devoted to the method of dialogue learning. Achievements and results of learning based on method of dialogue learning have been set forth in the article.

ӘОЖ 37.015.3. (5қ)

М.Т. Кошанова, Т.Н. Жүндібаева
Ш. Уәлиханов атындағы КМУ; Көкшетау, Қазақстан
Абай атындағы ҚазҰПУ; Алматы. Қазақстан
turarkhan.2011@mail.ru

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ

Мақалада болашақ кәсіптік білім беру педагогтарының бойында кәсіби өзін-өзі анықтауды қалыптастырудың алатын орны мазмұндалған. Кәсіби өзін-өзі анықтауда оқу процесінің орны мен оған негіз болатын факторлар көрсетілген.
Студенттердің кәсіби біліктілігін өзін-өзі жетілдіруде теориялық білімі мен психология, педагогика және арнайы пәндердің практикалық сабақтарының маңызына түсінік берілген.

Тірек сөздер: ақпараттық–коммуникативті, тұлғалық-дамытушылық, кәсіби өзін-өзі анықтау, субъективті-объективті қатынастар.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген жетістіктерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдыларының қорытындысы проблеманың шешімін таба

алатын, ақпараттық–коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін» үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың жетістігі болашақ педагогтың қабілетінің арасында тепе-теңдікті сақтауға арналған мамандыққа қойылатын талаптардың субъектінің құндылық бағыттылығының арасындағы мамандықты таңдау мен нақты кәсіби ортаның ерекшеліктерімен анықталады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау процесін екі жолмен жүргізуге болады. Атап айтсақ:

1. Теңесу (шешілетін проблемалардың жиынтығы, іс-әрекет цикілінің толықтылығының оларды шешуге бағытталғандығын және орындалған функциялардың жиілігі).

2. Маманды біріншіден маңызды функционалды байланыстардың кең түрдегі жиынтығына тарту немесе оның кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруда толығымен барлық параметрлер бойынша іс-әрекетке ұқсастықты тәжірибелі мамандар көбінесе демонстрациялайды, сонымен бірге масштабтың әр түрлілігімен яғни, еңбектегі пән шекараларымен.

Болашақ кәсіби әрекеттің мамандығы мен сипатына қарамастан, кез-келген жас маман іргелі білім мен кәсіби білік, дағдыларды меңгеруі қажет екені белгілі. Мұндай білім, білік, дағдыларды игеру барысында белгілі бір кәсіби проблемаға бағдарланған өзіндік ұстанымын айқындауға мүмкіндік беретін шығармашылық, зерттеушілік және өзіндік әрекеттер тәжірибесінің болуы айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Болашақ жас маманның жеке басының қасиеттерін зерттеу арқылы балаларды оқытып, тәрбиелеуде оның шеберлік таныта алуына қай қасиеті көмектесетінін білуге болады. Мұндай деректер болашақ ұстазды тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасын белгілеуге көмектеседі. Демек, кәсібилілікті жетілдіру болып нақты жетілумен механизмдердің жүзеге асырылуымен барлық деңгейлерінің өзара байланысы болып келеді. Себебі, қазіргі кезде кәсіби іс-әрекет табысты нәтижелерімен бағаланады. Ал бұл білім беру саласында ерекше маңызды, өйткені бұл жерде табысты нәтиже – ол өз орынын тапқан тұлға.

Болашақ кәсіби мамандарға білім беруді әр мамандықтың өзіндік ерекшелігіне қарай ұйымдастырудың қажеттілігі анық, соның ішінде педагог кадрларды даярлаудың психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық негіздерін нақтылау міндеттері тұр.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі психологиялық проблемаларын шешу: «оқу білімді табу, шығармашылық меңгеру ретінде үш факторға тәуелді: нені оқытады, қалай оқытады, кімді оқытады» деген [1, 56]. Осы факторлар талдауы мен оларды есепке алу сабақтың өнімділігі мен табыстылығын қамтамасыз етуші тиімді құрал болып табылады.

Бірінші фактор: оқыту процесіне әсер етуші – бұл оқу пәні, оның өзгешелігі.

Екінші фактор: білімдерді меңгеруге әсер етуші мұғалімнің даралық-психологиялық және кәсіби ерекшеліктері.

Үшінші фактор: шәкірт тұлғасы, оның жастық және даралық-психологиялық ерекшеліктері, оның ақыл-ойының дамуы, эмоционалдық-еріктік реттелінуі, оның бейімделігі мен қызығушылықтары, оның оқуға қатынасы, оқу материалын меңгеру ерекшеліктері.

Іс-әрекет құрылымындағы өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау ролдерінің маңыздылығы былайша себептеледі: ол сыртқының ішкіге, интерпсихикалықтың интропсихикалыққа өтуінің ішкі механизмін ашады (Л.С. Выготский), яғни, мұғалімнің өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау әрекеттері оқушының өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау әрекеттеріне өтеді.

Педагогикалық мамандық бойынша білім алушы жастарды педагогикалық іс-әрекетке үйретудің қазіргі заманғы көзқарастары бұған дейін қалыптасып қалған түсініктерге жаңаша қарауды ұсынады. Іс-әрекет құрылымындағы өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау ролдерінің маңыздылығы былайша себептеледі: ол сыртқының ішкіге, интерпсихикалықтың

интропсихикалыққа өтуінің ішкі механизмін ашады (Л.С.Выготский), яғни, мұғалімнің өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау әрекеттері оқушының өзін-өзі бақылау, өзін-өзі анықтау әрекеттеріне өтеді.

Педагогикалық мамандық бойынша білім алушы жастарды педагогикалық іс-әрекетке үйретудің қазіргі заманғы көзқарастары бұған дейін қалыптасып қалған түсініктерге жаңаша қарауды ұсынады.

В.А. Сластенин, Г. Ильин, В.И. Загвязинский: «қазіргі заманғы мектептегі педагогикалық іс-әрекет оқу материалын да, тіпті, оқушыны да объект ретінде қарастырмайды. Ол оқушының тұлғалық қалыптасуы мен дамуының заңды кезеңдерін, факторларын, жағдайларын қамтитын күрделі жүйе...». «Оқушылар: білім берудің мазмұны» түсінігі бойынша білім беруді тек субъект-объективтік қатынастар түрінде қарастыруға болғанымен, М.М.Бахтин адамды объект ретінде зерттеуге болмайтындығын, оны өзін еркін сезініп, өз ойларымен бөліскенде ғана танып-білуге болматындығын ескертеді.

Оқу іс-әрекетінің, ең алдымен, танымдық қажеттілік әрекеттің жалпыланған тәсілінің өндіруі болып табылатын іс-әрекет затымен «кездескенде» және онда «заттану» барысында анықталынады, яғни оған ішкі түрткі себеп болады және де сонымен бірге ол сан алуан түрлі сыртқы түрткілермен анықталынады, мысалы, өзін-өзі бекіту, абыройлылық, парыз, қажеттілік, жетістік және т.б. түрткілері. Студенттердің оқу іс-әрекетін зерттеу материалы негізінде көрсетілген ереже, социогендік қажеттіліктердің ішінде тиімділікке неғұрлым көп әсер ететін жетістікке деген қажеттілік, оның астарында адамның өз іс-әрекеті нәтижелерін жақсартуға ұмтылуы түсініледі. Оқуға қанағаттану осы қажеттіліктің қанағаттандырылу дәрежесіне тәуелді. Бұл қажеттілік студенттерді оқуға неғұрлым зейінді болуға мәжбүр етеді және сонымен бірге, олардың әлеуметтік белсенділігін арттырады.

Кәсіби өзін-өзі табу үрдісін зерттей отыра айта кетерлік мәселе, кәсіпті дұрыс таңдағанына сенімді студенттер, оқу үрдісі кезінде өздерінің қызығушылықтарын іске асырады, олардың вербалдық (сөздік) ой-өрісінің, танымдық бағыттағы көрсеткіштерімен, радикализм және тұлғаның доминанттығының корреляциясында болады, дәл сол уақытта кәсіби жағынан өзін-өзі әлі таппаған (күмәнданып отырған) студенттердің вербалдық ой-өрісінің көрсеткіштері радикалиум мен тұлға доминаттылығымен корреляцияда болмайды. Өзін-өзі анықтау үшін өз әрекеттеріне корреляция жасай алу, яғни, нәтиже қойылған талаптармен сәйкес келу үшін өз әрекеттерін қалай өзгертуге болатынын елестету маңызды болып табылады.

Е.М. Павлютенков оқушылардың педагогикалық кәсіпті таңдаудың үш ахуалын сипаттайды: жақындау-ахуалы (ұстаз кәсібін таңдау мотивтері, оның әрекетінің мақсаттары және оған жету тәсілдері түйіседі). Жақындау-алыстау ахуалы (студент педагогтың қоғаммен балалар үшін маңыздылығын түсінеді, бірақ нақты мамандықты ұнатпайды); алыстау-ахуалы (мотивте, мақсатқа жету тәсілдері де ұстаздық объективтік мақсатымен түйіспейді). Оның деректерді бойынша, екінші ахуал (жақындау-алыстау) күрделі және шешім әр кезде орын алмайды, студенттің ЖОО-дан жиі шығуын әкеледі. Үшінші ахуал (алыстау-алыстау) педагогикалық ЖОО-ның студенттерінің ұстаз әрекетінің элементтерін игеруге үшін талпыныс та жасамайды: филология факультетінің студенттері «жазушы» болғысы келеді, шетел тілі студенттері – «аудармашы» және тағы сол сияқты болғысы келеді. Нәтижесінде, студенттерде кәсіби өзін-өзі табу тұрақты болмайды.

Мамандық таңдауды не анықтайды деген сұраққа жауап бере отырып, Е.А.Климов негізгі сегіз факторды ұсынады:

1) үлкендер, отбасы позициясы;
2) құрдастар позициясы;
3) мектептегі педагогикалық ұжым позициясы (мұғалімдер, сынып жетекшілері және т.б.);
4) жеке өмірлік және кәсіби жоспарлар;
5) қабілеттер және олардың көрінулері;
6) қоғамдық танушылыққа ұмтылу;

7) қандай да бір кәсіби іс-әрекет жайлы ақпаратты болу,

8) бейімділік [2, 121-128].

Бұл факторлар, сөзсіз, педагогикалық іс-әрекетті мамандық ретінде таңдау үшін де маңызды. Алайда, дәл осы мамандықты таңдауды анықтайтын ерекше факторлардың бірі – балаларға деген сүйіспеншілік, оларға тәжірибені игеруге көмектескенге бейімділік.

Жоғарғы мектептегі оқу үрдісін талдай отыра, С.И.Архангельский үрдісті басқару, студенттер қызметінің психикалық және физиологиялық мақсатты белсендетуін, үрдісті жетілдірудің жағдайларын жасауды қарастырады. Басқарушылық «оқытушы-студент» жүйесіндегі оқытушылар мен студенттердің ортақ қызметінің, мақсаттардың үлесімділігін, мазмұнын және түрлерін қамтамасыз етіп, барлық құраушы, бақылаушы, түзетуші ықпалдардың жоспарларды оңтайландыру керек. Кез-келген қызметке басқарушылық әдіс, басқару объектісін тануды, стратегияны, бағдарламаны жасауды және оны бірте-бірте қарастырады [3, 87].

Теориялық және практикалық міндеттерді шешу процесінде жеке адамның еріктік құрылымы қалыптасады, ол міндеттердің қалай қабылданатынын да, олардың қалай жүзеге асырылатынын айқындап беріп отырады.

Қоғамдық ортаның ықпалдары организмнің физиологиялық жүйесінің бұзылуын ғана емес, психикалық күйлердің өзгерісіне алып келеді, бұл жеке тұлғаның субъективті қарым-қатынасқа сәйкестігі арқылы толықтырылып, бірнеше жолдармен соның ішінде мамандықпен айналысу процесіндегі психикалық тәсілдермен кәсіптік және әлеуметтік-психологиялық аспектілердің үдерісінің физиологиялық механизмдерінің психологиялық көріністерін анализдеуді жоққа шығармайды. Адамзат кез-келген кәсіптік жағдаяттарға (егер адам өзін-өзі анықтаса) төселеді және тұтас құрылым ретінде өзін танытады және белгілі бір организм және жеке тұлға ретінде де.

Кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін қарастыру үздіксіз, бірақ, «еңбек субъектісі – кәсіби орта жүйесіндегі келіспеушіліктен туады, ол мұндай жағдайларда активтендіріледі.

Психолого-педагогикалық аспектілерде кәсіби өзін-өзі анықтау кәсібті таңдаудағы адамның бейімділігі мен қабілетінің сәйкестілігі және тұлғаның дамуы. Кәсіби өзін-өзі анықтауды іс-әрекеттегі индивидтің әлеуметтенуі белсенді тұлғалық процес ретінде және осы процестің кәсіби өзін-өзі анықтау – «жас маманды өнеркәсібке кіріктірудің белсенді процесі, қоршаған ортаның жаңа әлеуметтік ортасына еңбек шарттары» ретінде қарастырылады.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы тұрақтылық кәсіпті дұрыс таңдауда басты құбылыс болып саналады сонымен қатар барлық кәсіптік бағдар жұмыстарындағы эффективті бағасы.

Кәсіби өзін-өзі анықтау қорғаумен және болашақта нақты кәсіби іс-әрекетке бейімділігінің дамуымен, еңбек мотивациясының тұлғалық және қоғамдық байланысы әлеуметтік төселудегі бірлікті жүзеге асыруда өте маңызды.

Әдістер диагностикалық бағалау, әр түрлі, белгілі бір ақпаратты беретіні белгілі, сонда да олар «пассивті» топқа жатады. Әрине, ол студенттің өзін-өзі бағалау қызметін реттейді, рефлекстік ойлауды басқарып отырады және адамның профессионалды түрде қоғамдағы орнын белгілейді.

Дегенмен бұл әдістер сыртқы факторлардың әсерінен, жекелік тұрғыдан қоршаған адамдардың кәсіби түрде қоғамдағы орнын анықтау кезінде тұлғаның өзін-өзі бағалауын, дамуын, жете тексере алмайды.

Осы тұрғыдан алғанда мынадай сұрақтар туындайды: қай жағдайда және қандай әдістерді қолдану арқылы профессионалды тұрғыда өзін-өзі бағалауын дамытуға болады, яғни жай ғана «атап қою» дәрежесінде қалып қоймай, өзін жетілдіру сатысына көтерілу.

Өзін-өзі бағалаудың адекваттық жағынан маңызы - тұлға өзін жан-жақты, нағыз тұлға ретінде бағалай алуында. Ал мұндай қасиеттерді дамыту үшін студентке топтағы бір оқушының немесе оқытушының портреті беріледі. Студенттің мақсаты сол суретті үлгі тұтып, өзінің ойын, қиялын, фантазиясын пайдалана отырып жаңа автопортрет жасайды.

Сонымен қатар студент бұл тапсырманы орындауда теориялық және практикалық біліміне жүгінуіне де болады. Бұл әдісті Н.Е.Шафажинский қолданысқа енгізген.

Студент «суретші» ретінде өзі қалаған және өзіне ыңғайлы этюдтарды, пантомималарды, мүсіндерді тапсырмада қолдана алады. Сонымен бірге, «портрет» жасау үшін аппликация, эпиграмма, тіпті болмаса өзі ойынан өлең жазуына да болады.

Тапсырманың ең қызығы берілген суреттегі адамның сыртқы көрінісі емес, ал оның жеке қасиеттері, тұлғалық көрінісі жұмбақ болуы керек, яғни белгісіз болуы шарт.

«Суретші» портретін оқу кезінде студент біліміне, іскерлік пен дағдысына кәсіби тұрғыда баға бере алуын қамтамасыз етеді.

Психологиялық портрет жасай отырып «суретші» адамның жеке қасиеттерін, ерекшеліктерін аша отырып, толығымен көрсетуі керек.

Бұл тапсырманың қиын жері студенттердің бірін-бірі жете, толық білмеуі, бір-бірінің жеке қасиеттерін танып білмеуі, бірін-біріне жеке тұлға ретінде баға бермеуі. Дегенмен де, әрбір студент өзінің жан дүниесін ашып, көрсете алмайды. Сонымен бірге студенттің мамандығына қатысты, не мақсатпен осы мамандықты таңдағаны туралы және жоғары оқу орнына түсуінің мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіби жағынан өзін-өзі жетілдіруде (мамандыққа қатысты көзқарасы жағымды ма немесе теріс па, студент пен оқытушының ара қатынасының маңызы қандай, біріншіден, өзін-өзі ашып, әрбір қатысушының өзін-өзі жетілдіруі; екіншіден, студент болған жағдайды қабылдауы, басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнату, бағалау; үшіншіден, ортақ қызығушылықтары бар жағымды атмосфераны сезіне білу. Ал ең бастысы - әрбір студенттің «Мен»-ін қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орнының ең басты мақсаты – психологиялық-педагогикалық дайындық барысында өз бетімен білім алуға, жетілуге, қоғамда өз орнын белгілеуді іске асыру.

Студенттердің жоғары оқу орнында алған білімдері олардың қоғамда, басқа да белгілі жерлерле тез арада бейімделуге, жекеленген психологиялық құбылыстарды өз бетімен танып білуге, қазіргі заманауи технологияларды меңгеруде, оқушыларды тәрбиелеуде, педагог мамандығының қыр-сырын ұғынуға мүмкіндік береді

Студенттердің кәсіби біліктілігін өзін-өзі жетілдіруде теориялық білімі мен психология, педагогика және арнайы пәндердің практикалық сабақтары маңызды болып табылады.

Өзін-өзі танып білуде, өзін-өзі дамытуда кемшіліктерді жою, оқушылардың ерекшеліктерін зерттеу және арнайы мінездеме жасау олардың белсенділігін арттырып, студенттердің арасындағы қарым-қатынас атмосферасы біраз жақсарады.

Өзін-өзі бағалау, жетілдіру, кәсіби тұрғыда қарым-қатынасты жоғарылату, ұстаздық жауапкершілікті сезіндіру мақсатында ең қарапайым «Кеңес» (Ақыл) тест ұсынуға болады.

Бұл тестің бірнеше вариантары бар:

1. Сіз өзіңізді «мұғалім» ретінде санаңыз. Ертең сіз мектепке ұстаз ретінде барасыз. Сіз өзіңізді қалай көрсетер едіңіз, қандай қасиеттеріңізді көрсетер едіңіз?

2. Өзіңізді «студент» деп ойлаңыз (топтағы бір студенттің аты-жөні айтылады). Ертең мектепке сынып жетекші және мұғалім болап барасыз. Сіз қандай ақыл айтар едіңіз? Мұғалім қандай қасиеттерімен ерекшелінеді?

3. Сіз өзіңізді «оқушы» деп есептеңіз. Сізге оқытушы немесе сынып жетекші келеді, яғни ол – сіз. Оқушыға сізбен оқып, білім алғысы келеді. Неге?

4. Сіз ата-анасыз және сіздің балаңыз мектепке барады. Осы курстағы немесе топтағы қай студентке өз балаңыздың білім алуымен, тәрбиесін сеніп тапсыра алар едіңіз? Неге?

5. Сіз – мектеп оқушысыз. Сіз осы курстағы немесе топ студенттерінің қайсысында оқығыңыз келеді? Кім сізге ұстаз бола алады? Неге?

6. Топтағы әрбір студентке арнап қысқаша тілек, пікір жазыңыз (болашақ мұғалім үшін олар қандай қасиеттерінен арылып, қандай жақсы қасиеттерді иемденуі шарт).

Студенттерге осындай психологиялық-педагогикалық этюдтарды «шешкізу» арқылы, олар берген жауаптарын қадағалау керек. Яғни, оқытушылық мамандыққа деген көзқарасы

қандай екен, жеке қасиеттері мен кәсіби тұрғыдан өзін бағалай білуіне басты назар аудару керек.

Білімге ізденіс барысында студенттің өзіне баға бере алуы сонымен қатар белсенділік танытып өзінің жеке тұлға болып үнемі ізденіс үстінде индивидуалдылық ерекшеліктерімен рухани-этикалық кәсіби өзіндік шешім қабылдай алады.

Студенттерді тұлға ретінде даярлау индивидуалдылық стратегиясын қорытындылау барысында кәсіби сенімділік ауқымды қолданысқа ие болады.

Әртүрлі мақсаттағы жұмыстарды атқару барысында ең алдымен мақсат-міндеттеріне басты назар аударылады. Педагогикалық мамандықтың қыр, сырын ұғынуда, берілген жұмыстарды атқаруға студенттерді жұмылдыру мақсатында психологияның қызықты тренингтерін қолдануға болады. Мысалы: студенттердің белсенділігін, әдістердің маңызын арттыру мақсатында әлеуметтік-психологиялық тренингтер өткізіледі. Біріншіден, бұл студеттердің творчестволық құзіреттілікті жетідірудің практикалық тұрғыдағы логикалық жалғасы. Екіншіден, бұл тренингтерге студенттерде қызығушылық мол, ол қатысқысы келіп тілек білдіріп отырады. Мұндай сабақтарда кәсіби жағынан өзін-өзі жетілдіру, мотивтерді қамтамасыз етуге қажеттілік оянады. Үшіншіден, үнемі ұжымда болу арқылы студенттердің арасында достық қарым-қарым, жолдастық қарым-қатынасты нығайтады. Мұндай дәрістер студенттердің білімін кеңейтеді. Сабақ кезінде табиғи ситуация құрастыру, оны шешу арқылы сабақ атмосферасын жеңілдетеміз. Нағыз өмірге біршама жақындаймыз. Бұл өмірде ешнәрседен қорықпау керек, жасап көруге талпындырады, сонымен қатар «жеңіліс» табудан қорықпауға үйретеді**.** Соған байланысты үш этапты ерекше атауға болады:

1. Ең алғашқы этапта басты назар аударатын жағдай студенттің өзін-өзі тәрбиелеуі.
2. Өз бетімен білім алуына көңіл бөліп, тренингке қатысушы әрбір студенттің белсенділігін арттыра отырып, қызығушылығын ояту.
3. Студент анализ жасауға өзі үйренеді, яғни осының алдында болған эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып ары қарай білім алуын жалғастырады.

Е.Т. Конюхованың пікірінше, белсенді түрде өзін-өзі дамытып, жетілдіруге қатысса, бұл адекваттық баға берудің талаптарының бірі болып табылады. Бұл талаптарды басшылыққа алғанда студенттің оқу процесінде де белсенділігін арттыруына септігін тигізеді.

Студенттердің таңдамалы мамандықтарында түрлі мақсаттарға жету, мәселелерді шешу барысында көбінесе ұжымдық әңгіме, диспуттар, маңызды қызмет атқаратын стратегиялар мен әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады.

Ұжымдағы әңгімені ұтымды жүзеге асыру үшін талқыланатын мәселенің өзекті, қызықты болуымен қатар, таңдауды студенттердің өздері жасағаны маңызды екенін ескерген жөн.

Осындай әңгімелер жалпы студенттер арасында қызу талқыға түсіп, жан-жақты қарастырылып, түрлі көзқарастармен пікірлерден кейін белгілі шешімге келері сөзсіз.

